

Р. Р. Қайырбекова,
С. В. Тимченко, З. А. Джандосова

ДҮНИЕ ЖҰЗІ ТАРИХЫ

10

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің когамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық

Казақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігі бекіткен



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(0)я72
К23

Қайырбекова Р.Р. т.б.

К23 **Дүниежүзі тарихы. Жалпы білім беретін мектептің көгамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім / РРҚайырбекова, С.В.Тимченко, З.А.Джандосова. – Алматы: Мектеп, 2019 – 192 6., сур.**

ISBN 978-601-07-1130-3

К 4306020600-029 26(1)-19
404(05)-19

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(0)я72

ISBN 978-601-07-1130-3

© Қайырбекова Р.Р., Тимченко С.В.,
Джандосова З.А., 2019
© «Мектеп» баспасы,
көркем беzenд ірілуі, 2019
Барлық көңіл қыттары коргалған
Басыттымын мұніккік құқыктары
«Мектеп» баспасына тиесілі

III бөлім
**Мемлекет, соғыс және
революциялар тарихынан**



IV бөлім
Мәдениеттің дамуы

МАЗМҰНЫ




Кіріспе 6

III бөлім. МЕМЛЕКЕТ, СОФЫС ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛАР ТАРИХЫНАН

7-тaraу. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер


§38–39. Мемлекет және оның формалары. Мемлекеттің пайда болу теориялары	8
§40. Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезенден бүгінгі күнге дейін	16
§41. Саяси режим түрлері	23

8-тaraу. Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери-саяси оқиғалар



§42–43. Антикалық дәуірде құрылған әлемдік империялар	30
§44. Ғұндардың жауап алу жорықтары Батыс Рим империясы құлауының факторы ретінде	42
§45. Араб жаулаушылары. Араб Халифатының құрылуды мен ыдырауы	47
§46–48. Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғыс хан жорықтарының ықпалы	53
§49. Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорығының әсері.....	76
§50–51. Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі.....	82

9-тaraу. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде




§52–53. Буржуазиялық революция – индустріалды қоғам қалыптастырудың басты үйітқысы.....	104
§54–56. Социалистік революциялар алеуметтік тенденцияларының жүзеге асырудың радикалды тасілі ретінде	114
§57–58. Қазіргі заман революциялары	124

IV бөлім. МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ**10-тарау. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтау жолдары**

§59. ЮНЕСКО-ның адамзаттың тарихи- мәдени мұрасын сақтау жөніндегі қызметі	138
§60. Мұражай ісі. Мұражайлардың дүниежүзі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу мен сақтаудағы рөлі	143
§61. Дүниежүзінің ең ірі мұражайлары	148

**11-тарау. Өнер – қоғам дамуының бейнесі**

§62. Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері	158
§63. Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамдағы әсері	166

**12-тарау. Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік
құндылықтары**

§64. Жалпыадамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы	172
§65. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтарының трансформациялық маселелері ..	179
Терминологиялық сөздік	188





III

БӨЛІМ

МЕМЛЕКЕТ, СОҒЫС ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛАР ТАРИХЫНАН



7-ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТТИҚ ТАРИХИ ТИПТЕРІ, ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ САЯСИ РЕЖІМДЕР



§ 38–39. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФОРМАЛАРЫ. МЕМЛЕКЕТТИҚ ПАЙДА БОЛУ ТЕОРИЯЛАРЫ

Бұғынгі сабакта:

- мемлекеттің пайда болу теориясымен;
- «мемлекет», «басқару институты», «білік» үйымдарымен танысамыз.

Кілт Сөздер:

мемлекет, монархия, республика, теократия, теория

Мемлекет – өз дербестігі бар және қоғамды арнағы органдардың көмегі арқылы басқаратын саяси биліктің маңызды түрі. Мемлекет саяси жүйедегі ең маңызды институт болып саналады. Мемлекет құқықтық тұрғыдан өз арекеттерін заң жолымен (конституциямен) реттейді және азаматтардың еркіндігі мен құқықтарын қамтамасыз етеді; ал әлеуметтік тұрғыдан әрбір азаматтың жан-жакты дамуына барлық жағдай жасайды.

Саяси билік – бір субъекттің өз таңдауын мемлекет институттары мен оның ресурстарын пайдалану арқылы жекетүлғаларға, топтарға, үйымдарға, бұкараға байланыстыру мүмкіндігі. Саяси билік заң шығарушы, атқарушы және сот органдарымен жүзеге асады. Саяси биліктің жүзеге асуы мемлекеттегі институттар мен адамдардың үлкен тобының мүдделеріне сүйенеді.

Саяси институт – қоғамдағы саяси биліктің белгілі бір аумағын қамтитын әлеуметтік ықпалдастықтың тұракты түрі. Қазіргі қоғамда мынадай саяси институттар қалыптаскан:

1) парламентаризм институты – жаңа құқықтық нормалар, заңдар және мемлекеттегі түрлі әлеуметтік топтардың мүддесін қорғауды реттейтін өкілетті қызмет;

2) атқарушы билік институты – қоғамдық істер мен мемлекеттегі халықты басқару барысында жүзеге асатын істерді, органдар мен лауазымды тұлғалар арасын реттеп отыратын ықпалдастық жүйесі;

3) мемлекеттік қызмет институты – ерекше статустық топка ие адамдардың кәсіптік қызметтерін реттеу қызметі;

4) мемлекет басшысы институты – мемлекет басшысының халық атынан сейлеуіне мүмкіндік жасау, дауларда жоғары төреші болу, мемлекет біртұтастығына кепіл болу, азаматтардың берік конституциялық құқықтарын сактау, қоғамдық қатынастағы тұрақтылықты қамтамасыз ету қызметі;

5) сот өндірісі институты – даулар мен жаңжалдарды реттеу қатынастары.

Назар аударындар!

Басқару институттары адамдардың бірлескен арекеттерін нақты әрі тұрақты етеді.

Мемлекет формаларының типологиясы. Мемлекеттің пайда болуы мен қалыптасу қағидаттары мемлекеттің құрылымына ықпал етеді.

Назар аударындар!

Мемлекет құрылымы аумақтық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық секілді көптеген түрлі факторларға тәуелді болады.

Есте сақтаңдар

Мемлекет формасы (басқару формасы) – мемлекеттік жоғары билікке ие әрі өз органдары бар мемлекеттік құрылымның үйімдасуы.

Бұл мемлекеттегі билікке кім не екенін; мемлекетте қандай жоғары билік бар екенін; ол органдардың қалай қалыптасатынын; олардың арасында билік екілеттіліктері қалай бөлінетінін; бұл органдардың қалыптасуына халық қаншалықты қатысатынын көрсетеді. Осы факторларға орай басқарудың түрлері анықталады.

Мемлекет түрлерін жіктеуді алғашқылардың бірі болып Аристотель ұсынған. Ол еki белгі бойынша анықтаған: 1) *сандық* (билікті нелентендердің саны қанша?); 2) *санатық* (білеушілер билікті қалай пайдалануда – ортақ мұдде үшін бе, әлде жеке пайда үшін бе?). Осы қағидаттарға орай ол басқарудың 3 дұрыс формасын: билікті ортақ мұдде үшін пайдалану – патшалық (монархия); аксүйектік пен жалпылық (республика) және 3 бұрыс формасын: білеушілер жеке мұддесін ойтайын билік: тирандық, олигархиялық және демократиялық деп беліп көрсетті.

Аристотельдің қағидасын негізге ала отырып, итальяндық ойшыл Н.Макиавелли мемлекеттің даму формасының жүйелілік қағидаттарын ұсынды. Ол мейірімділік пен қатығездіктің өзара байланыс идеяларына негізделді. Табигат дүниенін бір қалыпта тұруына мүмкіндік



Н. Макиавелли
(1469–1527)

бермейді. Мемлекет өз даму биігіне жеткен сон, кері бағыт – регрессияга үшінрайды. Осы себепті тарихта мемлекеттердің дамуы мен құлдырауы жиі қайтадан. Макиавелли басқарудың З жақсы *формалынын* (монархия, аристократия, демократия – халық билігі) және басқарудың З *нашар формасынын* (пиратия, олигархия және анархия) атап көрсетті. Сондай-ак ол мемлекеттік басқарудың екі заманауи түрін беліп көрсетеді: монархия және республика. Бұлардың айрымшылығы жоғарғы билік институттарын қалыптастыру жолдарына байланысты. Осы формалармен коса басқарудың теократиялық формасы да бар.

Есте сақтаңдар

Монархия (грек. *monarchia* – дара билік) – мемлекеттегі барлық жоғарғы билік шартты және іс жүзінде бір адамның – монархтың қолына шоғырлануы, биліктің ауыспауы және үрпақтан-үрпаққа мұрагерлікпен берілуі сипатындағы мемлекеттік форма.

Республика (лат. *respublica* – халық иғлігі, қоғамдық іс) – мемлекеттік билік органдары сайлау және ауыспалы негізде қалыптасқан мемлекеттік форма.

Теократия (грек. *Theos* – құдай + *kratos* – билік) – мемлекет басшысы дінбасы да болып саналатын басқару формасы. Жоғарғы мемлекеттік билік діни институттар мен дін иелерінің қолында болады. Басқару жүйесі, маңызды қоғамдық істер құдайдың үкімімен, заңдарымен (теологиялық анықтама) шешіледі.

Мемлекеттің пайда болу теориясы. Мемлекет әр халықта түрлі уақыпта сан қылыштарынан қалыптасты. Бұл сан түрлі болжамдар мен теорияның пайда болуына ықпал етті. Мемлекеттің пайда болуы туралы ең алғашкы теориялардың бірі *теологиялық теория* саналады.

Есте сақтаңдар

Бұл теория бойынша мемлекеттің пайда болуы мен құрылуы тек құдайдың қалауымен жүзеге асады.

Теолог ғалымдардың пайымдауынша, мемлекет құдайдың қалауын іске асырады, сондыктан да мемлекеттік билік – мәнгі, тұрақты және оған бағыну табиғи нәрсе. Билемешілер мемлекетті құдайдың атынан басқарады. Осыған орай олардың билігі құдіретке не, ал олардың берген жарлықтары мен заңдары әділетті. Мемлекеттің пайда болуы туралы баяндаган теологиялық теорияның біз Ежелгі Египет, Вавилон, Үндістан және Қытайдың әдеби және тарихи-құқықтық ескерткіштерінен кездесіреміз.

Теологиялық теория ортағасырларда көң тарапады, ол кезенде шіркеу билігі зайырлы қоғамнан жоғары тұрды. IX–X ғасырлардан бастап қос қылыштың теориясы көң тарапада бастады, ол бойынша қудай христиандықты сактау үшін шіркеулік және зайырлы қос қылышын түсірген. Оның екеуі де шіркеуте берілген. Шіркеу өз қылышын сактап, екінші қылышты монархқа табыстаған. Сондыктан ол шіркеуте бағынуга міндетті. Алайда зайырлы биліктің дербестігін жактаушылар монарх өз қылышын құдайдан тікелей алған деген ұстанымдарын келтіреді. Ортағасырлардағы теологиялық теорияның көрнекті өкілі болып итальяндық философ Ф.Аквинский саналды.

Фома Аквинский католиктік шіркеудін философы болды. Ф.Аквинский қудай алемді жаратқан сон, мемлекетте құдіретті жаратылыс деген ұстанымда болды. Діни оқымысты бұдан да терендереп, Ежелгі Грекияда пайда болған патриархалды билеудің элементтерін теологиялық теорияға енгізді. Адам жеке журіп өз қажеттілігін камтамасыз ете алмайды, о бастан адамдар бірігүте, мемлекет аясына тоңтасуға жаралған деген Ф.Аквинский мемлекетті қудай жаратты деген өз ұстанымына берік болған. Осы бір табиғи себептен саяси құрылым – мемлекет пайда болды. Мемлекеттің қалыптасуы құдайдың алемді жаратқаны сияқты, ал монархтың құдіреті құдайдың іс-әрекеті секілді. Әлемге билік жүргізер алдында қудай оған жүйелілік пен үйымшылдық береді. Сондыктан монарх, ең алдымен, мемлекетті құрып, қалыптастырады, сосын оны баскарады. Осы себепті мемлекеттің пайда болуы құдайдың араласуымен әрі адамның ерік-жігері мен шығармашылық кайраткерлігіне байланысты болады. Теория мемлекет қалыптасуында құдайдың құдіреті мен адамның бірлескен әрекеті бар деген ұстанымда болды. Мемлекеттің қалыптасуы туралы тағы бір ұстаным – *патриархалды теория*.

Мемлекет пайда болуында теологиялық теориядан патриархалдыға ауысу теориясы көне грек философы Платонға тиесілі. Платонның пікірінше, мемлекет Олимпиалық құдайлар дәуірінде пайда болып, олар әлемдегі барлық мемлекеттерді өзара бөліп алған. Аттика (Көне Афини аумағы) Афини мен Гефеске тиесілі болса, Атлантида аралы Посейдонға берілген. Афини мен Гефест Аттикаға ақылды азаматтарды қоныстандырып, олардың санасына демократиялық мемлекеттік құрылым туралы түсінік берді. Посейдонның Атлантизада құрган мемлекеті мұрагерлікпен басқарылатын және заңмен бекітілген патшалық болды.



Фома Аквинский
(1225–1274)

Платонның «мемлекет адамдардың өз тіршіліктерін жөнілдете үшін біріккен табиғи қажеттіліктерінен туындасты» деген ұстанымы да болды. Ол әрбір адам өз қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмағанда, түрлі талаптардың негізінде мемлекет пайда болады деп атап өтті. Осыған орай әрбір адам өз қажеттілігі мен мұктажы үшін жаңына басқа адамдарды жинай бастайды. Қажеттілікті сезінген адамдар бір-біріне көмектесу үшін үйымдасып, бір жерге шоғырланады. Осындай бірлесе қоныстану нәтижесінде *мемлекет* пайда болады.

Бұл теорияның негізін қалаушылардың келесі өкілі – көне грек философы **Аристотель**: «Барлық адамдар табиғатынан үйымдасуға, бірге тұруға бейім, олар ұжымдасу үшін жаралғандықтан, арасынан әрі отбасын күруга ұмтылады. Бірнеше отбасы бірігіп елді мекен күрайды. Елді мекенинің пайда болуы мемлекет қалыптасуына әсер етеді. Яғни, мемлекет адамның қоғамдық табиғатынан қалыптасады» деген ұстанымды білдірді.

Назар аударындар!

Патриархалдық теория бойынша мемлекеттің пайда болуы патриархалдық отбасының тарихи даму нәтижесінде пайда болған. Мемлекеттік билік әке билігінің жалғасы болып саналады деп анықтама береді.

Мемлекеттің негізі ретінде Аристотель адамның табиғи ақыл-ойында атап өтті. *Әділеттілік* пен *әділетсіздік*, *жасырылыш* пен *жамандық*, *акырат* пен *жалғандық* секілді үгымдарға не адамдар мемлекеттік қауымдастықта бірлесе өмір сүре алады.

Есте сақтаңдар

Аристотельдің пайымдауынша, мемлекет құдайдың қалауы бойынша емес, адамзат қоғамының дамуы нәтижесінде пайда болды.

Мемлекеттің қалыптасуы туралы патриархалды теорияның негізін қалаушылардың тағы бірі – көне қытай философы **Конфуций**. Ол император билігін отбасы басшысының билігіне, ал мемлекетті үлкен отбасыға ұқсатады. Оның пікірінше, мемлекетті басқару отбасын басқару секілді мейірімділік қағидаттарына, үлкениң кішіге камқорлығына және кішілердің үлкенге құрметі негізінде құрылуы керек.

Мемлекет пайда болуындагы қоғамдық көлісім теориясы. Біздің дәуірімізге дейін V–IV ғасырларда Ежелгі Грекияда пайда болып, XVII–XVIII ғасырларда феодализм дағдарысы кезінде буржуазиялық таптың мұддесі үшін қайта жаңғырып, мағынасы қайта өндөлген теория. Оның басты өкілдері Т.Гоббс және Дж.Локк болды.

Томас Гоббс – ағылшын философы. Мемлекетке дейінгі (табиғи) жағдайда Гоббс «соғыстағы секілді бәрі бір-біріне қарсы» деп суреттейді. Ортақ билік пен заң болмаған табиғи жағдайда, барлығы бәріне құқылы. Табиғи құқық пен еркіндік осыдан басталады. Мұндай жағдайда адамның ақыл-есі оған басқа әлемді іздеуге жол ашады. Гоббс үстанымы бойынша бұл – алғашқы табиғи занның мәні. Осыдан келіп, бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін әркімнен өз табиғи құқыктарын шектеу туралы басқа табиғи зандар шығады. Аталған табиғи зандар нәтижесінде адамдар өздерінің ортақ илімнестеріне бағытталған ортақ биліктен тәуелсіз мемлекеттік құрылым құруға үмтүлады.



Томас Гоббс
(1588–1679)

Джон Локк – ағылшын философы. Ол да Гоббс секілді адамдарды алғашқы табиғи жағдайында қабылдады. Бірақ Гоббстан айырмашылығы – оның жағдайын саналы адамдар калпында ұсынды. Табиғи жағдайда адамдарға табиғи еркіндік (*өмір, бостандық, жекеменішік* секілді) тән болады. Сондықтан адамдарды толғандыратын негізгі мәселе өз өмірлері мен бостандыктарын, мұліктерін бірлесе корғау мәселесі болды. Адамдардың ортақ келісімімен құрылған мемлекет қана адамның табиғи жағдайда кол жеткізе алмаған мүмкіндіктеріне жол ашады.



Джон Локк
(1632–1704)

Есте сақтаңдар

Қоғамдық келісім теориясы бойынша адамдар өздерінің құқыктарының белгілі белігін мемлекетке тапсырады, мемлекет олардың қауіпсіздігі мен мүлкін сақтауға міндетті. Осыған орай мемлекеттің пайда болуына адамдардың саналы іс-әрекеті себеп болады.

XIX ғасырда мемлекеттің пайда болуы *қүштегеу теориясынан* басталады деген болжамдар тарапа бастады. Бұл Е.Дюриңг, Л.Гумилевич, К.Каутский еңбектерінен көрініс тапты. Бұл теорияның негізінде мемлекеттің пайда болуына зорлық-зомбылық әсер етті деген үстаным жатты. Мысалы, әлсіз, қорғансыз тайпаларды күшті үйімдісін тайпалар



К.Е.Дюриңг
(1833–1921)

жаулап алады. Жаулап алынған халықтар мен аймактарды басқару үшін мажбүрлеп басқару аппараттары күрылды, содан мемлекет пайда болды.

Назар аударыңдар!

Күштеу теориясы бойынша мемлекет қоғамның ішкі дамуының нәтижесінен емес, оған сырттан таңылған күштің нәтижесінде пайда болады.

Мемлекеттің пайда болуы туралы *органикалық теория* XIX ғасырдың екінші жартысында *Г.Спенсер*, *Р.Вормс* еңбектері арқылы кең тарапалды. Бұл уақыттағы ғылым алеміне Ч.Дарвиннің органикада ашкан эволюциялық теориясы қатты әсер етіп тұрған. Органикалық теорияның негізі бойынша «мемлекет – тірі организм, әлеуметтік эволюцияның жемісі (эволюциялық биологияның ұксастығы секілді)» деген ұғым калыптасты. Табиғи жағдайдағы биологиялық организмде кабілеттілері тіршілік етіп кетеді, сол секілді әлеуметтік организмдері курес пен соғыс процесінен (табиғи сұрышталудан) мемлекет пайда болады.

Назар аударыңдар!

Органикалық теория бойынша мемлекет алуан түрлі биологиялық эволюциялармен байланысқа түсken әлеуметтік эволюцияның өнімі болып саналады.

XIX ғасырдың ортасында мемлекет пайда болуына байланысты *марксистік теория* өмірге келді. Ол неміс философы Ф.Энгельстің мазмұндауы арқылы жүйеленді. Ф.Энгельс «Отбасының пайда болуы, жекеменшік және мемлекет» атты еңбегінде мемлекеттің пайда болуына себепші болған қажеттіліктер туралы токталып өтеді. Ол мемлекеттің барлық уақытта болмағанын атап өтеді. Оның экономикалық күштер әсерінен: еңбек қоғамының бөлінісі, жекеменшік мүліктің пайда болуы, экономикалық мұдделерге байланысты қоғамның түрлі таптарға бөлінуіне орай адамзат қоғамының белгілі бір кезеңінде пайда болғанын айтады. Арнайы күш қолдану күрылымдарымен және тұракты басқарумен айналысадын органдарымен, үстем таптың экономикалық мұддесін камтамасыз ете отырып, таптық күреске жол бермеу нәтижесінде мемлекет пайда болады.

Есте сақтандар

Таптар тартысының пайда болуы мемлекет өмірінде үстемдік етуші таптың мұддесін қорғауға итермелейді.

Мемлекет пайда болуы туралы *психологиялық теорияның* екілдері Л.И.Петражицкий мен Г.Тард мемлекеттің күрылудын адам психика-

сының құрылымымен байланыстырады. Бұл, бір жағынан, басқа адамдарға билік жүргізу қажеттілігімен, екінші жағынан, бағыныштылыққа еліктеушілігімен түсіндіріледі. Бірінші билікпен еш келіспейтін, агрессияга бейім адамдар әр уакытта кездеседі. Бұл теория өкілдерінің пікірінше, мемлекет психологиялық қарма-қайшылықтағы белсенді тұлғалардың ортак тіл табысуына жағдай жасауы керек. Жауапты шешім кабылдауға қабілетті тұлғалар белсенділігі төмен бұқараның мәселесін шешуге қолдау көрсетуі тиіс. Мемлекет кейір агрессиялық дара тұлғаларды басуы қажет.



Л.П. Петрашевский
(1867–1931)

Назар аударындар!

Мемлекеттің табиғаты психологиялық болып табылады, ейткені ол адам санасында бекітілген занылыштарға негізделеді.

Білімдерінді тексеріндер

1. Құқықтық және әлеуметтік мемлекетке аныктама беріндер.
2. Қазіргі когамдағы саяси институттарды атандар және олардың мазмұнын ашындар.
3. Мемлекет formasы қандай жағдайға тәуелші?
4. Мемлекеттік басқару formasын атаншар, олардың манызын ашындар.
5. Мемлекет құрылымының негізгі теориялары қалай аталацы?

Тапсырма

1. Төменде көрсетілген мәтінмен танысындар.

Т.Гоббс. Философия негізі. Азаматтар туралы (үзінді)

У тaraу, §12. Көптеген табиғи тұлғалар өздерін корғау үшін, ортак корқыныштарын жену үшін бір азаматтық тұлғаның ықпалына жиналады, мұны біз мемлекет деп атайдыз.

VI тaraу, §14. Мемлекеттің өзі азаматтық зандармен байланыспаған, ейткені азаматтық зандар мемлекет занының негізінен алғынған. *Мемлекет еркі детеніміз – жоғарғы билік рұқсат берген сол қауымның немесе сол адамның еркіндігі.*

2. Түсіндіріндер. «Мемлекет ерекше когамдық келісімге келмейтін таптық қарма-қайшылықтын көрінісі және нәтижесі» (Ф. Энгельс).

3. Кестені дәптерге сыйып, толтырындар.

Теория атауы	Авторлары	Негізгі мазмұны

§ 40. МЕМЛЕКЕТ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ЕЖЕЛГІ КЕЗЕҢНЕН БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙН

Бүгінгі сабакта:

- мемлекеттің негізгі формалары: монархия, республика, теократия, аумақтық-саяси құрылыммен танысады.

Кітап сөздер:

монархия, республика, президент, импичмент, теократия, унитарлы мемлекет, федерация, конфедерация

Тарихтын даму барысында мемлекеттің монархия, республика және теократия секілді формалары қалыптасты.

Монархияда билік мұрагерлік жолмен беріледі және мемлекеттік лауазымдарға тағайындауды монарх жүзеге асырады. Монархия құниеленушілік кезеңінде қалыптасып, феодализм дәуірінде биліктің негізгі басқару жүйесі болды. Ал буржуазиялық қоғамда монархия дәстүрге құрмет ретінде ғана сакталды. Тарихи даму кезеңінде басқарудың бұл түрінің келбеті айтартылтай өзгерді.

Есте сақтаңдар

Монархтың қолындағы өкілеттілік ерекшелігіне байланысты монархия үш түрге белінеді: сословиелік – өкілті, абсолютті және конституциялық немесе шектеулі.

Сословиелік-өкілті монархия – монархтың билігі түрлі сословиелік өкілдік органдармен (дворяндар, діни билік, қала тұрғындары) үйлесімде атқарылатын, ал қызметі зандық сипатта не мемлекеттік форма. Сословиелік-өкілті монархия Батыс Еуропаның көптеген мемлекеттерінде сословие мен сословиелік органның қалыптасуы процесі нәтижесінде XIII–XIV ғасырларда (Англия парламенті, Францияның Бас штабы, Испания кортесі, Ресей земстволық соборы) қалыптасты.

Абсолютті монархия – тәуелсіз басшы (король, патша, император) ешқандай шектеусіз, шексіз билік жүргізетін мемлекеттік форма. Монархқа барлық жоғарғы зан шығарушы, атқарушы және сот билігі тиесілі. Шексіз билік кезінде орталық және жергілікті билік ірі феодалдарға емес, монарх тағайындастын және орнынан алатын шенеуніктерге тиесілі.

Абсолютті билік орталық биліктерін қалыптастыра бастаған мемлекеттердің *papa* тағынын рухани беделі – Қасиетті Рим империясынан өз дербестіктерін ала бастаған кезде, орта ғасырлардың сонында пайда болды. Бұл мемлекеттерде монарх біртіндеп өзінің билігін ақсүйектер мен діни сеньорлар арасында, қала ішінде, ұйымдар арасында нығайтып, қалыптастыра бастады. Монарх олардың бірінің сословиелік артықшылықтарын сактап, бірінің кәсібіне жол ашып, дүние жинауына мүмкіндік беріп, арасындағы тенденкті сактап отырды.

Сонымен коса көптеген үйымдардың құқықтары мен артықшылықтары алынып, олар билікке тәуелді бола бастады. Абсолютті билік кезінде феодалдық мемлекеттер орталыктанудың жоғарғы деңгейіне жетті, түрлі салалы бюрократиялық аппарат қалыптасты, тұракты әскер мен полиция құрылды, сословиелік органдардың қызметтері қыскартылды.

Назар аударындар!

Абсолютті монархия саясатының ең басты мақсаты сословиелік ақсүйектердің артықшылықтары мен үстемдіктерін сақтап қалу мен оған қолдау көрсету болды. Бұл үшін олар әскерлерді пайдаланды, оларға офицерлік шен мен жоғарғы жалақы тағайынданды отырып, мақсаттарын жүзеге асырды.

Есте сақтаңдар

Абсолютизмнің өркендеуі XVI–XVIII ғасырлардың сонында болды.

Классикалық абсолютизмнің орталығы Франция болып саналады. Дегенмен көзіргі уақытта классикалық абсолютті монархия іс жүзінде жоқ десе де болады. Көптеген мемлекеттерде абсолютизм буржуазиялық төңкеріс нәтижесінде жойылды. Абсолютті монархияның көріністері Сауд Арабиясы мен Катарда, Оманда калған. Ал Еуропада абсолютті теократиялық монархия Ватиканда сакталған.

Конституциялық немесе шектеулі монархия – монарх билігінің конституциямен шектелгендігін білдіретін басқару түрі. Монарх шартты түрде ғана жоғары билік иесі әрі сот жүйесінің басшысы болып саналады. Ол формалды түрде ғана үкіметті жасақтап, министрлерді



С.Иванов. Ресейдегі Земськ соборы



А.Тестлен. Кольбер XIV Людовикке тұлым ақадемиясының галымдарын таныстыруды. 1667 ж.

аудыстырады, әскери және полиция күштеріне өкім жүргізуге, жарлықтар беруге, парламент кабылдаған зандарды тоқтатуға немесе олардың күшіне енуін реттеуге; зандық бастамалар ұсыну мен парламентті тарату құқығына ие. Іс жүзінде бұл өкілеттіліктер үкіметтің құзырында болады, ал монарх «патшалық құрады, бірак билемейді».

Үкіметтің парламенттің ұсынысымен парламент сайлауында көп депутаттық мандатқа не болған саяси партиялардың өкілдерінен монарх жасақтайды. Үкімет басшысы болып парламентте басым дауыска не партияның жетекшісі тағайындалады. Үкімет өзінің қызметі үшін монархтың емес, парламенттің алдында есеп береді.

Монарх мемлекет басшысы ретінде тек ұлттың символы болып кана саналады және өкілеттілік қызметтерді ғана атқарады. Ол ел ішіне (е兹 халқының алдында) және халықаралық шараларда мемлекет символы ретінде көрінеді.

Әлемде ең алғаш рет конституциялық монархия Англияда 1688 жылы Данкты революция жеңісінен кейін пайда болды. Қазіргі заманда конституциялық монархия Ұлыбританияда, Швецияда, Жапонияда сакталған. Қазіргі уақытта мемлекеттік форманың көн таралған түрі – республика.

Есте сақтаңдар

Республикада атқарушы билік органдары президенттік, парламенттік және жартылай президенттік немесе президенттік-парламенттік болып белінеді.



Қазақстан Республикасындағы Парламент отырысы

Президенттік республика бойынша президент бір мезгілде мемлекет басшысы және атқарушы биліктің басшысы болып табылады. Мұнда АҚШ классикалық президенттік республикасындағы үкімет секілді мемлекеттік биліктер болмайды, үкіметтің қызметін президент әкімшілігі атқарады. Ал үкімет қызмет атқаратын президенттік республикаларда үкімет қызметі президенттің бакылауында болады. Президент үкіметтің саяси қызметін бақылаласа, премьер-министр үкіметтің жұмысын ұйымдастырумен айналысады.

Назар аударындар!

Президенттік республиканың өзіндік ерекшелігіне халықтың президент пен парламентті сайлауы жатады.

Президент парламенттегі партиялық құрамға қарамастан үкіметті жасақтайды. Мұнданың басқару формасындағы билік бөлінісінің арасында катан жүйе орнайды. Президент парламент қабылдаған зандарды кейінге шегеретін вето қою құқығына ие. Од бас колбасшы, әскери және төтенше жағдай жариялауга құқығы бар. Президент парламентті тарката алмайды. Президент тарапынан антиконституциялық әрекеттер немесе қылмыс жасалған жағдайда, оған *импичмент* жарияланады.

Қазіргі уақытта президенттік республика болып АҚШ, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және т.б. мемлекеттер саналады.

Парламенттік республикада үкімет парламенттік негізде құрылады және үкімет өз қызметінде парламент бакылауында болады.

Назар аударыңдар!

Парламенттік республикада халық тек парламентті ғана сайлайды, президентті парламент немесе парламентте арнайы құрылған органдар сайлайды.

Президент мемлекет басшысы ретінде тек *өкілеттің қызметтерді* ғана атқарады. Ол – мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, халықаралық катынастарда мемлекеттің атынан өкілдік ететін лауазымды тұлға. Президент шартты түрде көп өкілеттіліктерге не болуы мүмкін, тек оларды жүзеге асыру үшін оған үкіметтің келісімі керек. Президенттен шықкан нормативтік актілер тек үкіметтің мақұлдауы мен парламенттің бекітуі арқасында ғана зандық күшке не болады. Парламенттік республикада үкіметті парламенттің тапсырмасы бойынша президент парламенттегі басым партияның мүшелерінен жасактайтын. Парламент сайлаудында көп мандатка не болған саяси партияның жетекшісі үкімет басшысы болады. Егер бірде-бір саяси партия парламентте абсолютті басымдылыққа не бола алмаса, онда коалициялық үкімет құрылады.

Үкіметтің қызметі парламенттегі көшіліктің сенімі мен қолдаудына не болғанда ғана тиімді болады. Егер үкімет парламент сенімінен шықпаса, үкіметтік дағдарыс басталады (парламент үкіметтің зан шығару бастамасын токтатады). Мұндай дағдарысты еңсеру үшін президент парламентті таратуға, (егер парламент бірпалаталы болса) және төменгі палатаны таратуға (егер қоспалаталы болса) құқылы. Президент парламентті таратумен қоса, жана парламенттік сайлау тағайындал, нәтижесінде жаңадан сайланған парламент өзіне сенімді үкіметті жасактайтын. Казіргі уақытта парламенттік республика болып ГФР саналады.

Жартылай президенттік немесе президенттік-парламенттік республика – бұл үкіметті жасактау мен оның қызметін бақылау өкілеттіліктері президент пен парламент арасында бөлінетін билік формасы. Президент те, парламент те үкіметті құру мен оның қызметін бақылауга атсалысады. Үкіметті парламентте басым дауысқа не болған партия лидері жасактайтын, президент оны премьер-министр етіп бекітүте міндетті. Премьер-министрдің ұсынысымен президент басқа да министрлерді тағайындаиды. Парламент үкіметке сенімсіздік білдіре алады, бұл жағдайда ол отставкаға кетеді. Жартылай президенттік республика болып Франция саналады. **Теократиялық басқару** формасы діни иерархияға тән.

Тарихта теократиялық мемлекеттер туралы мысалдар аз емес: көне дәүірде – Иудея, ортағасырларда – Омейядтар мен Аббасидтер халифаты, жаңа дәүірде – Парагвайдагы иезуиттер, Кавказдағы имам Шәміл, сондай-ақ 1870 жылы Италия біріккенге дейін Папа облысы теократиялық мемлекет болған. 1951 жылы Тибет ҚХР қосылғанға дейін Тибеттегі Далай-лама (ламайстік діни қауымның жетекшісі)

Тибеттегі зайырлы билікті де басқарған. Қазіргі таңда теократиялық мемлекеттің үлгісі Ватикан болып саналады.

1979 жылы Ислам төңкерісінің нәтижесінде Иранда республикалық-теократиялық мемлекет құрылды. Осы жылы елде Конституция қабылданып, сол уақыттан бүтінге дейін басқарудың теократиялық формасы жүзеге асып келеді. Мемлекетті саяси әрі рухани көсем *рахбар* (жетекші) басқарады, ол Алланың қалауын білдіреді деп саналады. Ол мемлекет билігінің үш тармағына не болғандыктан, президент билігін шектеуте, Бакылау кенесімен бірге исламға карсы парламенттің кез келген занына тыйым салуға құқылы. Алғашқы рахбар аятolla Р.Хоменей болды. Парламентті Бакылау кенесі бакылайды, кенесте аятolla лауазымын шеленген 12 жоғары дәрежелі дін өкілі бар. Кенесті рахбар басқарады. Теократиялық ағым көғам мен азаматтардың жеке өмірлерінде діни регламенттердің күшеюіне қызмет етеді, оппозициялық ұйымдарға тыйым салады.

Мемлекет *саяси-аумақтық құрылым формасын* да қалыптастырады, осының нәтижесінде билік мемлекет аумағына орнап, мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдары арасындағы өзара байланысқа ықпал етеді. Мемлекет алуан дінді, әртүрлі тілді, сан түрлі мәдениетті әлеуметтік қауымдар мен түрлі этниканың басын қосқандыктан, осы қауымдардың бірлесуі мен мемлекеттің тұтастығы үшін принциптер мен құрылымдар талабын анықтау қажеттілігі туындаиды.

Унитаризм принципі бойынша мемлекет өз жеке дербестігі жок, әкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлінеді. Олардың аумақтарында мемлекеттің орталық билік органдарына бағынышты мемлекеттік органдар қызмет атқарады. Унитарлы мемлекетте конституция мен азаматтық біртұтас болады, жоғарғы билік органдары, құқық пен сот бір жүйеге бағынады. Мұндай мемлекеттерге Казакстан Республикасы, Франция жатады.

Федерализм принципі бұрын тәуелсіз болған бірнеше құрылымдарды (мемлекеттер) біріктіріп, *мемлекеттік-федерация одагына* бірігуді қалаған саяси форманы ұсынады. Федерация құрамына косылған тен-қуқыны мүшелердің өз конституциясы, зан шығарушы, атқарушы және сот органдары болады. Сонымен катар біртұтас федералдық-мемлекеттік билік органдары қалыптасып, біртұтас азаматтық пен бір акша бірлігі болады. Жоғарғы билік органдары арасындағы өкілеттіліктер мен қызметтер байланысы және федерация мен биліктің жоғарғы органдарын, сондай-ак федерацияның әрбір мүшесін басқару келісім арқылы жүзеге асады. Федеративті мемлекет болып Германия, Үндістан, Ресей, АҚШ және т.б. саналады.

Конфедерализмнің принциптері – орын алған кандай да бір маңызды мәселені шешу үшін дербес мемлекеттердің одакқа бірігуі. *Мемлекеттер одагы – конфедерацияга* біріккен мемлекеттер өз тәуелсіздіктерін сақтайды, өздерінің дербес мемлекеттік биліктері

мен баскаруы болады; олар белгілі бір мақсаттарды (әскери, сыртқы саясаттағы және т.б.) үйлестіру үшін арнағы біріккен органдар құрады. Орталық үкімет тәуелсіз мемлекеттер каржысымен жасақталғандыктан, солардың үкіметіне тәуелді. Мұндай бірлестіктер өміршөн болады немесе тарайды, болмаса федерацияға айналады. Мысалы, конфедерация ретінде құрылған АҚШ федерацияға айналды.

Білімдерінді тексеріндер

1. Монархияның түрлерін атандар және сипаттандар.
2. Президенттік, парламенттік және жартылай президенттік республикалардың айырмашылығы неде?
3. Президенттік, парламенттік және жартылай президенттік республикалардағы атқарушы және заң шыгарушы биліктің өзара байланысы қалай жүзеге асады?
4. Теократиялық басқару формасы легеніміз не? Түсіндіріндер.
5. Унитарлы, федеративті және конфедеративті мемлекеттердің белгілерін атандар.

Тапсырма

1. 1787 жылғы АҚШ конституциясының бір белімімен танысындар және мемлекеттің формасын атандар. Жауаптарыңы түсіндіріндер.

VІ бап. Құрама Штаттар конгресіне жиналғандардың келісімінсіз ешбір Штат қандай да бір корольге, ханзадага немесе мемлекетке ешқандай елші жібермеуі тиіс, олардан ешбір елшіні қабылдамауы және олармен кеңес, келісім, одак құрута болмаса, келісім жасауга тиіс емес.

Құрама Штаттар конгресіне жиналғандардың келісімінсіз екі немесе одан да көп штаттар өзара трактаттар немесе одак құра алмайды...

Әрбір штат бейбіт уақытта корғануы мен мүшесі үшін әскери кемелерді ұстауда конгресс кажетті деп тапкан жағдайдаға ғана құқылы; әрбір штат бейбіт уақытта конгрестің пікірі бойынша штаттардың сыртқы қауіпсіздігін корғап тұрган корғандардың гарнизондарды камтамасыз ету кажеттілігіне орай ғана әскер ұстауда құқылы.

Ешқандай штаттың Құрама Штаттар конгресіне жиналғандардың келісімінсіз соғыс ашуга құқы жок...

IX бап. Құрама Штаттар конгресіне жиналғандар тоғыз штаттың макұлдауынсыз соғыс аша алмайды... трактаттар мен одак құра алмайды, акша шыгарып онын құндылытын белгілей алмайды. Құрама Штаттардың коргау мен онын ортақ мүшесі үшін шығындар көлемін анықтауда, пайдалану үшін кажетті акша көлемін белгілеуге, әскери кемелер жасауда не сатып алуға немесе құрлықтағы әскер үшін, болмаса флот үшін жауынгер санын белгілеуге әскер мен флоттың бас колбасшысын тағайындауда құқы болмайды...

2. Төменде көтірілген мемлекеттерді пайдаланып, кестені толтырындар: Австрия, Аустралия, Аргентина, Армения, Беларусь, Бельгия, Бразилия, Ватикан, Ұлыбритания, Вьетнам, Германия, Үндістан, Иран, Испания, Италия, Казахстан, Канада, Қытай, Малайзия, Мексика, Нидерланд, Ресей, АҚШ, Швеция, Жапония.

Мемлекеттік басқару формалары

Монархия	Республика	Теократия

Мемлекеттік құрылым формасы

Унитарлы мемлекет	Федерация	Конфедерация

§ 41. САЯСИ РЕЖІМ ТҮРЛЕРІ

Есте сақтаңдар

Саяси режим – саяси биліктің жүзеге асуының әдістері мен жолдарын қамтамасыз ететін әдістемелік жүйе. Саяси жүйе мемлекеттік билік пен жекетүлға арасындағы өзара байланысты білдіреді.

Саяси режимнің белгілері:

- саяси билікті қалыптастырудың халықтың катысу деңгейі және ондай құрылымның өзіндік тәсілі;
- адам құқығы мен еркіндігінің және азаматтың мемлекеттік құқықпен арақатынасы;
- тұлға құқығы мен еркіндігінің кепілі;
- саяси биліктің халықтың тікелей қатысувымен жүзеге асу деңгейі;
- бұкараталық аппарат құралдарының жағдайы, қоғамдағы жариялышы мен деңгейі және мемлекеттік аппараттағы ашықтық;
- қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттік рөлі мен орны;
- заң шығару және атқарушы билік тармактары арасындағы катынастар;
- саяси билікті жүзеге асыруда басымдылықты анықтайтын (сендіру, мәжбүрлеу) әдістер;
- қоғамның барлық саласында заның үстемдік күру деңгейі;
- қоғамдағы мемлекеттік әлеуеттік құрылымдардың (әскер, полиция, мемлекеттік қауіпсіздік органдары) рөлі, саяси және заның жағдайы;
- көппартиялық, саяси плюрализм деңгейі;
- лауазым иелерін, оның ішінде аса жоғары тұлғаларды, саяси және заның жауапкершілікке тартудың накты механизмдерін жүзеге асыру.

Саяси режимнің сипатына халықтың тарихи дәстүрі және қоғамның саяси мәдениетінің деңгейі манызды ықпал етеді. Саяси диктатор мен басқарушы саяси элитада бұқара халық пен азаматтық қоғам институттары қаншалыкты мүмкіндік берсе, олар билікті соншалыкты немденеді.

Есте сақтаңдар

Бұғанғі сабакта:

- саяси режим түрлерімен (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық) танысамыз.

Кіттің сөздер:

саяси режим, азаматтық қоғам, жекетүлға, тоталитаризм, авторитаризм, демократия, басқарушы элита, саяси құғын-сүргін; өкілдік демократия, идеялық плюрализм

Жекетүлғаның еркіндігіне, мемлекеттің өзара ерекшелігіне және азаматтық қоғамға орай саяси режим үш түрге бөлінеді: тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық.

Тоталитарлық режим. Тоталитаризм (лат. *totalis* – барлық, бүтін, толық) – саяси режим, мемлекет тараپынан қоғамның барлық саласына және әрбір адамға толық бақылау және қатаң регламент орнатуы.

Барлығын толық қамтып, өз бақылауына алу арқылы тоталитаризм мемлекеттік зорлықтың деспот, тиран, әскери диктатура секілді басқа түрлерінен айырмашылықта болады. *Мемлекеттік билік барлық қоғам мен жеке тұлғаны қатаң бақылауына алады*.

Барлық денгейдегі билік тармактарын жабық түрде, бір адам немесе баскарушы элитадағы шағын топ калыптастырады. Билік қоғамдық пікірге толық идеологиялық бақылау орнатканда, саяси күтін-сүргін мен жазалау жүйесін жетілдірген жағдайдаға ғана қоғамның барлық саласына саяси үстемдік ете алады.

Тоталитаризмнің белгілері :

- ерекше орталықтанған билік құрылымы пирамида формасы секілді, оның басында лидердің (көсемнің) немесе топтардың үстемдігі орнаған. Билік етуші топтар өз колдарына зан шығарушы, аткарушы және сот билігін шоғырландырган, олар сайлау органдары алдына есеп бермейді;

- билік иереархиясында бір ғана халықтық партия жетекшілікке ие. Партия саяси мақсаттарды анықтайды, оның жетістікке жетуіне қаржы бөледі, мемлекеттік аппаратты бақылайды әрі онымен бірлесіп қызмет етеді, кадрларды тандап, оларды қызметке қояды;

- бәрін қамтыған идеология, бақылаусыз билік ету заңдылығына негізделген жүйе. Тоталитарлық жүйедегі идеологияның маңызы барлық халықты бір мақсатқа жұмылдыруды көздейді;

- бұқаралық акпарат құралдары биліктің бақылауында болып, на- сихат құралы қызметін атқарады;

- жекетүлға еркіндігі және азаматтық қоғам болмайды;
- экономика мемлекет бақылауында болады;
- әскери күш толық билеуші партия мен үкіметтің бақылауында;
- жетілдірілген жазалау жүйесі. Тоталитаризмнің орнауымен бірге мемлекеттің күштеу аппараты іске косылады, ол жаппай репрессиямен, қырғынмен, «басқаша ойлайтындарды» анду секілді жазалаумен айналысады.

Тоталитарлық режим, көбінесе төтенше жағдайларда калыптасады. Қоғамдағы терен экономикалық және саяси дағдарыс, тұрақсыздықтың артуы, стратегиялық тапсырмалардың тез шешімін табу қажеттілігі туындаиды. Оның жүзеге асуы осы мәселелерді шешудің тәсілі әрі нақты мақсатқа жетуі ретінде қарастырылады. Тоталитаризм даму барысында экстремалды мәселелермен бетпе-бет келіп, оны шешуде бүкіл халық күшін төтенше жұмылдыру туындағанда пайда болуы мүмкін.

Осындай курделі жағдайда азаматтар, амалдың жоғынан, ұлтты «құтқарушы» көсемдердің сонынан ереді.

Тоталитаризм XX ғасырдың алғашкы жартысында бірката мемлекеттерде орнады. Тоталитаризм туралы ең алғашқы анықтама итальян фашистерінің көсемі, алғашқы тоталитарлық режимді құрушы Б. Муссолини: «Бәрі мемлекет үшін, мемлекеттен өзге және оған қарсы ештеге болмауы керек», – деді.

Казіргі саяси зерттеулерде тоталитарлық мемлекеттерге фашистік Италия, ұлтшыл Германия, КСРО және кеңестік жүйе негізінде құрылған Шығыс Еуропа және Азия елдері мен Куба да жатады. Тоталитарлық режим екі түрге бөлінеді: фашистік және тоталитарлық социализм.

Авторитарлық режим. Авторитарлы (лат. *auctoritas* – билік, ықпал; *auctor* – негізін қалаушы, автор) режим тоталитарлық қоғамнан демократиялық қоғамға отетін кезеңді қамтиды.

Есте сактанудар

Авторитарлық режимде қоғамдағы мемлекеттік-саяси құрылымдағы саяси билік халықтың аз ықпалымен, нақты бір адам (тап, партия, элиталық топтар) арқылы іске асады. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар, негізінен, сендіру арқылы емес, мажбүрлеу арқылы орындалады.

Авторитаризм белгілері:

- орталықтанған билік құрылымы: бір мезгілде халықтың нақты мемлекеттік биліктен ажырап, сол жерде биліктің орталықтағы бір қолға немесе өзара бірлескен бірнеше органдарға шоғырлануы;
- көсемнің рөлі жоғары, бірақ тоталитарлық режимде көсем рөлінен төмендеу;
- билікті белу принципі ескерілмейді: аткарушы органдар өздеріне заң шығаруышы және сottы бағындырып, олардың өкілеттіліктерін коса аткарады;
- мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларды сайлау принциптері өзгереді, олардың халық алдындағы есеп беруі мен кепшілікке бағыныштырыбы азаяды немесе болмайды. Сайлау жүйесі шартты көрсеткіш ретінде жүзеге асады. Сайлау нәтижелері алдын ала анықталғандықтан, саяси жүйе сипатына еш әсер етпейді;
- мемлекетті басқаруда командалық, әкімшілік әдіс үстемдікке не болады, бірақ жаппай қудалау жүрмейді, террор қолданылмайды;
- күш құрылымдарын қоғам іс жүзінде бақылай алмайды және саяси мақсатқа пайдаланылуы мүмкін;
- идеологиялық біртұтас басқару болмайды;

- саяси әрекеттер мен көзкарас, ой-пікір плюрализмінде шектеу мен бақылау болады;
- жекелеген цензура сакталады;
- қоғамдық өмірдегі барлық салаларға жаппай бақылау орнатылмайды. Алайда режим накты саяси оппозицияга, қоғам өміріндегі манызды жайттарға халықтың іс жүзінде катысуына жол бермейді. Билік үшін болатын накты саяси куресте еш аяушылық танытпайды. Режімнің белсенді карсыластары репрессияға ұшырайды.
- адамның құқығы мен азаматтардың бостандығына байланысты бірқатар зандар жүзеге асады, бірақ олар (саяси тұрғыда) шектеулі жағдайда болады. Жекетүлғаның билікпен қандай да бір байланысында қауіпсіздік кепілі болмайды.

Авторитарты режимнің түрлеріне :

- әскери режимдер (XX ғасырдың екінші жартысындағы Латын Америкасындағы, XX ғасырдың 60–80-жылдардағы Корей Республикасындағы режимдер);
- азаматтық диктатуралер – бір колға шоғырланған азаматтық билік түрі (Шығыс Араб елдеріндегі режимдер);
- теократиялық режимдер (Ірандағы аятолла Хомей режимі жатады).

Авторитаризм әр дәуірде, әр мемлекетте (Парсы, Спарта, Қытай, Испания, Чили және т.б.) түрлі қалыпта болды.

Демократия. Ең алғашында демократия азаматтарды тікелей басқару retіnde карастырылып, монархиялық және аксүйектік басқарумен салыстырғанда өзгеше сипатта болды. Алайда антикалық дәуірде демократия басқарудың «нашар түрі» retіnde саналды. Ол уақыттарда билеушілер (қала-мемлекеттегі) грек азаматтарының мәдениеті төмен деп санап, «халық билігін» колдамай, елді баскарды. Осы жағдайларға орай демократия режимі ұзак уақыт орнамады, кейіннен оның орнын охлократия (тобыр билігі) басты, мұның нәтижесінде озбырлық орын алды. Осыған орай Аристотель демократияны саяси режим retіnde колдамады.

Есте сақтаңдар

Демократия (грек. *demos* – халық + *kratos* – билік) – қоғамдық құрылымдардағы түрлі деңгейдегі халық билігі, қоғамдағы либералдық құқық пен тұлға бостандығының бұлжымас құндылықтары, халықтың саяси процестерге қатысуын жақтайдын саяси режим.

Демократиялық тұжырымының қалыптасуының жана кезеңі Ұлы француз тәнкерісінен басталды. Бұл қоғамдық институттардың пайда болуымен, тәуелсіздік талаптарымен және жекетүлғалардың әлеуметтік тенденгі, басқарушылар мен бағыныштылар арасындағы қатынас-



Афиндың халық жыны

тың жана сипатқа сай калыптасу қажеттілігінен туындағы. Алайда XVIII ғасырдың өзінде демократияға деген жағымсыз көзкарас әлі де сақталған болатын. Бұл ұлттық мемлекеттер секілді үлкен саяси құрылымдарды басқаруга барлық азаматтарды құнделікті және тікелей катысуга шакыратын идеалды демократиялық модельдің жүзеге асуы мүмкін еместігімен түсіндіріледі. Қоғамның қарқынды даму себебіне орай белен алыш келе жатқан көптеген әлеуметтік мұдделер басқару қызметтерін құрделендірді. Нәтижесінде халық билігі ретінде демократияның өзіндік мағынасы билікті жүзеге асырудың накты механизмдерінен ерекшеленеді.

Казіргі заманғы демократиялық қоғамның тәжірибесі демократия негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- жекетұлғаның әлеуметтік және саяси құқығына азаматтық кепілі;
- барлық азаматтардың қоғамдық істер мен мемлекетті басқаруына катысуын тендей құқықпен қамтамасыз ету. Мұнда халық биліктің қайнар көзі – өздері сайлаған өкілдер арқылы басқарылады, ол бюрократиямен бірге бұкаралық акпарат құралдары, саяси партиялар т.б. арқылы билікті бакылайды;
- жүйелі сайлау – билік органдарының негізі;
- басымдықпен қамтамасыз еткен накты шараларды пайдалана отырып, азшылықтың құқығын құрметтейді;

- биліктің аудиосы мен басқару жүйелерінің абсолютті басымдылығы;
- бәсекелестік партиялық жүйе, халықтың қалауын білдіретін және үкіметке ықпал етуі қалыптастырылатын негізгі механизм;
- маңызды саяси шешімдер кабылдауда коғамдық бақылау;
- идеялық плюрализм және пікір бәсекелестігі.

Қазіргі таңда әлемде демократиялық саяси режим өкілдік демократия (ол заң шығарушы немесе биліктің аткаруушы органдарына сайланған ез өкілдерінің кабылдайтын шешімдеріне азаматтарды жанама түрде катысуға үндейді) мүмкіндіктерін пайдаланып құрылады немесе түрлі аралық құрылымдар (партиялар, коғамдық-саяси қозғалыстар) арқылы құрылады. Бұл механизмдер демократиялық басқару құрылымын қалыптастырады.

Демократия мынадай жағдайда тиімді болады:

- коғам экономикалық дамудың айтарлықтай жоғары деңгейіне жеткенде;
- азаматтық коғамның негізгі шарттары қалыптасқанда;
- коғам өзге пікірлер мен көзқарастарға толерантты (тезімділік) қа тынас қалыптастырып, саяси мәдениеттің белгілі бір деңгейін менгергенде.

Назар аударыңдар!

Халықтың билікке өз құқығын қалай жүзеге асыруына байланысты демократияның үш негізі қалыптасады.

Тікелей демократия – көпшілік Халық кеңесі арқылы тікелей шешім қабылдан, оның орындалуын қадағалайды. Демократияның бұл формасы алғашкы қалыбына тән. Ол туыстық қауымдарда, Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, ортағасырлардағы Новгород, Флоренция мемлекеттерінде колданылды.

Плебисцитарлы демократия – халық белгілі бір жағдайларда ғана шешім қабылдайды, мысалы, референдум барысында қандай да бір мәселелер бойынша.

Өкілдік демократия – халық өз өкілдерін сайлайды, ал олар халық атынан мемлекетті немесе қандай да бір билік органдарын басқарады. Бүгінде демократияның осы түрі халық билігі ретінде кең таралыш отыр.

Білімдерінді тексеріндер

1. Саяси режим дегеніміз не?
2. Саяси режимнің белгілерін атандаңдар.
3. Тоталитаризмнің белгілерін сипаттаңдаңдар.

4. Саяси авторитарлық режим дегеніміз не?
5. Басқарудың демократиялық режимі туралы айтындар.

Тапсырма

Саяси режимнің мына белгілері бойынша салыстырып, кестені толтырындар.

Белгілері	Тоталитаризм	Авторитаризм	Демократия
Тұлғаның еркіндігі мен құқығының болуы және оның кепілі			
Мемлекеттік биліктің қалыптасуы мен ұйымдастру принципі			
Ідеология			
Партиялық жүйе			
Оппозицияның болуы			
Саяси биліктің жүзеге асу адістері			

8-ТАРАУ

ӘЛЕМ ТАРИХЫНЫҢ БАРЫСЫНА ӘСЕР ЕТКЕН ӘСКЕРИ-САЯСИ ОҚИҒАЛАР



§ 42–43. АНТИКАЛЫҚ ДӘУІРДЕ ҚҰРЫЛГАН ӘЛЕМДІК ИМПЕРИЯЛАР

Бұғынгі сабакта:

- Парсы империясы;
- Александр Македонский империясы;
- Рим империясы туралы оқып білеміз.

**Кітт
Сөздер:**

жауап алу жорықтары, шайқастар, империя, реформалар, сатрапилер, дарик, шығыс деспотизмі, эллиндік одақ, экспансия, әлемдік держава, провинция

Империя деп императордың билігіндегі күші және ірі мемлекетті түсінеміз. Империя қоғамдық мемлекеттік үйімның формасы ретінде өзіне аумағы, экономикасы мен географиялық шарттары, этникалық құрамы және мәдени дәстүрлері аluan түрлі халықтарды біріктіреді. Өз құрамына экономикалық дамуы әртүрлі және сан қылыш мәдениеттері бар халықтарды топтастырыған империя берік құрылым болып саналмайды. Империя құрамындағы халықтардың аluan түрлі айырмашылықта болуы, олардың бір-бірімен өзара келіспеушілігін тудырып, ішкі жанжалдар мен соғыстарға себеп болды. Империя аукымды болған сайын, ол тұрақсыз бола түседі әрі оны қиаратып, құлататын құштер де көп болады. Империяны калыптастырыған күш әлсіреген кезде, ол да өмір сүруін тоқтатып, ыдырап кетеді. Империя мықты болу үшін оның билеушілері өзі бағындырыған халықтың салт-дәстүрі мен зандарын күрметтеп, олардың баскаруын өздеріне беріп, тек алым-салық алыш, сауда қатынастарын жүргізіп, бейбітшілікті колдан отыруыға тиіс. Әдетте, құлаған бір империяның орнына екіншісі пайда болып отырады. Империя тарихы көрсеткендегі, олардың пайда болуына бір халық себеп болады, олар өздерінің жеке мүдделері үшін өздеріне басқа халықтарды бағындырады және олардың келісім беру, бермеуі маньзыды емес. Ежелгі антикалық дәуірде – Парсы империясы, Александр Македонский және Рим империясы секілді құдіретті державалар болған. Бұл бір билеушінің шексіз билігіндегі империялар болды. Олардың барлығы да әскери экспансия мен аумактарды жауап алу нәтижелерінде пайда болды.

A. Парсы империясы

Б.з.б. II–I мыңжылдыктар кезеңінде Иранның солтүстігіне мидян тайпалары, ал онтүстігіне парсылар қоныстанды. Б.з.б. VI ғасырға дейін парсылар Ассирия мен Мидияға бағынышты болды. Б.з.б. 558 жылдары парсылардың патшасы болып II Кир сайланады, ол Ахеменидтер династиясының негізін қалады. Парсылар мидиялықтардың билігіне қарсы көтеріліп, мидия патшасы Астиагқа қарсы соғыс ашады, бұл қақтығыс Мидияның талкандалуымен және парсылардың толық женіске жетуімен аяқталады. Кир Мидия мемлекетін Парсыга қосып алады.

Мидияны жауап алған Кир мұнымен гана тоқтап қалмайды, б.з.б. 547–546 жылдары аралығында Армения мен Каппадокияны, Лидияны жауап алады. Ал б.з.б. 538 жылдары Кир Вавилон мемлекетін басып алып, оны Парсының құрамына қосады.

Вавилонды басып алған Кир батыска терендей еніп, жорығын жалғастыра берді. Парсы патшасының бұл жорығы бейбіт сипатта болды. Кир Иерусалимді қалпына келтірді, вавилондықтардың тұтқынындағы иудейлерге отандарына оралуға мүмкіндік берді және финикиялық калаларды қайта қалпына келтіруге көмек көрсетті. Кирдің саяси мақсаты, Палестина және Финикияның шағын мемлекеттерімен достық байланыстар орнату болды, осы арқылы ол Парсы патшалығының жаулау саясатының мұддесін арттыруға тырысты.

Есте сақтанадар

Жаулау жорықтары нәтижесінде б.з.б. VI ғасырдың соңында аса ірі парсы империясы пайда болды, ол Үнді өзенінен басталып, шығысында Египетке, ал батысында Эгей теңізіне дейін созылды.

Б.з.б. 529 жылы Каспий даласында массагеттермен болған шайкаста Кир каза табады. Кирдың саясатын оның ұлы Камбиз жалғастырады. Кир бағындырган, бірақ парсылармен тығыз байланысы жоқ кейір мемлекеттер, билеушінің каза болғанын пайдаланып белініп кетеді. Оларды қайта бағындыру үшін Камбиз түрлі әрекеттер колданып, көп күш-жігерін жумсайды.

Билігін нығайтып алған Камбиз, жаулау саясатын жалғастырып б.з.б. 526 жылы Египетке қарсы жорықка аттанады, б.з.б. 525 жылы бұл мемлекетті басып алады. Камбиз Карфаген, Эфиопия секілді бірнеше африкалық елдерді жауап алуға әрекет етеді. Алайда оның бұл жоспары сәтсіз аяқталады. Камбиздің билігінің соңғы жылдарында оның мемлекетінде ірі бас көтерулер мен наразылықтар орын алып,



II Кир

ол бүкіл Парсы патшалығына кері әсер етеді. Б.з.б. 523 жылы Камбиз каза болған соң, империяның көптеген аймақтарында парсыларға карсы көтерілістер орын алады.

Парсы патшалығының ең өркендеген тұсы I Дарий (б.з.б. 521–486 жж.) патшаның кезінде болды.

Назар аударыңдар!

Дарий Парсы мемлекетін түрлі аймақтарға – сатрапилерге бөлді, оның басында билеуші – сатрап (парсыша «хшатрапаван – мемлекетті сақтаушы») тұрды, әрбір аймаққа патша қазынасына төлеп тұру үшін белгілі көлемде алым-салық салды және мемлекет үшін біртұтас алтын монета *дарик* – 8,4 грамм алтын енгізіп, ақша реформасын жүргізді.

Дарий мемлекеттің манызды орталықтарын жолдармен байланыстыруды, жетілген байланыс қызметін жолға койды, әскер мен әскери істі кайтадан жасақтады. I Дарий реформасы мен кейінгі билеушілердің арекеттерінің нәтижесінде Парсы патшалығы империя құрамына енетін халықтардың жетістіктерінен құралған жана мүмкіндіктерге кол жеткізді.

Реформа нәтижесінде құрделі бюрократиялық басқару жүйесі бар мемлекеттік орталық қалыптастыrsa да, Парсы мемлекетінде алі де болса тайпалық одактардың ерекшеліктері сакталып қалған еді. Патша біртұтас державалық мемлекетті билесе де, ру-тайпалардағы беделді аксүйектердің ықпалында болды.

Уақыт өте келе тайпалар одағы классикалық ежелгі шығыстық деспотизм үлгісін кабылдады, оның кейір элементтері египеттіктер мен вавилондықтардан енді. Басқарудың барлық жүйесі ашық түрде бюрократиялық сипатқа не болды, шенеуніктердің саны артты. Сарайлар мен барлық кенселерде бюрократия болды. Барлық жарлыктар арнағы хаттамалар мен күнделіктерге жазылып отырды, жазба, негізінен, арамей тілінде жүргізілді, кейіннен бұл тіл біргіндеп жашып мемлекеттік тілге айналды. Орталықтанған биліктің нығаюы жоғарғы мемлекеттік бақылауышы («патшаның көзі») қызметін енгізу қажеттілігін тудырды, ол патшаның бүйіріғы бойынша жекелеген аймақтарда жауапты бақылау қызметін аткарды.

Орталық биліктің нығаюы сот билігінің патша мен айрықша мәртебесі бар «патша соттарының» қолына шоғырлануына ықпал етті. Оларды бұл лауазымға патша өмір бойына тағайындағы, олар тек кылмыс жасаса немесе пара алса ғана қызметтерінен алынды. «Патшаның соттары» лауазымы кейде мұрагерлікке де қалып отырды.

Мемлекеттік біртұастықты сактау, шегараны корғау және империя ішінде орын алтын көтерілістерді басып-жаншу үшін ұйымдастын аскер мен әскер ісіне қажеттілік туды. Бейбіт уақытта тұракты әскер парсылар мен мидиялықтардан құралды, олар әскердің негізі болды.

Бұл тұрақты әскердің ең басында патша жасағы тұрды, олар салт атты ақсүйектерден және он мың «ажалсыз» жаяу әскерден кұралды. Патша сарайының қауіпсіздігін бір мың жеке күзет әскері корғады. Соғыс кезінде мемлекеттің барлық аймағынан қалың әскер жиналды, кейбір аймактар нақты әскер шығаруга міндетті болды.

Есте сақтаңдар

Дарий патшаның әскерді қайта жасақтау мен әскери салада жүргізген барлық істері Парсы империясының қуатты күшке айналуына ықпал етті.

Осындай өзгерістерден кейін Парсы патшалығы кайтадан жаулап алу жорыктарын бастады. Олар Иранның солтүстік-батысын, Эгей тенізіне қарасты аймактар мен аралдарды басып алады да, Солтүстік Кара теніз манын мекендейтін скифтерге жорық жасайды, алайда женіліске ұшырайды. Б.з.б. VI ғасырдың сонында парсы державасының шегарасының аумағы ежелгі грек заманында неленген аумактың келемімен тенеседі. Бұл аймактардың көшшілігін Дарий бағындыrsa, кейбірі оның билігін өз еркімен мойындады. Алайда әлемдік білікке ұмтылған бұл күрес Парсыны үлкен катерге ұрындырыды. Грек әлемі бірікті де, парсы жаулап алушыларына үлкен тойтарыс берді. Қонешығыстық деспоттық билік антикалық көғам мен грек мемлекеттінің алдында әлсіз болып шықты.

Білімдерінді тексеріндер

1. «Імперия» ұғымына сипаттама беріңдер.
2. Парсы мемлекеттінің құрылу уақытын айтыңдар.
3. II Кир мен Камбизің сыртқы саясаты туралы айтыңдар.
4. I Дарий реформаларын сипаттаныңдар және оның маңызын атаңдар.

Тапсырма

Мына мәтінмен танысқан соң, I Дарийшін каржылық саясаты туралы қандай шешім шығаруга болады:

Геродот. Тарих

...Дарий акша қюо үшін таза алтынды мүмкіндігінше көп қорытуға әмір берді. Египеттің сатрапы бола отырып, Ариад та дәл осылай күміс акша жасай бастады... Дарий мұны біліп, сатрапты өлтіруге жартық берді. Оған көтеріліс ұйымдастырмак болды деп кіна тағып, ойын жүзеге асырды.

Ә. Александр Македонскийдің империясы

Б.з.б. 359 жылы II Филипп Македонияның жоғарғы билеушісі болып тағайындалды. Аксүйектердің саяси ықпалын азайткан ол македон әскерін қайта жасақтады, өздігінен әрекет ететін қарулы күш түрлері – жаяу және атты әскерді, түрлі құрылымдарды біріктірді.

Филипп өз иелігін қарудың күшімен, сатып алу арқылы және дипломатиялық жолдармен ұлғайта бастады. Македония біртіндеп Балқан түбегіндегі қаһарлық күшке айналды. Филипп грек мемлекеттерін өзіне бағындыра бастайды. Б.з.б. 338 жылы Херонея қаласының манында болған македондықтар мен гректер арасындағы шайқаста гректер женіліске ұшырайды. Б.з.б. 337 жылы грек қалаларының өкілдерінің басын косқан Коринф конгресінде II Филипптің басшылығымен әллиндік одак құрылады, оның басты мақсаты Парсы патшалығын жаулаап алу болды.

Коринфтен Македонияға оралған Филипп парсыларға қарсы жорық-ка дайындалды. Алайда б.з.б. 336 жылы ол қаза болады. Такқа оның баласы Александр отырады, ол Македонияға билік жүргізіп, тұтас Грекияға Македонияның бақылауын орнатты, әллиндік одактың жетекшісі және парсыға жасалар жорықтың бас қолбасшысы да болды.

Б.з.б. 334 жылдың көктемінде Александр Шығыска жорығын бастайды. Ол 20 күнде Геллеспонтка жетіп, оны 160 кемемен кесіп өтеді. Парсылардың күштері Александрдың әскерінен әлдекайда көп болатын. Парсы патшасының қызметінде тек қана гректерден құралған жалдамалы 40 мың әскер бар еді, ал парсының өзіндегі әскердің саны, тіпті шексіз көп еді.

Б.з.б. 334 жылы мамыр-маусым айларында 20 мың грек жалдамалары мен 20 мың атты әскерден құралған парсылардың әскери Граник өзеніндегі тік жағалауга орналасады. Күн батар мезгілде грек-македон әскерлері өзеннің солтүстігіндегі ойпан жағалауга келіп жетеді. Парсы атты әскерлері өзен жағалауында шабуылға ынғайлыш қашыктықта, бір катар болып шеп түзейді. Македонияның жаяу әскерлері шебінің алғашкы жүйесі өзеннен өткенде, парсылардың атты жасағы оларға шабуыл жасап, ойпанға қарата лап береді. Македониялық атты әскерлер өзеннен өтіп, парсыларға шеткі канаттан шабуыл жасағанша, бұл әрекет бірнеше мәрте қайталанады. Ұзакка созылған әрі кескілескен қанды шайқас басталады. Парсы атты әскерінің артынан келер қосымша кемегі болмады әрі олардың кұрамында бірге соғысып жатқан гректер шайқас кезінде парсыларды тастап қарсы жакқа өтіп кетеді, сейтіп, бұл соғыста Александр женіске жетеді. Осы женістен кейін ол Кіш Азияның жерлерін онай жаулаап алады, көп аймактар оны құтқарушы ретінде қарсы алады.

Б.з.б. 333 жылы Александр Сирияны жаулаап алуға аттанады. Батыс Азияның тағдыры осы жылдың қараша айында Иссе манында өткен соғыста шешіледі. Шайқас қызып жатқан сәтте Александр азгана атты әскерлерімен майданның ортасындағы парсы патшасына қарсы ұмтылады. III Дарий кері қашады. Оның сонынан парсылардың аксүйектері де ереді. Өз колбасшыларының кашқанын көрген әскерлер арасында дүрбелен басталады. Бұл жағдай Александрға женіс сый-

лайды. 332 жылдың тамыз айында Тир құлайды. Қалған Финикия қалалары Александрдың билігін мойында, оған бас иеді.

Дарий Александрға бейбітшілік үшін келісім сұрап елші жібереді, оған Ефрат шегарасына дейінгі бүкіл Азияның билігін ұсынады. Әскери кеңесте Александрдың көптеген колбасшылары Дарийдің ұсынысын қабылдау қажеттігін білдірді. Олар Македон патшалығы иелігінің ұлғаюы македондықтардың өздеріне қауіп төндіре бастайды деп санады. Бірақ патша бұл ұсынысты қабылдамады. Ол ешкандай соғыссызық Египетті жаулап алады. Египеттен кейін Александр өз әскерімен Косөзенге бет алады.

III Дарий өзінің қарамағындағы халықтан көп әскер жинайды. Александр әскерлері Египеттен шыкты деген хабарды естіген Дарий, өзінің атты әскерлері мен соғыс арбаларын ынғайлы жерге орналастырып, жауын күтеді. Бұл Тигр өзенінің жағасындағы Гавгамелге жақын жердегі кең алқап болатын. Б.з.б. 331 жылдың 1 қазанында Гавгамел манында алапат майдан басталады.

Парсы әскерлерінің саны грек-македон әскерінен екі есе көп болса да, олардың әскери сапасы мен тәртібі Александрдың әскерлерінен төмен болды. Дарийдің әскери арбаларға артқан үміті акталмады. Македондық садақшылар арба айдаушыларды алыстан атып, қатардан шығарып, кейде корғанысқа тығызып, оларды арбадан аударып тастап отырды. Тек кейбір арбалар гана қарсыластарының әскерлеріне дейін жетті, алайда әскерлер оларды өздеріне жақыннатып алып, кенеттеп араларын кең ашып, өткізіп жіберді, арбалар әскерлерге тікелей тимеген сон, улken шығын әкеle коймады. Грек-македон әскерінің негізгі корғанысы ортасында болды; он қанатқа Александрдың жеке өзі басқаратын атты әскер орналасты, ал сол қанатта Парменион басқаратын фессалиндік жауынгерлер болды. Александр қажетті кезде пайдалану үшін қосалқы жауынгерлер тобын да ұстады. Македондықтардың негізгі корғанысын талқандауға грек жалдамалылары мен аздаған парсының жаяу әскерлері және атты әскерлер тобы қарсы қойылды. Корғаныс капиталында атты әскерлер орналасты.

Парсылардың атты жасақтары негізгі қанатты айналып өтіп, македон атты әскерінің артынан бас салмақ болғанда, бұл жерге Александр әскерінің қосалқы күштері жіберіледі. Ұрыс кезінде парсылардың атты әскерлерінің орталық және сол қанатының арасындағы корғаныс қабаты ашық қалады. Осы кезде Александр өзінің атты әскерлерін бастап лап беріп, парсылардың сол қанатын бөліп тастап оларға күйрете соккы береді. Ал Парменионның басқаруындағы сол қанаттың коршауда калу қаупі төңгендे, Александр жауының ту сыртына өтіп, олардың он қанатына шабуыл жасайды. Парсылар бассауғалап қаша бастайды, олардың сонынан өкшелеп македондықтар қуады. Тағы да женіліске ұшыраған Дарий Мицияға қашады.



Гавгамелдегі шайқас

Гавгамелдегі женіс бүкіл парсының женилгендігін белгісі болды. Парсылардың әскерлері толығымен киаратылып, тізе бүкті. Колынан құдіреті кеткен Дарийді өзінің бағынышты аксүйектері өлтіреді.

Гавгамелдегі шайқас пен Дарийдін каза табуы Александрға аса катты әсер етіп, оның мінез-құлқын өзгерти. Енді ол өзін III Дарийдін мұрагері ретінде жариялады. Александр басына патша тәжін киеді және өзінің бұйрықтарына парсылық Ахеменидтердің патшалық мөрін пайдалана бастайды. Шығыс өміріне деңдеп енген Александр айналасына шығыстың аксүйектерін жинап, оларды мол тарту-таралғылармен сыйлаап отырады. Кейіннен ол сарайына шығыстың сән-салтанатты әдет-ғұрыптарын енгізіп, өзінің қолбасшыларынан оны орындауды катан түрде талап етті. Патшаның алдында жерге жығыла тағзым ету, оның жерге сүйретілген кімін сүйіп күрмет көрсету, оны жердегі құдай секілді көру – осының барлығы оның бұрыннан жорыктарда бірге келе жатқан серіктеріне ұнамай, олардың қарсылығын тудырды.

Назар аударыңдар!

Алғаш жорық басталғанда Александрдың қолбасшылары жорықтың негізгі мақсаты «варварларды илоттарға айналдыру» екенін білді, ал енді Александрдың ұстазы – Аристотель айтқан «туылғанынан құл» осы варварлар жеңімпаздың сарайында үлкен маңызға ие бола бастады, ал македониялықтардың жас патшаға ықпалы барған сайын азая түсті.

Грек-македон әскерлері жаулап алу жорыктарын одан әрі жалғастыра берді. Александр өз әскерін бастап Сырдария Казіргі Ходжент аймағында Александрдың бұйрығы бойынша 22 мын

таулық өлім жазасына кесілді, олардың кінәсі азық-түлік жинауға шықсан бірнеше македониялықтарды тау жолында ұстап алғаны еді. Александрдың жергілікті халыққа ұстанған қатаң саясаты наразылық тузызып, соғды руынан шықкан аксүйек Спитамен оған карсы көтеріліс бастайды. Дағ осы Орталық Азияда Александр аса катты карсылықта тап болады. Б.з.б. 328 жылы Спитамен қаза тапқан соң, Александр өз саясатын өзгерти. Енді ол Египетте колданған әдісін жүргізіп, жергілікті халықтың әдет-ғұрып пен салттарын құрметтеп, аксүйектеріне кошемет көрсетеді. Сондай-ақ Александрдың айналасындағы македониялықтар арасында оған карсылардың катары көбейе түседі.

327 жылы Орта Азияны бағындырған соң грек-македон әскерлері Гиндукуш аркылы солтустік Үндістанга (Үнді өзенінің ангарына) карат жылжыды. Александрдың әскерлері бұрынғыдай қайрат көрсете алмайды, ал үнділіктер өз жерлері үшін жан аяマイ шайкасады. Сонымен коса Александрдың әскерлері Үндістандағы тропикалық несер кезеңіне тап келеді әрі безгек ауруына ұшырайды. Бұған дейін тек колбасшылар арасында болған наразылық біртіндеп қарапайым әскерлер арасына да тарада бастайды. Үнді өзені ангарын бағындырған Александр, Ганга ангары аркылы Парсы державасының шегарасынан тыс жерлермен алға карат жылжуды бүйірады, әскер оның бүйірігін орындаудан бас тартады. Б.з.б. 324 жылы Александр шел аркылы үлкен кындықпен өтіп, Вавилонга келіп жетеді.

Грек-македон жаулап алу жорыктары нәтижесінде Балқан түбегінен Инд өзеніне дейінгі жерді камтыған аса аукымды держава қалыптасты.

Империяның астанасы болып жарияланған Вавилонда Александр жаңа жорыкка дайындықты бастайды, осы мақсатта Тигрде үлкен флот жасақталады. Алайда осындағы қызу дайындық кезінде ол безгектің ауыр түрімен науқастанып, б.з.б. 323 жылы дүниеден өтеді.

Білімдерінді тексеріндер

1. Коринф конгресс шешімінің кандай манызы болды?
2. Грекік пен Исе манында болған шайқастар туралы айтындар және олардың манызын көрсетіндер.
3. Гавгамеланың тұсында өткен шайқастың нәтижелері қалай болды?
4. Парсы державасын жаулап алған соң Александрдың мінез-құлқы қалай өзгерді?

Тапсырма

Мәтінмен танысып, Александр Македонскийдің жеке қасиеттеріне сипаттама беріндер.

Плутарх. Александр

...Александрын бала кезінен-ақ, оның бойынан данышшандық қасиеттер байқала бастады: бұл болашактағы жігерлі әрі тартымды қасиеттердің бастауы еді. Ол деңе

куштерін дамытуға бей-жай қарамады, оны дамытуға ерекше мән берді; ақпаратты жаксы көру оның жаңын ерте есейтіп, өз жасынан салмакты әрі сабырлы етті. Ол күш жұмысайтын барлық әркеттерді жаксы көрмегі және оларды қай жерден болса да ізлемеді; осынысымен ол Филипптен ерекшеленді, сопылардың айтуынша, ол езінің шешеншігімен мактанды және олимпиадада жениске жеткен өзінің әскери арбаларының даңын асыру үшін оларды монеталарға бейнеледі. Александр жылдам жүретіндіктен, бірде айналасыншағылар одан олимпиада обындарындағы жүтіру жарысына неліктен катастырылғынын сұраганда, ол: «Нә, егер менің карсыластарым патшалар болса», – деп жауап берді...

Филипп өзінің баласының табигатынан табанды екенін, егер ол басекелессе, оны еркісіз мәжбүрлеп бағындыру мүмкін емес екенін білді. Александрың ақылды сездермен тоқтатута болатын еді. Соңдыктан ол бұйрық бергеннен гөрі көзін жеткізуға тырысты...

Александр Аристотельден тек қана этикалық және саяси сабак қана алған жок, ол акроматикалық және эзотериялық деп аталатын құпия да терең ілімді де менгерді, ол қалын бұкараға тарағынан... Александр бұл білімдердің бірқатары Аристотельдің кітаптарында жарияланып, оған жауаптар берілгенін білді. Аристотельге жазған хатында патша философия туралы өз ойын ашық білдіреді: «Александр Аристотельге аманцық тілейші! Сен ауызша берілуі ғана тиіс ілімдерді жарияладап, дұрыс істемедін! Егер біз тәрбиеленіп, оқыған білімдер барлығына ортақ шілдікке айналса, онда бізшін басқа адамдардан айырмашылығымыз неде болмақ? Мен басқалардан құдіретті артықшылығыммен емес, жоғарғы біліміммен артық тұрғым келеді. Аман-сау бол».

Б. Рим империясы

Ежелгі Рим өзінің тарихи даму барысында белсенді жауап алу саясатын жүргізді, осының нәтижесінде аса зор империя қалыптасты.

Есте сақтаңдар

Рим империясы әскери экспансия мен аймақтарды жауап алу нәтижесінде пайда болды.

Италияны жауап алу. Патшалық кезенде (б.з.б.753–509 жж.) Рим Аппенин түбегіндегі шағын ғана мемлекет болатын, ол Лация аумағының бір бөлігін иеленді, бұл аймакты латын тайпалары мекендейтін.

Б.з.б. 509 жылы Рим республикаға айналған соң, Италияны жауап алуға кірісті.

Алғашында олардың негізгі карсыластары солтүстікте – *этрускілер*, ал солтүстік-шығыста – *сабиндер*, шығыста – *эквтар*, онтүстік-шығыста *вольсктар* болды. Рим өздері тақтан тайдаған патша Тарквиний Гордыйцың колдауына сүйенген этрускілерге тойтарыс берді, ал б.з.б. 499–493 жылдары латын калаларының Ариший федерациясын (*Бірінші Латын согызы*) женип, олармен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара әскери көмек және олжаларды тендей бөлу туралы одақ құрады. Бұл римдіктердің сабиндерге, вольсктарға, эквтарға және онтүстік этрускілік коныстарға карсы соғыс бастауға мүмкіндік берді.

Римдіктердің бұл жорықтары, оларға галлдар шабуыл жасаған соң тоқтады, галлдар *Аллия* өзені маңында рим әскерін талқандап, Римді

басып алады да, өртеп жібереді. Галлдар каланы киратып, тастап кеткен сон, римдіктердің Лашиядағы ықпалы азаяды; латындармен күрган одак ыдырап кетті.

Осы кезеңде Римге қарсы вольсктар, этрускілер және эквтар қайтадан бас көтереді. Алайда римдіктер олардың қарсылыктарын басып жаншиды. Галлдардың *Лацияга* кезекті шабуылы кезінде, рим-латын одағы қайтадан жанданады, IV ғасырдың ортасында Рим Лация мен Онтүстік Этрурияға өз бакылауын орнатып, Италияны жаулап алу жорыктарын жалғастырады.

Кампандық *Капуя* каласынын тұрғындары, самниттерден женіліп, Римнің қол астына өтеді, бұл *Бірінші Самнит соғысының* (б.з.б. 343—341 жж.) басталуына себеп болады, соғыс римдіктердің женісімен және Батыс Кампанияның олардың иелігіне өтуімен аяқталады.

Римнің құдіретінің артуы латындармен байланысты нашарлатады, бұл *Екінші Латын соғысына* себеп болады (б.з.б. 340—338 жж.), соғыстың нәтижесінде Латын одағы ыдырап, латындардың біраз жерлері тартып алынады және әр қауыммен жеке-жеке келісім жасалады.

Бірқатар латын калаларының тұрғындары Римнің азаматтығын алады. Қалғандары римдіктермен мұліктік катынас тұрғысынан теңесті, бірақ саяси тұрғыдан емес. Екінші (б.з.б. 327—304 жж.) және Ушинші (б.з.б. 298—290 жж.) Самнит соғыстарында римдіктер Самниттердің федерациясын талқандап, олардың одактастары — этрускілер мен галлдарға да соккы берді. Олар Риммен тен дәрежеде емес одак құруға мәжбүр болады және өздерінің аумақтарының бір бөлігін береді. Рим Лукания мен Этруриядағы өз ықпалын арттырады, Пицен мен Умбриня бақылауын орнатады, Сенондық Галлиді иеленеді, сөйтіп, *Солтүстік Италияның* билеушісіне айналады.

Оңтүстік Италияга басып кірген римдіктер Аппениндегі грек колонияларымен қақтығысады. Б.з.б. 280 жылы Гректердің Италиядағы ең құдіретті каласы *Тарентте*, олардың одактасы Эпир патшасы — Пиррдің қапысымен қанды қырғын өтеді. Б.з.б. 276—275 жылдары римдіктер Пиррді тізе бүктіреді, осы арқылы олар б.з.б. 270 жылға қарай Луканияны, Бруттийді және Италияның онтүстігіндегі грек калаларын өздеріне қаратады.

Римнің Италияны Галлияның шегарасына дейін жаулап алуы б.з.б. 265 жылы Онтүстік Этруриядағы Вольсиний каласын басып алудың аяқталады.

Римнің әлемдік державаға айналуы. Б.з.б. III ғасырда Италияны толық жаулап алған римдіктер енді одан тыс жерлерге жорық жасауга ұмтылды. Римдіктердің Сицилия аралдарын жаулап алу әрекетіне *Карфаген* мемлекеті қарсылық танытады, ол Солтүстік Африкадағы Жерорта теңізінің онтүстік жағалауында финикиялықтар негізін

калаған ірі мемлекет болатын. Римдіктер Карфаген мен Африканың солтүстік жағалауындағы халықтарды пуннийлер немесе пундер деп атады. Осыдан келіп римдіктердің карфагендіктермен соғысы *пунитық* деген атауға ие болды. *Бірінші Пуни соғысында* (б.з.б. 264–241 жж.) женіске жеткен римдіктер Сицилияны басып алады. Алайда осындай жағдайға қарамастан Карфаген мемлекеті әлі де қуатты болатын. Римдіктер *Екінші Пуни соғысында* (б.з.б. 218–201 жж.) қарсыластарын ойсырата женіп, Батыс Жерорта теңізін толық өз бақылауына алады.

Карфаген әлі де бай қала қалпында қалды әрі жан-жакпен сауда байланыстарын жүргізіп отырды. Бұл Рим көпестерінің наразылығын туғызды, олар карфагендіктерді өздерінің басекелестері санады. Римдің кайтадан соғыс бастауына саудагерлер итермеледі. *Үшінші Пуни соғысында* (б.з.б. 149–146 жж.) Карфагенді корғаушылардың ерлікпен шайқасқанына қарамастан, римдіктер женіске жетеді, қала тонауга ұшырайды әрі толық киратылады.

Батыс Жерорта теңізіне толық билігін орнатқан Рим, енді өзінің назарын Шығысқа аударады. Бұл аймактардағы ірі мемлекеттер Македония, Сирия және Египет болатын. Римдіктер «Беліп ал да, билей бер» ұстанымымен оларды бір-біріне айдағап салып, жеке-жеке басып алды.

Македонияға карсы соғыс бастаған римдіктер өз катарларына гректерді косып алады, оларға македон билігінен құтқаруға уәде береді, ал Сирия патшасын оларға көмек беруге көнцірді. Осының нәтижесінде македон патшасы V Филипп женіліске ұшырап, Грекиядан өз әскерін әкетеді. Б.з.б. 196 жылы римдіктер грек калаларына бостандықтарын кайтаратындарын жариялады. Б.з.б. 189 жылы римдіктер сирия патшасы III Антиохты бағындырады. Сирия патшалығы өз дербестігін сактағанымен өзінің даңқынан және Кіші Азиядағы иеліктерінен айырылды. Б.з.б. 168 жылы римдіктер Македония патшасының әскерін Пидне манында толығымен талқандайды. Осының нәтижесінде Македония патшалығы өмір сүруін токтатады.

Жауап алу соғыстары нәтижесінде Рим бүкіл Жерорта теңізіне толықтай өзінің билігін орнатады. Ол Иллирияны, Грекияны, Кіші Азияны, Сирия мен Иудеяны бағындырады. Қара теңіз манындағы бірқатар мемлекеттер Римнің билігін мойындағы немесе оған тәуелді болды. Галл жорықтары кезінде Рим Бельгиядан Аквитанияға дейінгі аймақтағы бүкіл альпілік Галлияны жауап алады.

Есте сақтандар

Б.з.б. III–I ғасырлардағы жорықтардан кейін Рим алемдік державаға, ал Жерорта теңізі – Римнің ішіндегі теңізге айналды.

Италиядан тыс жерлердегі жауап алынған аумактарды римдіктер *провинция* (лат. женілген елдер) деп жариялады. Бірінші провинция

Сицилия болды. Рим Сенаты провинцияларды басқару үшін билеушілер тағайындауды, олар жергілікті аймактарды аяусыз тонады.

Б.з.б. I ғасырдың ортасына қарай Рим ірі отарлық держава болды. Рим – Жерорта теңізінің жағалауына толықтай бакылау орнатқан тарихтағы жалғыз мемлекет. Римнің сыртқы пәлігінің аумағы Италияның өзінің аумағынан алты есе үлкен болды. Рим империясы дәүірі сыртқы әскери экспансияны әлсіретті, ол кезеңде провинцияларды билеу үйымдаған әрі тонаушылық сипатта болды.

Білімдерінді тексеріндер

- Ежелгі Римнің жаулап алу жорыктарынан каша кезенге және маңызына қарай қалай бөлуте болады?
- Осы кезеңдердің салдарын түсіндіріндер.
- Жаулап алу барысында римдіктер қандай әдістерді қолданды?


Тапсырма

- Карталардан Ежелгі Римнің жаулап алу жорыктары жүрген аймактарды көрсетіндер.



- Италия аумағындағы үлкен тайпалар.
- Грек отарлары.
- Б.з.б. VI ғасырдың сонындағы Рим империясының шегарасы.
- Маңызды жолдар.
- Римге карсы галдықтардың жорыктары.
- Б.з.б. 264 жылы Рим басып алған аумактар.
- Римдіктер орналасқан аудандар.
- Б.з.б. 264 жылғы Карфаген державасының аумағы

РИМ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЖАУЛАУШЫЛЫҚТАРЫ



§ 44. ГҮНДАРДЫҢ ЖАУЛАП АЛУ ЖОРЫҚТАРЫ БАТЫС РИМ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰЛАУЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТИНДЕ

Бұғынгі сабакта:

- гүндардың жаулап алу жорықтарының себептері;
- гүндардың батыска жасаған жаулап алу жорықтары;
- «Халықтардың ұлы қоныс аударуының» қорытындысы жайында білеміз.

Гүндардың жаулап алу жорықтарының себептері. 375 жылы кешпелі гүн тайпалары Еуропа аймағына басып кіріп, жойқын соғыс бастайды. Осылай «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» басталды.

Есте сақтаңдар

«Халықтардың ұлы қоныс аударуы» – варварлық (грек тілінде сөйлемейтін бөтен халықтарды варварлар деп атады) тайпалардың IV–VI ғасырларда Рим империясының аумағына жаппай басып кіруінің аталуы, оның соңы Батыс Рим империясының құлауына және Еуропаның этносаяси картасының түбегейлі өзгеруіне әкелді.

Варварлық тайпалардың батыска аса аукымды қоныс аударуы на бірқатар факторлар себеп болды. Оның ең бастысы жаһандық

табиғи-климаттық өзгерістер мен алеуметтік-экономикалық процестер болды, мұндай өзгерістер варварлық тайпаларда да, Рим империясында да орын алды:

1. II ғасырдан бастап *жанандық сұйту* бастады, бұл IV–V ғасырларда су жүйелеріне, топырак пен есімдіктің кұрамының өзгеруіне әсер етті, бұл кешпелі халықты малға жана жайылымдық жер іздеуге мәжбүр етті.

2. Аздап дамыған варварлық тайпалардың *жерді экспенсивті сипатта пайдалануы* олардың онтүстікегі орманды және орманды дала аймактарына коныс аударуына әкелді. Шаруашылықтың дамуы варварлық тайпалардың санын арттырды, табиғатты игеруге олардың техникалық жетістіктері, білімдері және мүмкіндіктері жетпеді. Ғасырлар бойы орман өсіп, жердің бәрін ағаш жапкан Еуропада игерілетін бос жерлер мен мал жайылымдары аз болды. Оларға өмір сүретін кеңістік қажет болғандықтан, оны табудың жолдарын іздестіре бастады. Мұндай кеңістік Еуропаның онтүстік-шығысындағы далалар мен Рим империясының жерінде бар еді.

3. Күнделікті қажеттілікten артық табыстың пайда болуы, оларды жеке нелену мүмкіндігін болуы, кор жинау мен ерекше мәртебе нелену, *алеуметтік жіктелу* мен тайпалар арасындағы бәсекенің артуна әкелді. Өз жекебасының артықшылықтарын көрсетуге мүмкіндік пен айрықша әлеуметтік мәртебе беретін әдіс – соғыс болды. Ерліктер мен олжалар, жаулап алынған жаңа жерлер, көршілерді бағындыру – осының барлығы кесемдердің ғана емес, сондай-ақ тайпаның барлық мұдделеріне сай келді.

4. Құшленуші жүйедегі дағдарыс Рим империясының *әскери қүшін әлсіретті*.

Солтүстік Қытай мен Монголия аумақтарын мекендеген кешпелілердің, үйымдаған қуатты тайпалары хүннү деп аталды, олар б.з.б. IX ғасырдан бастап Қытай империясының мазасын ала бастады. *Хуннұлар (ғұндар) малишаруашылығымен айналысатын көшпелілер еді*.

Б.з.б. III ғасырда ғұндардың билеушісі Меде 24 ғұн тайпасының басын біріктіріп, мемлекет құрды. Ол көршілес жатқан халықтарды бағындырды, осындаи жеңістерден кейін Қытай императорын өзімен «бейбітшілік әрі туыстық келісім» жасауға мәжбүр етті, бұл келісім бойынша Қытай империясы ғұндарға салық төлеуге міндетті болды.

Б.з.б. I ғасырдың ортасында ғұндар мемлекеті ыдырап, солтүстік және онтүстікке бөлініп кетті. Онтүстік ғұндар өз мемлекеттерінде қалып, солтүстік ғұндар біртінде батысқа Жетісуға жылжыды. Олардың бір белгі сол жерге қоныстанып шағын мемлекет құрса, калғандары Орал жаққа бет алады.

Кітап сөздері:

жаулап алу жорықтары, «Халықтардың Ұлы коныс аударуы», варварлар, ғұндар, Атилла, Батыс Рим империясы, Шығыс Рим империясы

Ғұндардың батысқа жасаған жаулау жорықтары. Б.з.б. IV ғасырдың екінші жартысында ғұндар тағы да батыска қарай жылжыды. Азов және Дон манындағы далаларды жаулаап алған гүн тайпалары 370 жылы Босфор патшалығын талқандап, Қырым түбегіне қарай жылжыды. 375 жыны олар Еділден етіп, остготтармен шайқасып, оларды өздеріне бағындырды. Вестготтар бассауғалап, батыска қарай кашады. 380 жылдан кейін ғұндар Римнің провинциясы – Паннонияға коныстанып, тайпалық одак құрады, оған еріксіз түрде ант, бургунд, гепид, герул, остгот, рути, скир, тюринг секілді тайпаларды біріктіреді.

IV ғасырдың сонында ғұндар аландармен, готтармен және бағынышты басқа да тайпалармен бірігіп, Шығыс және Батыс Рим империясына қауіп төндіре бастайды. Ғұндар кесемі Ульдин вестгот Аларихтің одактасы болады, ал Мундзук пен Ругила кесемдер ғұндарды бастап римдіктерге бірнеше мәрте шабуыл жасайды.

Ғұн державасының дамуы ғұндар кесемі Ругиланың есімімен байланысты болды. Ол римдіктермен бейбіт карым-катаинаста болуды қалады. Алайда олардың арасында толық бейбіт келісім орнамады. Ругиланың ісін оның жиені Аттила жалғастырды. Гот тарихшысы Иордан: «Бұл адам әлемге халықтарды күйзелту мен барлық мемлекеттерге үрей тудыру үшін келген» деп жазды. Француз тарихшысы Амедей Тьери, Атиллаға өз заманының ең ұлы қайраткері деп баға берген. Ол: «Атилла есімі адамзат тарихында Александр және Цезарь секілді ұлы тұлғалармен катар аталады», – деп жазды.

Атилланы замандастары «құдайдың қамшысы» деп атады, ол шамамен 400 жылы дүниеге келеді. Ол ғұндардың кесемі Мундзуктің ұлы әрі Ругиланың жиені болды. 434 жылы мұрагерлікпен билікке келеді. Патшалық такқа отырған Аттила 60 мындық колымен Италияға басып кіріп, По өзенінің жағалауына дейін жетеді, император Плацидиң тізе



П.Гайгер. Ғұндардың аландармен шайқасы

бұктіріп, Шығыс Альпі мен Дунай және Савой өзендерінің аралығында орналасқан Паннонияны өзіне беруге мәжбүрледі. Ғұн тайпаларының одағын басқара отырып, 441 жылы Аттила Рим аумағының бірнеше қалаларын басып алады. 442 жылы римдіктермен келіссөз жүргізе отырып, бітімге келеді. 443 жылы Аттила Шығыс Рим империясына басып кіріп, оған күйрете соққы жасады. Византия императоры II Феодосий Аттиламен еріксіз бейбіт келісімге келеді және оларға алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болады.

Жұздеген мын ғұндарды соңына ерткен Аттила африкалық вандалдар королі Гейзерихпен одак күрып, Шығыс империяға карсы тағы да жорыққа аттанады. Ол кескілескен үш соғыста женіске жетіп, Фракия, Македония мен Грекияны басып алғып, Константинопольге дейін жетеді. II Феодосий екінші мәрте келісім сұрайды. Бейбіт келісімге келгенмен оның шарты 443 жылғы келісімнен де ауыр болды. Аттила ғұндарға Дунай орта ағысының онтүстігінен үлкен аумакты беруін талап етіп, тағы да алым-салық төлеуге мәжбүрледі.

Византияны басып алған Аттила, батыска ат басын бұрады. Гейзерихпен келісімге келген Аттила 451 жылы Испания мен онтүстік Галлигеп билік жүргізіп отырган вестготтарға және Шығыс Галлияны басқарып отырган Рим билеушісі Аэцийге карсы жорыкка шығады. Аттила *ғұндар, остготтар, гетидтерден және аландардан* құралған қалың қолын бастап Онтүстік Германияға басып кіреді. Лех өзенінде де ол Солтүстік герман халқымен, ал Неккарда шығыс франктармен бірігіп, бургунд королін женіп, Рейннен өтеді.

Осы хабарды естіген Аэций тездетіп盧ара жағалауына аттанып, ондағы Батыс франк пен бургун және сарматтардың жалдамалы әскерлерімен бірігеді. Ал римдіктердің одактасы **вестгот** королі Теодорих Аврелиан қаласында шеп құрады.

Аттила 700 мың жауынгерлерін өзі бастап вестготтарға карсы аттанып, калған күштерді Аврелианды басып алуға жібереді. Кескілескен канды шайқас орын алады, женіс Теодорихтің қаза табуымен айқындалады. Оның 100 мың жауынгері майдан даласында мерт болады. Теодорихтің үлкен ұлы Торисмунд бастаған вестгот әскерінің калған бөлігі Толозга (Тулуз) шегінеді. Аттила Орлеанға салтанатты түрде женімпаз есебінде кірді. Ғұндардың қаһарынан корыккан Испания мен Онтүстік Францияның тұрғындары Торисмундтың туының астына жинала бастайды, оларға Аэций да қосылады.



Аттила

451 жылы Галлиядағы Каталаун жазығында одактастардың кысымына ұшыраған Аттила жеңіліп, мұның соны оның көрі шегінуімен аяқталады. Сонынан франктардың әскери түсken Аттила Тюриңгия арқылы Паннонияга бет алады, ол Италияны басып алуды мақсат етеді. Ғұндардың бір бөлігі Ардарихтің жетекшілігімен Норик (Австрия және Тироль) арқылы жылжыды, ал қалған әскерді Аттила Иллирия арқылы алғып етеді. Арзий өзенінде жеңіліске ұшыраған римдіктер Аквилагашегінеді, оны ғұндар 452 жылы тез арада басып алғып, талқандап тастайды.

Ғұндар Солтүстік-Шығыс Италия мен Равеннаға дейінгі аралықты толығымен тізе бүктіреді. Еш қарсылықсыз берілген Милан мен Кремон калаларына ракымшылық жасайды. Ал Верона, Мантая және Бергамо калалары катты қарсылық көрсетіп, ұзак корғаныска көшеді, осыған ыздалған ғұндар оларды аяусыз торап, жермен-жексен етіп киаратып тастайды. Айналадағы елдердің тұрғындары аралың мүйісіне тығылып, сол жерде Венецияның негізін қалайды. Аттила Мантуйге жақын жерге өз косын тігіп, көктемде Римге жорық жасауға дайындалады, бірақ оған I Лев папаның бастаған елшілері келіп, оны жорық жасамауга көндіреді. Бұл уақытта Маркиан мен Батыс Еуропаның халқы ғұндарға қарсы көтеріліп, қарулана бастайды. Аттилаға үлкен категре ұшырау қаупі төнеді. Сондықтан ол Римге жыл сайын алым-салық төлетуді міндеттеп, Паннонияга қайта оралады, Шығыс Рим империясына жорық жасауға дайындалады. 453 жылы жорыктың алдында Аттила бургун королінің кызы – Ильдиқоға үйленіп, сол күні кайтыс болады. Кейбір дерек бойынша оны ұйықтаپ жатқанда Аэцийдің үйретуімен Ильдиқо өлтірген, тағы бір болжам бойынша өзінің кару тасушыларының қолынан каза тапкан.

Есте сақтаңдар

Аттиланың өлімінен кейін ғұн державасы ыдырап, бірнеше тайпалық белікке бөлініп кетті. Ғұндардың өздері жергілікті халықтың арасына сіңіп кетті.

Батыс Рим империясының орына пайда болған варварлық мемлекеттік құрылымдар өз беттерінше сыртқы саясат жүргізе бастады. Олардың бірқатары империяға карасты иеліктерді өздеріне косып алды. Батыс Рим империясының үкіметі Италия мен Испанияның шағын ғана бөлігіне ғана бақылау жүргізді. Біраз уақыт еткен соң бұл жерлердің өзі де герман тайпаларының иеліктеріне етті.

476 жылы римдік әскери колбасшы германдық шағын ғана скир тайпасының көсемі Одоакр римнің сонғы императоры 15 жасар Ромул Августулға бағынудан бас тартып, императордың қасиетті белгісін Константинопольге шығыс императорына жібереді. Одоакр

Рим императорының титулын қабылдаудан бас тартып, варварлық мемлекеттердегі секілді өзін конунг-король деп жариялады. Батыс Рим империясы өмір сүруін токтатады. Әлемдік тарихта жаңа даму кезең – ортағасырлар дәуірі басталады.

«Халықтардың Ұлы қоныс аударуының» корытындысы. Ғұндардың жаулаушы жорыктарының әсерінен этникалық варварлар тайпаларының аса аукымды қозғалысы басталып, б.з. V–VI ғасырлар кезеңінде Батыс Еуропа картасында үлкен бетбұрыс өзгерістер орын алды. Батыс Рим империясы құлады. Шығыс Рим империясы Византияға айналып, өзге бағытта жаңа байланыстармен басқаша дамып, славяндар мен шығыстық азиаттардың басын біріктірді. Еуропада ондаған ұсақ варварлық корольдіктар пайда болды. Мұндай өзгерістер тек саяси тұрғыдаған орын алған жок, барлық саланы камтыды.

Ғұндардың жаулаап алу жорығы себеп болған халықтардың Ұлы қоныс аударуының тарихи маңызы оның *әлеуметтік иәтижелерінен* көрініс береді. Варварлар Батыс Рим империясын жаулаап алу кезінде ірі жер нелену шаруашылықтарын кирратты: бұрынғы құнеленуші алпауыттардың жерлері, жаңадан пайда болған жер неленушілердің иелігіне етті. Сейтіп, ортағасырлық феодализмнің негізін салушы – жаңа варварлық аксүйектік топ үстемдік күрді. Жер біртіндеп әлі де жекебас еркіндігі сакталған варвар-шаруалардың иелігіне ете бастады, олар жаңа жерге өзінің қауымдық тәртібін әкеліп орнатты. Варвар аксүйектерінің арасынан шыққан жер неленушілер еді, олар жермен коса құлдарға да нелік етті. Осы сәтте олар жер неленуші – терімдерге, ал құлдар шаруаларға айналып, құлдық жойылды.

Білімдерінді тексеріндер

1. Ғұндардың батыска жасаған жорыктарының себебін атандар.
2. Ғұндардың жаулаап алу жорыктарының барысын сипаттандар.
3. «Халықтардың Ұлы қоныс аударуының» корытындысын айтындар.

Тапсырма

Косымша әдебиеттерді пайдалана отырып, ғұндардың тұрмыс-тіршілігі туралы эссе жазындар.

§ 45. АРАБ ЖАУЛАУШЫЛАРЫ. АРАБ ХАЛИФАТЫНЫҢ КҮРҮЛТУЫ МЕН ҮДЫРАУЫ

Араб мемлекетінің қалыптасуы. Арабтар ежелден Онтүстік-Батыс Азиядағы кең-байтақ Арабия тубегін мекен еткен. Олар жер өндеумен және көшпелі малшаруашылығымен айналысты. Тайпаны сайлау арқылы билікке келген – *шейх* басқарды. Оның билігі ру аксүйектерінің алдында шектеулі болды.

Бұғынгі сабакта:

- Араб мемлекетінің қалыптасуы. Арабтардың жауап алу жорықтары мен Араб халифатының құрылуы. Араб халифатының ыдырауы туралы білеміз.

**Кітп
Сөздер:**

пайғамбар, ислам, монотеизм, мұсылмандар, теократиялық мемлекет, халифат, сұнниттер, шейіттер, әмір, түрік-сельжүктер

VI ғасырдың сонында Иран Арабияның онгустік бөлігін жауап, кейіннен Византия Арабия түбегінің солтустігін өз иелігіне алды. Арабтардың сауда-саттық жүйесі бұзылып, осының салдарынан тубектін халқы зиян шекті.


Назар аударындар!

Барша араб халқының басын қосатын ортақ идея қажет болды. Бұл исламнан табылды, оның негізін салушы Меккениң тұрғыны Мұхаммед болды. Бірігүе ұмтылудың идеологиялық сипаты бір құдайға – Аллаға сиыну құлшылығынан көрініс тапты.

Алғашқы кауымдық құрылым катынастарының ыдырауы мен көшпелі арабтар тайпаларының арасындағы таптық таластың пайда болуы, сондай-ақ сыртқы шабуылдарға карсы түрү қажеттілігі біргүлас Араб мемлекетінің қалыптасуына алғышарттар тудырды.

Арабтардың билеуші аксүйектері – алыстағы Сирія, Египет және Иран секілді елдерге жорық жасау арқылы тубектегі халықты қызықтыруға тырысты. Алайда бұл көпшілік арасынан колдау таба алған жок.

Исламның катаң монотеизміне және тайпалық жіктелуге қарамастан барлық мұсылмандардың бауырлас саналуы Араб елдерінің бірігуіне он әсер еткен идеологиялық күш болды. Араб тайпалары жана дінді



Ежелгі Мекке және Қағба

қабылдай бастады. Мұсылмандық тез арада үлкен саяси күшке айналды: мұсылман қауымы Арабияның саяси бірігуінің негізін құрады.

Есте сақтаңдар

«Алланың елшісі» – Мұхаммед барша мұсылман қауымының басшысы болып қана қойған жок, сонымен қатар Араб мемлекетінің негізін қалаушы да болды.

Мұхаммед барлық манызды мәселелерді шешіп отырды. Сол уақытта оның жақын серіктерінен құралған кеңес болды, олар дауыс беру арқылы мәселені шешті. Мемлекет басшысының карамағында әскер болды, оның негізін Мұхаммедтің айналасындағылар және оның алғашкы ізбасарлары құрады.

Әскер тайпалардан жасакталды және тайпалық жүйелер негізінде құрылды.

Есте сақтаңдар

Біртұтас алғашқы Араб мемлекетінің басшысы Мұхаммед пайғамбар атауын иеленді және зайырлы әрі рухани (діни) билік жүргізді. Арабияда теократиялық мемлекет пайда болды.

Жаңа қоғамдық катынастар діни қағидалар негізінде калыптасты, мұны Мұхаммед Алланың қалауы деп жеткізді. Жекеменшік қасиетті саналды, мемлекет пен дін оны тонаушылықтан сактады.

Назар аударындар!

Мемлекет барлық жерде жоғары билігін жүргізді және жекелеген тұлғаларға жер телімдерін беру құқығына ие болды.

Құрылыс жүргізілмеген, егін салынбаған және жайылым, өріс ретінде пайдаланылмаған жерлер казыналық жер корына алынды. Мемлекеттің рұқсатынсыз ешкім де ол жерді пайдалана алмады. Мұхаммед айналасындағылармен жерді мұқтаждарға таратып берді. Берілген жер мұрагерлікке калып отырды. Қауым мен тайпа аксүйектерінің жерінде бай жер неленушілерге кіріптар болған, кедейленген жер неленушілер және дүниесі мен еркі жок құлдар жұмыс істеді. Жер неленушілер қауымының мүшелері ауыр жұмыстар іstemеді.

Мұхамедтің кезінде дін тарату үшін араб жорықтары басталды.

Арабтардың жауап алу жорықтары мен Араб халифатының құрылуы. 632 жылы Мұхаммед пайғамбар дүниеден өтеді. Пайғамбар қазасынан соң мұсылмандар оның «ізбасары» – халифті (арабша) тагайындаиды, ол да зайырлы және рухани билікке ие болды. Мұхамедтің ізбасарлары дінді кең таратып, Араб елі түтелдей мұсылман дінін қабылдайды.

Араб тайпаларының басын біріктіріп, бір діннің астына жинаған Мұхаммед пайғамбар Сирияга жорық жасауга ишет етеді. Пайғамбардың бұл ізгі ишетін орындауға алғашқы халиф Әбу Бәкір кіріседі. Бұл жоспарға сол кездегі жағдайлар да он әсерін тигізді. Өйткені Византия мен парсылар арасындағы ежелден жалғасып келе жаткан соғыстар бұл мемлекеттерді әлсіреткен еді әрі арабтардың тез женіске жетуіне он ықпал етті. Арабтар алғашқы екі халифтің қолбасшылығымен (екіншісі Омар болды) парсылар мен гректер билік жүргізіп отырған Сирия, Месопотамия, Парсы және Египетті жаулап алып, өздеріне қаратады. Арабтар үшін исламды тарату мақсатындағы жорыктар қасиетті сөзис санауды.

Бұл соғыстарда арабтар көптеген артыкшылытаңтарға не болды. Тұтастай алғанда, олар белгілі бір дәрежеде өздерінің туыстық байланысы бар еркін адамдардан тұрды, сонымен катар олар бүкіларабтық саяси үйімға біріктірілді. Арабтардың кешпелі тайпалары асылтұқымды жүйрік жылқыларды өсіріп шыгарды. Жүйрік аттарға мінген арабтар жауларына үрей туғызып, олардың баяу қимылдайтын атты әскерлеріне күйрете соккы берді. Үздіксіз женіске жету арабтарды канаттандырып, олардың женіске деген жігерін бекітті. Сирия мен Египеттің және өзге де елдердің езіліп, каналған халқы арабтарды өздерінін құткаруышылары, құлдықтан, азаптан арашалаушылары ретінде кабылдады. Жаулап алған жерлерінде олар халықты қырғынға ұшыратқан жок, дінді де күшпен таңған жок, таңдауды өз еріктеріне калдырыды. Арабтар өздері жаулап алған жердің халқына діни еркіндік берді және аймақтардың түрлі саяси бостандықтарын да сактады, басқаруды жергілікті діни бірлестіктің басшыларына тапсырды. Ал өз еркімен мұсылмандықты қабылдаған тұрғындарға ерекше женілдіктер мен мол сый-сияпат жасап отырды. Исламды қабылдағандар арабтар секілді салықтан босатылды. Негізінен, арабтар өздері жаулап алған жерлерде тек жергілікті аукаттылардың ғана мүлкін иеленіп отырды. Олар билік құрган алғашқы кезеңде барлығына салықтық женілдіктер жасап отырды.

Есте сақтаңдар

Әбу Бәкір мен Омардың жорықтары нәтижесінде бағынышты болған елдердің барлығы аса қуатты теократиялық мемлекетке айналды, ол Араб халифаты деп аталды.

Үшінші халиф – Осман қайтыс болғаннан кейін *Араб мемлекеті ішінде ендігі халиф* кім болу керек деген мәселе бойынша түрлі буліктер мен толқулар орын алады. Мұсылмандар екі топқа бөлініп, өз үміткерлерін ұсынды. Оның бірі пайғамбардың туысы Әли болса, екіншісі Сириядагы әскердің қолбасшысы Муавия болды. Екі топтың

арасындағы қанды тартыс 660 жылы Муавияның женісімен аяқталды. 661 жылы Әли қаза тапты.

Назар аударындар!

Бұл қақтығыстар мұсылман әлемін суннит және шейіт деп екіге бөлінуіне әкелді.

Сунниттер (Муавияның жактастары) – қасиетті кітап Құран мен коса оны талдаң түсіндіретін суннетті де мойындалды, ал шейіттер (Әлидің жактастары) – суннетті мойындалмады.

Муавия Омейядтар династиясының (661–750) рубасы болды, ол халифат астанасын Меккеден Сириядағы Дамаск қаласына көшірді.

Назар аударындар!

Бұл жерде халифат кеңе мәдениеттің ықпалына түсіп, өз құрылымы мен ерекшелігі бар Шығыс империясына айналды.

Омейядтықтар халифат шегарасын тұракты түрде ұлғайтып отырды. Олар өз құрамына Азиядағы Армения мен Түркістанды қости, ал Африкада – бұрынғы Вандал корольдігінән қарасты Бизаң провинциясы мен Мавританияны қаратты. 711 жылы арабтар бұғаз арқылы Африканан Испанияға етті. Бұл бұғаз олардың кесемдері Тариканың құрметіне Гибралтар аталды (Тарика өткелі). Олар Вестгот корольдігін жаулап алды. Бұдан бірнеше жыл еткен соң арабтар Галлияға шабуыл жасайды, арабтардың жаулап алу жорыктарын тек 732 жылы ғана франктер королі – Карл Мартелл тоқтатады.

Арабтар Кіші Азияның бірқатар қалалары мен Архипелаг аралдарын жаулап алды, тіпті Константинопольдің іргесіне жақын келеді. VIII ғасырдың басында арабтар Византия империясының астанасын құрлықтан да, тенізден де коршауға алып, қалаға қатер төндірді. Бұл кезенде империяны III Лев Исавр билеп тұрған болатын, ол арабтардың шабуылын тойтарып, олардың коршауын бұзып шығады. Алайда тұтас VIII ғасыр бойы Византия мен Халифат арасында Кіші Азия мен Архипелаг үшін кескілескен соғыстар жүріп отырды, ең сонында гректер женіске жетіп, осы аймактарды өз бакылауына алды.

Арабтар өздері жаулап алған жерлерінде жеке коныстарда немесе әскери бекеттерде өмір сүрді. Олардың өмірлерінде біраз уақытқа дейін әскери-патриархалды жағдай сақталды. Алғашқы халифтер мұсылмандар арасындағы тендікті сактап, жаулап алынған елдерден колға түсken олжаларды тендей бөліп отырды. Арабтар иран патшасының қазынасын колға түсіргендеге, олардың қолына алтын жіппен зерленіп, асыл тастармен безендірілген ерекше құнды, кымбат

кілем түседі. Қымбат олжасын жауынгерлерге жету үшін Омар халифтің бұйрығымен тендей етіп белініп, таратылады.

Алайда жаулап алу жорықтары арабтардың тұрмысы мен өміріне өзгерістер енгізді. Жорыктарға қатысқан көшпелілер бұрынғы тұрмыстарынан бас тартып, жаулап алынған қалалар мен құнарлы жерлерге қоныстانا бастады. Аксүйек арабтар колбасшыларға және аймактардағы жаулап алынған елдердің билеушілеріне еліктеп, тамаша жағдайда өмір сүре бастады. Олар өздеріне салтанатты сарайлар тұрғызып, үлкен байлық жинадды, құнарлы жерлерді иеленді. Халифтер Шығыстың өзге де билеушілері секілді байлық пен сән-салтанаттың ортасында ғұмыр кешуді қалады. VIII ғасырдың ортасында халифтер Тигр өзенінің жағасында Ежелгі Вавилонның маңында жаңа астана – Бағдатты тұрғызады, бұл шаһар кейіннен Шығыстың інжу-маржанына айналды.

VIII ғасырда халифат өзінің дамуының шынына жетті. Халифат құрамына Таяу және Орта Шығыс елдері мен Солтүстік Африка және Онтүстік-Батыс Еуропа мемлекеттері кірді. Халифат жеріндегі халықтың саны 80 млн адамға жетті.

Халифаттың ыдырауы. 750 жылы омейядтықтарға қарсы парсы провинцияларының бірінін билеушісі Абул Аббас қарсы шығады. Ол Мекке мен Мединені өзіне қаратып, жаңа Аббасидтер династиясының негізін қалайды. Ол астананы Бағдат қаласына көшпреді. Аббастың бүйірінше омейядтардың барлық ханзадалары жазаға тартылады. Олардың ішінде тек Әбдірахман ғана Испанияға қашып, құтылып кетеді, 756 жылы ол өзін дербес әмір ретінде жариялады.

Араб халифаты берік мемлекеттік құрылым болған жок. Оnda арабтар аз болды. Жаулап алынған елдер үшін болған құрес олардың күшін әлсіретіп, құдіретін кемітті. Бұл алып мемлекет бірлігін қарудың күшімен ғана сақтап тұрды.

Өздеріне бағынышты аймактарды билеуді женилдету үшін халифтер ол жерлерге өз екілдері – әмірлерді тағайындалап отырды, оларға билік мұрагерлікпен берілді. Шексіз билік пен мол байлықтың ортасында журген әмірлер біртіндеп күшейіп, керісінше халифат әлсірей берді. Жергілікті басқарушылар халифаттың әскерін асырау мен сарайларға салық төлеуден, бағынудан бас тарта бастады. Халифтерге үлкен мемлекеттің әр жеріндегі жиі бас көтере бастаған осындағы бұлікшілерді жазалау кындық тудырды.

Халифтің негізгі қорғаны сарайда тәрбиленіп, әскери өнерге жаттыққандар болды. Олар қолға түскен түріктер мен жас құлдардан жасакталды. Мұндай әскер араб қалқы үшін бөтен болды әрі тұрғындар оларды жау секілді қабылдады.

IX ғасырда Араб халифатынан Египет, сонымен қоса Солтүстік Африка дағы, Орталық Азия дағы, Иран, Ауғанстандағы кейбір аймактар белініп кетті.

Х ғасырдың басында Араб халифаты тұтастай бірнеше ұсақ мұсылман мемлекеттеріне белінді. XI ғасырдың ортасында Таяу Шығыстағы арабтар иелігіндегі кеп жерлерді Орталық Азиядан келген түрк-селяндар жауап алды. 1055 жылдары олар Багдатты да басып алды. Түрк-селяндардің билеушісін халифтер таққа отырғызып, оларға сұлтан мәртебесін берді.

Білімдерінді тексеріндер

1. Араб тайпаларының құрылудың алғышарттарын атандар.
2. Халифтер қандай билікке не болды?
3. Арабтардың өзге мемлекеттердің тез жауап алудың себептерін атандар.
4. Жауап алу жорықтарынан кейін арабтардың өмірлері мен қоғамдық құрылымдары қандай өзгерістерге ұшырағы.
5. Арабтар жауап алған аймақтардағы жергілікті халықтың жағдайы қалай болды?
6. Араб халифатының құлаудың себептері қандай?

Тапсырма. Төменде берілген мәтіндермен танысып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Құжатта баяндалған көріністер қай ғасырларға жатады?
2. Арабтар жауап алған жерлердегі халықтың жағдайы мен мұсылмандардың жағдайының айырмашылығы қандай болды?
3. Мұсылмандардың жауап алған елдердегі халықтың дініне деген бейбіт көзкарасын қандай фактілерден білуге болады?

Мұсылмандардың Дамаскіні алуды туралы араб тарихшысы баяндайды

«Дамаск қаласын алғанда Арабтың бас қолбасшысы ондағы тұргындарға мынаңай мүмкіншіктер берді. Ол тұргындардың өмірін сактауга, дүниен-мұліктіктеріне тиіспеуге, олардың шіркеулері мен калаларының кабырғаларын қиратпаута бўйрық берді. Ол бірде-бір үйдін қиратылмайтынына және тартып алынбаітынына уаде берді. Ал Дамаскінің барлық тұргындары адам басына салық төлеуі тиіс екені ескертілді.

Бұдан соң Дамаск тұргындары мен барлық мемлекет халифке бишайтын, артшыны немесе құрма өнімінін, болмаса дәнді дәкүлділардың үштен бір белігін бере бастады.

Саудагерлерден – әрбір 200 дирхамнан 20 дирхам (дирхам – арабтардың алтын акшасы) салық ала бастады.

Өз дінінде калған байлардан, кедейлерге караганда, екі есе артық салық алынды».

§ 46–48. ЕУРАЗИЯ КАРТАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ШЫҢҒЫС ХАН ЖОРЫҚТАРЫНЫҢ ҮКПАЛЫ

А. Монгол империясы. Алтын Орда

Монгол мемлекетінің құрылуды. XII ғасырдың соны мен XIII ғасырдың басында монголдар Байкал мен Амурдан басталып, шығысқанда – Ертістің басы мен батысында – Енисейге дейінгі, онтүстігі – Ұлы Қытай қорғанынан, солтүстік Онтүстік Сібір шегарасына дейін созылған ұлан-байтак жерді иеленді. Одактас ірі тайпалары татарлар, тайжүттар, керейіттер, наймандар мен меркіттер болды.

Назар аударыңдар!

Бұғынгі сабакта:

- Шыңғыс ханның басшылығымен Монғол мемлекетінің құрылуы;
- Шыңғыс ханның жаулаушылық жорықтарының басталуы;
- Алтын Орда;
- Монғол империясының тарихи мұрасы туралы білеміз.

Кіттің сөздер:

монғолдар, ондық, жүйе, ұлыс, империя, басқақтар, жасақ, құрылтай, түмендер, Ұлы Жасақ, ұлыс, дүрбелең

XIII ғасырдың басында Орталық Азия даласында күшті Монғол мемлекеті пайда болды. Оның құрылуымен қоса, монғолдардың жаулау жорықтары басталды. Бұл өзгерістер үлкен әлемдік-тарихи маңызға ие болды. Азияның барлық елдері мен Еуропаның көптеген мемлекеттерін жауап алған монғол жауап алушылары олардың бұдан кейінгі тарихына үлкен бетбұрыстар әкеліп, монғол халқының тарихын да түбекейлі езгерту.

XIII ғасырдың басында монғолдар белсенді жорыктар жасап, көршілес көшпелі тайпалардың басын біріктіріп, оларды өздеріне бағындырыды. 1206 жылы шакырылған құрылтайда монғолдар талантты қолбасшы Темучинді бірауыздан ұлы хан сайладап, оған *Шыңғыс хан* (Кек тәнірі) деген атақ берді. Бұл біртұтас Монғол империясының алғашкы іргетасының қалануы болды. «Монғол» атауымен біртіндеп Монғол державасын құрған барлық тайпалар атала бастады.

Басқару, негізінен, ондық жүйе арқылы жүрді. Халқы он мындық түменге бөлінді, олардың әрқайсысы мындықтан, жұздіктен, ондықтан құралып, әрқайсының арнайы тағайындалған жетекшілер басқарды. Өз ортасын тастап, өзге мындық, жұздік немесе ондықка ауысуға тыйым салынды, тәртіп бұзғандарды өлім жазасына кесті. Эскер де дәл осылай жасақталды. Ұлан-ғайыр далалық аймақ тайпалардан арнайы тағайындалған өкілдері бар басқарушылар арқылы басқарылды, ал барлық шексіз билік тек Ұлы ханга тиесілі болды.

Шыңғыс хан тұрмыс-салт ережелері мен монғолдар өмірін қамтыған «Ұлы Жасақ» арнайы зандар жинағын шыгарды. 1220 жылы Орхон езенінің жоғарғы ағысында жаңа мемлекеттің астанасы – *Қарақорымның* іргесі қаланды.

Монғол мемлекеті құрылғаннан бастап әскери сипатта болды. Хандар монғолдардың жауынгерлік шеберліктерін жетілдіріп, олардың ат үстінде ұзақ жол жүруі мен жорыққа шыдамдылығы қатаң бақыланып отырды.

Шыңғыс ханының жаулау жорықтарының басталуы. Шыңғыс хан бүкіл әлемді жауап алуды мақсат етті. Оның жаулаушылық жорығының максаты дүниені жеке-дара билеу мен жана жайылымдар мен байлықты иелену болды. Алғашында Шыңғыс хан әскерінің

саны 95000 мың адамды құрады. Ал өзінің жеке күзеті 10000 адам болды. Біртіндеп жаулап алған тайпалардан адам алып, жауынгерлер катарын үздіксіз толықтырып отырды.

1211 жылы Шынғыс хан әскері Қытайдың солтүстігіндегі Цзинь империясына басып кіреді. Ат үстіндегі ұрыс тәсілдерін жетік менгерген монголдар қытайларды

тас-талқанын шығарып женеді. Олардың негізгі қарулары сынақтан еткен садак болатын. Жасынан анға шығып, ұрыска қатысқан монголдар садак атудың нағыз шеберлері еді. Ат үстінде садак нағыз тиімді кару болды. Атты әскердің соғыс әдістерін орындау қолбасшының колындағы байракка байланысты жүргізілді. Қолбасшы байрак арқылы жауынгерлерге қажетті белгі беріп отырды. Күн еткен сайын қатарлары көбейіп, қаһарлы күшке айналған монгол әскерлеріне тен келер ешкім болмады.

1215 жылы Цзинь империясы толық тізе бүкті, алайда карсылық бірнеше жылға жалғасты. Монголдар қытайлардың жаңа әскери қарулары – тас атқыш және от атқыш жарактарын, жылжымалы мұнаралар мен козғалтқыш арбаларын пайдалануды тез менгеріп алды. Қолбасшы өзінің жауынгерлерінің катарына қытайдың әскери мамандарын да көптең косты.

Әскері қуаты артқан Шынғыс хан батыста тіршілік кешіп жатқан көшпелі халықтарды да бағындырды. Бұдан кейін Хорезмшахты жаулап алып, өзінің құдіретті билігін Орталық Азия мен Парсыға дейін таратты. Басып алушылар тарапынан қаракшылық ұлғайып, аман



Шынғыс хан



А.Дүзекханов . Монголдар

калған халықтарға ауыр салықтар салды. Сонымен қоса женілген халықтар арасынан монголдардың жаңа жорыктары үшін жауынгерлер көптеп алғанды.

Монголдар (1219–1221) үш жылдың ішінде Орталық Азияны басып алды. 1221–1222 жылдары монголдар Солтүстік Иран арқылы Әзіrbайжанды, одан Солтүстік Кавказды жаулап алды. Олардың алдында дала кешпелілері мен Онтүстік Русь даласының тұргындары да тізе бұкті.

1223 жылы монгол әскерлерінің үлкен бір бөлігі Кавказ арқылы өтіп, қыпшак даласынан келіп шығады. Қыпшак ханы орыс князінен кемек сұрайды. Князьдер Киевке кенеске жиналады. Кенеске жиналған орыс князьдері мен бірқатар билеушілері кемек беруді қолдайды.

1223 жылдың мамыр айының сонында Жайықтың сағасында, Азов теңізіне құятын шағын ғана Қалқа езенінің жағасында қанды шайқас басталып, монголдар карсыластарын қырып салады.

Қалқада женіске жеткен монголдар будан кейін Қырымға бет алады, ондағы Чернигов княздігін басып алып, бірнеше қалалары мен елді мекендерін талқандайды. Алайда олар орыс жеріне терендеп енбей, Монголияға кайта оралады.

Монгол империясы. Монгол империясы аса аукымды, кең-байтақ жерді алып жатқан ғаламат үлкен мемлекет болды. Империяның дәуірлеп тұрған құдіретті кезінде халқының саны 110 млн адамға дейін жетті.

Империя *төрт бөліктен* (ұлыстан) құралды. 1227 жылы Шыңғыс хан дүниеден өтер алдында өз нелігін өзінің төрт ұлына бөліп беріп кетті. Монгол мен Қытайды билейтін Ұлы хан мэртебесін (Монгол империясының жоғарғы билеушісі) Үгедей неленді. Шагатайдың басқаруына Әмударияның шығысындағы ортаазиялық өлкелер берілді. Ал Орталық Азияның батыс бөлігі, Парсы мен Солтүстік Үндістан Төлеңің билігіне өтті. Бұл бөлініске дейін үлкен ұлы Жошы кайтыс болғандықтан, оның ұлы Батуға (Батый) Ертістен Орал тауларына дейінгі аралықты қамтыған Батыс Сібір, солтүстіктен Каспий мен Арап теңізіне дейінгі, онтүстік Орал таулары аумақтары берілді.

Монголдар қытай мен парсылардың тәжірибелерін пайдаланды. Ұлы хан Мөнкенің бүйрігі бойынша жаулап алған барлық елдерде халық санағы жүргізілді. Арнайы шенеуніктік лауазымды қызметі енгізілді. Олар жиналатын салықка жауапты болып, сот ісін жүргізіп, өздеріне тиісті аймақтардың тәртібіне жауап берді. Русьте оларды *басқақтар* деп атады.

Монгол империясының халқы түрлі дінді ұстанды, ондаган тілде сейледі және олар түрлі мәдениет нелері еді. Осындаи алуан түрлі халықтың басын қосып, оларды бір мемлекетте ұстап тұру ете күрделі болды. Бұл үшін басқарудың жетілген жүйесін енгізу кажет еді.

Көпүлтты империяның пайда болуы түрлі тілдерді менгеруді, аудармашылар даярлауды, сөздіктер мен анықтамалыктар шығаруды талап етті. Тұракты турдегі пошта кызметін жүргізуге үлкен маңыз берілді. Оған аттар пайдаланылды. Пошта бекетінің кызметін билеушілердің шабармандарымен қоса, көпестер де пайдаланды.

Монгол империясы өмір сүрген кезенде осындай жолдармен түрлі халықтар арасындағы байланыс артты. Еуропалықтардың күнделікті өмірінде монгол мемлекеті мен олардың халықтарының ыкпалы болды. Керісінше европалықтардың тұрмыстарының кейбір тұстары монгол аксүйектерінің өміріне енді. Монголдардың арқасында Еуропа тұрғындары қытайлықтар ашқан жаңалықтар мен олардың жетістіктерін білді. Жібектің әкелінуі, оның Италияда жасалуына ыкпал етті. Қытайлықтар ойлаап тапкан тұсбағар пен ок-дәрінің маңызы

ШЫҢҒЫС ХАН ЖАУЛАП АЛҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АУМАҚТАРЫ



аса зор болды. Ал кітапты түптеу идеясы, кейіннен оны еуропалыктардың жүзеге асыруына алыш келді.

Түрлі дін ұстанушыларға монголдар төзіммен карады. Олар империяның әр қырындағы бағыныштыларына өз құдайларына сенуге және өз діндерін ұстануға еркіндік берді, діни орындарды салықтан босатты. Біргіндеп монгол билеушілерінің кейбірі ислам дінін қабылдады, бұл мұсылмандықтың кен-байтақ империяға тарапалуына әсер етті.

Монголдардың үстемдігінің осындаи он жетістіктерімен коса, ауыр зарданштары да болды. Жаулап алу адам айткысыз ауыр шығындар әкелді. Көп адам қырылып, шаруашылықтар қирады. Мындаған адам құлдыққа түсті. Көптеген аймактар иесіз қалып, қалалар жер бетінен жоғалды. Ресейдің кейбір аймактарындағы халық саны тек XVIII ғасырда гана монгол шапқыншылығына дейінгі деңгейге зорға жетті. Халықка салынған ауыр алым-салық, адамдарды, оның ішінде шеберлерді, құлдыққа тұрақты түрде әкету жаулап алынған жерлердің экономикасын әлсіретіп, халықтың дамуын тежеді. Монгол империясы әлемдік тарихта түрлі саяси және экономикалық жүйедегі, алуан мәдениеттегі мемлекеттер мен елдерді біріктірген ең үлкен держава болды.

Алтын Орда. 1227 жылы Шыңғыс хан каза болғаннан кейін де, оның ұлдары мен немерелері жаулаушылық жорықтарын жалғастыра берді. Жошы ұлысының билеушісі, Шыңғыс ханның немересі Батудың басқаруымен монголдар 1236–1240 жылдары Еділ бұлғарлары мен орыс жерінің көп белігін жаулап алады. Бұдан соң олар Орталық Еуропа мемлекеттеріне жорық жасап, 1241 жылы Адриаттенің жағасына дейін жетіп, 1242 жылы ат басын кері бұрады. Еділдің сағасымен кейін



С.Иванов. Басқактар

қайткан Бату, жаңа монгол мемлекетінің негізін калайды, кейіннен ол Алтын Орда атауын иеленеді. Оның иелігіне Дунай мен Ертіске дейінгі аймак енді. Алтын Ордаға орыс князьдері де тәуелді болды. Орыс князьдері Алтын Ордаға тәуелді екендіктерін мойындал, оның хандарының қолынан «князьдік жарлыкты» алды, алым-салық төледі, сонымен коса олар өз дербестігін де сактады.

Өзбек ханының (1312–1342) және оның ұлы Жәнібектің (1342–1357) билігі түсында Алтын Орда гүлденіп, шарықтау шегіне жетті. 1320 жылдардың басында Өзбек хан ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады.

Өзбек хан мен Жәнібектің билігі кезінде Батыс Еуропа, Кіші Азия, Египет, Үндістан, Қытай елдерімен керуен саудасы жүріп тұрды. Керуен жолдары әрі кауіпсіз, әрі жаксы жабдықталған болды.

1359–1379 жылдар аралығында Алтын Ордада өзара такка талас нәтижесінде 25 хан ауысты, көптеген ұлыстар жеке дербестікке ұмтылды. Бұл орыс деректерінде «Ұлы дағдарыс» кезеңі деп аталды. Алтын Ордағы бұл дағдарыс Мәуереннахр әмірі Әмір Темірдің колдауымен билікке 1380 жылы Токтамыс ханың келуімен аяқталды, орталық билік бүкіл Алтын Ордаға қайтадан өз билігін жүргізе бастаиды.

1382 жылы Токтамыс хан Мәскеуте шабуыл жасап, орыс князьдеріне қайтадан салық төлетеді. Билігін күшетіп алған Токтамыс хан бұған дейін өзімен одактас болған Ортаазиялық билеуші Әмір Темірге карсы шығады. 1391 мен 1395 жылдар аралығында болған қанды жорыктар нәтижесінде Әмір Темір Токтамыстың әскерін талқандап, Еділ бойындағы қалаларды жаулап алады. Алтын Орда бұл куатты соккыдан соң бұрынғы қалпына келе алмайды, сейтіп, біргұтас Алтын Орда мемлекеті өмір сүруін токтатады. Алтын Орданың ыдырауынан 1420 жылдары Сібір хандығы мен Өзбек хандығы, кейін 1438 жылы Қазан, 1441 жылы Қырым хандығы, 1440 жылы Ногай ордасы және 1465 жылы Қазақ хандығы белініп шығады.

Білімдерінді тексеріндер

- Монголдар кандай аумакта өмір сүрді?
- Монгол тайпаларының тұрмысын сипаттандар.
- Монголдардың мемлекеті кандай әскери принциптер негізінде құрылды?
- Монголдардың жеңіске жету себептерін атандар.
- Монгол жорыктарының қорытындыларын айтындар.

Тапсырма

- Картадан монгол тайпаларының алғаш коныстанған аймагын табындар.
- Шыңғыс хан мен оның әскерін қолбасшыларының жаулау жорыктарының бағытын көрсетіндер.
- Шыңғыс хан кезіндегі Монгол империясының аумагын көрсетіндер.
- Картадан Қалқадағы шайқастың орнын табындар.

Ә. Әмір Темір империясы

Бүгінгі сабакта:

- Әмір Темірдің мемлекет құруы;
- Әмір Темірдің әскери жорықтары мен мәдени саясаты туралы білеміз.

Кітп Сөздер:

құрылтай, әмір, түмен, диван, уәзір, жаулаушылық жорықтар, империя

Әмір Темірдің мемлекет құруы. Әмір Темір 1336 жылы 8 (9) сәуірде Орталық Азиядағы Кеш каласы манында (казіргі Шахрисабз, Өзбекстан) Қожа-Илгар ауылында дүниеге келеді. Оның әкесі Шагатай ұлысына кіретін Тарагай Барлас Кеш алқабының билеушісі еді. Темір туралы алғашқы деректер саяси қайраткерлігін бастаған 1361 жылдан бастап кездеседі. Өз руы мен өзге де рулардан жиналған ержүрек жігіттерді жаңына жинап, үлкен әскери жасақ құрган Темір сол жылы Самарқандты басып алған Моголстан ханы Тұғылыққа қызмет етеді. Тұғылықтың колдауымен Темір Кештің билеушісі болады. Тұғылық Темірдің жас болса да жоғары акыл песі екенін бағалап, оны өзінің ұлы Илияс Қожаның кенесшісі етеді.

Алайда Темір өз көжайынынан бас тартып, Тұғылықтың жауы Балхтың әмірі Құсайының қарамағына барады. Бұдан кейінгі саяси жолында Темір көптеген шайқастарға қатысып, талай әмірлер мен хандардың қызметінде болады. Бір шайқас барысында Темір он аяғынан ауыр жараланып, аксақ болып қалады. Осы себепті ол «Тимурленг» яғни «Аксак Темір» деп аталып кетеді. Еуропалыктар оны «Тамерлан» деп атады. Темір феодалдық өзара қақтығыстан женіп шығып, 1370 жылы Шагатай ұлысының батыс бөлігіндегі Мәуереннахрга (Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығындағы) өз билігін орнатады.

1370 жылы 10 сәуірде шағатай бектері мен әмірлері, аймақтар мен түмендерден жоғарғы мәртебелі төрелер катысан құрылтай өтеді.

Құрылтайда Темірге Мауереннахдағы барлық әскербасылар ант берді. Ол хандық мәртебе иеленбей, «Ұлы әмір» атағын алды. Темір барлық билігі бір орталықта шоғырланған мемлекет құру жолында күрес жүргізді және өз мемлекетінің астанасы етіп Самарқандты таңдады. Темір мемлекет құрылымын Шынғыс хан кезіндегідей етіп құрды. Яғни, әскерді түменге бөлді, өйткені бұл басқарудың жетілген әрі катан жүйесі деп санады.

Мемлекет 7 уәзірден тұратын орталықтағы диван (кенес немесе кенсе) арқылы басқарылып отырды, ал аймақтар жергілікті дивандар арқылы басқарылды. Оларға алым-салықтар жинау, тәртіпті сактау, қажетті жағдайда халықты жұмылдыру, жол құрылыштарын, керуен-сарайларды салу, моншалар мен өзге де қоғамдық құрылыштарды жүргізу міндеті жүктелді. Олар осы кірістер мен шығыстарды есептеп,

арнайы есеп жүргізіп отырды. Бұл есеп кітабы өзбек-түрік немесе парсы-тәжік тілдерінде жазылды. Орталықтағы шенеуніктер аймактарды тексеріп, бакылау жүргізді.

Коғам он екі тапқа белінді. Бұл белініс кезінде халықтың алеуметтік, өндірістік және діни мәртебесі ескерілді. Темір негізгі қылмыстық және азаматтық сот істері жинақталған, қылмыстардың сипаты мен оларға берілетін жазаларды құрастырған зандар жинағын енгізді.

Әмір Темір өз империясын нығайту мен кенейту үшін қуатты әрі мықты әскер құрды. Оның негізгі құрамын Орталық Азиядағы ең мықты жауынгер саналатын Барлас тайпаларының жігіттері құрады. Темірдің өзі аса дарынды, ержүрек колбасшы болды.

Әмір Темірдің жаулаушылық жорықтары. Әмір Темір өмірінің басым белігін әскери жорықтармен өткізді. 1372 жылы Әмір Хорезмге жорыкка аттанады, бұл кезеңде Хорезм өз алдына жеке мемлекет болатын. Ол 1359 жылы Алтын Ордан белініп шыккан еді. Хорезмдіктер Темір әскерлеріне берілмей, қатты карсылық көрсетеді. Он бес жыл ішінде Әмір Темір өзіне бағынбаған хорезмдіктерге бес мәрте жорық жасайды. Тек 1388 жылы ғана Хорезмді толық бағындырады. 1388, 1391, 1394–1395 жылдар аралығында Әмір Темір Алтын Орда ханы Токтамыска қарсы жорықка шығады. Осы жорықтар барысында Темір Токтамыстың әскерін талқандап, Алтын Орданың әскери және экономикалық қуатын әлсіретеді. Ол 1392 жылы Кавказға шабуыл жасап, Армения мен Грузияны өзіне бағындырады, ал 1397 жылы Әзіrbайжанды басып алады. Әмір Темір 1398–1399 жылдары Үндістанга үлкен жорық жасайды. Дели қаласын басып алған қолбасшы кисапсыз мол олжага кенеледі.

XV ғасырдың басында Иран мен Иракты толық тізе бүктірген ұлы қолбасшы Египет мәмлүктегі мен Османдық Түркиямен қактығысады. Оларға қарсы жорықка шыккан Әмір, алдымен Египет сұлтаны Фараджаны бағындырады. Бұдан кейін 1402 жылы Анкара тубінде Түріктің ұлы қолбасшысы Баязидті тас-талқан етіп женеді. Осылай өзінің империясына бүкіл Кіші Азияны косып алады.

1404 жылдың сонында Қытайға жорықка шығуға дайындалады. Бұл жорықтың мақсаты Жібек жолының сондағы белігін толық өз бакылауына альш, мол пайда түсіру болды. Қытайға жасалатын жорық сүйк қыстың түсүіне орай тоқтатылады, ал 1405 жылғы акпан айында Әмір Темірге сүйк тиіп, өкпе ауруынан Отырар қаласында дүниеден өтті. Самарқандта (Гур-Әмір кесенесінде) жерленген. Ол Сырдария мен



Әмір Темір

Заравшаннан, Үндістан мен Гангага дейін созылған, Тянь-Шаньнан Босфорға дейін жалғаскан аса ірі империя құрды.

Темірдің мәдени саясаты. Темір езі жауап алған елдерден тек материалдық олжағана пеленбеді, ол сондағы көрнекті ғалымдар мен колөнершілерді, суретшілерді, сәулетшілерді өз еліне жинады. Өзі туралы естелік ретінде қалаларда әсем гимараттар мен сарайлар көтеп салғызды. Мысалы, ол Бағдат, Дербенд, Байлакан қалаларын қайта қалпына келтірді, кираган корғандар мен сарайларды, көпірлер мен сугару жүйелерін жөндеді.

Әмір Темір өзінің туған елкесі Мәуереннахрдың дамуы мен мемлекеттің астанасы – Самарқандтың гүлденеуіне ерекше мән берді. Ұлы колбасшы жауап алған аймактарындағы шеберлер мен сәулетшілерді, зергерлерді, күрілісшіларды, кала құрылышына керекті мамандарды империяның қалалары: астанасы – Самарқандка, әкесінің отаны – Кеш қаласына (Шахрисабз), Бұқараға, шегарадағы шаһар Яссыға (Түркістан) жинады. Әмір Темір әсіресе Самарқандтың гүлденеуіне барынша жағдай жасады, ол бұл туралы: «Самарқандтың үстінде әрқашан да көк аспан мен алтын жүлдіздар болады», – деп, тамсанысын білдіріп кетті. 1398 жылдары Ауғанстанда, ал 1401 жылдары Кавказ аймағында жана сугару жүйесі каналдарын жасады.

Әмір Темір ислам мәдениеті мен мұсылмандар үшін қасиетті орындарды өркендеп, мешіт, медресе салуға ерекше көніл бөлді. Шахи Зин корымына жерленген өзінің туыстарының басына кесене тұрғызды.

1378–1404 жылдар аралығында Самарқанд пен оған жақын жерлерде он төрт бау-бакша бой көтерді. Темір салдырған бакша орындары карапайым тұрғындар үшін қашанда ашық болды, олар онда еркін серуенде демалатын.

1398 жылы Алтын Орда ханы Токтамыстың женген Темір Түркістанда жерленген дін қайраткері Кожа Ахмет Ясаудің басына кесене тұрғызуға бүйрік береді, оны ирандық және хорезмдік шеберлер тұрғызды. Осы жерде тербездік шеберлер екі тонналық мыс қазан жасады, ол мұқтаж жандарға тамақ дайындау үшін жасалды. Мәуереннахрда коленер кен канат жайып, Мәуереннахрдан шықкан ақындар мен жазушылардың қолжазбаларын қөркемдеуге пайдаланылды. Олардың қатарында Әбілқасым Фирдоусидің «Шахнамасы» мен «Иран ақындарының антологиясы» секілді жаунарлар болды. Сол кезеңде суретшілік өнер саласында Әбдулхай Бағдади, Пір Ахмад Бағишамалы және Кожа Бангири Табризи секілді суретшілер үлкен шеберлік шынына жетіп, данкка боленді.

Әмір билігі кезінде ғылым мен ағартушылық салаларында зан, медицина, астрономия, тарих, философия, музыкатану, әдебиет және елең шығару кен канат жайып, өркендеді. Сол кездің аса ірі дін әкілі

әрі философы болып Жалал ад-дин Ахмед әл Хорезми саналды. Құқық саласы бойынша Эбдімәлік және Исамиддиннің аты кең таралды. Философиядан Садицдин Тафтаззани мен Әли әл-Жүржан үздік болса, тарихтан Низамицдин Шами мен Хафиз Әбру мықты ғалым болып есептелді.

Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін такқа таласқан қолбасшының үрпактары арасындағы қанды қырғын бес жылға созылды. Бұл таласта Әміршінің ұлы Тимур Шахрух женіске жетеді. Ол өзінің астанасы етіп Герат қаласын таңдайды. Шахрух Әмір Темір күрган империяның же-ке-дара билеушісі саналса да, іс жүзінде мемлекет екіге бөлініп кетті: оның бірінің орталығы Хорасандагы Герат болса, екіншісінің астанасы Мәуереннардағы Самарқанд саналды.

Білімдерінді тексеріндер

1. Темірдің Тұранның жоғарғы әмірі болып тағайындалған кезеңін сипаттаң беріңдер.
2. Әмір Темір мемлекетінің құрылымы туралы бағандандар.
3. Темірдің дамытқан мәдени шараларын сипаттаңдар.

Тапсырма. «Темірдің жорыктары» атты кестені дәптерлеріне толтырыңдар.

Жылдар	Басқыншылық жорыктары

Б. Мәскеу мемлекеті

Орыс жерінің өркендеуі. Монгол шапқыншылығының ауыр зардаптары мен билеушілердің ордаларының онтүстікте орналасуы Еділ-Ока аралығы мен Новогород жерін қауіпсіз етті. Бұл жерге де орданың салық жинаушылары келетін, далалық жасактар келіп, көтөріліске шыккандарды жазалап, князьдерге қолдау көрсетіп кететін. Сонымен коса онтүстіктері жерлер үшін Польша, Венгрия және Литва секілді күшті көршілермен жіп-жіп қақтығыстар да болып тұратын.

Бұғынғі сабакта:

- орыс жерінің өркендеуі;
- Мәскеудің өрлей бастауы;
- Мәскеу мемлекетінің құрылуы жайында білеміз.

Кілт Сөздер:

монгол (орда)
шапқыншылығы, жер иеленушілер (вотчинники), ұлы князь, ұлы князьдікке жарлық, князьдік, митрополит, түмен басы, орталықтанған мемлекет

Назар аударыңдар!

Солтүстік-Шығыс Русь бұл қақтығыстардан алғынан жатқан еді. Бұл аймақ қалың орманның ішінде, өзен мен көлдің, батпақтың ортасында орналасқан және ең бастысы орда қаупінен де алғын болатын.

Орданың билігін мойындау арқылы Солтүстік-Шығыс Русь, Литва шабуылынан қорғаныс тапты. Сонымен қоса ордалықтар орыстарды кресшілерден де корғады. Орыс жері күшті орданың кол астында болғандықтан,

мұнда тұрақтылық, тыныштық болды, осыған орай князьдер ордамен жаксы қарым-қатынаста болып, өз елдерінің болашағын ойлады. Бұл орайда *Александр Невскийді* айтуда болады.

Русын бой көтеріп, қалыптасуында шіркеу манызды рөл атқарды. Храмдар салынды, шіркеудің иелігіндегі жерлердің көлемі ұлтайды, онда жұмыс істеуге шаруалар мен колөнершілер тартылды, оларға салыктан женилдіктер берілді. Шіркеудің жағдайы жақсарған сайын, жалпы Рустің де экономикалық қуаты арта түсті.

Қалаларда тастан құрылыш жүргізу колға алынды, ежелгі колөнер түрлері – ұсталық, тері өндеу, кыш кую, етік тігу, тас кесу жанданды. Қару-жарак пен сауыт-сайман соғу өнері кен қанат жайды. Біртіндеп орыстардың шаруашылықтары да дамы бастады – олар елдің негізгі өндіруші күштері болды. Боярлардың иеліктері мен монастырь шаруашылықтарының қалыптасуы, жергілікті базарлардың тауарларға толуы, алғы өлкелерден көпестер мен тауар тиелген кемелердің көпеп әкелінуі шаруалардың еңбегіне байланысты болды. Русь өміріндегі ең манызды рөлді сауда-саттық алды.

Үлкен қалалар сауда орталықтарына айналды, оларға тауарлар бірнеше өлкеден жеткізіліп отырды.

Саудагерлер мен колөнершілердің басым бөлігі өз еңбектері мен тауарларына сұраныс бар жерлерге қоныстанды.

Сауданың дамуына бірынғай акша жүйесінің енгізілуі манызды рөл атқарды. Үкімет өзінің сыртқы саясаты арқылы сауданың дамуына ықпал етіп отырды.

Бұл кезенде феодалдық жер иелену тарада бастады. Жер иелері мен монастырьлар өздеріне шаруаларды тартып, олардың жана жерлерге қоныстануына көмектесті, женилдіктер жасады. Осылай шаруалар біртіндеп оларға тәуелді бола бастады. Олар есімкорларға тәуелді болып, өздері орналасқан жердің қожайынына салық төлеуге, жолдар мен көпірлерді, корғандар мен храмдарды жөндеуге де міндеттелді.



В.Васнецов. Ежелгі Мәскеу

Мәскеудің өркендей бастауы. 1260–1270 жылдары Мәскеу княздігі Солтүстік-Шығыс Русьтегі Владимирдің ұлы княздігінен бөлініп шыкты. Бұл уақытта Литва-Русь мемлекеті мен Тверь княздігі қүшейіп, ал Мәскеу княздігі әлсіреп тұрған еді. Сондықтан ол өзінен қуатты княздіктерге бағынышты болды. Александр Невский өзінің өснегінде Мәскеудің кіші баласы екі жасар Даниилға табыстаиды. 1263 жылы Александр Невский қайтыс болған соң Мәскеудің алғашкы князінің тәрбиеші мен қамқоршысы оның ағасы – тверьлік ұлы князь Ярослав Ярославич Тверской болды. 1273 жылы ағасы қайтыс болған соң, ол өз бетінше билік жүргізе бастады. Бұл уақытта княздің жасы он бірде болатын.

Даниил өзін алысты болжағыш, көреген әрі қатал саясаткер ретінде танытты. 1300 жылы ол аяқастынан Рязань княздігіне шабуыл жасап, келіссөз барысында Рязань князін тұтқындаиды. Осының нәтижесінде Мәскеу Рязаньға қарасты Коломнаны өз иелігіне каратады. Сонымен катар Даниил жақын мандагы Переяславльды басып алады. Даниил өз аумағының батысында орналаскан Смоленск княздігінің қаласы Можайскті да басып алады. Сонымен Мәскеу өзенінің бойындағы манызды сауда жерлерінің барлығы Даниилға карады. Осының барлығы бұл княздіктің экономикалық әрі әскери қуатын арттырды. 1303 жылы Даниил қайтыс болады.

Даниил Александровичтің қазасынан кейін Мәскеу князі болып оның ұлы Юрий Данилович тағайындалды. 1319 жылы Юрий Алтын Ордадан ұлы княздік туралы жарлық алған, Русьтің алғашкы (ұлы)

князі болды. Русытін билігі үшін Тверь мен Мәскеу арасындағы курес жалғасып жатты.

1324 жылы Юрийді Тверь князі өлтіреді. Ұлы княздік туралы жарлық тағы да Тверьге өтеді.

Мәскеу мемлекетінің күшеюі. 1325 жылы Юрий Даниилович каза тапкан соң, Мәскеу княздігінің билігі оның бауыры Иван Данииловичке берілді. Русыте жетістікке тек Орданың колдауы арқылы ғана жетуге болатынын түсінген ол жетекшілікке ұмтылмады және өз күшін Михаил Ярославич пен Юрий Данииловичтерге ашық көрсетуден бас тартты. Иван Даниилович кандай жолмен болса да, Тверь мен Орданың арасында келіспеушілік тудыруды басты мақсат етті. Оның бұл арманы көпкі созылмай жүзеге асты. Ордалықтардың ұзак жылғы езгісіне шыдамаған Тверь халкы 1327 жылы бас көтерді, көтеріліс бүкіл Тверь жерін қамтыды.

Иван Даниилович осы сәтті тиімді пайдаланып калуға тырысты. Ол Ордаға барып көтерілісті басу үшін көмек көрсететінін малімдеді. Ол Ордадан көп әскер әкеліп, көтерілішілерді аяусыз жазалап, оларды қан-жоса етіп басты. Тверь князі Литва-Русь мемлекетіне қашып, соңда бас сауталады. Көтерілішілерді басып көмек көрсеткені үшін Орда Мәскеу князіне Кострома мен Новгородты берді, бұл жерлер бүрін Тверь князінің билеушілеріне қарайтын еді. Тверь мұлдем әлсіреді. Алайда Орда ұлы князь атағын Мәскеу билеушісіне бермей, Суздаль князіне берді. Тек 1332 жылы Суздаль князі қайтыс болған соң ғана Иван Даниилович Владимирдің ұлы князі атағын шеленді.

Назар аударындар!

Ол Солтүстік-Шығыс Русытегі жоғары билігін Мәскеу княздігін нығайтуға жұмсады.

Иван Даниилович Алтын Ордамен тығыз байланыста болды. Ол салықты уақытында, артығымен жинап отырды, осының аркасында Орданың атынан бүкіл орыс жеріндегі алым-салықты жинаушы болып бекітілді. Иван бұл міндетті жанын сала орындағы, салық төлемегендерді аяусыз жазалады. Осының аркасында Мәскеу князі өзінің де жағдайын жасап, нелігін кенейтті. Ол бар мәселені ақшамен әрі күшпен шешті. Иван Даниилович Мәскеудің нелігіне Ростов, Галиц, Белозерск және Углич княздіктерін қосып алды. Ол өз нелігіне аса ыждағаттылықтен әрі мұқият карады. Барлық уақытта оның белінде ақша толы қалпа жүрді. Сол себепті халық арасында ол қалталы Иван (Калита) аталаған кетті.

Иван Даниилович Мәскеуді орыс жеріндегі шіркеудің орталығына айналдырыды. Ол резиденциясы Владимирде болған митрополит Петрді

Мәскеуге жиі шакырып тұрды. Бұл уақытта дінбасы Петр қартайған болатын. Петр Мәскеуде ұзак өмір сүріп, қайтыс болды. Ол Мәскеу Кремліндегі Успенск соборына жерленді. Біраз уақыт еткен соң ол әулиелер қатарына енгізілді әрі Мәскеудің қоргаушысы болып танылды. Оның жаткан жеріне адамдар үздіксіз келіп, дұға ете бастады. Бұдан кейінгі митрополиттердің барлығы Мәскеуде тұрды, қала орыс шіркеуінің орталығына айналды. Бұл жағдай Мәскеу князьдігінің манызы мен беделін арттырды.

Іван Калита кезінде князьдер арасындағы алауыздық басылды, ордалыктар орыс жеріне шабуыл жасауды тоқтатты.

Есте сақтаңдар

Владимирдің ұлы князі деген мәртебелі атағы тек Мәскеу князьдеріне ғана берілетін болды.

1359 жылы Мәскеу тағына тоғыз жасар Дмитрий Иванович отырды. Осы жылы Алтын Орда екіге бөлініп кетті. Олардың шегарасы Еділ езені болды. Алтын орданың батыс бөлігін қолбасшы Мамай неленіп, ол Шыңғыс ханның тұқымы болмағандыктан, хан тағына таласа алмады. Еділдің шығыс жағы Сарайдың нелігі болды.

Алтын Орданың екі бөлігінің арасында үзіліссіз соғыстар жүріп отырды. Осындай жағдайда кімге карау керек, жарлықты қайдан алу керек, кімге бағыну керек деген сұраптар – Мәскеу князьдігінің алдында тұрған басты маселе болды. Осы кезде Дмитрий Иванович өз боярларымен Сарайға барады. Мәскеудің күшеюінен қауіптенген хан «ұлы князьдік» атағын Суз达尔 князіне береді. Алайда өз мақсатына қол жеткізу үшін Дмитрий басын иіп, Ордаға үш мәрте барып, хан қолынан ұлы князь деген жарлықты алады.

Бұл кезеңде Мәскеу өз айналасына орыс жерін шоғырландырып, билікті қолына алғып, үлкен жетістіктерге жеткен еді. Енді Мәскеу князьдігіне Солтүстік-Шығыс Русь жерінің тен жартысы қарады. Көптеген князьдіктер Мәскеумен одектастық қатынаста болды. Тверь князьдігі ғана Мәскеудің бакталасы болып калды.

Осы уақытта Дмитрий Иванович Ордаға деген дәстүрлі қатынасын өзгертіп, оған ашық түрде қарсы шықты. 1361 жылдан бастап ол Ордаға алым-салық төлеуді тоқтатты. Мәскеуді колдаған орыс князьдері князьдік жарлық алу үшін бұрынғыдай Ордаға баруды тоқтатты. Олардың бұл әрекетіне наразы болған Мамай орыс князьдерін, оның ішінде Дмитрий Ивановичке өз билігін мойындауды талап етіп, Руське қарсы жазалау шарапарын жургізді. Мәскеу князьдігі Ордаға қарсылық таныта бастады, бұл Куликов даласында болатын шайқасқа бастайтын кадамдар болды.

Есте сақтаңдар

1380 жылы Куликов шайқасында Мамайдың жеңіліске ұшырауы Рұсстің Алтын Орданың бүгаянан босап, азаттық алудағы маңызды оқиға болды.

Мәскеу маньына біріккен орыс елінің күшеюі III Иван (1462–1505 жж.) мен III Василий (1505–1533 жж.) билік күрган кезенде болды. XV ғасырда Мәскеуге Стародуб, Ярослав княздіктері, Новогород, Тверь, XVI ғасырдың басында – Псков пен Рязань жерлері де қосылады. Өзіне Солтүстік-Шығыс пен Солтүстік Рұсстің негізгі жерлерін қосып алған Мәскеу князьдігі біртұтас Орыс мемлекетін қалыптастыруды аяктады.

Білімдерінді тексеріндер

1. Солтүстік-Шығыс орыс жерлерінің дамуына қандай факторлар әсер етті?
2. Сол уақыттағы феодалдық ауылшаруашылығы, колөнер және сауданың дамудағы жаңа құбылыстарды атандар.
3. Өркендей бастаған орыс жерінде жер өншеудің қандай феодалдық формасы қалыптасты?
4. Жерді шелену құқығына негізделген басыбайлылық жүйесі қалай аталды? Ол өлкенің экономикалық қуатының артуына қалай ықпал етті?
5. Орыс жерінің біртіндеп Мәскеудің айналасына шоғырлана бастаудың себебін және Мәскеу князьдерінің күшею себебін аныктандар.
6. Иван Калитаның саясатын сипаттандар.
7. Куликов даласында болған жеңістің орыс халқының тарихында алар орны қалай?

Тапсырма

II. «Жайықтағы қырғын туралы жылнамалық дерек» құжатының үзіндісімен танысындар. Автор Дмитрий Донскойның қандай касиеттерін сипаттайты?

...Ұлы князьдің бойынан бәрін көрүте болатын еді: оның барлық сауыт-сайманы шайқас барысында түтел бүлініп, майысқан еді, ал деңесінде соғыста алған бірде-бір жаракат болмады. Ол алғашкы шайқаста-ак ұрыска катысып, татарлармен бетпе-бет келді. Бұл жеңінде: «Князь мырза, алдыңы қатарда да, сонғы қатарда да шайқаспа, шеткі шепте немесе қауіпсіз орында бол», – деп, оған кептеген князьдер мен әскербасылар талай айтқан еді. Ал ол болса: «Мен өз басымды корғап арт жакқа тығылсам, баскаларға бәріміз бірдей алға ұмтылайық деп қалай айтамын? Мен бұлай істей алмаймын, барлық бауырларымнын, христиандардың алдында басымды тіге отырып, сезбен де, іспен де, үлгі көрсеткім келеді. Олардың ерліктерін оятқым келеді», – деп жауап берді. Ол қалай айтқан болса, дәл солай істеді: бәрінің алдында жүріп татарлармен шайқасты.

В. Құбылай мемлекеті, Ильханат

XIII–XIV ғасырларда Қытай Монгол династиясының билігінде. 1211 жылы басталған Қытайдағы монгол жаулаушыларды 1279 жылы Шынғыс ханның немересі Құбылай ханың тұсында аяқталды. 1280 жылы ол Қытайда 1368 жылға дейін өмір сүрген императорлық Юань династиясын құрды.

Элеуметтік-экономикалық дамуы. Монголдар қытайғарының калалары мен елді мекендерін аяусыз тонады. Қытай халкына ауыр алым-салық салынды. Құбылай (1260–1294 жж.) билігі кезінде ауылшаруашылығы саласында бірқатар өзгерістер жасалды. Бұл жерлердің бір бөлігі жайылым ретінде пайдаланылса, калған бөліктерін арнағы бекітілген қытай шаруалары күтіп-баптаң, егін екті. Құбылай аксүйектері жаксы жерлерді өз иеліктеріне атуды жалғастыра берді. Монголдар шаруалардың жерлерін тартып алып, оларды өз корғандарына айналдырыды.

Ауылшаруашылығын дамытып, оны еркендетуге жағдай жасамады. Қытай шаруалары жер үшін және әрбір ер-азамат үшін көп мелшерде салық төлеуге міндетті болды, бұл оларға өте ауыр тиді. Құбылай билігі кезінде «Ауылшаруашылық бас басқармасы» құрылды, аймактарда оның бөлімшелері жұмыс істеді. 1271 жылы «Ауылшаруашылық қауымы туралы» Ереже шықты. Осы Ережеге орай, әрбір 50 сарай бір қауым болып есептелді, оның басшылығына ауылшаруашылығында тәжірибесі бар аксакал сайлану арқылы тағайындалды. Бұл басшының міндетіне ауылшаруашылық жұмыстарына басшылық жасау мен қауымдағы тәртіпті бакылау кірді. Бұл шаралардың бір ғана максаты болды: ол ауылшаруашылық өнімдерінің тиімділігін арттырылуын қамтамасыз ету еді. Алайда мұндай тәс болмады.

Будда гибадатханалары мен монастырьларының салық төлемеді. Осыған орай қытай шаруалары діні гибадатхана феодалдарының қамкорлығы күтүлдүн онай жолдарын тауып, күлкін жасай дар арқылы гибадатханалардың пелік ететін жекеңейіп кеткені соншалықты – монгол биле гибадатханаларға халыктан жер сатып алуға ти

Монгол шапкыншылығының зардабын елді мекендердегі қытай шаруаларымен қоса кала халкы да тартты. Көптеген қалалық шеберлер монголдардың құлдарына айналып, Қытайдан езге жерлерге зор-

Бүгінгі сабакта:

- Монгол династиясы билігіндегі Қытай;
 - әлеуметтік-экономикалық дамуы;
 - ішкі саяси дамуы;
 - Ильханат;
 - Хулагидтер мемлекетінің құрылуы;
 - Газан хан реформалары;
 - Хулагидтер мемлекетіндегі феодалдық қарым-қатынастар және оның құлауы туралы білеміз.

Кілт Сөздер:

монгол жаулаушылықтары, қолөнер-сауда бірлестіктері, қағаз ақша, «Қызыл орамалдар» көтерілісі, ильхан, реформа, тамга, икта, феодалдық ыдырау

жерлері бұрынғыдай
өздері мен жерлерін
на өткізіп, езгіден
астады. Осындай жол-
лерінің ауқымының
шілдері 1327 жылы
йым салды.



Күбілай хан

лықпен әкетілді. Олар монголдардың жорықтарына пайдаланылды әрі әскерлеріне кызмет етті. Әсірсек кабырға киаратқыш және тас ақыш карулар жасайтын қытайлық маман-шеберлер аса жоғары бағанды. Олардың жасаған каруларын монгол жауап алушылары қалалар мен корғандарды киаратуга пайдаланды. Орталық мемлекеттік әкімшілікте ерекше мәртебесі бар «Шеберлер мен бейнелеушілер басқармасын» құрды, олар барлық аймактарда болды. Бұл басқарманың қарамағындағы шеберханаларда құлдар жұмыс істеді, олар монгол аксүйектері мен олардың сарайлары үшін қажетті дүниелерді дайындауды. Онтүстік-Сун империясының астанасы Ханчжоу каласының өзінде бірнеше мың шебер жұмыс істеген.

Венециялық саяхатшы Марко Полоның жазбаларында XIII ғасырда Ханчжоу каласында он бес сауда бірлестіктері болғаны айтылады. Монгол билеушілері кезінде бұрынғы шектеу ережелер мүлдем жойылып, бұрыннан қалыптасқан бірлестіктер күшейіп, өзара келісімшарт жасасып, өндіріс пен тауарды сату аудандары бойынша өз басымдықтарын сақтап қалды.

Сауда қолөнершілер бірлестігі жауап алушыларға тауарларды мүлдем төмен бағамен жеткізу теңдіктері болды. Кейіннен табиғи тауар түрінде жеткізілетін бұл салық акшалай түрге ауыстырылды. Кәсіп иелері мен саудагерлерден жиналатын салық олардың дүниелерінің көлеміне қарай анықталды. Салыктарды монголдарға толық күйінде бір орталыққа жеткізді, ал оларды өзара бөлу монголдардың ісі болды. Жаулаушылар құлдықка түсken қолөнершілермен коса, бостандықтағы қолөнершілердің де енбегін пайдаланды.

Монголдар қолданыска үлкен қағаз акшаларды енгізіп, алғашкы кезде олардың құндылығын сақтау үшін көп мөлшерде басып шығаруға тыйым салды. Кейіннен бұл шектеулер сақталмай, мемлекеттің өзі қағаз акшаларды шектеусіз көп мөлшерде шығара бастады. Бұл қағаз акшалардың толыктай құнсыздануына, сауда ұйымдарының дағдарыска ұшырауына және тауарлардың қымбаттауына, халықтың кедейленуіне соктырды.

Монгол билеушілері Қытайда халықаралық сауданын өрістеуіне жол ашты, мұндай кеңістік, тіпті бұрын болмаған еді. Күбілай хан Будда дінін қолдап, Будда дінін таратушылар мен ғалымдарға ерекше құрмет көрсетіп, оларға женилдіктер жасап отырды. Сондай-ақ ол басқа діндерге де еркіндік беріп, қолдау көрсетті.

Қытайға өз биліктерін орнаткан монгол жауап алушылары сол кездегі Сун империясының басқару әкімшілігін өзгеріссіз қалдырыды.

Назар аударындар!

Қытайға билік орната отырып, монголдар қытай тілін және жазуын менгерді. Сонымен қатар сол жердің басқару түрін қалдырды.

Ішкі саясаттың дамуы. Елді он аймакка бөліп, бірката өлкелік беліністер ғана жасады. Басқару әкімшілігі бүрінгі калпында қалғанымен, қытайлар билікке не болмады. Әскери лауазымдар толығымен монголдардың билігінде болды, ал әкімшілік басшылық, негізінен, Орталық және Алдыңғы Азия халықтарынан шықкан өкілдерден жасақталды. Оларға ірі мемлекеттік қызметтермен коса, тіпті аса жоғары лауазымдар да сеніп тапсырылды. Орталық және Алдыңғы Азиядан шықкан адамдардың жоғары лауазымдарға кол жеткізуі Қытайға басқа аймактардан көптеген халықтардың келуіне жол ашты.

Юань династиясының негізгі әскери күші монголдардың өзі болды, бірақ әскерге жергілікті қытай тұрғындары көптең тартылды. Олар жер қазу, тасымалдаушы сияқты кара жұмыстарға жегілді. Мемлекет аумағы аймактарға бөлініп, монгол қолбасшыларының басқаруына берілді. Жергілікті билеушілер ешкіммен санаспады – олар занды белден басып, кейде тіпті ұлы ханға да есеп бермеді. Қытайдағы монгол аксүйектері арасындағы талас-тартыс монгол билігін одан әрі әлсірете түсті. XIV ғасырдың басынан билік үшін такқа таласқандар арасында үзіліссіз соғыс жүріп отырды. Билікті бір император басып алса, оны келесі топ тақтан тайдышып, өз адамын қойды, одан билік келесісіне ауысып, қолдан-қолға көшіп отырды. Әсіресе каржы дағдарысы жіңі байқалды. Қағаз ақшалар құнсызданып, Қытайдың шаруашылығына кері әсерін тигізді.

Монгол езгісіне қарсы қытай халқының құресі. Халықтың билеушілерге наразылығы күшіне түсті. Әсіресе монгол билеушілерінен шаруалар мен калалық колөнершілер көп зиян шекті, бар ауыртпалық пен алым-салық солардың ишінше түсті. Сонымен коса өз қызметтері мен дүни-мұліктерінен айырылып калу каупі теніп тұрған, өмірлері де монгол хандарына тәуелді қытай феодалдары да наразылық танытты. Қытай халқының монгол хандарына қарсы ашық құресі XIV ғасырдың орта кезінде өз шегіне жетті. Бұл кезеңде Тогон-Темір (Шуньши) билік құрып тұрған болатын. Ол Қытайдағы монгол династиясының соңғы императоры болды. Халықтың жаппай наразылықка шығуына 1350–1351 жылдары Хуанхэ өзеніндегі тасқын әсер етті.

Су тасқыны кен жайылып, қазіргі Хэнань, Хэбэй және Шаньдун провинцияларының аудандарын қамтыды. Бұл апат халықтың бүткін дейін төзіп келген шыдамын тауысты. 1351 жылы Тогон-Темір халыққа корғаныс бөгеттерін салуды бүйірді. Осы жылы Цзянсу провинци-

ясында және Хубэй провинциясында халық наразылығы өршіді. Осы көтерілістерден соң мемлекеттің барлық аймағында наразылықтар басталды.

Монгол феодалдарына карсы күресте «кызыл орамалдылар» деп аталатын көтерілішілер ерекше рөл аткарды. Олардың аттары қытай тарихында калды. Наразылықка шыққан шаруалар арнайы жасақ күрып, көтерілісші кызыл әскерді (хун цзюнь) колдау максатында бастарына кызыл шуберек байлады, сол себепті олар кызыл таңбалылар деп аталып кетті. Көтерілішілердің негізгі бастаушылары «Ақ лотос» қоғамының мүшелері болды. Оларға көтерілісті бастаған Хань Шаньтунның өзі қосылды, кейіннен ол қаза тапқан соң, әкесінің орнын бақсан оның ұлы Хань Линь-эр да осы үйымның мүшесі болды.

1356 жылы қызыл әскерлер Монгол династиясының астанасы – Даду (Пекин) каласына кауіп тәндірді. XIV ғасырдың 60-жылдары монголдарға карсы көтеріліс қытайдың көптеген провинцияларында жалғасты. Ұлтық көтерілістің бастаушылары, негізінен, шаруалар болды. Осындаи шаруалардан жасақталған әскердің қолбасшысы Чжу Юань-чжан 1368 жылы император болып жарияланды. Монголдардың Юань династиясы қалады. Чжу Юань-чжан жана династияның негізін калап, ол «Мин» деп аталды.

Ильханат. Хулагу мемлекетінің құрылуы. 1222 жылы Шынғыс хан әскерлерінің жойқын шабуылдары нәтижесінде Иранның көптеген аймақтары ку далаға айналып, оазистерді жайылымға айналды, ал сугару жүйелері киратылды. Нишапур, Рей, Казвин, Хамадан және басқа қалалар жермен-жексен болып қаңырап калды. Иранның көптеген аймақтарындағы майдарды жаулап алушылар айдаған кетті немесе қырып тасталды.

Іранды Шынғыс әскерлері XIII ғасырдың 50-жылдары толық жаулап алды. Осы үшін Ұлы хан Мөнке арнайы жорық үйымдастырып, оны ханның бауыры Хулагу басқарды. Олар (1256 ж.) Альбурс тауындағы берік корғандарын бірінен соң бірін басып алады. Бұдан соң 1258 жылы Хулагу Бағдатты билеп отырған Аббасидтер халифатын тізе бүктірді, халифат XII ғасырдың ортасына дейін Төменгі Иракты да билеп келген еді. Шынғыс хан қалдырган есінет бойынша Иран мен Кавказ аймағының елдері оның үлкен ұлы Жошының нелігі болып саналатын, ал іс жүзінде бұл елдерді ұлы хан тағайындаған билеушілер билеп отырды. Хулагу бұл аймакта 1261 жылы Ұлы хан Құбылай мойындаған бесінші монгол ұлысы – Хулагид (1256–1353 жж.) мемлекетін құрды. Жошының ұрпактары бұл шешіммен келіспей, Кавказ аймағының елдерін жаулап алуға тырысты; осылайша Жошы мен Хулагу ұрпактары арасында бітіспес соғыс басталды.

Есте сақтаңдар

Хулагидтер ильхан лауазымын иеленді бұл «тайпа ханы», яғни ұлыс ханы болып есептелді.

Олардың иелігіне Иран, Ауғанстан, Кавказ аймағының елдері мен Араб халифатына тиесілі Ирак және Кіші Азияның шығыс аймағы қарады. Ильханның Ордасы Онтүстік Эзіrbайжанда орналасты. Ильхандар кешпелі өмір салтын ұстанды. Сирия және Египетпен соғысу үшін ильхандар крест жорықшыларымен келісім жасады, бұл уақытта кресшілер Сирияның солтүстігі мен Кипр аралдарын басқарып тұрған еді. Алайда ильхандардың Египет сұлтандарымен болған шайқастары сәтсіз аяқталды.

Назар аударыңдар!

Хулагу мемлекетіндегі феодалдар бірнеше топтан құралды: әскери кешпелілер (монгол, түрік және курт) аксүйектер, жергілікті билеушілер, дін өкілдері мен жергілікті отырықшы жер иеленушілер болды.

Парсы тарихшысы Рашид-ад-дин «(XIV ғ. басында) бір алым-салықтың түрі жылына бірнеше рет жиналды, қайта төлеуге шамалары келмеген шаруалар ауылы мен үйін тастап кашып кетіп отырды» деп жеткізді. Ал ауылда калғандар өз үйлерін әдейі жартылай кираган калыпта ұстады, олар осылай мүшкіл жағдайы көрсету арқылы салық жинаушылар, әскери шенділер мен жасактардың қаһарынан құтылуды ойлады. Алайда кейде бұл жағдай да оларға көмектеспейтін.

Ирандағы ауылшаруашылығының құлдырауы мен қала өмірінің күніндикка душар болуын көптеген деректерден кездестіруге болады. Географ Хамдаллах Казвін «бұрынғы жайнап тұрған көптеген шаһарлар шағын қыстакқа айналды» деп атап етті. XIII ғасырда Иран мен көршілес елдердегі тауар өндіру көлемінің құлдырауына орай азық-түлік рентасының маңызы артты. Шаруалар феодалдық рентаның есуіне, басыбайлылық саясатқа, басқыншылардың зорлығы мен қанаушылығына қарсы көтерілістерге шыға бастады. Осының барлығы елдегі саяси жағдайың шиеленісіне әкеліп, билікті шұғыл шешім кабылдатуға мәжбүрледі.

Алғашкы алты ильханның кезінде саяси басқарушы күш кешпелі монгол мен түркі тайпаларынан қуалған әскери-феодал аксүйектері болды. Олар отырықшы шаруаларды ерекше канады. Көптеген аймактарда шаруалар мемлекет пен жер иеленушілерге өнімнің 80 пайзына дейін беріп отырды.

Газан ханның реформасы. Иран мен Эзіrbайжандағы шаруашылықтардың ауыр күйзелісті жағдайы Газан ханның (1295–1304 жж.) басқаша қадам жасауына итермеледі, ішкі саясатты өзгертіп, мұсылман

дінбасыларымен және жергілікті билеушілермен (парсының, тәжіктің, әзірбайжаның), отырыкшы аксүйектерімен жакындастып, олардың колдауына сүйену қажет болды.

Бірқатар маңызды реформалар қолға алынды. Нәтижесінде уақытша биліктегі саяси қызмет монгол-түрік әскери-көшпелі аксүйектерінен жергілікті аксүйектерге ауысты. Жерден алынатын алым-салықтың накты көлемі мен оны төлеудің дәл мерзімі бекітілді. Бұрынғыдай жөнсіз салық жинау тоқтатылды. Әскерилер мен шенеуніктердің раяйттардың (шаруалар мен кала тұрғындарының) үйінде тұрактауына тыйым салынды. Көптеген қалаларда *тамга*, яғни кәсіп иелері мен саудагерлерге салынатын ауыр салық алымын тасталды, оны монгол хандары енгізген болатын. Ал кейір шаңарларда бұл салық жартысына дейін қыскартылды. Күміс акшалар кайтадан колданыска енгізілді. Бос жатқан және иесіз қалған жерлер женілдетілген шарттармен жер иеленушілерге берілді, олар бұл жерлерді күтіп-баптап, егін өсіруге міндепті болды. Казынаның шеберханаларында (карханэ) жұмыс істейтін колөнерші-құлдар алым алатын болды, олар бұрын тек аздаған тамақ үшін жұмыс істейтін еді. Реформа шенеуніктердің зорлығы мен көшпелі билеушілерге де шектеу қойды. Сугару жүйелерін реттеуде кең ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Газан ханның заң жүйесі шаруалардың жерге басыбайлы бекітілуін макуллады және олардың ауысуына тыйым салды. Бұл сонау Шыңғыс хан заманынан қалған кагида болатын. Қашкан шаруаларды іздеу мерзімі отыз жылға дейін жалғасатын болды. Алым-салықтар бір жүйеге түскенімен, бәрібір жоғары калышта қалды. Мысалы Хузистанда мемлекеттік (дивандық) жердегі шаруадан жалпы пайдаласының 60 пайыз казынаға алымын отырды. Газан хан шаруалардың феодалдарға карсы көтерілген бас көтерулерін қatal түрде басып отырды.

XIV ғасырдағы Хулагидтер мемлекетіндегі феодалдық қатынастар және оның құлауы. Монголдардың көшпелі аксүйектерінің талап етуімен 1303 жылы иктаны (әскери қызметі үшін аймақтағы халықтан немесе қаладағы салықтан жер үлесін иелену) үlestіру жарлығы бекітілді. Ол бойынша феодалдық жасакта әскери қызмет аткарған барлық монголдар үлес алуды тиіс болды. Икта үшін тұтас аймақтар алымын, мындық әмірлерге – әскерлерді ұсынатын монгол тайпалары бөлімдерінің басшыларына берілді. Олар жасақ санын артығымен мындаған адам деп көрсетті (ал, шындығында, одан әлдекайда аз болатын). Мындық әмірлер өзіне тиісті аймақтарды жеребе арқылы беліп, жүздік басшыларына таратты. Жүздіктер өз кезегінде, ондық әмірлерге, ал олар карапайым жауынгерлерге таратты. Олардың әркайсысы шағын жер үлесін (бір елді мекен немесе оның бір бөлігін) бекітілген шаруаларымен коса алды.

Есте сақтаңдар

Икта мұрагерлікке занды турде берілді. Осындай жер үлесінің иелері салықтық жеңілдікке де ие болды.

Салықтық жеңілдік кейбір жеке мұліктік жерлерге және мұсылман діни мекемелерінің барлық жер иелеріне де берілді (кейіннен мұрагерлік иелікке айналды).

Газан хан жүргізген реформалар Хулагидтер мемлекетін біраз уақыт үстап тұрғанымен, оны саяси ыдыраудан сақтап қала алмады. Бұл реформалардан кейін елдің экономикасы XIII ғасырдың басында болған денгейіне жете алмады. Қалалардың киравуы мен тауар өндірісінің күлдіріуы, аймактар арасындағы шаруашылық байланыстардың әлсіреуі, штрансын тараптуы феодалдық быттыранқылықты одан әрі терендете түсті.

Әбу Сайд ильханның казасынан кейін (1335 ж.) Хулагидтер мемлекеті феодалдардың өзара қырқысан алғанына айналды. Оның толықтай саяси құлауы 1353 жылы орын алды. Иранда бірнеше дербес феодалдық мемлекеттер пайда болды.

Білімдерінді тексеріндер

1. Монгол хандарының билігіндегі Қытайшын жағдайы калай болды?
2. Құбылай мемлекетіндегі феодалдық жер иелену мен шаруалардың жағдайлары туралы баяншандар.
3. Монгол билігі кезінде Қытайша кесіп пен сауда калай ڈамышы?
4. Юань монгол династиясының әкімшілік аппаратына тән ерекшеліктерді атандар.
5. Қытай халқының монгол ханшарына карсы күресі туралы айтындар.
6. Хулагидтер мемлекетінің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттандар.
7. Газан ханның реформасының маңызын ашындар.
8. Хулагидтер мемлекетінде жер қатынастары қандай сипатта не болды және олардың ерекшеліктерін атандар.
9. Хулагидтер мемлекетінің ыдырау себебін атаңдар.

Тапсырма

1. Монголдардың Қытайшагы салық саясаты туралы XIV ғасырдағы парсы тарихшысы Рашид-ад-диннің дерегімен танысып, сұракқа жауап беріндер.

Монгол шенеуніктепі өздеріне бағыннынты ҳауқтан салықты қандай әдістермен жинады?

«Салық жинауга шыккан алымшылар аймактарға аттанғанда жергілікті адамдардың үйін жаксы билетін қандай да бір жаңдайшанты тауып алуға тырысатын. Сонын көрсетуімен олар адамшарды бүршіштардан, қоймалардан, бау-бакша мен үйніштердің арасынан тез тауып алғатын. Егер ерлерді ұстай алмаса, олардың әйелдерін қолға түсіретін, оларды мал секілді айналдыра қыш жүріп салық жинаушы шенеуніктің алдына бір-ак аппаратын. Сейтіп, оларды аяғынан асып койып сабайтын, Әйелдердің жылдаган және жалынтан жан дауыстары естілетін.

§ 49. ЕУРОПАНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ НАПОЛЕОН ЖОРЫҒЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бұғынгі сабакта:

- Наполеонның жаулаушы жорығының Еуропадағы индустриалды қоғамның қалыптасуына маңызды ықпалы;
- Еуропада либералдық қоғамдық идеяның таралуы туралы білеміз.

Кілт сөздер:

жаулаушы жорықтар, кодекс, буржуазиялық реформалар, либерализм, адамның табиги құқығы, нарықтық қатынастар, азаматтық құқық, парламентаризм, мемлекет

Наполеонның жаулаушы жорығының Еуропадағы индустриалды қоғамның қалыптасуына ықпалы. 1799 жылғы 18 брюмердегі (9-10 қараша) мемлекеттік тенкеріс Ұлы француз революциясына соңғы нүктө койды. Мемлекет басында Наполеон Бонапарт тұрған консул режимі енгізілді. 1804 жылы консулдың орнына Бірінші Империя келді, Наполеон император болып жарияланды.

Есте сақтаңдар

Наполеон Францияны әлемдегі жетекші мемлекетке айналдыру мақсатында, әсіресе бірінші кезекте Еуропа елдері арасында үстемдігін арттыру үшін сыртқы саясатта басқыншылық соғыс жүргізді. Бұл Еуропалық державалар мен халықтар тараудың қарсылық тудырды. Сондықтан да Еуропа саясаты Наполеонның 1799–1815 жылдары аралығында жасаған жорықтарын Францияның Еуропада жеке үстемдік жасау мақсатында болған деп қаулы қабылдады.

Назар аударыңдар!

Наполеонның жаулауп алу жорықтары Франциядағы капиталистік дамуды жеделдедті.

Наполеонның жаулауп алу жорықтары экономикалық корды қажет етті. Үкімет елдегі кәсіпкерліктің дамуына мүмкіндік жасады. Ирі буржуазияга пайдалы мемлекеттік тапсырыстар беріле бастады. Наполеон елдің каржылық жүйесінде реформалар жүргізді. 1800 жылы француз банкі құрылыш, жаңа ақша бірлігі – франк енгізілді.

1804 жылы Азаматтық кодекс (зандар жинағы) немесе Наполеонның кодексі жарықка шыкты. Онда классикалық буржуазиялық модельдегі меншік қатынастары, мұрагерлік құқық, әйелдердің ерлерге, жалдамалы жұмыстының қожайынға қатынастары бекітілген. Кодексте азаматтардың заң алдында тен екені, тұлғалар еркіндігіне, мұлқіне, ар-ұят бостандығына колсұтылмаушылық көрсетілген.

XIX ғасырдың алғашкы он жылдығында француз экономикасының барлық саласы күрт дамыды.



Наполеон Бонапарт (1769–1821)

Әсіресе өндіріс қатты қарқын алды, мануфактуралар қоса, өндірістік машиналар да көлданыска енгізілді. 1812 жылы тек токыма өнеркәсібі бойыншаған 200-ден астам фабрикалар жұмыс істеп тұрды. 1800–1811 жылдар аралығында Лионда мата өндіру үшесеге артты. Бұл машиналардың көлдану арқасында болған жетістіктер еді. Жылдам даму тек женіл ғана емес, ауыр өнеркәсіпте де көрініс берді.


Айтарлықтай даму Францияның ауылшаруашылығында да орын алды. Наполеон шаруалардың революция жылдары қол жеткізген жерлерін кедергісіз пайдалануына мүмкіндік беретін шарттарды бекітіп, реттеп берді. Бұл өз кезегінде жерді пайдалануды тиімді етті; мал басының өсіп, ауылшаруашылығындағы тауар санының артуы Францияның ішкі нарығының дамуына ықпал етті. Еуропа елдерін бағындырып, жана жерлерді жаулап алған Наполеон ол аймактарды Францияның тауарын өткізетін аймактарға айналдырыды. Бұған 1806 жылы Наполеонның Англияга енгізген континенттік блокада саясаты әсер етті. Нәтижесінде ағылшын өндірістік тауарларына Еуропа нарығы жабық болды. Мықты бәсекелесінің жолын жапқан француз экономикасы өз дамуында жаңа қарқын алды.

Жаулап алу жорықтары Францияның ресурстары мен күшін артырды. Франция жаулап алған жерлері мен елдерін торап, контрибуция алып, бағынышты елдерге, әскери континеттерге өзіне тиімді кедендейк бағалар белгілеп, өз пайдасын еселеп артырып, казынасын толтырды.

Назар аударындар!

Буржуазиялық Францияның жаулап алу жорықтары феодалдық Еуропаға айтарлықтай ықпалын тигізді. Қақтығыстар феодалдық қатынастарды ыдыратып, капитализмнің дамуын тездедті.

1811 жылы Француз империясы үлкен аймақты иеленген ерекше қуатты мемлекетке айналды. Бағынышты елдер мен одактас мемлекеттерді қосқанда оның ықпалы бүкіл Батыс және Орталық Еуропаға дейін жүріп тұрды. Францияның бәсекелестері теніз жағынан Англия, құрлықта Ресей ғана болды. Буржуазиялық Францияның жаулалау жорықтарында женіске жету себептері құрлықтағы Еуропада оған карсы шықкан мемлекеттер, негізінен, нашар жасақталған, аз санды әскери бар феодалдық монархия мен шаруа-помещиктер еді. Францияның әскери женістеріне



Наполеонның кодексі

Германия мен Италияның саяси бытыранқылығы да өз жерін тигізді. Оның шегарасында күшті ұйымдастырылған мемлекеттер болған жок.

Наполеон жауап алған жорықтарының кезінде Франция шегарасын айналдыра куыршак мемлекеттерді құрып, олардың басына өз туыстарын отыргызып койды.

Француз билігі жауап алған елдерінде буржуазиялық реформалар жүргізді. Француз әскерлері басып алған аумактарда Наполеон кодексі енгізіліп, феодалдық тәртіп жойылды. Өндірісте капитализмнің дамуы цехтардың жойылуына әкелді. Шіркеу мен алпауыт жер неленушілердің жерлерінің темен бағада сатылуы жергілікті буржуазияның капиталин арттырды. Осы себепті капиталистік өндірістің дамуына мол мүмкіндік ашылды.

Наполеонның Рейн одағы мен Вестфаль корольдігын құруы, когамдағы діннің ықпалын азайтуы, Азаматтық кодекстің енгізілуі Германияда саяси өзгеріс орнатты. Осының нәтижесінде 200-ден астам ұсақ елге бөлінген неміс халқының басы бірігіп, біртұтас мемлекет болып қалыптасты. Наполеонның кодексі енген Италияда шаруалардың бұған дейін сакталған басыбайлылығы біржола жойылып, жер неленушілердің зандары орнады. Наполеонның ішкі шегараларды жойып, бірынғай зан жүйесі мен жалпы әскери бағыныштылыкты



Ватерлоо түбіншегі шайқас. Робинсон картинасынан фрагмент

енгізуі Италияның да біртұтас мемлекетке айналуына жол ашты. Германияда, Белгияда, Италияда француздардың үстемдік күруы жергілікті феодалдық аксүйектердің билігін шектеді. Испанияда феодалдардың үйымдары токтатылып, шаруаларға міндеттеген біркатар борыштар алынып тасталды. Герцогтік Варшавада шаруалардың басыбайлылығы жойылып, Наполеонның кодексі енгізілді.


Есте сақтаңдар

Наполеонның жаулап алған елдерінде феодалдық тәртіптің жойылуы он өзгерістерге ықпал етті, капитализмнің дамуына жол ашты, абсолюттік режимнің әлсіреуіне әкелді.

Еуропада либералдық қоғамдық идеяның таралуы. Еуропада капитализмнің дамуына жол ашкан Наполеонның жаулап алу жорыктары Еуропа мемлекеттеріне аксүйек буржуазия мен интеллигенцияға басымдық беретін либерализм идеясының (лат. *liberalis* – еркін) кең таралуына ықпал етті. Либерализм мемлекет тарапынан болатын барлық шектеулерге азаттық ұранын ұстаным етті. Ол шексіз билік неленген монархтар билігіне және католик шіркеуінің жоғары тармақтарына карсылықтан туындалды. Либерализм монархтардың құдіретті билік жүргізуіне карсы болды және дін жалғыз ақиқат көзі деңең ұстаныммен келіспеді. Оның орнына либерализм мынадай өз принциптерін ұсынды:

- адамның жаратылыш берген табиги құқықтарын сактау (өмір сүру құқығы, бостандық пен меншік);
- еркін нарыктық экономика;
- тұрғындардың азаматтық құқығына кепілдік;
- заң алдында барлық азаматтардың тендігі;
- парламентаризмді дамыту;
- мемлекет аткаруы тиіс міндеттер: сыртқы қауіптен шегараны корғау, мемлекет ішіндегі әлеуметтік тәртіпті қолдау, жекеменшікті корғау;
- мемлекеттік билікті заң шыгарушы, аткаруушы, сот қызметтеріне бөлу;
- үкіметтің халық алдындағы жауапкершілігі.

XIX ғасырдың ортасында либерализм қоғамда манызды кезкарасқа не болып, адамдардың жағдайын жақсартатын ауқымды қалыптасқан әлеуметтік теорияның негізі болып саналды. Либералдар революциялық міндеттерді реформа әдістерімен шешуге ұмтылды. Олар жалпыхалықтық сайлау, мемлекеттік істерді шешуде халықтың қатысуы, жергілікті биліктің дербестігі, әйелдер тендігі, алқабилер соты, салықты тен өлеу, сөз бостандығы, ар-ұят, еркін бас қосулар үшін куресті.



Дж. С. Милль
(1806–1873)

Батыс Еуропадағы жетекші мемлекеттерге таралған либералдық идея индустримальдық қоғамның қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Либералдар феодалдық тәртіптердің жойылуына монархияның шектелуіне және парламенттік басқарудың енуіне кол жеткізді.

XIX ғасырдың ортасындағы либерализм теориясының көрнекті өкілдерінің бірі ағылшын философы және экономисі Джон Стюарт Милль болды. Ол азаматтық қоғамдағы істерге мемлекеттің араласпауы қажет деген либералдық принципке сүйеніп, осыған орай өз дәйектерін келтірді:

- Жекетұлғалар ездеріне қатысты барлық істерді үкіметке қарағанда қашанда жаксы аткарады.
- Еркін қауымдастықтар арқылы үлкен өндірістерді жекетұлғаларға басқаруға беру аса аукымды қаржы мен жекетұлғалардың ой-өрісін өрістетіп, қабілеттің арттырып, жан-жақты болуына септігін тигізеді. Үкіметтік қызмет барлық уақытта және барлығына бірсарынды болады.
- Егер үкімет қоғамның алуан түрлі талаптарын орындауды мойнына алса және қызметке нағыз қабілетті адамдарды тартса, онда мемлекетте алуан түрлі бюрократия қалыптасып, оған елдегі барлық интеллигенция шоғырланады... ал қоғамның қалған бөлігі... (бюрократиядан) қалай және не істеу туралы кенестер мен нұсқаулар күтеді, – бұл жағдайда қоғамдағы ең қабілетті әрі әділетті мүшелер бюрократия қатарына қабылдануға талаптанады. Нәтижесінде қоғам ең қабілетті бюрократиялық корпорацияға айналады, сейтіп, қоғамның бір бөлігі басқаларды басқарып, жұмыс істеген секілді қалыпты әдетке айналдырады.

Білімдерінді тексеріндер

1. Наполеонның басып ату жорыктары Еуропаға қалай әсер етті?
2. Еуропаға таралған либералдық қоғамдық шеяның себептерін атандар.
3. Либералдық қозғалыска қатысушылар қандай максат қойды?
4. Либералдар өз күрестерінде қандай әдістерді колданды?

Тапсырма

1. Наполеонның Азаматтық және Қылмыстық кодексінен келтірген үзіншілерге байланысты мына сұраптарға жауап беріндер.
 - Кодекс мемшіктің қай түрін, қандай форманы бекітті?
 - Кодекс қожайын мен жұмысшы арасында қандай қатынас орнатты?

- Неке келісімі туралы бап кандай максатты қөздеген?
- Зан шығарушының өз экономикалық құқығы үшін курескен жұмысшыға қатынасы қалай?

1804 жылғы Азаматтық кодекстен

Меншіктік қатынастар мен оны пеленушілер туралы

538- бап. Мемлекет қарауына жататын даңғыштар мен жолдар, қәшелер, өзендер мен су жолдары немесе өзендер, жағалаулар, теңіз айлагы және орындар, теңіз порттары, айлактар, рейдтер – француз аумағының барлық беліктері мемлекет меншігі болып саналады, жекеменшікке берілмейді.

539- бап. Ешкім пеленебеген, несіз қалған, мұліктің тен пелері болып өмірден өткен, мұрагерсіз қалғандардың барлық мұліктің мемлекет меншігі болып саналады.

545- бап. Ешкім де когам қажеттілігі мен әділеттілікі қалыптастырудан басқа жағдайда, өз меншігінен еріксіз бас тартуға мәжбүрленбейді.

546- бап. Жылжымалы және жылжымайтын мұлікке пелік ету барлығына құқық береді (мұлікті өндіру, онын сапасына табиғи және жасанды түрде қатысуга).

Неке келісімі туралы

1428- бап. Эйелінің барлық жеке мұліктің басқарута күйеуінін еркі бар. Ол әйеліне тиісті барлық жылжымалы және жылжымайтын мұліктің бір өзі талап ете алады. Ері әйелінің барлық жеке мұліктің жағдайына жауапты, егер сактауга берілген мұлік әрекетсіздіктен, қараусыздықтан тозса, жауапты.

Жұмыс пен қызметке жалдану туралы.

Қызметші мен жұмысшы жалдау туралы

1780- бап. Өз қызметінді үсынған белгілі бір істін орындалуды мен онын мерзімі аралығында өзіне ғана жауапкершілік жүктеледі.

1781- бап. Жалакы мөшері, аяқталған жылдарға енбекақы мен ақы төлеу, өткен жылдарға сыйакы өндіру бойынша қожайынга сенім білдіріледі.

1810 жылғы Қылмыстық кодекстен

415- бап. Жұмысшылардың жұмыс орнындағы, бір сатке болса да, жұмысты тоқтаткан кандай да бір ереулдері, жұмыстың журмеуі, жұмыс уақытының алдында немесе одан кейін болса да жалпы жұмыска кедергі келтіру, оның бағасын есіру максатында әрекет жасағандар бір ай немесе үш айға дейін түрмеге қамалады. Ұйымдастырушылар мен оны колдаушыларға 2 немесе 5 жылға дейін жаза кесіледі.

2. Түсіндіріндер:

Феодалдық-абсолюттік Еуропаны талқандаган Наполеон тарихи манызды прогрессивті із калдырыды... Наполеон феодализмге сондай жойынын сокты жасады, одан ол қайта тұра алмады, Наполеон соғысының тарихи-эпопеялық прогрессивті манызы да осы (Е.В. Тарле).

3. Талқыландар:

Жекетұлғаның ой еркіндігі мен сез бостандытына, азат өміріне шектеу қойылса, – ол когам кандай басқаруда болса да азат саналмайды, жалпы бостандық ұғымы – жекетұлғалардың шексіз еркіндігі және ол қоғамның барлық мүшелеріне бірдей болуы (Дж. С. Милль).

§ 50–51. ДУНИЕЖҮЗЛІК СОҒЫСТАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІ

A. Бірінші дүниежүзлік соғыс. Версаль-Вашингтон жүйесі

Бұгінгі сабакта:

- Бірінші дүниежүзлік соғыстың себептері мен салдары;
- 1914–1918 жылдардағы соғыс арекеттерінің барысы;
- Версаль-Вашингтон жүйесі туралы білеміз.

Кітт Сөздер:

Қарама-қайшылық, одак, мобилизация, соғыс арекеттерінің көрінісі, майдан, позициалық соғыс, стратегиялық бастама, әлемдік конференция, демилитаризацияланған аймак, репарация, мандаттық жүйе, халықаралық қатынастар жүйесі

Соғыстың басталуына монополистік ұлы державалық топтардың қарама-қайшылығы, Еуропадагы аймақтық және отарлық талаптар, басқыншылық саясат себеп болды. Екі әскери-саяси блокқа болған державалардың өзара қарама-қайшылығы: бір жағында Ұлыбритания, Франция, Ресей мен олардың одактастары, ал екінші жағында Германия, Австро-Венгрия және олардың жақтастары арасындағы Бірінші дүниежүзлік соғыска әкелді.

1914 жылы 28 маусымда Сараево қаласында австро-венгрия тағының мұрагері Франц Фердинанд қастандықпен қаза тапты. Бұл оқиға Австро-Венгрия мен Сербияның карым-қатынасын шиеленістіріп, кезекті Балкан дағдарысына апарып сокты. 1914 жылдың 28 маусымында Германияның колдауымен Австро-Венгрия Сербияға карсы соғыс ашты. Бұл жағдай Ресейді де соғыска катысуға итермеледі. Оған жауап ретінде 1 тамызда Германия Ресейге, ал 3 тамыз күні Францияға қарсы соғыс аштынын мәлімдеді. 4 тамызда Германия Бельгияның бейтараптығын бұзды. Бұл жағдай Ұлыбританияның Германияға карсы соғысуына себеп болды. Сейтіп, Бірінші дүниежүзлік соғыс ерті тұтанды, оған (әлемдегі халықтың 87%-ы) 38 мемлекет катысты.

1914 жылғы соғыс. Генерал фон Шлиффеннің жоспары бойынша Германия тез арада Бельгия арқылы француз әскерлерінің тылдан шығуы тиіс болатын. Алайда Марна өзенінде болған шайкас бұл жоспардың жүзеге асуына кедергі келтірді. Осының нәтижесінде қақаған қыстың қарсаңында Батыс майдан құрсауында шептескен соғыс жүйесі калыптасты. Оз кезегінде орыс әскерлері соғыска толық дайындалып үлгермей жатып шабуылға шықты. Олар Шығыс Пруссия мен Галицияға қарсы майдан ашты. 1914 жылдың 20 тамызында болған шайқаста орыстың 1-әскерінің колбасшысы генерал П.К.Ренненкампф



Сараевода Австро-Имперацыйның тақ мұрагері
Франц-Фердинандтың өлтірілуі

женіске жетті. Алайда 26–30 тамыз аралығында Мазурск батпағында еткен кескілескен ұрыста тас-талқан болып женіліске ұшырады. 2-орыс әскерінің колбасшысы генерал А.В.Самсонов штабымен бірге коршауда калады. Ал Кавказ маңында түрік әскерлері мен орыс әскері арасында кескілескен ұрыс басталып, Кара теңізден Урми көліне дейін созылған Кавказ майданы құрылды.

Бұл уақытта ағылшындар Суэц каналын корғау үшін өз әскерлерін Палестинаға бағыттайды. Бұл жерде ағылшындар мен түріктер арасында қарсылық басталып, Месопотамия майданы құрылды. Сонымен қатар Англия теңізде Германия мен Австро-Венгрияға қарсы тоскауыл қойып, Африка мен Мұхит аралдарындағы немістердің барлық отарларын өз бакылауына алды.

1915 жылғы соғыс. 1915 жылы Германия мен Австро-Венгрия Ресейге күйрете соккы беруге дайындалды. Батыс майдандағы тыныштықты пайдаланған Германия мен Австро-Венгрияның негізгі құштері орыс әскерлеріне жойқын шабуыл жасап, майданды бұзып өтеді. Орыстар Польшаны, Галицияны және Литваны тастап кері шегінуге мәжбур болды. Алайда Шығыс майданды толығымен жоюға немістер мен австриялықтардың құштері жетпеді.

1915 жылдың сәуірінде Ипромның тубінде немістер ағылшын-француз әскерлеріне қарсы улы газ колданды. Осы алапат удын зардабынан 5 мыннан астам адам каза тапты. Алайда майданды бұзып өтуге барібір шамалары жетпеді.

1915 жылдың қыркүйегінде Болгария өзінің ежелгі қарсыласы Сербияға соккы беруге шешім қабылданап, Германияны колдан майданға кіреді. Сербияны австро-болгар әскерлері толық басып алады.



Орыс аскерінің генерал А.Брусилов
қолбасшылығымен шабуылы. 1916 ж.

Соғысқа Болгарияның қосылуынан Төрттік одак күрүлді (Германия, Австро-Венгрия, Турция және Болгария). Италия бұл соғыста Балқандагы Адриат жағалауын піленуді ойлаپ, Антантаны колдады. Алайда итальяндықтар австриялықтармен болған шайқаста жеңіліске үшірейді. 1915 жылды жорық *Төрттік одак*қа стратегиялық басымдылық әкелді.

1916 жылғы соғыс. Ресей белсенді соғыс жүргізе алмайды деп санаған Германия өзінің негізгі күшін Батыс майданға алғып кетті. Ақпан айында немістер Парижден 330 шакырым жерде орналаскан француздардың манызды корғаныстарының бірі саналатын Верден қамалына шабуыл жасайды. Осы ұрыста немістер 600 мың адамынан айырылып, бар болғаны 7 шакырым ғана алға жылжыды. 1916 жылдың 31 ма-мырында Ютландия түбекінде болған аса ірі теніз ұрысында немістер ағылшындардан жеңілді, олар құрған тосқауылды бұза алмады. Жаз мезгілінде Антантаның Батыс және Шығыс майдандарында бір уақытта шабуыл бастауы Галициядағы майданның ыдырауына әкелді. Орыс аскерлері генерал А.Брусиловтың қолбасшылығымен шабуылға шығып, 11 күннің ішінде 70–75 шакырым жер алға жылжыды. Мұндай қарқын Бірінші дүниежүзілік соғыс тарихында болмаған. Австро-Венгрия мемлекеті кулау алдында түрді. Соғысқа Румыния мен Грекия да араласты, олар Антантаны колдады.

1917 жылғы соғыс. 1917 жылдың басындағы жорыкта Төрттік одактың стратегиялық басымдылығы әлсіреп, бүрлингидай қарқынды болмады. Антантага мүше мемлекеттер 1917 жылы барлық майданда шабуылға шығып, карсыластарын біржолата жеңуді жоспарлады.

Алайда Ресейде басталған Ақпан төңкерісі жағдайды күрт өзгерти. Төңкеріс орыс әскерлерінің соғыска деген қарсылығын тудырды. Шығыс майдандағы жаз мезгіліне жоспарланған шабуыл болмайтын болды. Ресейде билік басына большевиктердің келуіне орай қазанның сонында келісімге келу туралы бітім жасалды. Шығыс майдан ыдырады. Кавказ майданындағы соғыс кимылдары да тоқтатылды. Бұл уақытта Палестина мен Месопотамиядағы майданда ағылшындар белсенді ұрыс журғізіп жатты. Ал Батыс майдандағы соғыска АҚШ-тың кірісуі маңызды рөл атқарды, өйткені адам саны жағынан да, өндірістік күші жағынан да бұл мемлекет алда болатын. Эскери-теніз ұрыстарына АҚШ-тың араласуы теніздең соғыстың беталысын өзгерти.

1918 жылғы соғыс. 1918 жылы 3 наурызда Брест-Литовскіде Кеңестік Ресей Германия, Австро-Венгрия, Болгария және Түркиямен бейбіт келісімге қол қойды. Ресей Литва, Курляндия, Лифляндия, Эстляндия және Белоруссияның бір белігінен айырылды. Түркияның иелігіне Кавказдағы Карс, Ардаган және Батуми өтті. Украина мен Финляндия дербес, жеке мемлекеттілікке не болды. Келісімшартка сай Ресей өзінің 1 млн шаршы шакырым аймағынан айырылды және Кенес үкіметі Қызыл әскердің біршама белігін таратуға міндетті болды. 1918 жылдың 27 тамызындағы орыс-герман келісіміне сай Ресей Германияға контрибуция есебінде 6 млрд марка төлеуі тиіс болды. Осы келісімдерден кейін Германия өзінің Шығыс майдандағы әскерін әкетуге мүмкіндік алды да, 1918 жылы шілде айында Батыс майданда аса қуатты бес шабуыл үйімдастырды. Алайда Марнада болған ұрыс соғыс әрекеттерінің тағдырын біржола шешті: осыдан кейін неміс әскерлері тек қана шегінумен болды. Күзде Антанта барлық майдан бойынша шабуылды бастиды. Бірінші болып Болгария тізе бүкті, 29 кыркүйекте Антантамен келісім жасады. 30 казанды осындаі келісімді Түркия да жасауға мәжбур болды. 3 қараашада Австро-Венгрия женілгенін мойыннады. Ең сонында 1918 жылдың 11 қараашасында Батыс майданын қолбасшысы француз маршалы Ф.Фош Германияның женілгенін білдіретін келісімге қол қойды. Бірінші дүниежүзілік соғыс Антантаның женісімен аяқталды.

Есте сақтаңдар

1919 жылы 28 маусымда Германия қол қойған Версаль бейбіт келісімі 1914–1918 жылдары болған Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанын көрсетti.

Осы соғыс барысында 10 млн-ға жуық адам қаза тапты. Соғыс зардабынан болған аштық пен түрлі жүқпалы аурулардан қайтыс болған адамдар саны 20 млн-нан кем болмады.

Версаль-Вашингтон жүйесі

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы соғыстан кейінгі әлемнің құрылымы қандай болу керек деген мәселені туындатты. Женімпаз мемлекеттер алдына мынадай мәселелер қойылды: 1) өздеріне колайлы халықаралық қатынастардың жаңа жүйесін калыптастыру; 2) ірі державалар ықпалын жүргізетін салаларды айқындау, оларды соғыс шарттарына сай келтіру, 3) Германияның отарлары мен Түркияның пеліктерінің тағдырын шешу.

Осы мақсатта 1919 жылы *Париж бітім конференциясы* шакырылып, оған 27 мемлекеттің өкілдері қатысты. Алайда ондағы маңызды мәселелерді шешүте негізгі үш мемлекет – Ұлыбритания, Франция және АҚШ қана құзырлы болды.

АҚШ жаңа әлемдік тәртіп орнатуга күш салды, оның мақсаты Американың ықпалын тек жекелеген аймақта ғана емес, әлемдік деңгейде жетекші ретінде қалыптастыру болды. Бұл орайдағы негізгі құрал өздері ұсынған халықаралық үйім – Ұлттар Лигасы еді. Ұлыбритания соғыста қолға тускен олжаларды заңдастырып, өзінің әлемдік аренадағы ықпалының негізгі құралы ретінде Британ империясының құдіретін арттыруға ұмтылды. Франция өзінің басты карсыласы Германияның әлсірегенін негізге ала отырып, Еуропада жетекші орын алу үшін күресті және отарлық пеліктерден мол үлес алуға ұмтылды.

Есте сақтаңдар

Негізгі халықаралық қатынастарды қалыптастырушылар арасында белгілі бір уақыт аралығында өзара байланыс ерекшелігі орнайды. Бұл қатынастар халықаралық қатынастар жүйесі немесе халықаралық жүйе деп аталатын құрылымның әрбір қалыптасу кезеңінде ерекше маңызға ие болады.

Конференция кезінде оның негізгі қатысушылары арасында өз мүдделері үшін қызу таластар орын алды. Осындаі қайшылыкты көзқарастарына қарамастан, Ұлыбритания, Франция, АҚШ ортак шешімге келіп, бейбіт келісімшарт жасасады. 1919–1920 жылдары Германия мен оның жақтастары Австрия, Венгрия, Болгария және Түркиямен бейбіт келісімге қол қойылды. Женімпаз елдер әлемнің соғыстан кейінгі қалыптасуына арналған *Версаль жүйесін* құрды.

Германиямен жасалған Версаль бейбіт келісімі соғыстан кейінгі халықаралық қатынастардың негізі болды. Осы келісімшарттар бойынша Германия аумағының бірката жерлері көрші мемлекеттерге берілді. Германия өз аумағының 1/8 келемінен, ал халқының 1/12 бөлігінен айырылды. Рейннің сол жағалауы 15 жылға одектастар әскерінің қарамағына өтті. Рейннің он жағалауында ені 50–60 шакырымға



1919 жылы Париж манындағы бұрынғы король резиденциясында
еткен Версаль келісімі

созылған қарузыздану аймағы құрылды, мұнда герман әскери базалары мен құрылымдары, барлық әскери қорғаныс бекеттері толық жойылуы тиіс болды. Германияның әскери куаты бірден қысқартылды: 100 мың ерікті түрде жасакталған әскер, әскери-теніз флоты аздаған өзгертулермен одектастар қарамағына берілді. Германияға суасты флотын, әскери авиация ұстауға тыйым салынды, аса ірі корабль жасауға рұқсат берілмеді. Олар айышпұл төлеуге міндеттеді, оның отарларын жеңімпаздар өзара беліп алды.

Германияның жактастарымен жасалған келісімдер Еуропа мен Азияның картасына біраз өзгеріс екелді. Еуропа картасынан Австро-Венгрия мүлде жойылды: Австрия мен Венгрия жанынан жаңадан хорваттар және словениялықтар, сербтер корольдігы – Чехословакия (1929 жылдан Югославия) пайда болды. Австро-Венгрия аумағының қалған бөлігі Италия, Польша, Румынияға беліп берілді. Әскери флоты және оның Дунай флотилиясы жеңімпаз мемлекеттер қарауына өтті. Венгрия бұрынғы Австро-Венгрия монархиясының жерінен бас тартып, осы жерде жаңадан құрылған Чехословакия мен хорват, словения, сербтер корольдігын мойындады. Венгрияға танк пен ауыр артиллериесі бар шағын санды әскер ұстауға рұқсат етілді, әскери авиацияға тыйым салынды. Венгрия флотынан айырылды, өз аумағына каружарак, әскери материалдар мен құралдар кіргізуға тыйым салынды. Болгария жерінің бірқатар аймағы Румынияға, Югославияға, Грекияға өтті. Болгария барлық флотынан айырылып, әскері қысқартылды.

1920 жылы болған *Севр келісіміне* орай Түркия өзінің тәуелсіз мемлекет дербестігін жоғалтып, ұлы державалардың жартылай ота-

рына айналды. Оның аумагы Кіші Азияға дейін қыскарып, Стамбул Босфордың еуропалық жағалауындағы шағын аймакпен шектелді. Түркіяның Еуропалық бөлігінде орналасқан аймактары түтелімен және Измир порты Грекияға берілді. Түріктердің араб жерінің шығысында орналасқан иеліктерін Ұлыбритания мен Франция өзара беліп алды. Босфор бұғазы мен Дарданел ұзын державалардың өкілдіктерінен қураған халықаралық комиссияның бакылауына етті. Түркіяға каржылық бакылау орнатылды. Түркія халқы Ұлт-азаттық козғалыс бастап, соның нәтижесінде 1923 жылы Түркія Тәуелсіз республика болып жарияланды. Севр келісімі де толық жүзеге аспады. Оның орнына Лозанн келісімі жасалып, онда Түркіяның тәуелсіздігі мойындалды.

Соғыстан кейін Германия отарлары мен Түркіяның шелігіндегі араб жерлерінде бас көтерген ұлт-азаттық козғалыстар конференцияны үйымдастырушыларға отарлық мәселелерде әділетті түрде жана шешімдер қабылдауга итермеледі. Осында қажеттіліктен келіп басқарудың арнағы әдісі – мандаттық жүйе ұсынылды.

Жаңа келісімдерге сай Германия мен Түркіяның Таяу Шығыстағы отарлары бұдан былай отарлық бұтаудан босатылғаны жарияланды. Алайда ондағы дамудың мешеулігі мен өркендеуте дайындықтың болмауына орай мұндағы елдер өз аяқтарына тұрғанша тәуелсіздіктерін бірден алмай, қуатты, дамыған, дербес мемлекеттердің қамкорлығында болады. Осы аймактарды қамкорлығына алған қамкоршы-мемлекеттер отар елдер тәуелсіздік алғанша мандаттық басқару жүйесін дайындауды қажет болды. Мандаттық жүйе Ұлыбритания, Франция, Жапония се-кілді державаларға отар елдерді әлі де ұзақ уақыт жаңа формада басқарып, өз күдіреттерін жүргізуге мүмкіндік берді. Париж конференциясының манызды жұмыстарының бірі Ұлттар Лигасының құрылуы болды. Лига барлық халықтар арасындағы байланысты арттырып, бейбітшілік пен қауіпсіздік кепілі міндетін атқаратын болды. Ұлттар Лигасының басты органы Ассамблея, Кенес және тұрақты Хатшылық болды.

Есте сақтандар

Версаль жүйесі Бірінші дүниежүзілік соғыс нәтижелерінә орай халықаралық-құқықтың қалыптасуын және соғыстан кейін алемдегі қалыптасатын жаңа құштердің өзара қатынасын сипаттады.

Бұл халықаралық жүйенің аркасында жана элементтер пайда болды: бейбітшілікті сактау жөніндегі халықаралық үйым – Ұлттар Лигасының құрылуы, мемлекеттер байланысындағы принциптердің дайындау және олардың арасында болатын жанжалдарды реттеу, Ұлттар Лигасы жаңынан арнағы агенттік құру, енбек пен капитал арасында келісілген саясат бойынша Енбектің халықаралық үйімін, мандаттық

жүйені құру. Версаль жүйесінің қарама-қарсы сипаттамасы оны құрушылардың Германияға катынасынан көрінді. Версаль жүйесін құрушы Германияның бәсекелестері оны әлсіретуге күш салды. Сонымен катар олар елдегі төңкерісті тұншықтыру үшін неміс буржуазиясына көмек көрсетуге де үмтігіз. Бұл үшін герман монополистерінің экономикалық мудделерін қорғау мен әскери құштерді колдау қажет болды, ейткені әскер Германидагы сондай-ақ әлемдегі төңкерістік қозғалыстарды басуға керек еді.

Версаль жүйесінің антидемократиялық сипаттамасы шағын мемлекеттердің халықтарымен карым-катынаста көрінді. Әлемдегі аймактық бөліністер сол аймактарда тұратын халықтардың емес, құдіретті державалардың мұддесіне сай бөлініске түсті. Румынияға венгр және болгар халкы бар аймак косылды, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы аймактық белініс Болгария мен Югославия, Венгрия мен Чехословакия, Чехословакия мен Польша арасында өткір қайшылықтар туындасты.

Версаль жүйесінің империалистік сипаты конференцияға катысушылардың мынадай ұсыныстарын қалыптастырыды:

- 1) әлемге төңкерістік қозғалыстар тарамау үшін Кеңестік Ресейді халықаралық оқшаулауға кол жеткізу;
- 2) мандаттық жүйе құрып, модернизация жасау жолын желеу етіп отарлық жүйені сактап қалу.

Есте сактаныңдар

Әлемді белісу Версаль жүйесіндегі қарама-қарсы және антогонистік сипаттағы құштер анықтаған принциптер бойынша жүзеге асты.

Жаңа тәртіп куатты державалардың барлығының бірдей көnlінен шыға қойған жок. Версаль жүйесі бойынша Ұлыбритания мен Франция көп артықшылықка не болды. АҚШ-тың әлемдік жетекшілікке ұмтылуы сәтсіз аяқталды.

АҚШ Париж бітім конференциясында кері қайтарылған өзінің талаптарын қайта канагаттандыру үшін 20-жылдардың басында Версаль жүйесіне өзгеріс енгізу туралы мәселе көтерді. Америка үкіметі Вашингтонда халықаралық конференция өткізу ұсынысын білдіріп, басқа ірі державалардың келісімін алды. 1921–1922 жылғы 9 мемлекет қатысқан Вашингтон конференциясы барысында АҚШ халықаралық манызды мәселелерді шешуде өзінің басымдығын айқындауға тырысты және оған кол жеткізді де.

«Тогыз державаның шарты» бойынша АҚШ Қытайда өзінің беделін бірден арттырып, ал Жапония Қытайдағы беделінен айырылды.

«Бес державаның шарты» (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Жапония) – теңіз кару-жараптарын шектеу АҚШ-ка өз флотының желісін британдыктармен тенестіруге мүмкіндік берді, ал жапондық желілік флоттың көлемі онсыз да төмен болған. АҚШ өзіне тиімді тоннадағы линкорлар калыптастыруға кол жеткізді.

«Төрт державаның шарты» (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Жапония) – Тынық мұхит бассейніндегі мұдделері мен өз құқыктарын бірлесе корғау АҚШ-ка карсы бағытталған 1902–1921 жылдардағы ағылшын-жапон одағының жойылуына әкелді.

Назар аударыңдар!

Вашингтон конференциясын шақыру мен оның шешімдері Париж бітім конференциясының жалғасы және Версальға енгізген аздаған өзгеріс болды.

Вашингтон конференциясы өзінің шешімдерімен соғыстан кейінгі әлемдік кұрылымдағы жаңа халықаралық қатынастар жүйесіндегі калыптасуды аяқтады, әлемдік саясатта АҚШ-тың рөлін арттырып, *Версаль-Вашингтон жүйесі* деген атау алды. Вашингтон конференциясының шакырылуы мен оның шешімдері Версаль жүйесінің мәнгілік емес екенін, ол тек ірі державалар қарама-қайшылығын уақытша реттейтінін, бірақ оларды қанағаттандырмайтынын көрсетті. Вашингтон конференциясынан кейін бұл қайшылыктар белек ала түсті.

Есте сақтаңдар

Версаль-Вашингтон халықаралық қатынастар жүйесінің әлсіреуі оның әлемдегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі әділеттілік принциптерін қалыптастыруына сай келмеуінде болды. Бұл қарама-қайшылықтың соңы Екінші дүниежүзілік соғысқа әкеледі.

Білімдерінді тексеріндер

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері кандай?
2. Бірінші дүниежүзілік соғыстың ірі шайқастарын атандар.
3. Бірінші дүниежүзілік соғыстың корытындысы қалай болды?
4. Версаль-Вашингтон жүйесі туралы айтындар және оның кемшиліктерін түсіндеріндер.

Тапсырмалар

Ұлттар Лигасы жарғысының үзіндісімен танысындар, сұраптарға жауап беріндер.

1. Ұлттар Лигасы кандай мақсатта құрылды?
2. Бейбітшілікті сақтауда Ұлттар Лигасы қандай ұсыныстар білдірді?
3. Германияның бүрінғы отарлары мен Туркияның бүрінғы пелігін басқаруда Ұлттар Лигасы енгізген мандаттардың категорияларын атандар. Олардың маңызын ашындар.

Ұлттар Лигасының жарғысынан (1919 жылы 28 сәуір)

Жоғарғы келісуші тараптар халықтар арасындағы ынтымактастықты дамыту үшін және олардың қауіпсіздігі мен бейбіт өміріне кепілдеме беру үшін бірқатар міндеткерліктерді – сотыска жүтінбеу, әділеттілік пен ар-ұжданга негізделген толық жариялықта халықаралық карым-катастың колдау, үкіметтер саясатының ресми ережесі ретінде қабылданып отырган халықаралық күкүйтың талабын қатаң сактау, әділеттіліктің үстемдігін орнату және келісімшартпен айқындалған барлық міндеткерліктерді ұйымдастыру және оның арқасынан өзара тен катынастары жағдайында сактауды ескере отырып. Ұлттар Лигасы бекіткен осы жарғыны қабылдайды.

8-бап

Лига мүшелері бейбіт өмірді сактау, ұлттық каруланды ұлттық қауіпсіздікті сактаута сәйкес деңгейге дейін шектеуді және осы бағыттағы халықаралық міндеткерліктерді орындауды талап ететіндігін мойындаиды.

Кенес... түрлі үкіметтермен міндеттерді қабылдағанинан кейін бекітілген карулану деңгейін Кенестің келісімінсіз көтеру мүмкін болмайды...

Лига мүшелері өздерінің карулану көлеміне, әскери, теніз және әуе бағдарламаарына және соғыс үшін пайдалануга жарамды өнеркәсіп салаларының ахуалына қатысты барлық мәліметтермен алмасып отыруга міндеттенеді.

10-бап

Лига мүшелері ұйымға мүші елдердің азмактық тұластығын және саяси тәуелсіздігін құрметтеуге және сактауга міндеттеме алады. Шабуыл жасалған жағдайда немесе шабуыл жасауга күнде төңген жағдайда Кенес осы міндеттеменің орыншалатуын қамтамасыз ету үшін шараптар қабылдайды.

11-бап

Лига мүшелерінің кез келген мемлекеттіне соғыс қаупі теніп тұрған жағдайда сол елдің сұрауымен Бас хатыны шұтыл түрде Кенесті шакырады.

Лиганың кез келген мүшесі достық жағдайында Ассамблея немесе Кенестің назарын халықаралық катынаска ықпал ететін жағдайға, болмаса бейбітшіліктің орын атуына, тәуелді халықтар арасындағы достық келісімге аудара алады деп жарияланады.

12-бап

Лига мүшелері өздерінің арасында жаңжал тұған жағдайда осы мәселені шешу үшін үшінші бір тарапты тарта алады немесе сот жолымен шешүте жүтіне алады, болмаган жағдайда олардың таласы Кенесте қаралады. Одар сонымен катар алқа соттарының немесе соттық қаулының немесе Кенес баяндамасының шешімінен кейінгі үш айлық мерзімнің ішінде соғыска жол бермеуі жөнінде өзара келіседі.

Осы бапта қаралған барлық жағдайда алқа соттарының шешімі немесе соттық қаулы ақылтағонымды мерзімнің ішінде шыгарылтуы тиіс, ал Кенестің баяндамасы өз қаруына талас мәселе талқылауга түсken күннен бастап алты айдан ішінде жасакталуы кажет.

13-бап

Егер де Лига мүшелері өздерінің арасында алқа сотымен немесе соттық қаулымен шешімі табылмайтын жаңжал туындаитын болса, бұл талас дипломатиялық жолмен шешілмейтін болса, мәселені толыктай алқа сотында талқылауга немесе сот арқылы шешүте келіседі.

16-бап

Егер де Лига мүшесі 12, 13 және 15-баптардағы қабылданған міндеттемелерге қарамастан соғыска жүтінетін болса, онда ол Лиганың басқа барлық мүшелеріне қарсы соғыс ашқаны болып карастырылады. Сонғылары мүндай елмен барлық сауда, қаржылық байланыстарын үзіп, өз азаматтары мен ұйымның жарғысын бұзған ел

азаматтары арасындағы қаржылық, сауда немесе жеке қарым-қатынастарға тыйым салуы тиіс.

Атапмұш жағдайда Кенес мүшелі үкіметтерге Лиганың міндеттеріне деген күрметті сактау бағытындағы әскери құмылдар жүргізуте қажетті әскери, теңіз немесе ауе күштерінің сандық құрамын ұсынуға міндетті.

Лига мүшелері дағдарыс жағдайында шығындар мен қыныңқтардың алдын алу үшін қаржылық және экономикалық шараптар қолдану барысында өзара көмек беруге келіседі. Олар жарғыны бұзған елте қарсы шараптар қабылдау барысында тең дәрежеде өзара көмек көрсетеді. Ұйымға мүше елдер осында операциялар уақытында әскери күштерінің өз аумактары арқылы өтуін женилшетуді камтамасыз етуге міндетті.

22-бап

Келесі принциптер соғыс нәтижесінде бұрынғы үстемдік етуші мемлекеттердің бақылаудынан босаған және, алі де болса, осындаи курделі кезеңде өзін-өзі басқаруга қаукарсыз халықтар орналасқан отарлар мен аумактарға қолданылады. Бұл халықтардың әл-аукаты мен қадамы өркениеттің қасиетті миссиясын қурайтын және бұл миссияның жүзеге асуын нағыз статуска үйлестіреді.

Бұл принципті жүзеге асырудың ен тиімді тәсілі – осы халықтарды жетекші үлттарға камкорлықка беру. Олар бұл камкорлыкты Лиганың атынан мандат жүйесі арқылы жүзеге асырады.

Мандаттын сипаты халықтың қадамы, аумагының географиялық орналасуы, оның экономикалық жағдайы және басқа жағдайлармен анықталуы тиіс.

Барлық жағдайда мандатты пеленуші мемлекет Кенеске жыл сайын өзінің қарастырылған аумакқа қатысты хабарлама жіберіп отыруы тиіс.

Мандаттың ерекшелігі халықтар қадамының деңгейіне, аумактың географиялық жағдайына, оның экономикалық шарттарына және басқа да ұксас жағдайларына байланысты айырмашылық болады.

Бұрын Оттоман империясының құрамында болған бірқатар аймактар, белгілі қадам деңгейіне көтеріліп, дербес ұл болып қалыптасуы уақытша мойындалуы мүмкін, тек бірқатар шарттар негізінде олар өздерін-өздері басқара алғын деңгейге жеткенше, Мандат жүйесі өз кенесі мен көмегін беріп, оларды басқаруды жалғастыра береді.

Орталық Африка орналасқан халықтар қалыптасқан қадам деңгейіне сай аумакты мандаттық басқаруга аларда бірқатар шарттар қойды, ар-намыс пен дін еркіндігіне кепілдік берсін деп талап етті.

Онгүстік-Батыс Африка аумактары мен Тынық Мұхиттың онгүстік бөлігіндегі бірқатар аралдарда халықтың аз коньстантына орай, сыртын ортамен байланыстын аз болуына байланысты өркениет оргалығынан тыс жатқандыктан, оларды басқаруда мандаттық заны қолайлы болды әрі олар оның аумагының құрамында болатын.

Ә. Екінші дүниежүзілік соғыс. Ялта-Потсдам жүйесі

Себептері. Соғыс Версаль-Вашингтон халықаралық қатынастар жүйесіндегі кемшиліктерден бастау алды. Соғысты бастаған қалыпташының негізін фашистік одактас елдер – Германия, Италия және Жапония құрды. Олар әлемдік саяси-экономикалық және геосаяси кеңістікті толығымен қайта өзгеріп, «жаңа әлемдік тәртіп» орнатуды максат етті. Германия Версаль жүйесіне өзгеріс енгізуге және Орталық әрі Шығыс Еуропаға өз ықпалын орнатуға тырысты. Италия Балқан мен Солтүстік-Шығыс Африкаға әскери-саяси билігін қалыптастырып, экономикалық ықпалын арттыруды көздеді. Жапония Тынық мұхит

аймағы мен Кыр Шығысты иеленбек болды. Алдарына осындаи біріккен геосаяси мақсат қойған Германия, Италия және Жапония, шегаралар шебін өзгерту мен әлемге өздерінің билігін орнату үшін Версаль-Вашингтон жүйесіне өзгеріс енгізбек болды.

Басқыншы фашистік одакқа Ұлыбритания, Франция, АҚШ мемлекеттері карсы тұрып, халықаралық қатынастарда өздері құрган статус-квоның өзгермеуін калады. Олар әлемнің саяси картасының түбекейлі қайта жасалуына карсы болды.

1939 жылы Германия аса қуатты әскери-экономикалық күшке не болып, өндірістік енеркәсіп деңгейі бойынша батыс европалық елдердің бәрінің алдында болды. Германия агрессиясына Батыс елдерінің карсылығы «тыныштық» саясатының аркасында әлсіреп түсті. Осының нәтижесінде Германия Австрияға аишлюс (куштеп өз күрамына косу) танытып, 1938 жылғы Мюнхен келісіміне сай Чехословакияның Судет аймағын өзіне қосып алды. 1939 жылдың мамырында Италия мен Германия одектасу туралы келісімге кол кояды. 23 тамызда шабуыл жасамау туралы кенес-герман пактісі кабылданады, сейтіп, Германия өзін еki майданда бірдей соғысадан күтқарды.

1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польшаға басып кіреді. Бұган жауап ретінде Ұлыбритания мен Франция 3 қыркүйекте Германияға қарсы соғыс ашады. Еуропада тұтанған соғыс өрті әлемдік деңгейге ұласып, үш кезенді қамтыды.

Есте сақтаңдар

Екінші дүниежүзілік соғыс Германияның 1939 жылы 1 қыркүйекте Польшаға басып кіруінен басталды.

Бірінші кезең: 1939 жылғы қыркүйек – 1942 жылғы маусым. Бұл кезенің ерекшелігіне басқыншының нақты басымдылығы көрініп тұrsa да, соғыстағы әрекеттерінің ауқымын тез ұлғайту, соғысуышы карсыластардың нақты күрамын анықтау жатады. Польшаны басып алған соң, 1939 жылы қыркүйекте Германия мен КСРО Польша аумағын бөлісіп, ортак шегараны белгілейді. Финляндиямен аумактық

Бүгінгі сабакта:

- Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен кезендері;
- халықаралық қатынастағы Ялта-Потсдам жүйесінің қалыптасуы, оның биполярлық сипаты туралы білеміз.

Кітт сөздер:

аншлюс, агрессор, Үштік пакті, антигитлерлік коалиция, сөзсіз жеңілу, де-колонизация, көпполярлық, биполярлық, бейтараптылық қозғалыс, ядролық фактор



Лондонның белгілі бір ауданына неміс авиациясының шабуылынан кейінгі көрініс. 1940 ж.

келіспеушілікке орай Кенес-фин соғысы басталады. Ол 1940 жылы наурызда аяқталып, бейбіт келісімге кол қойылады. Келісім нәтижесінде орай Финляндия КСРО-га жерінің біраз бөлігін береді. 1940 жылдың мамырында Германия Дания мен Норвегияны басып алып, Атлант мұхиты аймағы үшін болатын соғыста өзіне тиімді жағдай жасайды. 1940 жылы 10 мамырда Германия Францияга шабуылға шығып, оның жерінің 2/3 бөлігін басып алады, бұдан соң Германия Бельгия, Нидерланд және Люксембургті өзіне каратады. Бұл уақытта Балтық жағалауы елдерінің жаңа кенесшіл үкімет басшылары референдум өткізіп, КСРО-ның құрамына өтеді. КСРО Румыниядан Бессарабияны кайтаруды және өз құрамына Буковинаны косуды талап етеді.

1940 жылдардың ортасында неміс авиациясы Ұлыбританияға күшті сокқы жасайды. Бұл шабуылға ағылшын ұшқыштары тойтарыс беріп, карсылық көрсетеді.

1940 жылдың 27 қыркүйегінде Берлинде Германия, Италия және Жапония әскери одак құру мен өздерінің ықпалдарын арттыру келісімін бекітіп, Үштік пактіге кол қояды. 1940 жылы қыркүйек айында итальяндық жауынгерлер Африкада ағылшын әскеріне қарсы соғыс кимылдарын бастайды. Солтүстікафрикалық майдан басталады. 1940 жылы желтоқсанда Гитлер КСРО-га басып кіру туралы шешім қабылдан, «Барбаросса» жоспарын бекітеді.

1941 жылы ағылшын колониялдық әскерлері Эфиопиядағы итальяндықтарды тізе бүгүте мәжбүр етеді. Соғыс өрті Солтүстік Африка мен Балқанда да тұтанды. Неміс әскерлері Югославия мен Грекияны басып алып, ағылшын әскерлерін җеніліске ұшыратып, Балқанды толық



Кенес әскерлерінің Мәскеу түбіндегі карсы шабуылы. 1941 ж.

бакылауларына алады. Бұдан соң Германия өз әскерлерін КСРО-ның шегарасына шоғырландыра бастайды.

Есте сақтаңдар

1941 жылы 22 маусымда Германия соғыс жарияламастан Кенес Одағына басып кірді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас белігі болып табылатын, Ұлы Отан соғысы басталды. 12 шілдеде Ұлыбритания мен КСРО Германияга карсы бірлескен іс-кимыл жүргізу туралы келісімге қол қойды, бұл антигитлерлік коалицияның басы болды. 1941 жылдың тамызында Ұлыбритания мен АҚШ соғыстағы өздерінің мақсаттарын көрсетіп, Атлантикалық хартияға қол қойды. 1941 жылы 5 желтоқсанда Қызыл әскерлер Мәскеу түбінде карсы шабуылға шыкты, бұл Кенес Одағын жылдам басып алу жоспарын іске асырмады.

1941 жылы 7 желтоқсанда Жапония АҚШ пен Ұлыбританияға карсы ірі келемдегі шабуылды бастады. 1941 жылы 8 желтоқсанда АҚШ Екінші дүниежүзілік соғыска кірісті. 9 желтоқсанда Германия мен Италия АҚШ-ка карсы соғыс ашты. Ал АҚШ пен Ұлыбритания Жапонияға карсы соғыс жариялады.

1942 жылы 1 кантарда Ұлыбритания, Қытай, КСРО, АҚШ және 22 мемлекет фашистік (Уш пакті) елдерге карсы бірлесе курсу үшін *Біріккен Ұлттар Ұйымының* мәлімдемесіне қол қойды. Қантар айында Солтүстік Африкада итальян-герман әскерлерінің шабуылы басталды, ағылшындар Египеттен ығыстырылып шығарылды. Жаз мезгілінде герман әскерлері Еділ мен Кавказда шабуылға шыкты.



Сталинград шайкасы

Германия мен Италия онтүстігі Ливиядан басталып, солтүстігі Баренц теңізіне дейін, батыста Бискай шығанағынан шығыстағы Еділге дейін созылып жатқан ұлан-ғайыр аймақты бакылауарына алды. Жапония бұдан да үлкен кеңістікке: Жана Гвинеядан Алеут аралдарына және Үндістаннан Маршалл аралдарына дейін басымдылығын жүргізді. 1942 жылдың сонына қарай олардың басымдылықтары азая бастады. Ал антигитлерлік коалиция әскери күш пен адам ресурстары жағынан бірнеше есе басым болды. Бұл жағдайлар Үш пактілі елдердің үстемдігін азайтып, соғыстағы белсенді әрекеттеріне тосқауыл болды.

Екінші кезең: 1942 жылдың маусымы – 1943 жылдың желтоқсаны. Ен алғашқы болып Жапония Тынық мұхиттегі Мидуэй аралында женеліске ұшырады. Кеңес-герман майданында 1942 жылы тамыз айында Сталинград үшін алапат шайкас өтті, оған жарты миллионға жуық адам қатысты. Қараша айында кеңес жауынгерлері Сталинград тубіндегі неміс-румыниялық майданын бұзып өтіп, фельдмаршал Паулюстің 300 мындақ әскерін коршауга алады. *Сталинград шайкасы соғыстағы бетбұрыстың бастауы болды*. Шілде айында Германияның Шығыс майдандағы Курск тубіндегі карсы шабуылға шығу әрекеті толық сәтсіздікке ұшырады. *Курск шайкасы бұдан кейінгі соғыс тағдырына түбекейті бетбұрыс жасады*. Бұл кезең де Ұлыбритания, КСРО, АҚШ жетекшілері Тегеранда өткен жоғарғы денгейдегі алғашқы кездесулерін өткізді.

Үшінші кезең: 1944 жылдың кантары – 1945 жылдың 2 қыркүйегі. 1944 жылдың 6 маусымында одактастар Нормандияға 3 млн адам

түсіріп, Францияда фашистерге қарсы Екінші майдан ашты. Олар Онгустік Францияға да әскерлерін апарды. Батыс Еуропалық науқан барысында олар жыл сонында Францияны азат етуге қол жеткізді. Арденде неміс әскерлерінің қарсы шабуылын тойтарған одактастар 1945 жылы Рейннен өтті.

1944 жылдың маусымында кеңес әскерлері маңызды «Багратион» операциясын жүргізіп, Белоруссияда немістін 100 мындық әскерін қоршауга алады. Күн сайын күш алған Қызыл әскері Польша мен Шығыс Пруссияға басып кіреді. Бұдан кейін Балканга қарай бет алады. Германияның одактастары антигитлерлік коалиция жағына өте бастады. 1944 жылдың тамызы мен 1945 жылдың мамыр айларында кеңес әскерлері Румыния, Болгария, Югославия, Венгрия, Польша, Чехословакияны азат етеді. 1945 жылдың кантарында Висло-Одер операциясы барысында кеңес майданы Германия жеріне кіріп, Берлинге он шакырым жетпей токтайды. Кеңес әскерлері онгустіктен Вена мен Будапештке жетіп, бұл қалаларды да жаудан босатады. 29 сәуірде Италиядың неміс әскерлері тізе бүкті. Сәуір айында Қызыл әскерлер Берлінді қоршауга алады. Германия астанасына шабуыл басталады. 30 сәуір күні Гитлер қаза тапты. 1 мамырда Үшінші рейхтің астанасы Берлин алды.

Есте сақтаңдар

1945 жылы мамырдың 8-інен 9-ына қараған түні фельдмаршал Кейтель Германияның сөзсіз жеңілгені туралы актіге қол қояды.

Соғыстың ауыртпалығы Шығыска жетті. *Потсдам* конференциясында Ұлыбритания, Қытай және АҚШ жетекшілері Жапонияның тізе бүтуін талап етті, алайда Жапония бұл талаппен келіспеді. Бұған жауап ретінде АҚШ Жапонияға атом бомбасын таставайты. 8 шілдеде КСРО Жапонияға қарсы соғыс ашты. 15 тамызда жапон императоры Жапонияның жеңілгенін жариялады. 1945 жылы 2 күркүйекте жеңілу туралы актіге қол қойылды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды. Нацизм мен фашизм толық талқандалды.

Ялта-Потсдам жүйесі

Ялта-Потсдам жүйесінің биполярлығы. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық қатынастарда қалыптасқан бағыт *Ялта-Потсдам* жүйесі деп атала бастады. Бұл атау шартты түрде: Ялтада (1945 ж. 4–11 ақпанда) және Потсдамда (1945 ж. 17 шілде – 2 тамыз) «Ұлken үштік» конференциясы (КСРО, АҚШ, Ұлыбритания жетекшілері) әлемнің соғыстан кейінгі құрылымының жалпы бағытын айқындады.

Есте сақтаңдар

Ялта-Потсдам халықаралық жүйесі Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде қалыптасқан жаңа күштердің құрылуына негізделді.

Бұл тұрғыда АҚШ пен КСРО-ның халықаралық позицияларының нығауы ерекше сипат алды. АҚШ штаб Комитетінің басшылары 1944 жылы Мемлекеттік департаментке жазған мәлімдемесінде «Жапония талқандалған соң, географиялық жағдайы мен үлкен әскери мүмкіндігінің арқасында тек АҚШ пен КСРО ғана бірінші дәрежелі әскери державалар болып қалады» деп атап өткен.

Соғыстар кейін Германия толық талқандалып, тіпті біраз уақытқа дейін тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүруін токтатты. Жапония басып алынған аймақка айналды. Италия өзінің халықаралық ықпалын жоғалтты. Франция экономикалық және саяси қызындықтар курсаудың калды, тіпті Екінші дүниежүзілік соғыска дейінгі деңгейіне жете алмады. Ұлыбритания соғыстан қаржылық қызындықпен қоса экономикалық жағынан әлсіреп шыкты, империяға тән мықтылығы мен беріктігіне нұқсан келді.

Назар аударыңдар!

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік аренада КСРО мен АҚШ-тың әскери-саяси үстемдікке ие болуы халықаралық қатынастар құрылымында көпполярлы қатынастың биполярлық модельге жол беруіне әкелді. Осының шенберінде ықпал етудің екі геосаяси аймағы қалыптасты, олар КСРО және АҚШ болды. Бұл қос держава жаңа халықаралық қатынастардың көпілі болды.

Сонымен катар Ялта-Потсдам жүйесінің биполярлығы абсолютті болмады, қуатты қос держава халықаралық қатынастардағы барлық субъектілер мен оқиғаларды толық бакылауларына ала алмады. 50-жылдары отаршылдықка карсылық *Бейтаранттық қозғалыс*-тың қалыптасуына ықпал етті. Бейтаранттық қозғалысқа мүше мемлекеттерінің алғашқы конференциясы 1961 жылы Белградта болды. Бейтаранттық қозғалысқа қатысушылар әскери блоктарға косылмау, өздерінің аумактарын өзге елдің карулы әскери базаларын орналастыруға келісім бермеу, отаршылдықты жою, халықаралық қатынастарға байланысты бейбіт келісім ұстану, тенқүккікты ынтымақтастық пен бейбіт тіршілік етуді өздерінің сыртқы саясаттарының негізгі өзегі етті. Бұл қозғалыс халықаралық аренадағы күштердің орналасуына орай биполярлық жағдаймен санасуга мәжбүр болды, бірақ блоктық жүйеден қол үзуге тырысты.

1960–1970 жылдары жаңа күштер қалыптасты (Батыс Еуропа мен Қытай). Олар КСРО және АҚШ-пен бәсекелесе алмаса да, өзгелерді өз-

дерімен санасуға мәжбүр етті, өйткені бұл елдердің беделі халықаралық дәрежеде уақыт өткен сайын арта түсті. Алайда АҚШ пен КСРО құдіреті күшті державалар болғандыктан, Ялта-Постдам жүйесінің екі полюсі болып қалды. Жүйе барысындағы олардың шешуші позициялары еш талас тудырмады, алайда олар тендік бағытта емес, асимметриялық қалыпта жүрді.

АҚШ Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде экономика мен қаржылық бағытта сезсіз үстемдікке не болды.

Әскери салада АҚШ мықты әскер мен аса жетілген әскери әуе күштеріне және әскери-теніз флотына не болды. 1945 жылы шілдеде АҚШ атом бомбасын ең алғашқы болып сынақтан өткізді және ол сәтті аяқталды. АҚШ-тың әскери күштері Батыс Еуропада, әсіресе Германияның батыс аймағы мен Австрияда көптеп орналасты. Сонымен катар АҚШ Жапонияны басып алды. Тынық мұхит аймағының бірката аралдары мен Филиппиндері өзіне қаратты. Қытай және Корея түбегінің онтүстігіне өз күштерін орналастырды. Саяси-идеологиялық бағытта АҚШ «батыс демократиясының» корғаны, «әркін әлемнің» сенімді қорғаушысы болып саналды.

АҚШ-тың халықаралық ықпалы ерекше зор болды. Америка агрессорлар одагына қарсы болып, оларды женинде өлшеусіз үлес кости. Америка Ұлыбританиямен берік әскери-саяси одак қалыптастырыды. Олар БҮҰ-ын құруға мұрындық болды және БҮҰ Қауіпсіздік Кенесінің тұрақты мүшелері саналып, БҮҰ-ның Бас Ассамблеясының сессияларында ылғи да көп дауыс алып, басымдылықка не болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық әлемде КСРОның ықпалы бірден артты. КСРО соғыстан кейін ынтымактастық әрі өзара көмек туралы Ұлыбританиямен, Франциямен, Чехословакиямен, Югославиямен, Польшамен, Қытаймен одак (немесе достық) туралы келісім жасап, БҮҰ-ын құруышылардың бірі әрі ондағы Қауіпсіздік Кенесінің тұрақты мүшесі болды. Соғыстың соңғы кезеңінде Кенес әскерлері Польша, Чехословакия, Венгрия, Румыния және Болгария аумактарында көптеп орналасты. Олар Югославия мен Албанияны, Норвегияның шегаралы аймақтарын азат етуге қатысты. Қызыл әскер Германияның шығыс бөліктері мен Австрияны басып алды. Кенес өкілдіктері Финляндияда бақылау қызметтерін аткарды.

Кенес әскерлері сондай-ақ Иранның солтүстік аймағына да орналасты, олар 1941 жылы тамызда бұл елдегі Германиялық топтардың қызметін жоюға атсалысты. Қыыр Шығыста Сахалин мен Курил аралдарының онтүстік белігін өз бақылауларына алды, олар Солтүстік-Шығыс Қытай мен Кореяның солтүстік белігіне де орналасты.

Кенес Одағы құрамына Батыс Украина мен Батыс Белоруссия, Эстония, Латвия, Литва, Бессарабия мен Солтүстік Буковина енді. 1939–



Ялта дағы «Улкен үштік» конференциясы

1940 жылдардагы Финляндиямен болған «қысқы соғыс» нәтижесінде калыштаскан шегарада да өзгерістер болды. КСРО бұдан өзге жана аумактарға да кол жеткізді: Кенигсберг (казіргі Калининград), Финляндия шегарасының солтүстігінде орналаскан Петсамо ауданы, Карпаттық Украина (КСРО мен Чехословкияның 1945 жылғы өзара келісіміне сай), Оңтүстік Сахалин мен Курил аралдары.

КСРО Монгол Халық Республикасымен (Шикі Монголия) тәуелсіз достық қатынасты бекітіп, Маньчжурия (Қытайлық Чанчун теміржолы) теміржол қатынасындағы өздерінің ерекше құқығын және қытайлық Порт-Артур әскери-теніз базасы мен қытайлық Далянь (Кызыр) портын жалға алу құқығына кол жеткізді. Батыста Кенес Одағымен достық қатынасты қолдайтын Мәскеудің сыртқы саясатына негізделген елдердің еуропалық шегараларына дейінгі жерлері КСРО-ның «қауіпсіздік аймағы» болып танылды.

Кеңес билігі коммунистік қозғалыстарды өздерінің халықаралық қатынастардағы құралы ретінде пайдаланды. 1943 жылы мамыр-маусым айларында әлемдік коммунистік интернационал тарқап кетсе де, кейбір елдердегі коммунистік партия бұрынғыдай Мәскеуге қарап, өздерінің стратегиялық бағыттарын айқынданап отырды.

Коммунистер соғыстан соң улкен саяси беделге не болды, олар фашизмге карсы аянбай күресушілер, карсыласу қозғалысының белсенді

мүшелері ретінде танылды. Бірқатар Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде коммунистер үкіметті жасақтап, олардың саяси-қоғамдық өмірінде манызды рөл аткарды. Тіпті Батыс Еуропадағы (Италия, Франция, Бельгия, Дания секілді капиталистік елдер) үкімет кұрамында да коммунистер болды.

Жүйенің тұрақтылығы және ядролық фактор. Ялта-Потсдам жүйесінің биполярлығы оның белгілі бір деңгейде тұрақты болуына ықпал етті. Бірін-бірі толыктырган екі полюс – жүйелер кепілдігі оның ортақ тенденциясында сактады, одактастардың әрекетін бақылауға алды, орын алған әртүрлі деңгейдегі жанжалдарды реттеп отырды. Қос держава орын алған барлық қарама-қарсы қайшылықтарға қарамастан, жүйеде қалыптасқан «ойын ережесінің» сакталуына мүдделі болды.

Назар аударыңдар!

Ялта-Потсдам жүйесінің халықаралық қатынастардағы өзіндік ерекшелігі алпауыт державалардың бір-бірін іштей мойындауы болды.

Кенес жағы ықпал ететін шегаралар шегін анықтау бірқатар халықаралық дағдарыстар арқылы өте күрделі шиленіскең жағдайда етті. Алайда Еуропаның белініске түсіү аяқталған сон, Батыс Кенестер Одағының «социалистік ынтымактастық» бағытында жүргізген оқиғаларына араласқан жок. Олар тіпті Шығыс Еуропада (Венгрия – 1956 ж., Чехословакия – 1968 ж. және т.б.) күрделі саяси дағдарыс орын алғанда да араласпайды. Бұл орайда аса күрделі жағдай дамушы мемлекеттерде ерекше байқалды.

Отаршылдыққа қарсы бағыт ұстанғанды желеу еткен КСРО өзінің ықпалын Азия мен Африканың және Латын Америкасының кейбір елдеріне орнатуға тырысты, осы себепті 1950 жылдары әлемде бірқатар халықаралық жанжалдар орын алды.

Ялта-Потсдам жүйесіндегі халықаралық қатынастарда **ядролық мәсете** ерекше манызға не болды. АҚШ 1945–1949 жылдар ара-лығында атомдық монополияға не болды. Алайда осындай жойқын каруға не болып, оны тасуға (стратегиялық жеткізу) мүмкіндігі болғанына қарамастан жана әлемдік соғыс тудырып, женіске жетуге үмтүлмады. Атом бомбасы Американың сыртқы саясатында манызды рөл аткарып, державаны әлемдегі құдіретті де күткін күшке айналдырыды. Атом құдіретін мойындаған Сталин билігі, Америка алдында өз ықпалдарын азайтып, олармен келісімге келуте мүдделі болды, кенестің сыртқы саясаты жұмсарып, бейбіт қалыпта түсті. Атом каруы АҚШ пен КСРО арасындағы текетіресте манызды рөл аткарып, халықаралық қатынаста биполярлы жүйенің қалыптасуына ықпал етті.

Халықаралық саясаттағы бұл жағдай 1949 жылы КСРО ядролық каруға не болған соң бірден өзгерді. Ал 1957 жылы КСРО алғашкы болып Жердің жасанды серігін ұшырган соң, жағдай одан әрі курделене түсті. 1960 жылы КСРО жанталаса континентаралық баллистикалық зымбрандармен қарулануга кірісті, бұл қарулар АҚШ аумактарына қауіп төндірді. Ядролық қару «ұstemдік» құралына айналды. Алайда екі супер державаның ешқайсысы да «қырғықабак соғыс» кезінде бір-біріне жойын соккы жасап, орын алмас қателіктерге жол берген жок. КСРО мен АҚШ өзара корғаныска кешіп, үлкен соғыс бастауға ұмтылмады.

Ядролық қарулануга ұмтылу халықаралық қатынастарға түбектейлі өзгеріс әкелді. Оны қолдану адам айтқысыз апарттар әкеліп, адамдардың жаппай қырылуына және әлемнің кирап-бұлінуіне ұрындыра尔 еді. Сонымен қатар оның зиянды қаупі атмосфераға жайылдып, радиоактивті қатері коршаган ортаға тарап, белгілі бір аймактарды ғана кирапты қоймай, жалпы жұмыр Жерге, адамзатка апат әкелетін еді. Бұл саяси мұдделер соғысының қасіреті тым ауыр болғандыктан да жүзеге асқан жок.

Ядролық мүмкіндіктер Ялта-Потсдам халықаралық жүйесінің тұрақты қалыпта болуына ықпал етті. Бұл талай жанжалдың алдын алып, оның соны соғысқа ұласпаудына мүмкіндік берді. Өйткені ядролық қаупінен сессионген елдер бұрынғыдай женсіз соғысқа араласа беруден бас тартты.

Алайда осындай халықаралық жағдайларға қарамастан, Ялта-Потсдам жүйесі берік, тұрақты болған жок. Ол қатер мен үрейдін тепе-тендігіне негізделді және жанжалдар, дағдарыстар, аймактық соғыстар жаппай қырып-жоятын қарулармен қарулану арқылы ғана уақытша тұрақтылыққа қол жеткізді. Осыған қарамастан Ялта-Потсдам жүйесі Версаль-Вашингтон жүйесіне караганда тұрақты болып, үлкен соғыстардың туындаудына жол берген жок.

Білімдерінді тексеріндер

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін атандар.
2. Екінші дүниежүзілік соғыс кезендерін сипаттандар.
3. Неліктен Ялта-Потсдам жүйесінің екі полюсі АҚШ пен КСРО болып саналды?
4. Соғыстан кейінгі халықаралық қатынаста Бейтаралтық қозғалыс қандай рөл аткарды?
5. Халықаралық қатынаста Ялта-Потсдам жүйесінің ядролық факторы қызметінін рөлін бағалаңдар.

Тапсырма

1. 1955 жылдың сәуірінде Бандунг конференциясында кабылшынган «Бүкіл алемге кемек және ынтымақтастық Декларациясын» мүкіят оқындар және сұраққа жауап беріндер.

Конференцияға катысушылар халықаралық катынастарда кандай принциптерді бекітүге шақыры?

2. Бұкіл әлемге көмек және ынтымактастық Декларациясы

...Мемлекеттер төзімділік танытып, әлемде бір-бірімен жақсы көршілер секілді өмір сүріп, мынаңай принциптер нетізінде достық ынтымактастықтарын арттыруы тиіс.

• Адамның негізгі құқығын, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысының принциптері мен мақсаттарын құрметтеу.

- Барлық мемлекеттердің тәуелсіздігі мен аумақтарының тұтастығын құрметтеу.
- Барлық наследдерді және барлық үлкен-кіші халықтарды тен көру.
- Басқа мемлекеттің ішкі ісіне кол сұгу мен араласудан аулақ болу.
- Әрбір мемлекеттің жекелей де, ұжымдық турде де Біріккен Ұлттар Ұйымына сәйкестенген қорғаныс құқығын құрметтеу.

9-ТАРАУ

РЕВОЛЮЦИЯЛАР ҚОҒАМ ӨЗГЕРУІНІЦ БІР ФАКТОРЫ РЕТИНДЕ



§ 52-53. БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ – ИНДУСТРИАЛДЫ ҚОҒАМ ҚАЛЬПАСТАСЫРУДЫҢ БАСТЫ ҮЙІТҚЫСЫ

A. XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы

Есте сақтаңдар

Бұгінгі сабакта:

- XVII ғасырдағы ағылшын революциясы;
- XVIII ғасырдағы Солтүстік Америка революциясы;
- XVIII ғасырдағы Ұлы Француз революциясы;
- XIX ғасырдың ортасындағы Еуропадағы революциялармен танысамыз.

Кілт Сөздер:

индустриалды қоғам, ерте буржуазиялық революция, ұлттық мемлекет, декларация, жаратылыштану құқығы мен қоғамдық келісім теориясы, халық бастандыры, конституция, буржуазиялық қоғам принциптері, адам мен азамат құқығы, құқықтық мемлекет, саяси быттыранқылық, ұлттық ашу-ыза

Индустриалды қоғам өндірістік революция нәтижесінде пайда болды. Оған мынадай шарттар тән: 1) ірі машина (фабрика-зауыт) өндірісі; 2) ірі өндірістік (фабрикалық-зауыттық) буржуазиялық, және жұмысшы табы (фабрика-зауыт жұмысшылары) секілді екі ірі қоғамдық тап болуы; 3) ұлттық мемлекеттің болуы; 4) саяси бастандық пен зан алдында барлығының тенденция; 5) азаматтық қоғамның дамуы.

Индустриалды қоғамның пайда болуына XVII–XVIII ғасырларда Еуропа мен Америкада басталған ерте буржуазиялық революция себеп болды.

Осылардың барысында дәстүрлі (аграрлы, индустріалдыға дейінгі) қоғамнан индустріалды қоғамға етудін, өндірістік төңкеріс шарттары кальпасты. Өндірістік төңкерістің тарихи шарттарына мыналар жатады: 1) экономикалық – капиталдың жеке колға шырынуы; 2) жалдамалы жұмысшылар шоғырының алеуменистік кальпастасуы; 3) орталықтанған мануфактуралық техникалық дамуы мен мәнданған жұмысшы кадрлардың пайда болуы.

Революцияны индустріалды қоғамның мынадай манызды бағыттарына қолданы: халықтық және ұлттық дербестік, билікті белсізу, құқықтық мемлекет, адам құқығы мен азаматтардың демократиялық құқығы, жеке және қоғамның азаттығы.

Еске түсіріндер

Ағылшын революциясының хронологиялық жүйесі оның барысы және қорытындысы.

XVII ғасырдағы Ағылшын революциясы. Революция карсанында Англия аграрлы мемлекет болатын. Тұрғындардың басым белігі ауылшаруашылығымен айналысадын. Ауылшаруашылығынан түсетін табыс сауда-өндірістік қызметтен түсетін пайдадан айтарлықтай көп болатын. Жер неленудің феодалдық формасы жекеменшікке билік тарапынан тыйымның салынуы, жана дворяндық журғізілуі, ауылшаруашылығы саласындағы капитализмнің дамуына кедергі келтірді. Аграрлық жағдай революцияның пайда болуы мен оның жүзеге асуында басты маңызға не болды.

Өндіріс пен саудада биліктің цех катарын колдан, мануфактурага тыйым салуы, патенттерді сатып, монополияга жол беруі, өндірісшілер еркіндігінің шектелуі мен бәсекелестіктің жойылуына әкеліп, капиталистік қатынастардың дамуына кедергі келтірді. Капиталистік қоғамның негізгі табы – жұмысшылардың калыптасуына, биліктің жерді жекеменшікке бермеуі және өндірістік цехтық жүйені колдауы кедергі келтірді.

Есте сақтаңдар

Англиядағы революцияның тарихи маңызы феодалдық қатынастарды жою мен капитализмнің өркендеуіне жол ашты.

Революцияның бұдан кейін дамуы үшін феодалдық қатынастарды жою қажет болды. Бұл тапсырманың шешімін Ұзақ парламенті шешті. 1646 жылы 24 акпанда олар корольдин пайдасы үшін феодалдық



Ч.Каттермол . Ағылшын-буржуазиялық революциясы
кезіндегі Престон маныздаты шайқас

жерлерден алым жинайтын федералдық жинау палатасы немесе «Камкоршылар ісі жөніндегі палатаны» жабу туралы арнайы Қаулы шығарады. Қаулыға сәйкес, бұган дейін қызмет барысында немесе корольға тиісті болған барлық феодалдық мүліктер енді буржуазиялық жекеменшікке айналды. Феодалдар өз жерлерінің занды шесі болды. Олардың меншікті жерінде жұмыс істеп отырган шаруаларды күншығып, пайdasы мол капиталистік шаруашылық үйімдастыруына жол ашылды, кедергілер алынып тасталды. Англияда қожайындарына үлкен табыс әкелетін ірі капиталистік жер нелену жүйесі жасалды, осынын нәтижесінде аукымды капиталистік өндіріс құрылып, индустріалдық қоғамның негізі қаланды.

Жерді жекеменшікке беріп, жана нелеріне тапсырған соң жалға алушы шаруалар жұмыстан босап, олар жалдамалы жұмысшылардың катарын көбейтті, бұл ірі капиталистік өндірісті өркендегуте жол ашып, индустріалдық қоғамның негізін қалады. Парламент өндіріс пен сауда-ның дамуына кедергі келтіріп отырган барлық монополияны жойды.

Есте сақтандар

Революция ағылшын халқының қалыптасуы мен ұлттық мемлекет құру процесінде басты фактор болды.

Феодалдық жекеменшік форманың жойылып, буржуазиялықтың бекітілуі, феодалдық кедергілердің токтау, мемлекеттің экономикалық бірігуі мен ұлттық нарықтың қалыптасуына жол ашты. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттің ұлттық бірлікке келуі мен ағылшын халқының бірігуін, ұлттық мемлекеттің құрылуына бастау болды. Женіске жеткен ағылшын буржуазиясы, қуатты отаршыл империяның бастауына айналды. Басқыншылықтың артуы, теніздің аргы жағындағы нарық үшін талас, отаршыл империяның құрылуы, шексіз байыған ағылшын буржуазиясы ағылшын революциясының тікелей нәтижесі болды. Өз кезегінде, колониядан капиталды тасып әкету Англияда ірі капитал жинактаған жекетүлғалардың кебеюіне себеп болды, бұл ірі өндіріс құрудың индустріалдық қоғамның алғышарты болды.

Есте сақтандар

Ағылшын революциясының басты маңызы – ол дүниежүзілік тарихта жаңа капиталистік дәуірдің бастауына айналды. Жаңа буржуазиялық қоғамның принциптерін жариялад, ол алемге кері оралmas буржуазиялық қоғамдық-саяси тәртіптің процесін орнатты.

Білімдерінді тексеріндер

1. Индустріалдық қоғамның негізгі белгілерін атандар.
2. XVII ғасырдағы Англия революциясы үшін неге аграрлық мәселелер манызды болды?

3. Англиядагы өндіріс пен саудада капитализмнің дамуына не кедергі келтірі?
4. Британ парламентінің кандай шешімі елде капиталистік катынастардың женуіне жол ашты?
5. Англиядагы ауылшаруашылық катынастарының дамуына 1646 жылдың 24 акпанында Британ парламентінің Ордонанс актісі қалай әсер етті?

Тапсырма

1. Төменде берілген күжаттармен танысындар және оларды сабакта сұрақтарға жауап беруде пайдаланындар.

Ұлы ремонстрация, 1641 жыл, 1 желтоқсан (узінде)

115. Халыққа зиянын тиізген монополиялардың біркетары жойылды.
120. Бұдан да дұрысы... осы жамандықтардың бәрінің бастауы ...өз қол астындағылар мен олардың мүлкіне ұлы мәртебелінің парламент келісімінен шексіз билік жүргізуіне карсы болу, кос палата қаулысы мен парламент актісі бойынша мұндай билік занга қарама-қайшы деп жарияланы.
139. Корольдің табыстары нақтыланып, тәртіпке келтірілді, шенеуніктердің асыра сілтеуі мен артық шығын жойылды, ал корольдің жекебасын қолдау, корольдікты басқару мен корғаута қажет шығын толық қамтамасыз етілді.
140. Келісім соттарының жұмысы реттеліп, процесс жүргізуінде шығындар азайтылды.
141. Алтын мен күмісті экспортка шыгармау шараларын, сондай-ақ өнеркәсіп пен сыртқы саудадағы байланыстын өсуі үшін халықаралық ауысымда каржы курсының тімсіздігін азайтуын дұрыс шаралары белгіленді.

Британ парламентінің феодалдық қамкоршылар палатасын жою жөніндегі Жарлық (1646 ж., 24 акпан)

Феодалдық қамкоршылар палатасы және феодалдық қамкорлықтардың барлық дүниелердің нелену мен сыртқа шыгару... және де баска, қамкоршылықта катысты міндеттемелер, барлық мүліктерді шыгару және оған катыстылар осы күннен бастап жойылады. Барлық жиналған, әсіресе оммажага (рышарълар жинағы) арналған барлық файнар (король пайдасына арналған айыппұлдар)... және де осыған байланысты міндеттемелер токтатылады. Рышарълық қызмет құқыншагы бірінші колдагы барлық жиналымдар, сондай-ақ сокеджя (жинақ) құқыншадағы жинақ коронаға тікелей катысты болса да, сокеджін ортақ ережесіне (жеке буржуазиялық мүлікке) айналады.

2. XVII ғасырдағы Ағылшын революциясының біржактылық тәртіппен феодалдық катынастарды жокка шыгаруын түсініріндер.

Ә. XVIII ғасырдағы Солтүстік Америка революциясы (тәуелсіздік үшін күрес)

XVIII ғасырдың ортасында Атлантика жағалауындағы Солтүстік Америкада Англияның 13 отары болды. Отар елдерде капиталистік катынастар дамыды, халқының басым бөлігін Англиядан келген иммигранттар құрады. Бұл уақытта Англияда феодалдық катынас жойылған болатын, XVII ғасырда болған ағылшын революциясының наследсінде мұхитты кесіп өтіп келген ағылшын отаршылары өздерімен бірге капиталистік өндірістік катынастарды ала келді.



Томас Джейферсон
(1743–1826)

Британ тауарларын Англия колонияның катынастарды отарлаушылар қабылдаган заң XVIII ғасырдың соңында ауылшаруашылығы, өндіріс мен сауда саласына капиталистік катынастарды жүргізуіне кедергі келтіріп, дамуына шектеу болды. Алайда отарлаушылар қаншама кедергі келтірсе де, отар елді капиталистік жолмен басқару экономикада өз нәтижесін берді. XVIII ғасырдың ортасында отар елдер арасындағы экономикалық байланыстар артып, ортақ нарық орнады, американалық ұлттың қалыптасуы карқынды жүрді.

Еске түсіріндер

Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларындағы тәуелсіздік курсенің хронологиялық жүйесі мен олардың маңызды оқиғалары және қорытындысы.

XVIII ғасырдың екінші жартысында отар иеленушілер арасында саяси белсенділік артып, олар өз мүдделерін қорғап, Англияның саясатына карсылыктарын білдіре бастады. 1775 жылы отар иеленушілер капиталистік дамуға кедергі келтіріп отырған Англияга қарсы шығады.

Назар аударындар!

Отарларда буржуазиялық революция басталып, ол тәуелсіздік жолындағы курсеке айналды.

Соғыс барысында отар иеленушілер Англиядан тәуелсіздіктерін алып, өз ұлттық мемлекеттерін құрады. Ұлттық мемлекет құрылған, индустримальды қоғамның маңызды белгісіне айналған үш маңызды құжат: *Тәуелсіздік Декларациясы* және 1777 жылғы *Конфедерациясы* баттары мен 1787 жылы қабылданып қазірге дейін қолданылып келе жаткан *конституция* қабылданды.

1776 жылғы Тәуелсіздік Декларациясы. Ол 13 солтүстікамерикалық колонияның Англиядан тәуелсіздік алғанын білдіріп, Америка Құрама Штаттары деген жаңа мемлекеттің күрылғанын жария етті. Декларацияның өзегі болып ұлы американалық ағартушы Т.Джефферсонның жаңа заманға негізделген алдынғы қатарлы идеялары бар жобасы таңдалды: олар табиғи құқық теориясы және қоғамдық келісім мен халықтың бостандық принциптері. Декларация халықтың бостандығын, революцияға оның құқығын, заң алдында барлық адамдардың тендігін және олардың «өмір, бостандық және бакытқа ұмтылуына» құқықтары бар екенін жариялады.

Конфедерация баптары. 1777 жылы Континентальды конгресте қабылданған АҚШ-тың алғашқы Конституциясы 1781 жылы өз күшіне енді. Тәуелсіздік үшін болған соғыс жағдайында американалыктар біртұтас мемлекет құру мәселесіне күмәнмен әрі күдікпен қараган кездері де болды. Осыған байланысты олар конфедерация формасын таңдады: жеке мемлекеттер одағы, яғни «штаттар», өз дербестіктері сакталған, кез келген шешімді жергілікті немесе жалпылғылтық жағдайда шешетін одақ. Біртұтас билік органы Конгрестің – тек консультативті, қосымша қызметтері бар, ал барлық толық билік жергілікті жерлерге штаттарға берілді.

1787 жылғы Конституция. Тәуелсіздік үшін болған соғыстан кейін елдің экономикалық, ішкі, сыртқы саяси жағдайлары өте ауыр болды. Бұл жағдай мемлекет басшыларын аландатып, олар елді нығайтатын, оны еркендететін жол іздеуге мәжбүрледі. Конфедерация статьялары күшті мемлекет құру жолында маңызды рөл атқара алмады. Осы орайда мүмкіндігі көп жаңа Конституция қабылдау қажеттілігі туды. 1787 жылы жаңа Конституция қабылданды. Мемлекеттегі билікті қайта беліп, елдің мемлекеттік құрылымын өзгертуі. АҚШ федеративті мемлекетке айналып, барлық ортақ билік Конгреске, Президентке, Жогарғы Сотқа берілді. Штаттардағы билік шектелді: штат билігі қабылданған заң, шығарған шешім, орталық билік қабылдаған заң мен шешімге кайшы келмеуі міндетті. Орталық биліктің мәртебесі, жергілікті жерден жоғары болатыны конституциялық деңгейде нақтыланды. Конституция АҚШ-ты орталықтанған күшті мемлекетке айналдырыды.

Солтүстікамерикалық колониялардың тәуелсіздік үшін күресі тарихта капитализм мен феодализмнің кайшылығы ретінде қалды. Осы оқиғаның женісі Еуропада буржуазиялық революцияның, әсіресе Ұлы француз революциясының орын алуына ықпал етті.

Білімдерінді тексеріндер

- Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларындағы капиталистік катынастардың дамуына не кедергі келтірді?

2. Неліктен Солтүстік Америкадағы ағылшын колонияларындағы буржуазиялық революция тәуелсіздік үшін курес формасын таңдаңы?
3. 1776 жылғы Тәуелсіздік Декларациясының тарихи манызы неге?
4. АҚШ-тың екінші Конституция қабылдауының себебі неге?

Тапсырма: АҚШ-тың Тәуелсіздік Декларациясының үзіндісімен танысындар және оның негізіне айналған жана кезеңнің теориясын атаншар.

Біз келесідей шындықтарды айқын деп есептейміз: барлық адамдар тұмысынан тен жаратылған және олардың барлығына өздерінін жаратушысы бірқатар ажыратылмайтын мінез сыйлаған, олардың катарында өмір, бостандық және бақытқа үмтүліс бар. Осы аталған құқыктарды қамтамасыз ету үшін адамдар арасында үкіметтер күрылған. Егер мұндай үкіметтердің формалары осы максаттар үшін апартты болған жағдайда, халық ондай үкіметтерді өзгертуге немесе жоюға және осы халықтың пікірінше, оның қауіпсіздігі мен бақытқа деген үмтүлістарын мейлінше қамтамасыз ете алатын принциптер негізінде жана үкімет күргуга құқығы бар.

Б. XVIII ғасырдағы Француз революциясы

Ұлы француз революциясы индустріалдық когам қалыптастыруды радикалды түрде ықпал етті. Ең алғашқы қабылдаған заң бойынша салықпен бірге аксүйектердің құқыктары мен артықшылықтары, сословие мен титулдар жойылып, шаруалардың тәуелділігі тоқтатылды. 1789 жылы қабылданған адам және азаматтар құқығы туралы Декларация, жана азаматтық қоғамның негізін салды. Құжаттың идеясы АҚШ-тың Тәуелсіздік Декларациясымен, яғни қоғамның негізі саналатын адамның табиги құқығы, заң алдындағы тендік, халық бостандығы туралы принципімен үндес болды. Декларацияның 17-бабы жана капиталистік қоғамның: «Жекеменшік – кол сүгута болмайтын, қасиетті құқыққа не» деген негізгі принциптерін жариялады. Революция заң жүзінде цехтық жүйе мен ішкі кеденде жойды. Сот жүйесі төрешіні сайлау мен алқабилердің катысуына негізделді. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі кайта қалыптасты: Франция 83 департаментке бөлініп, билік сайлау органдарына берілген болатын. 1792 жылы *Франция республика* болып жарияланды. Сайлау құқығы 21 жасқа толған әрбір азаматқа берілді. 1793 жылғы адам мен азаматтар құқығы туралы Якобшилер Декларациясы: адамның бостандығы, қауіпсіздігі мен жекеменшігі оның табиги әрі бөлінбес құқығы деп жариялады. Занда тұлғаның бостандығы мен дін ұстануына, зандық белсенділігіне, баспасөзге, еңбек туралы құқығы, білім, корғансыздарға қоғамдық көмек көрсету, егер үкімет халықтың мұддесіне карсы келсе, өз наразылығын танытып бас көтеруге дейін еркіндік берілген.

Еске түсіріндер

Француз революциясының хронологиялық жүйесі мен оның барысы және қорытындысы.



Бастидиянын алмынуы, 1789 ж., 14 шілде

Революция буржуазияның ең басты мәселесі – аграрлық жағдайды радикалдық түрде шешті. 1793 жылдың 17 шілдесіндегі Декретке сай ауылдарда барлық феодалдық күкүй толық түрде күшін жойды. Шаруалардың феодал алдындағы борыштары кайтарымсыз, түтелімен жойылды. Шаруалардың ғасырлар бойы феодалдардан акы төлеп жалға алып келген жерлері, өздерінің меншігіне етті.

Білімдерінді тексеріндер

1. 1793 жылы Якобішілер Декларациясында жарияланған адам мен азамат күкүйнін атандар.
2. Неге «XVIII ғасырдағы Ұлы Француз революциясы өз максатына жетті» дегесептеделі?

Тапсырма

1789 жылы жарияланған революциялық принциптердің

1. Адамдар тенкүккітің Коғамдық айырмашылыктар

2. Кез келген мемлекеттік масыз ету. Ол – бостандық, жекеменшік, қанаута карсы тұру

3. Тәуелсіздіктің бастауы, ең бірінші, ұлтқа сүйенуіне

6. Зан – көпшіліктің ортақ тілегінің көрінісі. Зан шығаруга барлық азамат жеке өзі

немесе өз өкілдері арқылы қатысуга күкүмбы. Ол барлық адамға бірдей болуы керек. Зан алзында тенкүккітің болғандықтан, барлық азаматка олардың жеке кабілетіне

Адам мен Азамат күкүктары Декларациясындағы мазмұны неге негізделген?

және еркін болып жаратылған және солай болады. ортақ мүддеге тана негізделуі мүмкін.

одактың максаты – адамның табиғи күкүктарын қамта-

масыз ету. Ол – бостандық, жекеменшік қауіпсіздігі, қанаута карсы тұру күкүктары.

3. Тәуелсіздіктің бастауы, ең бірінші, ұлтқа сүйенуіне негізделеді...

6. Зан – көпшіліктің ортақ тілегінің көрінісі. Зан шығаруга барлық азамат жеке өзі

7. Занды сактаған адам зандың ақарастырылған жағдайлардан басқа ешкандај жерде айыпка тартылып, жазаланбайты...

В. XIX ғасырдың ортасында Еуропада болған революция

Еске түсіріндер

1848–1849 жылдардағы Франция, Германия, Италия мен Австрия империясындағы революция: себептері, міндеттері, барысы және қорытындысы.

1848–1849 жылдары орын алған революцияның XVII–XVIII ғасырлардағы революциядан айырмашылығы жаңа тарихи жағдайларда болды: Францияда өндірістік төңкеріс аяқталса, Германия, Италия және Австрия империясында ол қарқын алды. Егер Франция XVIII ғасырдағы ұлы француз революциясының нәтижесінде индустріалдық қоғам күру жолында алға жылжыса, Германия, Италия және Австрия империялары бұл бағытта біркетар кедергілерге жолықты. Бұл мемлекеттерде капитализмнің дамуымен қатар феодализм де канат жайып отырған болатын. Шаруалар өз көжайындарына тәуелді болды, көптеген аймактарда шаруалардың басыбайлы құлдығы сакталды: буржуазия саяси биліктен шеттетіліп, тізгін алпауыттардың колында болды. Жоғарғы таптан жасақталған сот жүйесі сакталды, барлық жерлерде шенеуніктер мен полицияның өктемдігі журді. Германия мен Италияның халқы өз ұлттық мемлекеттері болмай, саяси белінуде өмір сүрді. Бұл уақытта Австрия империясының көп халқы билеуші ұлттың тарарапынан қысымға ұшырай бастады.

Еуропада орын алған мәселелерді шешудің жолы буржуазиялық революция еді. Егер Франциядағы революцияның басты мәселесі билікке өндірістік буржуазияның келуі болса, Германия, Италия, Австрия империясындағы революцияның басты мақсаты феодалдық қатынастарды жойып, ұлттық мемлекет күру болды. Капитализм белен алған Франция мен Германияда жұмысшы табы алғаш рет жеке саяси күш ретінде бірікті. Бұл революцияның барысына ықпал етіп, оған демократиялық бағыт берді.

Революция женіліске ұшырады, демократиялық күштер айын мақсаттарына жете алған жок. Францияда республиканың орнына, империя орнады. Германия мен Италия саяси бытыранкы күйінде қалды, Австрия империясындағы ұлттық кемсітішлік тоқтаған жок. Бұл елдердегі аграрлық мәселе радикалды жолдармен шешілмеді: феодализмді түп-тамырымен жою мүмкін болмады.

Бірақ революция нәтижесіз болған жок. Ол Еуропада капитализм процесін жеделдетіп, индустріалдық қоғам қалыптастыруға жол ашты. Билік басындағылар революцияның қайталануынан қауіптеніп,

өз биліктерін сактап калу үшін келісімге келуге мәжбүр болды. Капитализмді қалыптастыру елді мекендерде реформалық бағытта өрбіді: Австрия империясында шаруалар құлдыры жойылды, ал Пруссияда шаруаларға феодалдардан бостандықтарын сатып алуға рұқсат берілді. Буржуазияны билікке әкелетін конституциялық және сайлау зандары қабылданды. Революция билік пелеріне ұлттық мәселелерді шешуге, яғни ұлттық мемлекет күру жолындағы күресте біріккен Германия мен Италияны басқару, Австрия империясын буржуазиялық реформаларға дайындау міндеттелді.

Есте сақтанадар

1848–1849 жылдардағы Еуропадағы революция Еуропа халықтарында ұлттың өзін-өзі тану санасын оятып, олардың индустриалдық қоғам қалыптастыру жолындағы қозғалысын қалыптастырып «халықтар кектемі» атауды ие болды.

Білімдерінді тексеріндер

1. XIX ғасырдың ортасындағы революция кандай тарихи жағдайларда өтті?
2. Неге революция женіліске ұшырады?
3. Бұл революцияның прогрессивті маңызы неде болды?

Тапсырма

Теменде берілген күжаттармен танысып, оларды сабакта сұрақтарға жауап беруде пайдаланыңдар.

Париждің 8-округінің жұмысшыларының үндеуінен, (1848 жыл, маусым)

Уақытша үкімет мүшелері атанған адамдар актан баррикадасында бізге демократиялық және әлеуметтік республиканы үде еткен... ал біз олардың сөзіне сеніп, баррикаданы тастап шықтық. Осы төрт айда олар не істеді? Олар өздерінің анттарын бұзды, берген уаделерін орындаамады.

Біз демократиялық және әлеуметтік республиканы; мемлекет колдайтын енбек қауымдастырының еркіндігін; халық әкілдері мен министрлердің сотқа тартылуын; Атқарушы комитет мүшелерінің тез арада тұтқынға алынуын, Парижден әскердің шығарылуын талап етеміз.

Азаматтар, жоғарғы билік Сіздерге тиісті екенін ойландар. Біздің «Бостандық, Тенденция, Бауырластық!» деген ұрандарымызды еске алындар.

Берлин жұмысшыларының талаптары (1848 ж., 23 наурыз) (узінді)

1. Тез арада жалпы сайлау занын дайындау, ол бойынша әркім сайлауга және сайлануға ерікті.
2. Тез арада халық әкілдігіне жалпы сайлау туралы бұйрық дайындау.
3. 4 акпанды шакырылған Сословие жиналысын жою.

Бізде – Франция мен Англияда буржуазия мен жұмысшы табы арасындағы белініс айырмашылығы казірден жүзеге асқан. Согыс корольдік пен республика арасында емес, дәүлеттілер мен жұмысшылар күші арқылы сол дәүлетке ұмтылғандар арасында болуда. Біздің буржуазия мұны жақын түсінеді, сондықтан да олар казір, біздің революцияның алғашқы күндерінен, барынша артқа тартуда... Буржуазиялық тап

жұмысшы табы тынышталады деп өздерін үмітпен алдамасын. Ешкандай тынышталу болмайды. Біз болашакта бір інасеге кол жеткізбей, токтау болмайды.

Орталық жұмысшылар комитетінің бағдарламасынан үзінді

(Берлин, 1848 ж.)

III. Жұмысшылар үшін

1. Ең теменгі енбекақыны және жұмыс уақытын жұмысшы мен өндіріс қожайыны немесе жұмыс беруші катысқан комиссия арқылы анықтау.
2. Келісілген енбекақының сақталуы үшін жұмысшылар одағын күру.
3. Қосымша салықтарды жою. Прогрессивті кіріс салықтарын енгізу, тұрмысы темендерді салықтан босату.
4. Мемлекет жасөспірімдерді... тегін оқытуды өз мойнына алуы керек...
9. Жұмыссыздарға мемлекеттік мекемелерден жұмыс ұсыну керек, олардын адам сияқты өмір сүруін камтамасыз ету керек.
11. Мемлекет барлық көмекке мүктаждар мен енбек мугедектеріне камкорлық көрсетуі тиіс.
13. Мемлекет шенеуніктердің жұмысшыларға ракымсыз қарым-қатынас жасауды шектеуі тиіс. Жұмысшылар өз жұмыстарынан тек комиссияның шешімімен ғана шығатын болуы керек.

Баспасөз бостандығы мен баска да шаралар туралы Декреттен

(Вена, 1848 ж., 15 наурыз)

Біз құдайларын ракымшылығымен Австро-Унгария императоры Фердинанд Бірінші және баска ... бүйіркітілген жағдайда деп тауып, біздің сенімің халықтардың тілегін канаттандыру үшін жарлыктар бердік.

Цензураны жою, баспасөз бостандығына кепілдік беру туралы біздің хабарландырулар осындай кепілдіктер бар барлық мемлекеттердегі секілді іске асады.

Қолданылып жүрген аймактық конституцияны сақтай отырып, біздің отанымыздың үшін қабылданар конституцияны талқылау үшін барлық аймактық сословиелерден депутаттар және орталық конгрегация Ломбари-Венешian корольдігінин күштілген азаматтық сословие сінен... шакырылым үшін барлық шаралар қабылданы...

Венгрияның тәуелсіздік алуына байланысты. Л. Кошутаның сөзінен

(1849 жыл, 17 сәуір)

Осы айданынан бастап Венгрияның өкілшері бірауыздан және салтанатты турде жариялады: Австро-Унгарияның патшальк етуші үйі ... Венгрия тагы мен қасиетті Стефан тәжінің барлық зандық үмітінен айырылды және Отаннан аластаратылып, шетке мәнгілік уақытка күштілді... Біз отанымыздың бакытты болашағына, салтанат құруына, џанқына және ұлттың ұлылығына қатысты бул шешім ... осыған дейін әрбір адам зиян көрген осы курбаншылтардан білік түр деп ойлаймыз.

§ 54–56. СОЦИАЛИСТИК РЕВОЛЮЦИЯЛАР ӘЛЕУМЕТТІК ТЕНДІК ИДЕЯСЫН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ РАДИКАЛДЫ ТӘСІЛІ РЕТИНДЕ

A. 1917 жылғы Ресейдегі Қазан революциясы

Елдің экономикалық жағдайы күн сайын құлдырай бастады. 1917 жылдың наурызынан карашаға дейін 800-ден астам өндіріс орны жабылдып, 170 мыннан астам жұмысшылар жұмыссыз қалды. 1917 жылы жұмысшылардың енбекақысы 1913 жылмен салыстырғанда екі есеге

азайды. Халық тұтынатын тауарлар бағасы мамыр мен тамыз аралығында екі есеге кымбаттаң кетті. Қалаларды азық-түлікпен камту тоқтады. Аштық әрбір жұмысшының үйне енді. Елді мекендерде ашу-ызыға булықкан шаруалардың қозғалысы басталды.

Өз кожайындары мен жергілікті билікке қарсы басталған шаруалар қозғалысы көтеріліске ұласып, Уакытша үкіметке қарсылықта айналды. Өз талаптарын шаруалар 1917 жылы мамыр айында өткен I Бүкілпресейлік шаруалар Кенесі съезінің делегаттары алдына қойды. Мұнда жер иеленушілердің жерлерін тәркілеу, жерге жекеменшікті алып тастау, жерді адам басына немесе енбекке кабілеттілігіне қарай тендей бөлу талаптарын қойды. Күрт қозғалыс солдаттар мен матростар арасында да басталды. Солдаттар жиналған митингілер Уакытша үкіметке сенімсіздік білдіру карапын кабылдап, барлық билікті кенестерге беру туралы талаптармен аяқталыш жатты. Күзде солдаттар мен матростардың басым бөлігі большевиктер жағына өтіп кетті.

Ресей қарамағындағы қысым көрген халықтар ұлттық тенденциялар үшін курес бастады.

Күзде барлық ұлттық аймактарда жұмысшылар мен шаруалар, жергілікті буржуазия мен орыс билеушілеріне, жер иеленушілерге қарсы курес күшінді. Тап тартысы арасындағы курес карулық кактығыска ұласты.

Назар аударындар!

Елде жалпысаяси дағдарыс басталды. Жұмысшылар, елді мекендердегі кедейлер, солдаттар мен матростардың басым бөлігі большевиктер партиясы маңына топтасты және социалистік тенденциялар үшін капитализмді төңкеруге әзір еди.

1917 жылы 1 қазанда большевиктер партиясының көсемі В.И.Ленин партияның Орталық Комитетінде жазған хатында Петроград және Мәскеу большевиктерін шұғыл түрде көтеріліс үйімдестердегі түнде жұмысшылар отряды, солдаттар мен матростар Нева көліпірі аркылы вокзал, телеграф, пошта, электрстансы, мемлекеттік

Бүгінгі сабакта:

- 1917 жылғы Ресейдегі Қазан революциясы;
- 1946–1949 жылдардағы азаматтық соғыс және Қытайдағы революциялық өзгерістер;
- 1959 жылғы Куба революциясы;
- Элеуметтік революциялар нәтижесінде қоғамдық құрылымның өзгеруі туралы білеміз.

Кітт сездер:

кеңестер, большевиктер, көтеріліс, социализм, декрет, азаматтық соғыс, коммунистік, Гоминьдан, революциялық демократия, санкция, аграрлық реформа, партизандық соғыс, әлеуметтік қоғамның әлеуметтік құрылымы



В.И.Ленин Қызыл алаңда

банк пен көптеген үкіметтік мекемелер секілді аса маңызды жерлерді басып алды.

25 караша күні бишік Петроград Кенесіндегі Әскери революциялық комитет қолына өтіп, Лениннің «Ресей азаматтарына» деп жазылған үндеуін жариялады. Онда Уакытша Үкіметтің биліктен шеттетіліп, билік Петроград Кенесіндегі Әскери революциялық комитеттің қолына кешкені хабарланады.

25 қарашада күндіз Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кенесі өтіп, Ленин баяндама жасайды. «Ол енді Ресей тарихында жана кезең басталды және бұл үшінші революция өзінің қорытындысында социализмді женіске жеткізуі тиіс», – деп атап өтті.

26 қарашада Уакытша Үкімет орналаскан Қызыл Сарай коршауга алынып, үкімет мүшелері тұтқындалып, карулы көтеріліс женіске жетті. Билік әскери-кенес қолынан *II Букілпресейлік Кенестер съезіне* өтті. Съезд «Жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға деген» Үндеуді кабылдады. Онда Ресейді жұмысшылар, солдаттар және шаруалар депутаттарының Кенестер Республикасы деп жарияласп, Кенес билігінің қызметі туралы бағдарлама кабылдады. «Бейбітшілік туралы», «Жер туралы» декреттер кабылданып, алғашкы Кенес үкіметі – Халық Комиссарлар Кенесі күрылды.

1917 жылы 2 қарашада «Ресей халықтарының құқығы Декларациясы» жарияланып, ұлттар арасындағы теңсіздік саясаты жойылып, «Ресейдегі халықтардың еркін және ашық одағы» күрылды. Декларацияда Кенес билігінің ұлттық саясаты жөніндегі ұстанымы көрсетілген – онда Ресейдегі халықтардың тендігі мен еркіндігі, олардың өз алдына жеке шешім кабылдауы мен жеке мемлекет болып күрылуы сакталады деп белгіленген. Бұған дейін болған ұлттық және ұлттық – діни женілдіктер мен шектеулер алынып тасталды.

Кенес билігінің алғашқы шешімі Ресей еңбекшілері арасында қызу колдау тапты.

Білімдерінді тексеріндер

- 1917 жылы күзде Ресейде жалпыұлттық революциялық дағдарыстың пісіп-жетілгенін иеден байқаута болады?
- Ресейдегі халыктар кенесінің II съезінің шешімдері қандай маңызға не болды?

Тапсырма

1. Косымша әдебиеттерді пайдаланып, «Кенес билігінің Декреті мен Декларашисы» атты кестені толтырыңдар.

(1917 ж., қазан – 1918 ж., маусым)

Уақыты	Атауы	Мазмұны

2. Құжатпен танысып, Кенес үкіметінің діни, ұлттық және сыртқы саясатын сипаттандар.

**Кенес үкіметінің үндеуінен
«Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне»
(1917 ж., 29 қараша)**

Ресей мұсылмандары, Поволжье және Қырым татарлары, Сібір мен Түркістанның қыргыздары мен сарттары, Кавказ аймагының түріктері мен татарлары, Кавказдың шешендері мен таулықтар бұған дейін патша мен Ресейді қанауышылар сендердің мешіттерін мен құлыштық орындарында қираптып, сенім мен дәстүрлерінді белдең басып келді. Енді сендердің сенімдерін мен дәстүрлерін, сендердің ұлттық әрі мәдени орындарын еркін болады, енді қол сұқпайды. Өздерінің ұлттық өмірлерінді еркін әрі кедергісіз етіндер. Сендер бұған құқылсызыңдар. Біліндер, сендердің құқыктарын, Ресейдің барлық халыктарының құқығы секілді, революцияның бар құдіретімен, оның органдарымен, Жұмысшылар Кенесімен, Солдат және Шаруа Депутаттарымен қорғалады.

Шығыстың мұсылмандары, парсылар мен түріктер, арабтар мен үністер, сендердің мұліктерінді, бостандықтарын мен отандарында Еуропаның ашкез жыртқыштары жүзеген жылдан бері саудага салуда, осындағы тонауышыларга карсы ашкан соғысты колдаушы еддер...

Біз қызметінен алынған Керенскийдің дәлелдегеніндей, тақтан тайдағылған патшаны Константинопольді басып алу туралы күпия келісімшарттары жыртылып, жойылғанын жариялаймыз.

Ресей Республикасы мен оның үкіметі, Халық Комиссарлар Кенесі өзгелердің жерін жаулап атуға карсы екенін мәлімдейміз...

Біз Парсыны бету туралы келісім жыртылып, жойылғанын мәлімдейміз. Соғыс кимылдары қалай токтайты, Солай Парсы жерінен әскер шығарылады, парсы халқы өз тағдырларын еркін түрде өздері анықтау құқығына не болады.

Біз Түркіяны бету мен оның курамынан Арменияны ату туралы келісімнің жыртылып, жойылғанын мәлімдейміз. Соғыс кимылдары қалай токтайты, армяндар өздерінің саяси тағдырларын өздері анықтау құқығына не болады...

Қанаушылық Ресейден және оның революциялық Үкіметінен болмайды, ол Сіздердің отандарының талан-таражга салып оны өзінің «отарына» айналышырған, Еуропа империализмінің жыртқыштарынан болады.

Ә. Қытайдағы 1946–1949 жылдардағы Азамат соғысы және революциялық өзгерістер



Мао Цзэдун
(1893–1976)

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қытайдың саяси бірігуі туралы мәселе тағы көтерілді. Мемлекеттегі екі саяси күш – Қытай коммунистік партиясы Орталық Комитет төрағасы Мао Цзэдун мен Гоминьдан «Ұлттық партиясы» Чан Кайши баскаратын партиялар арасында мемлекетті же-ке-дара басқару үшін талас журді. 1946 жылы Гоминьдан әскері Қытай коммунистік партиясы баскаратын аудандарға өз әскерлерін кіргізеді. Азамат соғысы басталады. 1947 жылдың ортасына дейін созылған соғыстың алғашкы кезінде АҚШ-тың қолдауына сүйенген, әскері жақсы дайындықтан өткен Чан Кайши женіске жетеді.

Карсыластарын дейін бақылау жүргізген гоминьданықтар 1946 жылдың күздінде ішкі Монголияның әкімшілік орталығын басып алады. Олардың ең басты жетістігі 1947 жылы көктемде Яньянь қаласында орналасқан коммунистердің штаб-пәтерін колға түсіруі еді. КСРО-ның қолдауына сүйенген коммунистер карулы күштерін қайтадан жетілдіріп, 1947 жылы гоминьданықтардан Маньчжурияның біраз бөлігін және орталық жазықты түтелімен қайтарып алады. Соғыс барысында коммунистер қолданған партизандық соғысу әдісі өз пайдалын береді. Олар гоминьданықтар бақылауындағы аймақтарда кең ауқымды шаралар өткізіп, карсыластарының солдаттары мен техникаларын жойды.

АҚШ Чан Кайши режиміне үздіксіз қолдау көрсетіп тұрды: олар жетілдірілген кару-жарактар жеткізіп тұрды, 1947 жылы Қытайда АҚШ-тың 100 мын әскери қызметкере жүрді.

Шешуші шайқас 1948 жылдың соны мен 1949 жылдың басында өтті. Соғыс нәтижесіне орай коммунистер солтүстік-шығыс Қытайға бақылау орнатты. Шарасыз калған Чан Кайши 1949 жылдың қантар айында карсыластарын жену үшін АҚШ, Ұлыбритания, КСРО басшыларынан көмек сұрайды. Алайда КСРО басшылары бұл қактығыстардың барлығы Қытайдың «ішкі ісі» деп көмек беруден бас тартады. 1949 жылдың 21 қантарында Чан Кайши Қытай Республикасының президенттігінен кететінін жариялады. Бұл уақытта күш алған коммунистер стратегиялық манызды аймак Пекин-Тяньцзиньді басып алып, Солтүстік Қытайға толығымен бақылауын орнатады. Ал Пекиннің онгустігінде

болған шайқастарда да олар женіске жетіп, Шанхай, Нанкин және Уханьды қайтарып алады. 1949 жылдың күздінде коммунистер Тайвань мен Тибеттен басқа жердің барлығын басып алып, толық үстемдіктерін жүргізеді. Азаматтық соғыс коммунистердің женісімен аяқталады.

Есте сақтаңдар

1949 жылдың 1 қазанында коммунистер Қытай Халық Республикасын (КХР) құрып, социалистік жолды таңдайды.

Жаңа билік жүйесі өзін «халықтың демократиялық диктатурасы» ретінде көрсетіп, елдің барлық таптарын шаруадан бастап ұлттық буржуазияға дейін қамтитынын байқатты, жұмысшы табының жетекші рөлі Қытай коммунистік партиясы арқылы жүзеге асты.

1949–1954 жылдары Қытай Халық Республикасындағы ең жоғарғы билік Мао Цзэдун жетекшілік ететін, коммунистерден құралған, коалициялық орталық халықтық үкіметтің колында болды. Елдің экономикалық жағдайы ауыр болды. Мемлекетте өндіріске модернизация жасап, ауылшаруашылығын реформалау қажеттілігі пайда болды.

1950 жылы *аграрлық реформа туралы Зәң күшіне* енді, ол бойынша алпауыт ірі жер неленушілердің жер неленуге құқығы болмады. Жер шаруалардың еншісіне берілді. 1953 жылы жер неленуші алпауыттар толығымен жойылды. Қалаларда ірі ұлттық буржуазияның мүліктепі тәркіленіп, шетелдік капиталдар мемлекет меншігіне алынды, экономикада мемлекеттік сектор орнады, тек бірқатар салалардаға жеке секторлар сакталды. «Өтпелі кезеңнен» кейін 1952 жылы коммунистік партия экономикада жаңа жолдың нұсқасын ұсынды, сейтіп, мемлекет социалистік жолмен журуге шешім қабылдады.

Назар аударындар!

Қытайды социализм орнату индустріалдық өндіріс пен ауылшаруашылық кооперативтерін қосудан басталды. Бұл кеңестік модель болатын.

1953 жылы үкімет халыктан астық, техникалық дәнді дакылдар мен матта сатып алуға мемлекеттік монополия енгізді. Елді мекендерде кооперативтер құрылды, жер шаруалардың колында болды. Мұнан кейін келесі кезең басталды. Оnda жер мен өндіріс құралдары ортақ меншікке еткен кооперативтер құрылды.

Қалаларда ұлттық буржуазия сауда саласынан ығыстырылды, ал жекеменшік кәсіпорындардың басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыстарды орындауға міндетті болды. Кейіннен жеке кәсіпорындардың барлығы аралас мекемеге айналып, толық мемлекет бакылауына көшті.

1956 жылдың көктемінде шаруаларды кооперативке көшіру және жекеменшік өндіріс пен саудадағы өзгерістер аяқталды.

Есте сақтаңдар

1954 жылы Қытай Халық Республикасының Конституциясы қабылданды, мемлекет социалистік бағытты бекітті.

Білімдерінді тексеріндер

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қытайда қандай қарама-карсы саяси күштер калыптасты?
2. Қытайдағы азаматтық соғыстың барысы мен оның қорытындыларын баяндаңдар.
3. 50-жылдардың алғашқы жартысындағы Қытай экономикасының қайта өзгеру ерекшелігі туралы баяндаңдар.

Тапсырма

Төменде келтірілген мәтінмен танысып, Қытай коммунистік партиясы Орталық Комитетінін Қытайда социализм орнату туралы бағдарламасын сипаттандар.

1956 жылы ККП ОК социализмге кешу туралы партияның Бас жүйесін күрді: «Ұзак уақыт, кезең-кезең бойынша социалистік индустрияны калыптастыру және ауылшаруашылығы мен ұсак өндіріске және капиталистік өндіріс пен саудага біртіндеп социалистік өзгерістер енгізу».

ККП 1953–1957 жылдардағы алғашқы бесжылдық жоспарының тапсырмасы болып, «елдің социалистік индустриялану үшін алғашқы негізін калыптастыру, ауылшаруашылығы мен ұсак өндіріске социалистік өзгерістер жүргізу үшін алғашқы негіз қалыптастыру, жеке өндіріс пен саудага өзгерістер жүргізу үшін алғашқы негіз қалыптастыру».

Б. Куба революциясы

Кубаны 1952 жылдан диктатор Фульхенсио Батиста басқарды, ол білікке әскери төңкеріс арқылы келген болатын және ішкі репрессия саясатын жүргізді. Елде АҚШ ықпалына және Ф. Батистаның диктаторлық режиміне карсы жұмысшылар, шаруалар, қалалық ұсак буржуазия, қызметкерлер, интеллигенция, студенттер мен ұлттық буржуазияның

бірқатар өкілдерінің оппозициялық қозғалысы басталды. 50-жылдары революциялық куресті ұсак буржуазиялық және жұмысшы тобына жатпайтын демократиялық революция тобының өкілдері бастады. Ф.Батистага карсы куресте Фидель Кастро Рұс ерекше белсенділік танытты. 1953 жылы ол Ф.Батистага карсы көтеріліс жасауга әрекеттегені үшін қамма алынады, одан ракымшылыққа ілініп, шеңете эміграцияға АҚШ-ка, сосын Мексикага кетеді. 1956 жылы Ф. Кастро зансыз Кубаға келіп, ез жақтастарымен таулы аудандарға бекініп, Ф.Батистага карсы парпизандық соғыс бастайды. Біртіндеп партизандарға шаруалар косылып, сту-



Фидель Кастро Рұс (1926–2016)

денттер, Куба коммунистік партиясы да партизандарды колдайды. 1958 жылдын ортасында партизандық соғыс революциялық куреске ұласады.

1958 жылдын сонында Ф.Кастро әскерлері Куба астанасы – Гаванаға шабуыл үйімдастырады. Ф.Батиста елден қашып, Доминикан Республикасына бас сауғалайды. Оның елден кетуімен бірге, ол құрған диктатура да құлайды. 1959 жылдың қантарында астананы өз қолына алған Ф.Кастро жана режимнің жетекшісіне айналады. Білікке келген алғашки жылдары ол коммунист емес еді, оның бар мақсаты Латын Америкасындағы барлық диктатуралық режимді қарулы революциялық жолмен құлатып, азаттық орнату болатын. Алайда оның айналасында аргентиналық марксист Эрнесто Че Гевара секілді нағыз солшылдар да болды. Ф.Кастро үкіметі атқарушы ғана емес, зандық орындаушы да болды, жалакыны көтерді, коммуналдық қызмет бағасын арзандатты және аграрлық мәселені шешуді колға алды. 1959 жылғы *аграрлық реформа* ірі жернеленушілікті жойып, неленетін жер көлемі 400 га-дан аспауы туралы шектеу енгізді. Көрсетілген мөлшерден артық жері барлардың жері мемлекетке алынып, жері жоктарға, жері аз шаруаларға, ауылшаруашылық жұмысшыларына белініп берілді. Жерді тек Куба азаматтары ғана нелене алды, шетелдіктер неленген монополияның барлығы тәркіленді. Іргелі малшаруашылыктар мен қант өсіретін плантациялар мемлекет карамағына алынып, осының негізінде мемлекеттік шаруашылыктар мен кооперативтер құрылды. 1960 жылдың күнінде Куба үкіметі жергілікті ірі және орташа өндірістерді, сауда, банкілер мен көліктерді ұлттық меншікке айналдырыды.

Білік тізгінін қолына мықтап алған Ф.Кастро ығыстырылған режимнің жактастарына, оппозицияға карсы репрессия бастайды. АҚШ-ка Кубадан бассауғалаган босқындар катары көбейеді. Кубага ықпал ету үшін Құрама Штаттар санкция салу шарасын колдануға мәжбур болады.

Кару-жарак тасымалына, саудасына және ішінара куба қантын сатып алуға зидарго койылады. Қант осы елдің ең басты экспортты болғандықтан, бұл тыйым Куба экономикасына аса ауыр соккы болды. Америкалық компаниялар Кубага мұнай тасымалдауды азайта бастады.

Бұған жауап ретінде 1960 жылы Куба үкіметі КСРО дан кару-жарак сатып алып, олармен Кубаның энерго тасымалын жабдықтау туралы келісімге келеді. Сонымен катар елдегі америкалық компанияларға қарасты мұнай өндеуші және езге де өнеркәсіптер ұлттық меншікке өтеді. Куба мен АҚШ арасындағы шиеленіс ушығып кетеді. Америка Құрама Штаттары Кубага экономикалық блокада қояды, дипломатиялық катынастарын үзеді. Кубаны «Америкадағы мемлекеттер үйімі» катарынан шығаруға кол жеткізеді, Латын Америкасы елдерінің «Мексикадан басқа» дипломатиялық катынастарын тоқтатады. 1960 жылы АҚШ

Президенті Д.Эйзенхауер куба эмигранттарын арнасы дайындықтан өткізіп, солардың катысуымен Кубада әскери әрекеттер бастау туралы күпия жарлық береді. Орталық барлау баскармасы Кубага басып кіретін жоспар жасауга кіресті. 1961 жылы сәуірде американлық кемелерге мінгін жасақ Куба аумағына келеді. Алайда Кубаның карулы күштері бұл десантты жылдам талқандап таставиды. Осы операциядан кейін Куба басшылыны социалистік даму моделін тандауга шешім қабылдайды.

Назар аударыңдар!

1961 жылы сәуірде Ф. Кастро Куба революциясының социалистік бағытта болғанын және елде социализм орнатылғанын жариялады.

Ұсак өндірістегі кәсіпорындар, сауда саласы мен қызмет көрсету орындары мемлекет қарамағына алынады. 1963 жылғы аграрлық реформа сай 67 га-дан артық жері бар шаруашылыктардың жерлері, мемлекетке алынып, мал өнімдерін өндіретін шаруашылыктарға берілді.

Куба екі экономикалық бағытка бөлінді: *мемлекеттік* және *ұсақтауарлы*.

Социализмге бағыт алған мемлекеттегі ірі саяси үйымдардың идеологиялық ұстанымы марксизм-ленинизм идеялары болды. 1961 жылы бұл үйым революциялық біріккен үйымның төнірегіне топтасып, 1963 жылы *Біртұтас социалистік революциялық партияга* айналды, ал 1965 жылы ол Куба коммунистік партиясы болып атаудың өзгертеуді. Партияны Ф. Кастро баскарды.

Білімдерінді тексеріндер

1. Кубада 50-жылдары оппозициялық атаңдар және оған катысушылардың қозғалыстың пайда болуынын себептерін күрамын көрсетіңдер.
2. Кубадағы революцияның кандалай әлеуметтік топтар баскарды?
3. Революция жеңігеннен кейін Кубада кандалай өзгерістер орын алды? Олардың ерекшелігін аныктандар.

Тапсырма

Құжатпен танысып, 50-жылдардағы кубалық революционерлер ұсынған бағдарламалардағы өзгерістердің баяндандар және талдандар. Бағдарламаның ерекшелігін аныктандар.

1953 жылы 16 казанда Сантьяго-де-Куба қаласындағы Монкада казармасына шабуыл жасаған қатысушылардың ісі бойынша отіп жатқан сот процесінде Ф. Кастроның сөйлеген сөзінен

Монкада корғанысы алынған сон жарияланған бес революциялық зан...

Алғашқы революциялық зан халыққа өзінін бостандығын кайтарды және 1940 жылы мемлекеттің жоғарғы заны конституцияны қабылдады... Конституцияны енгізу үшін бұл тапсырманы орындағайтын халық сайлаган органдар болмағандықтан,

халықтын уақытша еркіндігінің көрінісіне айналған ...революциялық қозғалыстар еркіндікке тиісті осындай барлық өкілеттіліктерді өзіне алуға тиіс болы...

Екінші революциялық заң жерді біртұтас қалыпта, өзтеге беру күкітінсіз, барлық арендаторларга, субарендаторларға және бес немесе одан да кабальерий жері бар үлескерлер меншігіне берді. Бұл жерлердің құнын мемлекет бұрынғы қожайындарынан рента есебінде алды, ол бойынша олар бұл жерлерді он жыл бойы пайдалана алады.

Үшінші революциялық заң жұмысшылар мен қызметкерлерге барлық ірі өндірістен, сауда және кен өндірісінен, оның ішінде қант зауытының табысынан 30 пайыз табыс ұсынады...

Төртінші революциялық заң барлық колоналарға қант қурагын өсіруден түсетін табыстын 55 пайызын және аймактарда үш немесе одан да кеп жыл тұрып жаткан барлық ұсақ колоналарға ен аз 40 мын арроба (өлшем бірлігі) мөлшердегі несиең ұсынады.

Бесінші революциялық заң бұрынғы үкімет кезінде пайда тауып, казына тонағандардың барлық дүниесін тәркілеп, олардың отбасы мүшелері мен мұрагерлерінін зияғыз табылған... дүниелерін тәркілеп... Соттар акционерлік компаниялардың ісіне артыу құқығы болу керек, егер де оларда талан-таражта түскен ақшалар болса.. Тәркілентен барлық дүни-мұліктің тен жартысы жұмысшы табынын зейнетакысына жаһеріту тиіс, ал қалған белігін - аурухана, карттар паналайтын үй салута пайдалану керек.

Бұл заңдарды тез арада жүзеге асыру керек. Олардан кейін...өзге заңдар мен шаралар кезек күтіп тұр, олар аграрлық реформалар мен жалпы білім реформалары, сондай-ақ электр тресттерін мемлекет меншігіне алу, тресттерде артық тарифтерден жиналған, бұған дейін каржы министрлігінен жасырылып келген барлық артық дүниелердің қазынага құйып, халықта қайтару...

Жер, индустриализация, баспа, жұмыссыздық, білім және деңсаулық – міне, осы накты алты бағытқа, біздін қоғамдық бостандық пен саяси демократияны орнатуға бағытталған күш-жігеріміз жұмсалады.

Социалистік революция нәтижесінде қоғамдағы әлеуметтік құрылымдардың өзгеруі

Социалистік революция қоғамдағы әлеуметтік құрылымдарды тұптамырымен өзгеріске ұшыратты.

Әлеуметтанушылардың басым бөлігі социалистік қоғамның әлеуметтік құрылымын үш топқа бөлгөн: *жұмысшылар табы, шаруалар табы және интеллигенция*. Зерттеушілер табы қызметшілер табын косады.

Сонғы уақытта әлеуметтанушылар арасында социалистік қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеуде мынадай негіздерге сүйенген жаңаша жіктеу көзқарастары пайда бола бастады, олар: адамдардың өндіріс құралдарына көзқарасы, қоғамдық өндіріс жүйесіндегі олардың орны және қоғамдық еңбек үйымдарындағы рөлі. Жүргізілген зерттеулер нәтижесіне орай зерттеушілер социалистік қоғамның әлеуметтік құрылымында еңбек ететін еңбеккерлердің мынадай сегіз табын анықтады:

- 1) мемлекеттік өндіріс пен мекемелердегі басқару аппараты;
- 2) кооперативтік өндірістегі басқару аппараттары (бұл топқа қоғамдық үйымдардың басқару аппаратары да жатады);
- 3) мемлекеттік мекемелер мен өндірістегі қызметшілер;
- 4) кооперативтік өндіріс қызметшілері;
- 5) мемлекеттік мекемелер мен өндірістердегі интеллигенция;

- 6) кооперативтер ендірісіндегі интеллигенция;
- 7) кооператив өндірістеріндегі жұмысшылар;
- 8) мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердегі жұмысшылар.

Ғалымдардың зерттеуінше, социалистік қоғамның сегіз әлеуметтік топтарының біреуі жоғары болып саналады. Бұл – бюрократия. Біреуі тәмен болып саналады. Бұл – мемлекеттік өнеркәсіп пен мекемелердегі жұмысшылар. Қалған 6 әлеуметтік топтар орташалар катарына жатады, ейткені олар орташа аралықтағы жағдайды қамтып орналасқан.

Халық демократиясы саналатын елдердегі қоғамда тағы бір тоғызынышы ұсак тауар өндірушілер табы аныкталған.

§ 57-58. КАЗИРГІ ЗАМАН РЕВОЛЮЦИЯЛАРЫ

A. 1989–1990 жылдардағы Шығыс Еуропадагы «Барқыт революциясы»

Бүгінгі сабакта:

- 80-жылдардың соңы – 90-жылдардың басындағы Польша, Венгрия, ГДР, Чехословакия, Болгария, Румыния, Югославиядағы революциялармен танысамыз.

Кітт Сөздер:

дағдарыс, басқарушы партия, оппозиция, көлбаптиялық, парламенттік демократия, «есенгіреу терапиясы», сепаратизм, азамат соғысы

Шығыс Еуропа мемлекеттері басшылары сөз жүзінде экономикалық және саяси реформалардың қажеттігін мойындағанымен, іс жүзінде алдынғы саясатты өзгертетіндей мәрдымды әрекеттер жасамады.

Билік басындағы саясаткерлердің батыл кадам жасай алмауының себебінен олардың саяси қарсыластары күшіне түсіп, қалыптасқан жүйені жоюға шамасы жеткен «социализмді жаңғыру» козғалысын үйімдастырыды.

Назар аударындар!

80-жылдардың екінші жартысында Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері терең әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарысты бастан кешірді.

Киын дағдарысты басынан еткерген Польшаның біріккен жұмысшы партиясы (ПБЖП) биліктегі монополиядан бас тартып, экономикалық және саяси реформаларды жүргізу жолы арқылы жағдайды реттеуге тырысты. ПБЖП басшылығымен Войцех Ярузельский саяси ахуал тұрақтанғаннан кейін оппозициямен арадағы диалогті жақсарту үшін жана жолдар іздей бастады. Католик шіркеуімен байланыс жақсарды. 1985 жылы В. Ярузельский президент болып сайланды.

1986 жылы қыркүйек айында елде саяси ракымшылық жарияланды. Бұл жағдай «ынтымактастық» кәсіподагына өзінің қызметін қайта

жанғыртуына мүмкіндік берді. Оппозиция күштері өз кандидаттарын парламент сайлауына ұсынуға құқылы болды. 1989 жылы маусым айында көп partiялар негіз бойынша сеймде (парламент) таңдау жасалды. «Ынтымактастық» коммунистік емес партиялармен одактасты және 40 жылда алғаш рет компартия аз дауыска не болды. Католиктік зиялыштар өкілі Тадеуш Мазовецкийдің жетекшілік етуімен коммунистік емес үкімет құрылды.

Назар аударындар!

Билікке Мазовецкийдің келуімен және ПБЖП монополиялық ұстанымының жойылуы жаңа саяси-экономикалық құрылымның қалыптасуын жылдамдатты.

Мемлекет атауы өзгерді – әлемнің саяси картасында Польша Халық Республикасы орнына Польша Республикасы деп өзгертілді.

Есте сақтаңдар

Бальцерович жоспарлы орталықтандырылған экономикадан нарықтық экономикаға тез көшуді қарастырды. Бағаға бақылау жүргізу толығымен жойылды, бір мезетте жалақы кідіртілді.

Мазовецкий үкіметі түбірімен қайта құру бағдарламасын жүзеге асырып, каржы министрі Л. Бальцерович бастамасымен экономиканы қайта бағдарлауға кірісті. Бұл қайта бағдарлау – «есенгіреу терапиясы» («шоковая терапия») деген атауға не болды. Нарық тұрактанып, құнсыздану жойылды. Алайда жүргізілген экономикалық саясат бағаның кенет өзгеруіне, тұтыну көлемінің азауына, тұргындардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне және жұмыссыздар санының өсуіне алып келді. Мазовецкий үкіметі 1990 жылы беделі төмендеп, қызметтен кетуге мәжбүр болды.

1990 жылы қантар айында ПБЖП Социал-демократиялық партиясы болып қайта құрылғандығын жариялады. 1990 жылдың аяғында ел президент сайлауын еткізді. «Ынтымактастық» көшбасшысы Л. Валенса президент болды. Жана үкімет реформаларды жүргізуі тездегуте катысты өз шешімін айтты.

80-жылдардың аяғына дейін Венгрияда ел басшылары түбірімен қайта жанғыруға батыл қадам жасай алмады. 1988 жылы *Vengher социалистік жұмысшы партиясының* (ВСЖП) конференциясында ел басшылары ауысты. Я.Кадар ВСЖП ОК (Орталық Комитет) бас хатшысы қызметін езінен жас көшбасшы Карой Гроска босатып берді. Конференция экономиканы тұрактандыру мен сыртқы берешекті қыскарту бағдарламасын қабылдады. Шетел фирмаларымен бірлесе отырып, өндіріс орындарын ашу көзделді. Экономикалық реформаларға саяси толыктырулар енгізу кажеттігін мойындағы. 1989 жылы акпан айынан

бастап елде көппартиялыққа рұксат етілді. Венгрияның парламенттік демократияға көшуіне байланысты үш жакты келіссөздер жүргізілді. Оған ВСЖП, оппозициялық партиялар мен қоғамдық үйымдар катысты. Елде президент қызметі бекітілді.

1989 жылы қазан айында ВСЖП құрылтай өткізді. Нарықтық реформаларды қолдаушылар жөніске жетті. Құрылтай партияны Венгер социалистік партиясы (ВСП) деп езгертуге шешім кабылдады. Бұл партия пролетариат пен демократиялық орталықтандырылған диктатурадан бас тартып, өзін «жаңа социалистік партия» ретінде таныстырды. ВСП социалистік нарықтық экономика мен жекеменшіктің кеп түрлі формаларына катысты өз ойларын ашық білдірді.

1990 жылы елде Мемлекеттік үйымдар арасында сайлау өтті. 1987 жылдың сонында құрылған, нарықтық катынаска өтуді қолдайтын *Венгер демократиялық форумы* жөніске жетті. Форум көшбасшысы Йожеф Анталл үкімет басқарды. Екі жетекші парламенттік фракциялар – Венгер демократиялық форумы мен оппозиция құрамына енген тәуелсіз демократтар одағы – президенттік қызметке тәуелсіз демократтар одағының өкілі Арпад Генчты ұсыну туралы келісімге келді. 1990 жылы тамыз айында ол президенттікке келді.

1989 жылдың күзінде Венгрия Австриямен арадағы шегараны ашты. Венгрияды ГДР азаматтары ГФР-ге көшу үшін осы сәтті пайдаланды. ГДР-ден жарты миллионға жуық неміс азаматтары қашып кетті.

ГДР калаларында «Біздің кеткіміз келмейді!» ұранымен жаппай шерулер бас көтерді. Бұкарашылар шеруге катысушылар тез арада саяси және экономикалық реформаларды талап өтті. Алайда *Германия социалистік біріккен партия* (ГСБП) хатшысы Эрих Хонеккер мен оның айналасындағылар мәселені шешуге асықлады.

Э.Хонеккердің төнірегіне оппозициялық партиялар қалыптаса бастады. ГСБП ОК пленумы оны басшылық қызметтен түсіріп, онына ОК бас хатшысы Эгон Кренцті сайлады. Бірнеше айдан кейін соңғысының орнына либерал Грегор Гизи келді. Оның кезінде ГСБП *демократиялық социализм партиясы* (ДСП) деп атала бастады. Конституцияда көлтірілген қоғамдағы партиялардың жетекшілік рөлі туралы бабты алып тасталды. Сонымен бірге ДСП социалистік сайлау өткізетіндігі туралы ойынан айнымады. ГДР Халықтық палатасының сайлауалды карсанында коммунистік емес партиялар тұрғындар арасында бұрын-сонды болмаған антисоциалистік үгіт-насихаттар жүргізіп, халықты ГФР-ге тезірек бірігүте және нарықтық катынасты қалыптастыруға шакырды.

1990 жылы наурыз айында болған сайлауда ГДР тұрғындарының басым көшілігі нарықтық экономиканы қолдайтындықтарын білдірді. Сайлаудан кейін құрылған үкімет құрамына Христиан-демократиялық, Либерал-демократиялық және Социал-демократиялық партиялар кірді.

Басшылық қызметкес ХДО Лотар де Мезьер өкілі сайланды. Германияны біріктірүте дайындық шаралары басталды.

Есте сақтаңдар

1989 жылы 9 қарашада Берлин қабырғасы құлатылып, ГДР мен ГФР арасындағы шегара ашылды. 1990 жылы 1 шілдеде ГДР мен ГФР арасында валюталы, экономикалық және алеуметтік одақтастық туралы келісімшартқа қол қойылды. Батысгерман маркасы ГДР валютасы болып есептелді. 1990 жылы 3 қазанда ГДР ГФР құрамына қосылып, қызметін тоқтатты.

1987 жылы Чехословакия басшылығы экономикалық реформаларды қолға ала бастады. Алайда оппозиция радикалды өзгерістерді талап етті. 1989 жылы 17 қарашада Прагада студенттердің қарсылық білдіру шерулері басталып, полицияның таркатуымен аяқталды. Ертесінде «Азаматтық форум» деп аталатын оппозициялық үйім құрылды. (Осы уақыт аралығында аталған форумдар секілді бірлестіктер «Зорлыққа қарсы қауымдастық» атауымен Словакия елінде де пайда болды). Оппозиция қысымымен Компартия Конституциядағы ЧКП жетекшілік рөлі туралы бапты алыш тастауга келісті. Елде Маринан Чалф басқарған коалициялық үкімет құрылды. Негізгі қызметтік орынды бұрынғы дисиденттер басқарды. Олардың арасында ең танымалы – драматург Вацлав Гавел – 1989 жылы 29 желтоқсанда Чехословакия президенті болып сайланды. Прага көктемі кезеңінде Компартияның жетекшісі Александр Дубчек Федералды үйімнің өкілі атанды. 1990 жылы еткізілген парламенттік және жергілікті сайлауда Компартия жеңіліске ұшырады. 1991 жылы шілде айында кенес әскерлері елден шыгарылды. Мемлекетке жаңа атау берілді. *Чех және Словакия Федеративті Республикасы* (ЧСФР) деп атала бастады.

Есте сақтаңдар

Чехословакияда саяси тәртіптің өзгеруі бейбіт әрі залалсыз өткендіктен, «барқыт революциясы» деген атауға ие болды.

Шығыс Еуропа елдеріндегі саяси ахуал демократиялық кайта жаңғыруға талпынған Болгариядағы құштердің белсенделілігін арттырды. 1989 жылы қазан айында БКП ОК Саяси бюросының мүшесі, сыртқы істер министрі Петр Младенов басқару ісінде жол беруге болмайтын әдістерді пайдаланғаны үшін Т. Жиковты айыпташ, партия жетекшілеріне ашықхат жолдады. Саяси бюро мүшелері П.Младенов бастамасын колдап, 1989 жылы 10 қарашасында БКП ОК Пленумы Т. Жиковты бас хашы қызметінен босатты. Көп кешікпей ол Мемлекеттік кенес өкілі лауазымынан да босатылады. Елде Президенттік лауазымы құрылды, оған П. Младенов сайланды.

Ел ішінде көптеген саяси ұйымдар пайда бола бастады. Партиялар мен саяси ұйымдардың бірқатары *Демократиялық күштер одагына* (ДКО) бірікті. Олардың максаты елге көп партиялы жүйелер мен парламенттік демократияны енгізу болды.

1990 жылы қантар айында құрылған БКП XIV құрылтайы Болгариядағы социалистік қоғамның қайта құрылуы мен жаңғыруының басталғандығы туралы баяндама жасады. Сонымен бірге елде демократиялық социализмнің құрылатындығы жайлы хабарлады. Партия көмекшілік жетекші рөлінен бас тартты. Живков пен айналасындағы жағын серіктестерінің бірі партиядан шығарылды. Партия атауы Болгар социалистік партиясы (БСП) болып ауысты. ДКО айналасына шоғырланған оппозициялық күштер 1990 жылы жазда П.Младеновтың қызметтен кетуіне кол жеткізді. 1990 жылы тамыз айында Ұлы халық жыны ел президенті етіп ДКО көшбасшысы Желю Желеваны таңдады. Осы жылдың желтоқсан айында коалициялық үкіметтің құрамын бекітті.

Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропаның көптеген елдерімен салыстырғанда Румыниядағы тәртіптің аудисуы қанды сипатка не болды. 1987 жылдың аяғында Брашов өнеркәсіптік қаласында «Диктатор жойылсын!» ұранымен тұрғындардың наразылық шеруі өтті. Шерушілер полиция араласуымен токтатылды. 1989 жылы желтоқсан айында румын билігі протестанттық бағытты ұстанған венгер дін қызметшісін Тимошоара (Трансильвания) қаласынан коныс аударуга мәжбурлайді. Бұл жағдай қоғамда наразылық толқынын тудырып, полиция кару колдану арқылы көтерілісті басты. Нәтижесі антикоммунистік революцияның басталуына себепші болды.

22 желтоқсанда биліктің нұсқауымен Бухарест орталық аланына Н.Чаушеску саясатын колдау үшін 10 мыңнан аса адам жиналды. Алайда билік басындағылар үшін күтпеген жерден митингке катысушылар «Чаушеску жоғалсын!» деген айқайға басты. Наразылық көрсетушілерге қарсы тағы да карулы күш колданылды. Жүздеген адамдар жарапанды және каза тапты. Дегенмен көтерісшілерге көмекке әскер келеді. Николае Чаушеску мен оның жұбайы ешen кашуга әрекет жасағанымен, нәтижесінде колға туседі. Оларды «геношид, жемкорлық және экономиканы құлдыраткандары» үшін айыпта, ату жазасына бұйырады. Ұлттық құтқару фронты қалыптасады. Оның басшысы Ион Илиеску – Чаушескуға қарсы болған бұрынғы коммунистік атқарушы болатын. Дегенмен 1990 жылы мамыр айында *И. Илиеску* Румынияның президенті болып сайланды.

1980 жылдың соны – 1990 жылдың басында Югославияда экономикалық және саяси дағдарыс күшіне түсті. Елді басқаруды орталықсыздандыру үдерісі басталды. 1989 жылы 27 қыркүйегінде Словения Республикасының парламенті республиканың ЮСФР құрамынан шығу құқығы туралы жариялады. Бұл біртұтас елді жоюға жасалған

алғашқы кадам еді. Осы жылы Сербия аумағында Косово өлкесінің албан тұрғындары аймакқа республика атауын беруді талап етті. Бұл жайт сербік тұрғындарды аландатты. Сербияның барлық аймактарында албандықтарға карсы наразылыктар ерши түсті. Осы толқынның әсерімен 1990 жылы 9 қантарда Сербиядағы алғашқы кеппартиялы сайлауда Сербия социалистік партиясы Президумының өкілі Слободан Милошевич президенттік орынга жайгасты. Ол біргұтас мемлекетті сақтап калуды көзdedі, алайда ыдыраушылық арта берді.

1990 жылы желтоқсан айында Словения мен Хорватия тәуелсіздік үшін өз ойларын білдірді. Хорватияда жаңа Конституция қабылданды. Республика тұрғындарының 30 пайзы сербтер болғанына қарамастан елді хорват халқының мемлекеті деп жариялады. Жаңа Конституция қабылдағаннан кейін кемсітүшіліктің күшеюінен кауіптенген Хорватиядағы серб тұрғындары өздеріне басымдық беретін Серб өлкесі республикасын құруды талап етті. Олардың бірігу жоспары серб билігі тарапынан колдау таппады. 1991 жылы маусым айында Словения мен Хорватия ЮСФР құрамынан кететіндіктерін мәлімдеді, алайда Белград бұл акцияларды занды деп мойындаады. Серб Өлкесі Республикасын бөлшектеу мақсатында Хорват сепаратисттерінің қарулы қақтығысы басталды. *Югославияда азамат согысы басталды*.

1991 жылы қыркүйек айында Македония Югославиядан тәуелсіздігін алып, белініп шықты. 1992 жылы сәуір айында Югославиядан Босния мен Герцеговина белінді. *Югославия біргұтас мемлекеттілігін сақтап қата алмады*. Босния мен Герцеговинада сербтер, хорваттар мен мұсылмандар (ислам дінін қабылдаған славяндар) арасында қарулы қақтығыстар орын алып, нәтижесінде 1995 жылы қазан айына дейін созылған азамат соғысының басталуына себепші болды.

Білімдерінді тексеріндер

1. Еуропадағы халықтық демократия елдерінде оппозицияның жандануына не әсер етті?
2. Неге 80-жылдардың соны мен 90-жылдардың басында Шығыс Еуропада болған оқиғаларды «барыт революциясы» деп атады?
3. Румыниядагы революцияның басқа халықтық демократия елдерінде болған революциялардан кандай айырмашылығы бар?
4. Югославия Социалистік Федеративтік Республикасының ыдырау процесін бақылап, онын себептерін атаңдар.

Тапсырма

1. Төменде берілген мәтінмен танысып, оны сабакта сұрақтарға жауап беру барысында пайдаланыңдар.

Чехословакиядағы «барыт революцияның» бастауы болған 1989 жылы 17 қарашада Прага қаласындағы студенттер демонстрациясының үйымдастыруышы әрі катысушысы Моника Пайеровойдың естеліктерінен:

Өткен акциялардың біз осыдан екі жыл бұрын үйымдастыра бастадық, оған қатысушын ондаган адам жиналды. Әрі кеткенде, 200–300. Біз бір-біріміздің түрімізді танытын болдық. Білік те жекелей жұмыс істей бастады. Кейбір адамдарды ұрып-сокты, кейбіреулерін камап, көп ұзамай босатты, ал кейбір адамдарды 48 сағ-ка камаута алды.

17 қарашада бәрі басқаша өрбің. Мындаған адам келі, олар тұтас Праганы, оның орталығын аралап етті, олардың барлығы демонстрацията бет алды. Биліктің әрекеті де басқаша болды, мен оларды Ұлттық даңғылда құып, таратканың айтыш отырмын. Демократия рұқсатпен етіп жатса да, оны құып таратпау туралы үәдесі болса да, билік барлығына мүкіят дайын болды. Олар өздеріне тиістін істеді. Және ете катаң түрде жузеге асырды. Кейиннен белгілі болғандай олар не істей керек екенін және өздерін қалай ұстау керек ененің де білмеген. Ылғи да бірін-біріне қайши, түрлі бүйректар берілді. Осының салдарынан олардың өздерінде де былық басталды. ...Бір жағынан, оларға бізді Вацлав аланына жібермеу туралы бүйрек берілді, ал бул аланға бару – біздің максатымыз болды. Бір жағынан, оларға ешкімді, тіпті байқаусызыда да өлтіруге болмайтыны айттылды. ...Олардың өздерінде сұмдық дүрбелең болды. Олар корыкты. Елестетіңіші сізге карата ондаған мын адам карсы келеді. Біздер, демонстрацияның үйымдастырушылары, бәрі аяқталған соң кешке кездесуге келістік. Үйымдастырушы ондаған адамнан тек алтауығана келді. Қалғандары тұтқындалған немесе ауыр жарапланған. Біз сұмдық күйзелісті жағдайда болдық... Біз айналаның барлығынан кан көрдік, шашылған күймдер, аяқкүймдер жатты, өзімізді соккыға жықты. Сондықтан да студенттер көтерілісін бастау туралы шешім мен оған дайындалуды біз жылдам қабылдағық. Бул бұрын-сондың біз қабылдаған, дауыс берген «шешімдерді» ен жылдамы болды.

2. «Барқыт революциясы» нәтижесінде Шығыс Еуропа елдеріндегі социалистік жүйенін кірауы әлемнің екі белгікке белінүйінің аяқталуы мен халықаралық қатынастардагы биполярлық жүйенің жойылуына әкелді. Осы тұжырымды түсіндіріңдер.

Ә. Таяу Шығыстагы 2010–2011 жылдардағы «Араб қөктемі». Посткөңестік елдердегі «Түрлі түсті революциялар»

«Араб қөктемі»

1970–2010 жылдар аралығында араб елдері халкының саны 128 миллион көрсеткішінен 359 млн адам санына есті. Олардың барлығын жұмыспен қамту мәселесі туындағы. Жастар мектепте білім алып, университет тамамдағаннан кейін жұмыссыздар катарына косылды.

Назар аударындар!

1990 жылдың екінші жартысында Араб елдерінің жаһандану мен жаңғыру үдерісіне жаппай еліктеуі халық арасында жаһандану мен батыстық көңіл күйге қарсы үндеулер мен өз басшыларына сенімсіздік таныту жағдайлары жиілей бастады.

2000 жылдың басында әлемнің өзге аймактарында болған демократилиандыру әсерімен Араб үкіметі өз билігін таңдау жасау арқылы нығайтуға тырысты. Алайда XXI ғасырдың алғашкы он жылдығында сайлау нәтижесі бойынша Араб елдері арасында қалқарлы білік

қарсы күзыреттілікке не саяси ислам қозғалысы женіске жетті. Саяси шешімдерді жасау мен кабылдауда зайырлы оппозиция күштерінің ықпалы қысқартылды. Бір адамның партиясына айналған, басқарушы партиялар саяси бәсекелестікке төтеп беруге кабілетсіз еді.

2007 жылы әлемдік каржы дағдарысы басталған кезде Араб елдері халқының 41 пайызы кедейшілікте болды. Жастар арасында жұмыссыздар саны 30 пайызға жетті. Жоғары білімі бар, тұракты жұмысы жоқ жастар оппозициялық күштердің үйіткесінен косылыш, 2010 жылы үкіметке карсы шеруге шыкты.

«Араб қектемі» атауына не болған жаппай үкіметке карсы наразылық 2010 жылдың 18 желтоқсанында Тунисте басталып, кеп ұзамай барлық Араб елдеріне тарады. Ереул, наразылық, шерулер мен митинглер секілді қарсылық білдірудің формалары колданылды. Жаппай үйімдастырылған шерулер жұма күні түскі намаз кезінде басталды. Билік басындағылар шерушілерді күш көрсету әдістерін колдану арқылы басуға тырысты.

Назар аударындар!

Араб революцияларына мына ерекшеліктер тан: негізгі себептер – алеуметтік мәселелер (бағаның өсуі, жұмыссыздық, нашар алеуметтік қамсыздандыру), мемлекет пен қоғамдағы тоқырау; қатысушылардың ғаламтор арқылы байланыс үйлесімділігі (Твиттер, алеуметтік желілер, электронды пошта және т.б.) болды. Бұл форманың шеруге қатысушыларға ықпалы күшті болды; женіске жеткенше куресу, кеп жағдайларда, қарсылық білдірушілер билікпен келісімге келуден бас тартып, биліктен толығымен кетуін талап етеді (шерушілердің негізгі ұраны: «Халық ресми тәртіптің құлауын қалайды!»); нақты үйімдастырушылардың жоқтығы, халықтың өз бетінше бастамасы болды.

2011 жылы Тунисте, Египетте, Йеменде мемлекеттік төңкерістер; Ливия мен Сириядың азамат соғысы; Бахрейнде азаматтық кетеріліс; Алжир, Ирак, Иордания, Марокко, Оманда жаппай наразылық; Кувейт, Ливан, Мавритания, Сауд Арабиясы, Судан, Джибутта кішірігім бас кетерулер орын алды.

2010–2011 жылдары революция нәтижесінде Египет, Ливия, Тунис, Иордания, Йемен үкіметтері таратылды немесе қызметтеннөсөн босатылды. Кувейт, Оман, Алжир, Катар мемлекеттері басшылары реформалар

Бүгінгі сабакта:

- 2010–2011 жылдардағы Араб революциясы;
- Грузия, Украина, Қыргызстандағы «түрлі түсті революциялар»;
- Қоғам мәселелерін шешудегі революциялық тасілдердің салдары туралы білеміз,

Кітт сөздер:

оппозиция, саяси ислам қозғалыстары, үкіметке қарсы қарсылықтар, курес формалары, мемлекеттік төңкеріс, реформаторлар, парламенттік сайлау, президенттік сайлау



«Араб қектемі»

жасауға кірісті. Сауд Арабиясы мен Бахрейнде халық көтерлісі билік тарапынан күштеп басылды. Сирияда азамат соғысы белен алды.

Араб революциялары пайдалы жағымен катар теріс салдарларға әкелді. Олар бірден катал тәртіп орнатса алмағандықтан, идеологиядағы ретсіздікпен жанжалдарға соктырған үзак кезеңнің басталуына себеп болды, Ливия мен Сириядың азамат соғысының басталуына әкелді.

Халықтың негізгі әлеуметтік экономикалық және саяси қажеттіліктің уақытыны реформалар арқылы қанағаттандырып отыру үшін мемлекеттің мықты, бірақ авторитарлы емес билігі болу керек. Басқарушы топ пен тұргындар арасындағы аракашықтықты қыскарту керек болды.

Білімдерінді тексеріндер

1. Араб революциясының себептерін атандар.
2. Араб революциясының катысуышылары күрестің кандай түрін колданды?
3. Араб революциясының ерекшелігі неде?

Тапсырма

1. 2011 жылы 11 ақпанында Египетта болған революция нәтижесінде билікке келген әскерлердің бағдарламаларымен танысып, талдандар.

Египет Қарулы Күштері Жоғарғы Кенесінің Үlideуінен (2011 ж., 12 ақпан)

Египетті қамтыған курделі жағдайлармен мемлекетте болып жаткан оқиғалар бізден үлттың тұрқтылығы мен халықтың жетістігін сактауды талап етеді... Сондыктan Қарулы Күштердің Жоғарғы Кенесі заңның үстемдігі азаматтар еркіндігі үшін ғана қажет емес екенин, сонымен катар Қарулы Күштердің Жоғарғы Кенесінің билігінің легитимді негізгі екенин мойындаш, мынаны мәлімдейді:

Біріншіден, Қарулы Күштердің Жоғарғы Кенесі будан бұрынғы мәлімшемесімен катар, барлық сұраптардың жауапкершілігін езіне алады.

Екіншіден, Қарулы Құштердің Жоғарғы Кенесі Египет халқы мен тиісті мекемелердің осы күрделі жағдайы жетептін кабілеттің сенесі. осы максатка орай мемлекеттік мекемелер мен жеке секторлар экономиканы көтеру кезіндегі өздерінің шілдікі және патриоттық міндеттерін адал аткарұы тиіс, ал халық осы максаттар үшін өз міндеттерін орындауды кажет.

Ушіншіден, қазіргі үкімет пен басқарушылар жана үкімет алі жасақталмағандықтан уакытша әкімшіліктің қызметін аткарұы тиіс.

Төртіншіден, Қарулы Құштердің Жоғарғы Кенесі мемлекетті басқару мен демократияны орнату және еркін мемлекет билігін қалыптастыру үшін азаматтық сайлау органдары кабылдаган біліктін еркін демократиялық жүйемен берілуіне кепіл болуга тырысады.

Бесіншіден, Египет Араб Республикасы аймақтық және халықаралық барлық келісімдер мен міндеттерін сақтайды.

Алтыншыдан, Қарулы Құштердің Жоғарғы Кенесі ұлы халықты ынтымактастықка шакырады... азаматтық полициялық құштермен, сонымен катар барлығымен өзара түсінік пен әріптестік болуы керек, бұл азаматтық полицей құштерінің «полиция халыққа қызмет етеді» деген ұстанымға сай екенин дәлелдейді.

2. Египеттегі «Революцияны коргаудың жалпыға ортақ комитеттерінің» құрамын анықтандар және олардың максаттарын сипаттандар.

«Революцияны коргаудың жалпыға ортақ комитеттерінің» үздеуінен

2011 ж., 3 мамыр

Египеттің бүкіл аумағында әділеттілік үшін туындаған наразылықтар мен жұмысшыларды жұмыспен ішінара камтудан жұмыспен тұрақты камтуды ұсыну әрбір мекемедегі сыйбайлас жемкорлықка карсы соғыс болып табылады. Наразылықтарға қатысушылар болған жұмысшылар, әйелдер мен ерлер, мұсылмандар мен христиандар, жастар мен карттар өздерінің жеке талаптарын ғана қойған жок, сондай-ақ мемлекеттен миллиондарды тонаған және бізге бір белке наанды, медицина немесе білім беруді ұсына алған сыйбайлас жемкорлық тұлғалары жылдар бойы бұзған құқыктарын коргауды да талап етті. Революцияны коргаудың жалпыға ортақ комитеттері — жұмысшылардан, кәсіпқойлардан, студенттерден және барлық революционерлерден құралған және Египет округтерінің толық жатқан аудандарына таралған — Египет жұмысшыларын барлық жұмыс орындарында революцияны коргау комитеттерін құруға және бостандық пен әлеуметтік әділеттіліктің революциялық максаттарына кол жеткізу үшін көршілес комитеттерге косылуға шакырацы. Комитеттердің негіздеу туралы декларация белгілегендегі, бізден максаттарымыз:

- Айна 1.500 фунттан кем емес әділетті ен аз жалакы және ен аз жалакыдан 15 еседен аспайтын ен жоғары жалакы.
- Жекешеленірү байдарламасына сәйкес, сатылған барлық зауыттарды кайтарып алу және оларды жұмыссыздық деңгейін темендету үшін дамыту.
- Сыйбайлас жемкорлық тұлғалары басып алған барлық мемлекеттік жерлерді қайтару және бұл жерлерді жастар мен лашықтардың тұргындарын коныстандышу үшін пайдалану.
- Шерулерге шығу, жиналыстар мен ереуілдер жасау бостандығына кепілдік, ереуілді қылмысқа жатқызатын және бостандықты шектейтін жана зандарды жою болып табылады.

3. «2010–2011 жылдардағы Араб революциясының нәтижесі» тақырыбына баяндама дайындаңдар.

Посткенестік кеңістіктегі «Түрлі түсті революциялар»

Шығыс Еуропадағы «Барқыт революциясы» бұрынғы КСРО курамында болған елдердің алеуметтік-экономикалық дамуына үлкен ықпал етті. Олардың тәжірибелері Грузия, Украина және Кыргызстан секілді посткенестік елдерде орын алған «түрлі түсті революциялар» әсерін тигізді.

1991 жылы қантарда Грузияда орын алған мемлекеттік тенкеріс нәтижелеріне орай елдің президенті З.Гамсахурдия өз билігінен тайдастырылды. 1992 жылдан бастап мемлекетті Э.А.Шеварднадзе басқара отырып, өзінің авторитарлық саяси режимін нығайта бастады. Халық жемкорлықтан, темен тұрмыстан, сапасыз медицинадан зардал шекті. Экономика құлдырап кетті. Азаматтар арасында мемлекеттің даму бағытына көнілі толмайтындар катары артты. Оппозиция күш алды. 2003 жылы Грузияда парламент сайлауы өткен кезде халықтың наразылығы шегіне жетті.

Парламент сайлауында үкіметті жақтайтын «Жаңа Грузия үшін» блогына реформаторлық бағыттағы жас саясаткер Михаил Саакашвили басқаратын «Ұлттық қайта өрлеу одағы» блогы карсылас болды. Өзінің сайлаудалық науқанында ол: «Грузияға реформа керек, онсыз мемлекет ұзак өмір сүре алмайды», – деп мәлімдеді. Халықтың көп бөлігі реформаторларды қолдап, олардың сонынан сайлауга барды. Орталық сайлау комитеті (ОСК) сайлауда билікті колдайтын блоктың женіске жеткенін жариялады. Оған жауап ретінде Саакашвили сайлауда зансыздыққа жол берді деп Шеварднадзені айыпташып, өз жақтастарын карсылық білдіруге шакырды.

2003 жылы 21 қарашасында кешке елдің барлық аймағынан Тбилисиге жиналған реформаторлардың жақтастары: «Шеварднадзе отставкаға кетсін!» деген талаптарын қойды. Саакашвилидің бастауымен митингіге шыққандар жаңа парламент өткізіп жатқан алғашқы отырысқа басып кіріп, Шеварднадзенің баяндамасын үзіп тастайды. Адамдар қолдарында бейбіт өзгерістің белгісі ретінде раушангүлі болды (осыдан келип «раушангүл революциясы» атауы шықты). Келесі күні Шеварднадзе отставкаға кетті. Парламент «Ұлттық қайта өрлеу одағын» бекітті.

2004 жылдың қантарында өткен кезектен тыс президент сайлауында М.Саакашвили женіске жетті. Грузияның билігіне жас реформаторлардың буыны келді. Олар елдегі мемлекеттік және саяси институттарға реформа жасап, жемкорлықка карсы курс жариялады.

2004 жылдың сонында Украинада осыған ұксас жағдай қалыптасты. Елде президенттік сайлау өтуі тиіс болатын. Ең басты талас негізгі үміткерлер В.Янукович (премьер-министр) пен «оппозицияның үміткері» саналатын В.Ющенко (бұрынғы премьер-министр) арасында болды.

22 қарашада ОСК Украина Президенттігіне үміткерлер иеленген екінші сайлау қорытындысын жариялады: Сайлаушылар Януковичке 49,42 пайыз дауыс берсе, В.Ющенко 46,7 пайыз дауыс алды.

Бұған наразы болған халық Киевтегі Тәуелсіздік алаңына жинала бастады. Қала орталығында үкіметке карсы жиналғандарға арналып арнайы шатырлы қалашықтар күрылды. Халықтың жаппай бас көтеруі бүкіл елді қамтыды. Адамдар В.Ющенконың сайлау белгісі болған қызығылт сары түсті киініп, аланға жиналды. Осыдан наразылық шеруі «қызығылт сары революция» атауын алды. 24 қарашада халықтың жаппай карсылығына қарамастан ОСК сайлауда В. Янукович женіске жетті деп жариялады.

Бұған жауап ретінде В.Ющенконың жактастары Ұлттық құтқару комитетін күріп, Бүкіл Україндық саяси ереул жариялайды, олар демонстранттарға қоғамдық ғимараттарды, оның ішінде Министрлер кабинеті мен президент әкімшілігін коршап алуға шакырды. Сонымен катар елде жергілікті кенестердің сессиясы шакырылып, сайлау нәтижесін мойындамау жарияланды. Біркатор кенестерді жергілікті аймактарда В.Ющенко баскарды.

Калыптаскан күрделі жағдайға орай Українаның Жоғарғы Кенесі 2004 жылдың 1 желтоқсанында сайлаудың нәтижелерін жойып, Министрлер Кабинетіне сенімсіздік білдіріп, үкіметті таратады. Оппозиция елдегі билік басына келеді. Україна парламенттік республика болды. Алайда Українада «қызығылт сары революциядан» кейін кең ауқымды реформалар қолға алынбады, елдегі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдай тұтастай жаксы жағына өзгерmedі, бұл мемлекетте үлкен дағдарыс тудырды.

Посткенестік кеңістіктегі келесі «турлі түсті революция» Қырғызстанда болды. 2005 жылдың наурызында елдің онгустігінде жаппай тәртіпсіздіктер басталып, оның соны әкімшілік ғимараттарды басып алып, өртеумен аяқталды. Наразылық елдің астанасы – Бішкекке дейін жетті. Президент А.Ақаев билікті тастап, елден кетті, билікке оппозиция келді. Бұл халық наразылығы «қызғалдақ революциясы» деп аталды. Елдің жаңа президенті Күрманбек Бакиев болды. 2007 жылы жана Конституция жобасын референдумға ұсынды, ол бойынша мемлекет парламенттік-президенттік республика болуы тиіс болды. Бұл референдумда осы жоба қабылданған соң кезектен тыс парламенттік сайлау өтті. Сайлауда президенттік «Ақ Жол» партиясы женіске жетті.

Назар аударындар!

Барлық «турлі түсті революцияларға» тән ерекшелік жалпы халықтың саяси белсенділігі және басқарушы элитаның ауысуы болды. Алайда «турлі түсті революция» орын алған елдердің бұдан кейінгі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында нәтижелі оң өзгерістер болмады.

Білімдерінді тексеріндер

- Грузиядагы «раушангұл революциясы» туралы айтындар.
- Украинадагы «қызыл сары революцияның» барысын баяндаңдар.
- Посткенестік кенестіктері «турлі түсті революция» нәтижелері қалай болды?

Тапсырмалар

1. «Қыргызстандагы «Қызғалдақ революциясы», «Кенестік дәуірден кейінгі кезеңдегі «турлі түсті революцияларға» ортақ нарсе» тақырыптарына баяндаңалар дайындандар.

2. С.Г. Кара-Мурзаның: «Революция экспорты. Ющенко, Саакашвили...»; «Турлі түсті революциялар» — мемлекеттік білікті құлату үшін күштеусіз іс-әрекеттер колдану тәсілі» кітабынан көлтірілген үзінді талқылаңдар.

«Барқыт» революцияларының бірінші қаршшаттық көрсеткіші онын күш колданбаушылық сипаты немесе тым болмағанда, оқиғалардың күш колданбай қауіпсіз ербігениң көрсету. Ол мемлекеттің революцияны болшырмауга бағытталған негізгі күшин — онын әлеуетті құрылымдарын бейтараптандырады.

Украина, Грузия мен Қыргызстандагы оқиғаларға объективті талдау жасау бул барқыт революцияларының етken кенестік дәуірден кейінгі кезеңде элитаның аудисуы екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Қоғам мәселесін революциялық жолмен шешудің зардалтары. Прогрессе бет алған қоғам дамуындағы мәселелерді шешуде революциялық әдістердің маңызды артықшылықтары да, аздаған кемшиліктері де бар. Қоғамның бір жағдайдан екіншісіне өтуі, жаңаша даму үшін ескі қарама-қайшылықтарды жоюы, қоғамның негізгі тобының қалыптасқан өзара катынас қағидаларының бұзылуына әкеледі. Бұл әлеуметтік және экономикалық катынастардың барлық саласының тұраксыздығына ұрындырады. Зерттеу көрсеткендегі, әлеуметтік революция нәтижесінде жекеменшіктің түбегейлі түрде басқаша бөлінуі, қоғамның әлеуметтік тобының үйреншікті жағдайының бірден өзгеруі, қандайда болсын жолмен жетістікке жетуге ұмтылуды немесе әлеуметтік кек қайтаруды тудырады.


Мұндай жағдайда өзінің карсыластарын басып тастауға бейім қоғамға өздерінің құндылықтарын таңатын мәдени саясаттың ерекше түрі қалыптасады. Бұл қоғамда революция нәтижелеріне орай пайдада болған жаңжал мүмкіндіктерін тудырып, оны ұлғайтып, жана қактығыстарға жол ашады.

Білімдерінді тексеріндер

- Қоғам мәселесін шешуде революциялық әдістер кандай зардалтарға ұрындыруы мүмкін?

IV бөлім

МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ



АДАМЗАТТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫН САҚТАУ ЖОЛДАРЫ



§ 59. ЮНЕСКО-НЫҢ АДАМЗАТТЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Бұғінгі сабакта:

- тарихи-мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығы;
- ЮНЕСКО-ның мәдени мұраны сақтау жөніндегі қызметі туралы білеміз.

Кілт Сөздер:

ЮНЕСКО, жарғы, бүкіл дүниежүзілік мұра, мәдениет және табиғат ескерткіштері, конвенция



ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі үйім. Ұйым 1945 жылы қарашада құрылды. Оның негізгі мақсаты – ортақ құндылыктарды күрметтеуге негізделген және өркениеттер, мәдениеттер мен ұлт арасындағы диалогке жағдай жасау.

ЮНЕСКО білім, ғылым және мәдениет салаларының соңғы онжылдықта аппарат пен коммуникация дамуымен байланысты ауқымды мәселелермен айналысады. Ұйым мынадай мақсаттарды көздейді:

– білім, ғылым және мәдениет саласында мемлекеттер мен халықтардың ынтымактастығын көнешту есебінен бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға жәрдемдесу;

– заның сакталуын, адамның негізгі бостояндықтары мен құқықтарын жалпыға ортақ күрметтеуді қамтамасыз ету.

Бұғінгі күні ұйымға 193 мемлекет мүше, оның ішінде осы ұйымға 1992 жылы мамыр айында қабылданған Қазақстан да бар.

Әлемдегі мәдени саналуандылықты қолдау. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы басым бағыты – мәдени саналуандылықты қолдау. ЮНЕСКО мәдениеттердің бірігуі мен біріздендірілуіне, басқа бірыңғай дүниежүзілік мәдениеттің пайда болуына қарсы. Сондықтан ұйым Жер шарының түкпіртукпіріндегі дәстүрлі және этникалық мәдениетке қолдау көрсетеді.

Басқа мәдениетті күрметтеуді, мәдениеттер мен өркениеттер сұхбатын,

адамдар мен мәдениеттердің өзара рухани баюын көтермелейді. 2001 жылы ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер Мәдени саналуандылық туралы жалпыға ортақ декларация қабылдады және онда «тірі табиғат үшін биологиялық саналуандылық қаншалықты кажет болса, адамзат үшін мәдени саналуандылық соншалықты кажет» дедінген.

Дүниежүзілік мұраны корғау. Элемде барша адамзаттын илгілігі саналатын мәдени және табиғи нысандар жеткілікті. Өкінішке орай, адами және табиғи факторлардың әсерінен көптеген ескерткіштер жоғылып кету қаупінде. Адамзат алдында адамзат тарихының бір белігі – құнды ескерткіштерді корғау және сактау міндеті тұр. Сол себепті көптеген елде мемлекеттік және халықаралық деңгейде табиғи және мәдени ескерткіштерді корғау жениндегі қоғамдық және мемлекеттік үйымдар құруда. ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени ескерткіштерді корғау мен сактау ісіндегі рөлі ете зор.

1972 жылы қабылданған Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны корғау туралы Конвенция кейбір мәдени және табиғи мұра құндылықтары әлемнің кызығушылық танытатынына негізделген, сондықтан барша адамзат мұрасының бір белігі болып есептелуі тиіс. Аумағында мәдени және табиғи мұра орналасқан мемлекеттер егемендігін толыктай құрметтей отырып және осы мұрага қатысты ұлттық заңнамада қарастырылған меншік құқықтарына қысым көрсетпей, Конвенцияға қатысушы мемлекеттер дүниежүзілік мұраны корғау бүкіл халықаралық қауымдастықтың міндеті екендігін мойындағы.

Бүтінгі күні дүниежүзілік мұра нысандарының тізіміне Үндістандағы Тәж-Махалдан бастап Аустралиядағы Улкен маржан аралдары сияқты табиғат кереметін косқанда, Малидегі Ежелгі Тимбукту қаласына дейінгі 700-дей табиғи және мәдени нысандар кірген. Конвенцияның тұракты хатшылығы дүниежүзілік мұра орталығы болып табылады.

ЮНЕСКО Камбоджаның ежелгі астанасы – Ангкор мен Мароккодагы Фес қаласы сияқты бірегей мәдени ескерткіштерді корғауда техникалық колдау көрсетеді. Дүниежүзіндегі ең бай мұралардың бірі саналатын Ауганстанда да жаңа жоба жүзеге асырылады.

Дүниежүзілік мұра компеті жыл сайын сессиялар өткізеді, онда ерекше мәдени, тарихи немесе экологиялық маңыздылығына қарай сактау мен насихаттауды талап ететін, басымдыққа не табиғи



Қазіргі кезде дүниежүзілік мұра тізіміне 167 мемлекеттің нысандары енген

немесе адам колымен жасалған нысандар анықталады. Қазакстан бұл құжатты 1994 жылы 26 сәуірде кабылдады, бұл дүниежүзілік мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын Қазакстан мәдени ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру мәселелерін зерттеуге халықаралық сарапшыларды тарту мүмкіндігін берді.

ЮНЕСКО-ның мәдени және табиғи нысандар тізіміне енгізуге қойылатын талаптар. Дүниежүзілік мұра бағдарламасының мақсаты – бірегей деп танылған нысандарды танымал ету және қорғау. 1978 жылы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра тізіміне қандай мәдени және табиғи нысандар енгізілетінін анықтайды алты талап аталды. 2002 жылы аталған талаптар тізімі табиғи нысандарды бағалау талаптарымен толықтырылды. Қазіргі кезде қойылатын 10 талап бар.

Медени тарап бойынша :

1. Нысан – адамзат жасампаздығының үздік туындысы.
 2. Нысан уақыттың белгілі бір кезеңінде немесе белгілі бір мәдени кеңістікте, сәулет өнерінде немесе технологияларда, монументтік өнерде, қалаларды жоспарлауда немесе ландшафтылар жасауда адамзат құндылыктарының өзара әсерін айфактайды.
 3. Нысан осы уақытқа дейін бар немесе жоғалыш кеткен мәдени дәстүр немесе өркениеттер үшін бірегей немесе ерекше болады.
 4. Нысан адамзат тарихының маңызды кезеңін бейнелейтін құрылымның, сәулеттік немесе технологиялық ансамбльдің, не болмаса, ландшафтының аса көрнекті мысалы ретінде карастырылады.
 5. Нысан – адамдың жерді немесе тенізді пайдалануымен мәдениеттердің және адамның қоршаған ортамен өзара қатынасының үлгісі екендігімен адамзаттық дәстүрлі құрылыштардың көрнекті мысалы болып табылады.
 6. Нысан оқиғалармен немесе қазіргі дәстүрлермен, ішегелармен, сенімдермен, керкем әдеби туындылармен тікелей немесе заттық жағынан байланысты және дүниежүзілік маңызға ие.

Табиен тарап бойынша :

1. Нысан – табиги феномен немесе табигаты ерекше көрікті және эстетикалық жағынан маңызды кеңістік.
 2. Нысан – Жер тарихындағы негізгі кезеңдердің аса жаркын үлгілері, оның ішінде тарихи ескерткіштері, рельеф дамуындағы геологиялық процестердің немесе геоморфологиялық және физикалық-географиялық ерекшеліктердің нышаны.
 3. Нысан жер, тұшы су, жағалау және теңіз экологиялық жүйелері және өсімдіктер мен жануарлар қауымдастырының эволюциясы мен дамуындағы экологиялық немесе биологиялық процестердің аса көрнекті үлгісі болып табылады.
 4. Ғылыми көзқарас түргысынан алып қарағанда, нысан биологиялық саналуандылықты, оның ішінде жойылып бара жатқан, дүниежү-



Кожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның бүкіл дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген

зілік күнды тұрлердің сакталуы үшін негұрлым маңызды немесе елеулі табиғи ортаны қамтиды.

ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра нысандарын қорғау жөніндегі қызметі. Дүниежүзілік мұра тізіміне уақытша негізде жер сілкіністері, қарулы қақтығыстар, бақылаусыз туризм сияқты табиғи немесе адам факторлары әсерінен жойылу қаупінде тұрган нысандар енгізілген. Ұйымның максаты іс-шаралар бағдарламаларын дайындау және қорғау немесе калпына келтіру жолымен жойылу қаупі тізімінен тезірек шығару максатында нысанға мониторинг жасау.

Казіргі кезде дүниежүзілік мұра тізімінде 1092 нысан бар. Олардың 845-і мәдени, 209-ы табиғи және 38-і аралас нысан болып табылады. Олар Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияға мүше 165 елде орналаскан. Тізімге енгізілген әрбір нысанда өзінің сәйкестік нөмірі бар және олар ЮНЕСКО-ның қорғаудыңда.

ЮНЕСКО тізімінде Қазақстан Республикасының 5 нысаны бар. Үш нысан тізімге мәдени талаптар бойынша енгізілген, олардың біреуі адамзат жасампаздығының кайталанбас туындысы деп танылған, ал 2 нысан табиғи талаптар бойынша енгізілген. Бұған коса, 2017 жылғы жағдай бойынша Қазақстан аумағындағы 13 нысан дүниежүзілік мұра тізіміне үміткерлер ретінде тіркелген.

Мәдени мұра – өткен тарихтан қалған иглік. Біз оны болашак үрпакқа сактаپ, жеткізуге тиіспіз. ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра идеясы өзінің әмбебаптығына байланысты бірегей идея болып табылады. Дүниежүзілік мұра нысандарын қорғау – өздері тұратын аумаққа

карамастан, дүниежүзіндегі барша халықтың ортак парызы. Осылайша ЮНЕСКО-ның мәсасы – дүниежүзіндегі жалпыға ортак мұраны тіркеу, қорғау және сактау.

Білімдерінді тексеріндер

1. ЮНЕСКО-га канша мемлекет мүше?
2. Дүниежүзілік мұра бағдарламасының мәсасы кандай?
3. Қорғау тізіміне енгізу үшін мәденин және табиғи нысандарды аныктайтын талаптар туралы не білесіндер?
4. «Тарихи ескерткіштер» тақырыбына реферат жазындар.

Тапсырма

1. Косымша әдебиеттерді пайдаланып, мына сұрақтарға жауап беріндер. Қазақстандық кандай нысандар ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енген? Қандай мұралар үміткерлер ретінде тіркелген?
2. ЮНЕСКО (жарғысының) талаптарын оқындар және сұрақтарға жауап беріндер:
 - ЮНЕСКО-ны құруға кандай жағдай себеп болды?
 - ЮНЕСКО жарғысының кіріспесінде дүниежүзілік соғыстың себебі ретінде не көрсетілген?
 - ЮНЕСКО-ның пікірінше, бүкіл әлемдегі бейбітшілікті сактауда мәдениеттің рөлі кандай?
 - «Адамзаттың интеллектуалдық және адамгершілік ынтымактастыры» деген ұғымды қалай түсінесіндер?
 - Неліктен ЮНЕСКО білімге ерекше маңыз береді?

«Жарғыға қатысуши мемлекеттер үкіметі ез халкының атынан темендеңдіей жариялады: адамдардың санасында соғыс туралы ой пайда болады, сондыктan адамдар санасына әлемді қорғау идеясын бекітуіміз кажет; өзара түсініспеушілік адамзаттардың қалықтар арасында орын алған күдік пен сенімсіздіктің туындауды себеп болды, осының нәтижесінде туындаған көбінесе соғыска әкеп соқтырады. Адамзат баласы бастаң өткөрген сүмдүк дүниежүзілік соғыс демократиялық қарыншаттардан бас тарту нәтижесінен адамның жекебасын сыйламау нәтижелерінен, адамдардың өзара теңдігі мен құрметті болмауы салдарынан, сондай-ақ адамдар мен нәсілдердің теңсіздік доктриналарынан көтөліктер мен нанымдар салдарынан орын алды.

Адамзат мәртебесін арттыруды колдау үшін адамдар арасында әдилеттілік, бостандық пен бейбітшілік негізіндегі мәдениет пен білімді кен ауқымда тарату кажет; сондыктan да барша халық өзара ынтымактастық рухын сактайтын, осы қасиетті міндеттерді сактауга сенім артады; билік өкілдерінің тек экономикалық және саяси келісімдерге негізделген әлемді халықтар тарапынан біртұтас, берік әрі шынайы колдау тапшайды; ол адамзаттың интеллектуалдық және адамгершілік бірлігіне негізделуі кажет; жоғарыда келтірілген түсініктерді басшылықка ала отырып және барлық адамдарға білім алу үшін объективті ақынндарды тану және еркін пікір мен білім алмасудын толық әрі тен мүмкіндік қалыптастырытынана сене отырып, осы шынайы жарғыға қол қойған мемлекет ез халкымен байланыстарды тұрақты дамыту мен арттыруға сенім білдірді. Бұл өзара ынтымактастықты арттырып, бір-бірінің өмірі туралы анық та дәл түсінік қалыптастырады. Осының нәтижесінде олар Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша нағыз актісін құрады, оның мәсасы – бүкіл әлемдегі халықтарды барша адамзаттың илгілі үшін білім, ғылым және мәдениет мақсаттары арқылы ынтымактастырын қалыптастыру.

§ 60. МҰРАЖАЙ ИСІ МҰРАЖАЙЛАРДЫҢ ДУНИЕЖҮЗІ ХАЛЫҚТАРЫНЫң ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ МЕН САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ

Әлемнің постиндустриалды дәуірге енуі, жаһандану, XXI ғасырдың бас кезіндегі технологиялық, әлеуметтік және мәдени қайта құрулар қоғамның тарихи-мәдени мұраға деген көзқарасын өзгертуі. Мұраны сактауга қамкорлық жасайтын басты әлеуметтік-мәдени институттардың бірі мұражайлар болып табылады. Көптеген елдерде мұражайлар табиғат, тарих және мәдени ескерткіштерін айқындау, зерделеу, сактау мен танымалдылығын арттырудың орталықтарына айналды.

Мұражайлар тарих ғылымы үшін акпараттың маңызды дереккөздері болып табылады. Бұл тұргыда мұражай экспозициялары мен мұрагаттық күжаттардың тақырыптық көрме-презентация материалдары пайдаланушыларға ұсына отырып, акпараттық жұмыстың белсенді нысандары ретінде де карастырылуы мүмкін. Мұражайлар – бұл ерекше коммуникативтік жүйе, ол мәдени кеңістіктің бір бөлігі бола отырып, мәдениеттер диалогінде делдал рөлін атқарады.

Назар аударындар!

Бұлғаңі сабакта:

- мұражайлардың тарихи-мәдени мұраны зерттеу мен сактаудағы рөлі;
- мұражай ісі тарихы;
- мұражайлар типологиясы және мұражайлар үлгілерінің ерекшеліктері;
- мұражай саласындағы заманауи инновациялар туралы білеміз.

Кітт сөздер:

мұражай, акпарат, ескерткіштердің қорғау, мәдени мұра, жаратылыстану-ғылыми мұражай, көркем мұражай, өнер, мультимедиа-лық жабдықтар

Мұражай – тарихи-ғылыми мұраларды, дерек ретінде ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме.

Мұражайлардың қоғамдағы рөлі мен мұражай корларында сакталатын тарихи-мәдени мұра туралы білім беру жауапкершілігі – ұлттық және халықаралық қауымдастықтардың мәдени және рухани өмірінде басты орын алады.

Мұражай ісі тарихы. Мәдени және табиғи заттарды коллекциялау дәстүрі ежелгі грек мәдениетінің өзінде-ак пайда болған еді. Антикалық храмдар мен мұражайларда (грек. museum сөзінен – музалар храмы) коллекциялардың негізі бөлігін құдайларға алғыс ретінде берілген жеке сыйлықтар мен соғыс олжалары құрады. Өзге мемлекеттердің тұрмыс, мәдени заттары мұражайға келушілерде басқа өркениеттерге деген қызығушылығын туындасты.



Третьяков галереясы – бейнелеу өнері мұражайы (Мәскеу)

Көптеген антикалық дәстүрлердің жанғыруы болған Қайта өрлеу дәүірінде мұражай ісінің дәстүрі де қалпына келтірілді. Мұражайлар зайырлық және діни билеушілердің жеке коллекцияларының негізінде пайда бола бастады.


Алдымен олар артефактілер (мәдениет заттары) мен табиғи заттарды жинактаумен ғана айналысты. Біртіндеп мұражай коллекцияларығылыми зерттеу және оқу процесінің нысанына айналды.

Мұражайлар типологиясы. Әлеуметтік функциясына қарай мұражайлардың: академиялық (ғылыми-зерттеушілік), оқу (университеттік) және агартаушылық уш тобы ажыратылады.

Коллекциялардың такырыбы мен кұрамына қарай мұражайлар мынадай топтарға бөлінеді:

- Жойылып кеткен табиғи нысандарды қосқанда (мысалы, палеонтологиялық мұражайларда) табиғаттың бүкіл саналуандылығын көрсететін, коллекциялар сактайтын және жәдігерлерді көрсететін *жаратыстыстану-ғылыми мұражайлары* екі үлкен – *биологиялық* және *геологиялық* топка бөлінеді.

- *Көркемсурет мұражайларында* бейнелеу және сәндік-колданбалы өнердің кескіндеме, мүсін және басқа түрлерінің коллекцияларын жинакташ көрсетеді. Бұл үлгідегі мұражайларға заманауи және өзекті өнердің көркемсурет галереялары, ірі көркемсурет мұражайлары (Эрмитаж, Лувр және т.б.) косылады, бұлар, әдетте, көркемсурет және тарихи мұражайлар үлгісін біріктіреді.



Алматыдағы М.О.Өуезов мұражайы

- Этнографиялық мұражайларда этникалық қауымдастықтардың дәстүрлі материалдық және рухани мәдениет пен тұрмыс заттары (тұрмыстық, халықтың кәсіптік пен колонер бүйімдары, этникалық киім, музыкалық халық аспаптары және т.б.) жинақталған.
- Тарихи мұражайларда тарихи құжаттар, ескерткіштер, материалдық және рухани мәдени заттар ел назарына ұсынылады. Тарихи мұражайлардың ішінен археологиялық мұражайлар, сондай-ак әскери тарихи мұражайлар ажыратылады.
- Аса көрнекті тарихи оқиғаларды немесе тарих, ғылым, мәдениет қайраткерлеріне арналған есте қалдыру мемориалдық мұражайлар бар. Бұл мұражайларда айтулы оқиға немесе ұлы адамдар өмір сурғен уақыттың шығармашылық жағдайын, қоғамдық-тарихи, мәдени-көркемдік жағдаятын көрсететін материалдар мен құжаттар ұсынылады.
- Салатық мұражайларда белгілі бір саланың (медицина, көлік, байланыс, машина жасау және т.б.) дамуы туралы әнгімелейтін жәдігерлер жинақталған.
- Өткетану (кешенді) мұражайлары – жекелеген қалаларда немесе облыстарда құрылады және осы қала немесе облыс халқының тұрмысы мен тарихын, мәдениетін, табиғатын зерттеу мүмкіндігін береді.

Жаратылыстану-ғылыми мұражайлары. Алғашкы жаратылыстану ғылыми мұражайлары XV ғасырдың соны – XVI ғасырдың бірінші



Нью-Йорктең Америкалық елкетану тарихи мұражайы

жартысында Францияда, Швейцария, Германия мен Италияда табиги заттар кабинеті түрінде пайда болды. Ресейде табиги заттарды мұражай жинақтамаларына пайдалану XVIII ғасырдың 20-жылдарынан басталады (І Петр құрган Кунсткамера үшін). Табиги заттар кез келген жаратылыстану-ғылыми мұражайдың негізі болып табылады. Антикалық уақыттан бастап табиги заттар жинақтарының бәрі табигаттың үш «патшалығына»: өсімдік, жануарлар мен минералдар болып үш топка бөлінді. Табиги заттар «табигат патшалығында» болып жаткан процестер мен құбылыстарды, нысандарды білдіреді (зоологиялық, ботаникалық, минералогиялық мұражайлар). Олардың ішкі айырмашылықтары географиялық және биологиялық ғылымдардың бөлінуімен байланысты. Табиги заттардан белек, мұражайларда олардың модельдері, көшірмелері мен муляждары жіп кездеседі. Табиги заттардың модельдері палеонтологиялық мұражайларда негұрлым жіп кездеседі, бұл – жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің түрпательнін калпына келтірудің басты нысаны. Эрбір жойылған жануарды экспозицияда көрсету ғылыми жаңғырту болып табылады. Жаратылыстану-ғылыми мұражай экспозицияларында бейнелеу материалдары, карталар, сұлбалар, диаграммалар пайдаланылады.

Мұражай ісі және мұражай функциялары. Мұражайлардың маңызды функциялары – табигат, тарих және мәдени мұра ескерткіш-

терін жинау, сактау. Мұражай – мәдениет құндылыктарының қоймасы, өнер туындылары немесе тарихи ескерткіштер коллекцияларының, сондай-ақ табиғаттың ең сан алуан артефактілерінін, сирек кездесетін заттарының сакталатын жері болып табылады.

Мұражай ісі – тарихи және мәдени құндылыққа ие заттарды айқындау; мұражай коллекцияларын қалыптастыру және мұражай заттарын ғылыми құжаттандыру (атрибуттау).

Мұражай каталогтерін жасау: тарихи және мәдени ескерткіштерін қалпына келтіру, коллекцияларды корғау мен сактау режімдерін жасау, мұражай корларын ғылыми тізімге алу, экспозициялары мен көрмелерді жасау және жетілдіру, мұражайдың ғылыми-көпшілік басылымын, каталог, жолкерсеткіш, бүктемелер және т.б. әзірлеу болып табылады.

Казіргі уақытта қызыметтін бұл дәстүрлі түрлеріне мұражай ісін компьютерлендіру мен құжаттарды электрондық тасымалдаушыларға көшіру, заманауи талаптарға сәйкес мұражайларды кайта құрылымдау мен техникалық жағынан қайта жараптандыру қосылды.

Мұражай ісіне заманауи көзқарас. Мұражайлардың көптеген жаңа үлгілері пайда болуда, оның мүмкіндіктері туризмде дамыту үшін пайдаланылада. Мұражайларда заманауи мультимедиалық жабдықтар пайда болды. Мұражай дамуында болашағы зор іс-шара – әлемдік виртуалды экспозициялық залдың немесе онлайн режимінде әдістемелік кабинеттердің және халықаралық өлкетану-тәнімдік ғаламтор-жобалардың жасалуы болып табылады.

Мұражай ісін қашықтықтан оқыту – мұражай ісін оқытудың кажетті перспективалық құрамдасы, ол дүниежүзінің алыс түкпірінде тұратындар үшін гана емес, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін де өзекті. Қашықтықтан оқыту әртүрлі аймақтар мен елдердің мұражай жетекші мамандарының катысуымен онлайн сабактарын өткізуге мүмкіндік береді. Бұл ресурс тарих саласындағы ең жаңа зерттеулердің нәтижелеріне колжетімділікті ашады. Онлайн кенес беру мен бейнеконференциялар өткізуге мүмкіндік береді; ұлттық және халықаралық деңгейде мұражайаралық жобаларды әзірлеу мен іске асыру мүмкіндігін береді; дүниежүзілік мұражай ісі-тәжірибелің негұрлым бағалы жетістіктерін жинауды, талдау мен жариялауды қамтамасыз етеді.

Назар аударындар!

Мұражай ісіне заманауи көзқарас деп мұражайдың әлеуметтік ақпаратты жинақтап және сақтап қана қоймай, сонымен қатар таным мен білімнің, дастүрлердің, ұғымдардың, эмоциялардың бірігуін көрсетеді деп түсіну қажет.

Мұражай кеңістігіндегі танымдық аспектіні екі құрамдаска, яғни *ақпараттану* (мұражай коллекциялары арқылы мәлімет алу) және *білім алу* (мұражай заттарын зерделеу) деп бөлуге болады.

Шығармашылық аспект пәнді (қызметті) зерттеуде негұрлым жоғары зияткерлік деңгейде жасауға бағытталады.

Мұражай қызметінің коммуникативтік аспектісі мұражайға келүшінің мәдени тұлғасы мен құндылықтарының диалогі арқылы өзектендіріледі.

Жас ұрпакты тәрбиелеуде, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың, артүрлі мәдениеттер арасындағы диалог құруда мұражай білімінің маңызы мен мәні артуда. Мұражай мәдени-білім беру қызметінің перспективалық нысандарын, олардың білімді, мәдениетаралық сұхбатты көнегінде шығармашылықпен катысуына кең мүмкіндіктер ұсынатын, келушілермен жұмыстың инновациялық модельдерін дамытуға үмтүлады. Мұражай үлгілерінің саналуандылығы гылымдардың дамуы үшін кең мүмкіндіктерді қалыптастырып кана коймайды. Мұражайлардың білім мен коллекциялар әрбір адамның өз тарихымен және мәдени мұрасымен байланысын күшейтеді.

Білімдерінді тексеріндер

1. Мұражайлар немен айналысады? Олар мәдени мұраны, сактауда қандай рөл атқарады?
2. Мұражай ісінің қайнар көздері қандай кезеңге жатады?
3. Мұражайлардың қандай үлгілерін білесіндер?
4. Мұражай ісі нені қамтиды?
5. Мұражай қызметіне жана кезқарастар және олардың маңызы туралы әнгімелендер.

Тапсырма

1. Заманауи мұражайдың жобасын ойластырыңдар.
2. Өз қаланда (облыста) қандай мұражайлар бар? Сендер қандай мұражайларда болындар? Қандай мұражай ерекше ұнады және неліктен?

§ 61. ДУНИЕЖҰЗІНІҢ ЕҢ ІРІ МҰРАЖАЙЛАРЫ

Мемлекеттік Эрмитаж – Санкт-Петербургте орналаскан Ресейдегі және дүниежүзіндегі ең ірі көркемсүрет пен мәдени тарихи мұражайлардың бірі. Мұражай өз тарихын император II Екатеринаның өзі жеке сатып алған өнер туындыларының жеке жинағы ретінде 1764 жылдан бастайды. Олардың ішінде Рембрандт, Рубенс, Вени, Дейк, Франс Хальс сиякты шеберлердің енбектері болатын. Бұлар, негізінен, XVII ғасырдың бірінші жартысындағы голланд-фламанд мектебінің шығармалары болды. Алғашында картиналардың көпишлігі сарайдың жеке апартаменттерінде (казір Кіші Эрмитаж) орналасты. 1771–1787 жылдары сәулетші Фельтен Үлкен Эрмитаж ғимаратын салды.

XIX ғасырдың ортасына дейін мұражайға тек таңдаулылар ғана келе алды. Эрмитаж көшілік үшін I Николай император кезінде, 1852 жылы арнайы салынған Жаңа Эрмитаждың гимараты ғана ашық болатын. Ол – антикалық және ортағасырлық мәдениет, Еуропа өнері ескерткіштерінің, Азия археологиялық және көркеменер, орыс мәдениеті ескерткіштерінің жинактамаларына бай болып саналды.

1917 жылғы революциядан кейін Эрмитаж елеулі өзгерістерге ие болды. Ол мемлекет қарамағына алынған коллекциялар мен көркеменер академиясы жинағының есебінен байтылды.

Өзгелермен катар Боттичелли, Корреджо, Ван Дейк, Рембрандт, Энгр, Делакруаның енбектері келіп түсті. Мұражай қысқы сарайдың негізгі жинағынан интерьердің көптеген заттарын, сондай-ақ Надир шах сыйлаған Ұлы моголдар қазынасын алды. Қысқы сарайдың «Гаунар бөлмесі» Мәскеу Кремліне аудыстырылып, алмас корының негізгі қызметін аткарды. Көне шеберлер кескіндемесі жинағының бір бөлігі Мәскеу бейнелеу өнері мұражайына берілді. 1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде Эрмитаж жинағының негізгі бөлігі Оралға эвакуацияланды. Соғыс аяқталғаннан кейін Эрмитажға Берлин мұражайынан жәдігерлер келіп түсті.

Кеңес уақытынан соң, Эрмитаж XX ғасыр өнері жинағындағы олқылыктардың орнын толтыра бастады. 1990 жылдарынан сонында

Бүгінгі сабакта:

- Мемлекеттік Эрмитаж, Лувр мұражайы, Британ мұражайы, Метрополитен, Токио үлттық мұражайы, Египет үлттық мұражайы, Уфици галереясы, Қазақстан Республикасының үлттық мұражайы туралы білеміз.

Кітт сөздер:

экспозиция, көрме, мәдени, мұра, картина, Эрмитаж



Мемлекеттік Эрмитаж

Утрилло Руо, Сутиннің және басқа авторлардың бүрын Ресей мұражайларында көрсетілмеген енбектері сатып алынды. Эрмитаж достарының Халықаралық қоры ұйымдастырылды.

Заманауи Эрмитаж күрделі мұражайлық кешен болып табылады. Мұражайдың негізгі экспозициялық белігі Нева өзенінің жағалауын бойлай орналаскан бес гимаратты алып жатыр, олардың ішінен Қызы сарай, сондай-ак сарай аланындағы штабтың Шығыс қанаты басты гимараттар болып есептеледі. Мұражай жинактамасы тас ғасырынан бастап дүниежүзі мәдениетінің 3 млн-дай ескерткіштері мен өнер шығармаларын қамтиды.

Лувр мұражайы (Лувр) – дүниежүзіндегі аса ірі және ең танымал көркемсурет мұражайы. Мұражай Париждің орталығында орналаскан. Мұражай гимараты – ескі Король сарайы. Лувр – Капетингтер әuletінен бастап Францияның көркемсурет және тарихи коллекциялары жинақтаудың ең көне мұражайлардың бірі.

Бұл мұражайды әмбебап мұражай деп атауга болады. Онда антикалық, ежелгі шығыс, батыс және шығыс өнерінің коллекциялар жиналған.

Лувр мұражайының коры алғашкы кезде I Франциск («Джоконда» мен Леонардо да Винчидің басқа да картиналары) және XIV Людовик жинаған корольдық коллекциялар есебінен толықтырды. Мұражай есігі көпшілік үшін бірінші рет 1793 жылы 10 тамызда, революция кезінде ашылды. Мұражай жинағына біртінде корольдық коллекцияның негұрлым бағалы картиналары берілді. Көптеген мұсіндік шығармалар, Француз мұсін өнері мұражайынан және революция кезеңінде мүлікті



Лувр

тәркілеулерден кейін келді. Наполеондық соғыстар кезеңінде луврлық коллекция соғыс олжаларымен Таяу Шығыстан табылған археологиялық ескерткіштермен толықты. XIX және XX ғасырларда мұражай коллекциясы көптеген сатып алынған және сыйлықтар нәтижесінде толықтырылды.

Мұражайның ен белгілі мұсіндері – 1820 жылы табылған және сол кезде Франция елшісінің түрік үкіметінен алған «Милостық Венера» мен 1863 жылы Самотраки аралынан табылған «Самофракиялық Ніка». Лувр коллекциялары әртүрлі өркеннеттер, мәдениеттер мен дәүірлер өнерлерінің ен үздік туындыларын сактайды. Мұражайда 300 000-ға жуық жәдігер бар, олардан тек 35 000-ы ғана залдарға қойылады. Көптеген жәдігерлер коймаларда ұсталады, өйткені сакталу талаптары бойынша келушілерге үш айдан артық көрсетілмейді.

Лувр жәдігерлері мынадай коллекцияларға бөлінген: Ежелгі Шығыс, Ежелгі Египет, Ежелгі Грекия, Этрурия, Рим, ислам өнері, мұсін өнері, өнер заттары, бейнелеу өнері кескіндік өнер.

Британдық мұражай – Ұлыбританияның басты тарихи-археологиялық мұражайы. Бұл, келушілердің саны бойынша, Луврдан кейінгі екінші мұражай. Ол Лондонда Блумсбери ауданында орналаскан.

Британдық мұражай 1753 жылы үш коллекция – белгілі натуралист Хэнс Слоунның, граф Роберт Харлидін, сондай-ақ антиквар Роберт Коттонның коллекциялары негізінде құрылды. Мұражай құру Британ парламентінің актісімен бекітілді. Мұражай бастапқыда Блумсберидегі Монтею-Хаус аксүйектік сарайда орналастырылды және келушілер үшін 1759 жылы ашылды. Жинак жеке коллекцияларды сатып алу



Британдық мұражай

есебінен кеңейтілді. Мұражайдың көптеген жәдігерлері (мысалы, Розетт тасы секілді) Англияға түсініксіз жағдайда келген. Грекия мен Египет кезінде әкетілген ежелгі ескерткіштерін қайтаруды талап етуде. Британдық мұражай XIX ғасырда жедел өсті. Жинақтар бөлімдерге бөлінді нумизматикалық бөлімге: мұнда әртүрлі елдер мен дәуірлердің монеталары мен медальдары жинақталды. Виктория ханым кезінде зоологиялық, ботаникалық, геологиялық және минералогиялық бөлімдер жаратылыстанудың ерекше мұражайы болып бөлініп, 1845 жылы Оңтүстік Кенсингтонга ауыстырылды. Монтеғю-Хаустың орнында 1823–1847 жылдары мұражайдың казіргі классицизм стиліндегі ғимараты салынды.

XX ғасырдың бірінші жартысында британдық мұражай өз жинақтарын британдық археологтердің Месопотамияда жүргізген қазба жұмыстарының есебінен таяушығыстық өнер туындыларымен кеңейті. Британдық мұражай 1926 жылдан бастап «British Museum Quarterly» тоқсан сайынғы журналды шығарып келеді. Бастапқыда мұражайдың басты казыналарының бірі оның кітапханасы болды, ол Ұлыбританиядағы ең ірі кітапхана еді. Британдық мұражайдың оку залы 1850 жылдардан бастап жеке ғимарат ротондада орналасты. XX ғасырда кітапханаға ежелгі замандағы баспа кітаптары мен сирек кездесетін колжазбалар келіп түсті. 1972 жылы Британдық парламент кітапхананы мұражайдан бөліп, оны жеке ғимаратка орналастырды. Британдық кітапхана осылай пайда болды.

Мұражайды бастапқыда Ежелгі Грекия мен Ежелгі Рим ескерткіштерінің жинағы ету ойластырылды. Лондонға Британ империясының барлық түкпірлерінен отарлық агенттер тасып әкелген археологиялық ескерткіштер мен өнер заттарымен бірге мұражай әртүрлі дәуірлердің суреттерімен, гравюраларымен, медальдарымен, монеталары және кітаптарымен толыктырылды.

Британдық мұражай жәдігерлері: Ежелгі Египет және Нубия, Ежелгі Шығыс, Шығыс және Оңтүстік Азия, Африка, Месоамерика, Мұхиттың аралдар, Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим, Ұлыбритания және құрлықтық Еуропа, кескіндеу мен гравюра жинақтамаларына белінген.

Метрополитен мұражайы – дүниежүзіндегі ең ірі және келушілер жағынан 4-орынды неленетін көркемсүрет мұражайы. Ол Нью-Йоркте орналасқан. Мұражай демеушілер мен сыйлық жасаушылардың каражатымен, аздап мемлекеттік колдау көрсетілумен жұмыс істеуде. Оның негізін 1870 жылы американық кәсіпкерлер мен өнердің кадірлеушілер тобы қалады. Көшілік үшін 1872 жылы ашылды. Мұражай негізін үш жекеменшік коллекция – европалық кескіндеменін 174 шығармасы қалады, олардың ішінде Хальс, Ван Дейктің, Тьеполо мен Пуссен шығармалары болды.



Нью-Йорк мұражайындағы Египеттік өнер туындылары

Бүтінгі күні тұрақты коллекцияда өнердің 2 млн-нан астам туындылары бар. Метрополитен өзінің импрессионистер мен постимпрессионистердің коллекциясын мактан ете аталады. Дүниежүзіндегі Египет өнерінің толық жинағы осы мұражайды деп есептеледі. Гравюралар жинактамасы ете көлемді. Фотосуреттердің үлкен коллекциялары бар. 2013 жылы коллекционер Леонард Лаудер мұражайға құрамында кубизмнің 78 туындысы бар өз коллекциясын сыйлады, оның ішінде Пикассоның 33 жұмысы бар болатын. Әр жыл сайын мұражай «Жылдық есеп» жариялайды, онда жаңа толықтырулар санамаланады. 2017 жылы акпанды мұражай өз коллекциясында көркемсурет жұмыстарының 375 000 шифрланған бейнелерін жалпыға колжетімді етті.

Казіргі уақытта Метрополитенде Америкалық сәндік, кескіндеме мен мұсін өнері, Ежелгі таяушығыстық өнер, кару-жарактар мен сауыт-саймандар, Африка өнері, Мұхиттық аралдар мен Америка өнері, Азия өнері, суреттер мен метографиялар, европалық кескіндеме, европалық мұсін және сәндік өнері, ислам өнері, ортағасырлық өнер, қазіргі заман өнері, музыкалық аспаптар, фотосуреттер, кітапхана, ортағасырлық галерея бөлімдері жұмыс істейді. Бұл тұрақты экспозициялардан бөлек, уақытша көрмелер өткізуге арналған бірнеше зал бар.

Токио үлттық мұражайы – Жапонияның ең көне және ең ірі мұражайы. Токио калалық Уэно саябағы аумағында орналасқан. Шамамен 100 мың шаршы метр ауданда бес корпус – бас, шығыс, салтанаттық, Хэйсэй мен Хорюдзи храмдар қазынасы орналасқан.

Үлттық мұражайдың негізгі көрмелік галереясы – Бас гимарат 1938 жылы ашылды.



Токио ұлттық мұражайы

Бұл жерде жапон мәдениетінің ежелгі заманнан көзірігі уакытқа дейінгі даму жолдарын қадағалауға мүмкіндік беретін бейнелеу және колданбалы өнер туындылары, тарихи және этнографиялық материалдар жинақталған. *Салтанаттық* корпусы 1909 жылы ашылды. Оның гимараты Мэйдзи дауіріндегі (1868–1912) батыс стиліндегі сәулет өнерінің аса көрнекті ескерткіші болып табылады (сәулетші Токума Катаяма) және мұражай шенберінде ағартушылық орталық болып табылады. Ол жерде ғылыми қоғамдастықтар жұмыс істейді, семинарлар өткізіледі.

Шығыс корпусында Шығыстың бейнелеу және сәндік өнерінің туындылары, сондай-ақ археологиялық ескерткіштер қойылған.

Мұражай тарихы 1872 жылы 600-ден астам жәдігерлерден тұратын көрмeden басталады, олардың арасында сарай казынасындағы император әuletі өкілдерінің жеке бұйымдарынан бастап елші табиғи байлығын көрсететін жануарлар тұлыштары, пайдалы қазбалардың үлгілері мен табиғи заттарға дейінгі мәдени мұраның сан алуан ескерткіштері болды. Көрме үлкен табыска ие болды және ел өміріндегі айтулы оқиғаға айналды. Ол ел табиғатын оның тарихын жаңаша көру мүмкіндігін ұсынды, бірегей табиғи байлықтарды корғау, мәдени дәстүрлер мен мұраны сактау қажеттігі туралы мәселе койды. Көрмені дайындау мен өткізу үшін Токио ұлтының мұражайының негізіне айналған арнаулы мекеме құрылды. Қазіргі уақытта мұражайдың коллекциясында сакталатын 120 мындағы бірлік бар.

Египет ұлттық мұражайы – дүниежүзіндегі Ежелгі Египет өнері бұйымдарының ең ірі қоймасы, Каирдегі Тахрир аланында орналасқан. Мұражай коллекциясында Ежелгі Египеттің барлық тарихи



Египет ұлттық мұражайы

кезеңдеріндегі 160 мындаі жәдігер бар. Негізі 1858 жылы қаланған. Мұражайдың жана ғимаратта ашылтуы 1902 жылы болып өтті.

1835 жылы Мұхаммед Эли-паша ежелгі дүние департаментін күртуралы жарлық шығарды. 1848 жылы ежелгі египеттік – құндылықтардың бірінші қоймасы жасалды. Бұдан кейін Бұлақ пен Гизада мұражайлар жасалды. 1859 жылы француз египеттанушысы Огюст Мариет ежелгі египеттік құндылықтар мен артефактілердің тоналуын токтатуды мақсат еткен «Ежелгі Египетке қызмет ету» мекемесін баскарды. 1900 жылы Каирдің орталығындағы Исмаилия еуропалық кварталында екі қабатты Египет мұражайының құрылышы аяқталды. 1950 жылдарға дейін мұражайды шетелдік мамандар баскарды.

Мұражайда бірнеше белім бар: Тутанхамон қазынасы, әртүрлі дәуірлердің зергерлік әшекейлері мен Танис жәдігерлері, әuletтікке дейінгі кезең мен ежелгі патшалық; орта патшалық Амарн кезеңін қосқанда жаңа патшалық; кейінгі және эллиндік кезеңдер; Папиустар мен монеталар; саркофагтар және т.б.

Уфици галереясы – Флореншияды орналаскан Еуропадағы көне мұражайлардың бірі. Галерея эршерцог I Козимо де Медичидің (1519–1574) бастамасы бойынша пайда болды. Ол бір замандарда колданыска мұражай (антикалық гректер бұл сөзben музаларға арналған жерде білдірді) термині енгізілген қалада құрылды.

Бүтінгі күнгі Уфици – дүние жүзіндегі келушілердің саны көп мұражайлардың бірі. Бүтінде онда орта ғасырлардан бастап қазіргі заманға дейінгі мындаған кескіндемелік туындылар, антикалық мүсіндер, миниатюралар, gobелендер бар. Галерея дүниежүзіндегі автопортреттердің бірегей жинағына ие. Ол заманауи суретшілердің



Уффиши галереясының залдары

сыйлыктарымен және үздікіз сатып алудармен тұрақты толыктырылып тұрады. Галерей жинағының мактанышы Боттичеллидің («Кектем», «Венераның тууы») Леонардо да Винчиidің («Баксылардын табынуы», «Ізгі хабар», «Христтің шоқынуы»), Тишианның («Венера Урбинская») белгілі туындылары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы – Орталық Азиядағы ең жас әрі ең ірі мұражайлардың бірі. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шенберінде 2013 жылы 2 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Мадениет министрлігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы қаулысы шықты.

Ұлттық мұражай Нұр-Сұлтан қаласындағы Тәуелсіздік алаңында орналасқан. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама шенберінде анықталған көптеген күндылықтар Ұлттық мұражайдың корын құрайды. Мұражай кешенінің ауданы 74 000 шаршы метр және тоғыз қабатты гимаратта орналасқан жеті блоктан құралады. Экспозициялық алаңында Нұр-Сұлтан залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын зал, Ежелгі және ортағасырлық тарих залы, Этнография және заманауи өнер залы және басқа да залдар орналасқан. Мұражай құрылымына зерттеушілік институт кіреді. Сондай-ак балалар мұражайына, балалар шығармашылық орталығына, екі көрме залына, реставрация шеберханаларына, зертханаларға, кәсіптік кор коймаларына, оқырмандар залы бар ғылыми кітапханаға, конференц-залға, кәдесийліктар залына арнайы орындар қарастырылған. Мұражай дүниежүзілік стандарттарға сәйкес келетін



Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайы

заманауи жабдықтармен жаракталған. Мұражайдың жалпы шолу және тақырыптық, интербелсенді сабактар мен ойын түріндегі экскурсиялар өзірленеді. Ұлттық мұражай мәдениеттің заманауи танымдық мекемесі, Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын талдауға, салыстыруға, пайымдауға, талқылауға, пікірлер білдіру мен бағалауға арналған орын болып табылады.

Білімдерінді тексеріндер

1. Мемлекеттік Эрмитаж туралы не білесіңдер?
2. Лувр несімен әйгілі?
3. Уфиши галереясы туралы әнгімелей аласындар ма?
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайының ерекшеліктері туралы айта аласындар ма?

Тапсырма

Косымша дереккөздерін пайдалана отырып. Британдық мұражай, Метрополитен, Жапонияның Ұлттық мұражайы, Прадо мұражайы, Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы туралы кысқаша баяндамаға дайындалындар.

ӨНЕР – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БЕЙНЕСІ



§ 62. ТАРИХИ ПРОЦЕСТЕР КОНТЕКСТИНДЕГІ ӨНЕРДІҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН СТИЛЬДЕРІ

Бұлғынгі сабакта:

- өнердегі негізгі ағымдар туралы білетін боламыз.

Кітт Сөздер:

модернизм, импрессионизм, авангардизм, кубизм, экспрессионизм, конструктивизм, сюрреализм, футуризм, ар-деко, супрематизм, пуритизм

XX ғасыр әлемдік төнкерістер мен эволюциялық модернизмге толы болды. Сондай-ақ бұл кезең модернизмнің өркендерген уақыты да болды – оның соны барлық өнерді біріктіруге үмтүлған,europalyk жоғарғы өнер үлгісіне ұласты. Дәстүрден бас тарту – неоклассизм мен өнердегі реализм шешімі – алғашкы модернистік бағыт – импрессионизм XIX ғасырдың бірінші жартысында кальптасты. XX ғасырдағы өнер тарихы осы саланың жана мүмкіндіктерін іздеуге және әсемдіктің тын үлгілерін табуға олардың әрқайсысы бірінен-бірі өткен, өзара қарама-қайшылыққа толы болды. Бұрын-сонды ешбір жүзжылдық дәл осы XX ғасыр секілді ерекше көркемдік бағыт қальптастыра алған жок.

Назар аударындар!

Модернизм – XIX ғасыр мен XX ғасырдың соңында мәдениетте кең тараптады. Ол ақиқат пен шындыққа жақын қағидаларды сипаттайтын көркемдік ағымдар мен шығармашылықтың жаңа түрлерін қамтыды. *Модернизмнің басты ерекшелігі* – еркін көзқарас әрі шебердің әлемді өзіндік дүниетанымына орай, алған әсеріне, идеясына немесе тылсымдық бейнелеуіне қарай өзгерту құқығының болуы.

Модернизм, атауы айтып тұрғандай, жаңғырумен әрі когам мен өнерде дамуға, алға үмтүлумен сипатталды. Модернистік бағыт таптауырын болған көркемдік дәстүрлерді енсеруте бағытталды. Модернистер әрқашан да жаңашылдыққа үмтүлди және символикалық әрі шартты формаларға бейім болды. Жаңа көркемдік бағыт өзін уақыт ағымына бейімделген, «заманға сай» өнер түрі деп жариялады, әрқашан да бұкараның назарында болуды қалады. *Модернизмнің идеологиялық қағидалары қарма-қайши болып келеді*. Индустріалдық когам бар-

лық «машиналық өркениет» тудырган сындарға, яғни қоғамдық күрьымдар дамуына елеулі ықпал еткен; өмір салтына толық өзгеріс жәлгендегі, XIX ғасырдың сонындағы техникалық жетістіктер, жарастылыстануғының да жаңадан ашылған жаңалыктар, болашак алемнің қайта қалыптасуы туралы философтар мен экономистердің теориялары – осының барлығы әлемдегі бұрынғы жүйе кирап, орнына жаңасы пайда болады деген ой тудырды. Сондыктан, бір жағынан, модернистер арасында қоғамды қабылдамау, сенімсіздік пен атеизм, «торығу», көртартпалық (көрі кету) – нигилизм¹ таралды, бұган тәнжеріс қарсанында Еуропа қоғамындағы дағдарыс та ықпал етті. Екінші жағынан, әлемді жаңғырту, конструктивті, жасампаздықка, жаңашылдыққа үмтүлу идеясы пайда болды.

Есте сақтанадар

Модернизмнің маңызды бағыттары импрессионизм, модерн және экспрессионизмдегі авангардистік ағым, сюрреализм, абстракционизм болып табылады.

Бір сәттік заманауилыкты бейнелеу, әсіресе импрессионизмде ерекше көрініс берді, осы бағытты ұстанушылар шынайы өмірдің бір орында түрмайтын және өзгермелі екендігін бейнелегісі келді. Импрессионизм Францияда 1860 жылдары Э.Мане, О.Ренуара және Э.Деганың шығармаларында пайда болды. Бұл суретшілер өнерге бұрын-сонды болмаған нәзік женілдік пен өмірді тікелей қабылдау әкелді, бір сәттік бейнелер мен кездейсок қозғалыстарды, жағдайларды қалыптастырыды, көзқарастар мен бетбұрыстар бағытын қалыптастырыды. Импрессионистердің сыртқы ақырат бейнелері сакталғанмен де, ол өзгеріске ұшырап кетті. Кейінгі онжылдықта К.Моне, К.Писсарро мен А.Сислей бұрынғыдай дәстүрлі түрде тек шеберханада гана жұмыс аткармай, суретшілерді көшеге пленерге² алып шықты. Ашық аспан астында жұмыс істеген импрессионистер шағылысқан сәулелердің көрінісін, бояулардың алуан түрін, түрлі формалар мен жарық пен ауаның әсерін қалыптастырыды. Импрессионистердің түрлі күрделі бояуларды колдануы



К. Моне. Су лалагүлі
(импрессионизм)

¹ Қоғамда қалыптаsson құңылдықтар жокка шыгаратын философия.

² Ашық аспан астындағы көркемсурет.

мен идеялдарға күдік келтіретін немесе



Винсент Ван Гог. Жұлдызынды түн
(постимпрессионизм)

арқылы көркемсурет ашық, нәзік әрі оптимистік сипатка не болды. Француз импрессионистерінің бұл жаңалығы басқа елдерге де кең таралды. Импрессионизмдегі бір сәттік қозғалысқа О. Роден секілді белгілі мұсіншілер де қызыгушылық танытты.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы (П.Сезанн, В.Ван Гог, П.Гоген, А. де Тулуз-Лотрек секілді) француздардың қылым шеберлері *постимпрессионистер*

деп аталды. Олар импрессионистерден тазалығын және «бір сәттілікті» оңай бейнелеу қабілетін мұра етті, сонымен қоса олар, бір жағынан, суреттің философиялық мәнін терең тусінуге, ал, екінші жағынан, символикалық формалды элементтерді арттыруға тырысты. Символизм философиясы А.Шопенгауэр және Ф.Ницше секілді философтардан көрініс тапты. Символистер символ көмегі арқылы идея мен сезім және көріністі бейнелеуге тырысты. Олар өмірдің сәттерінен, көбінесе айқын түрде «мәңгілік такырыптарды» тандаپ алды, өткен мен бүгінді және болашакты байланыстырды. Большис пен сананың тереңіне үніліп, идеалды әлемнің мәнінің шындығын тануға ұмтылған символистер, өз замандарына тән буржуазиялық әлемді қабылдамады, рухани еркіндікті ансады. Символистерге әсіресе әлемдік алеуметтік-тарихи өзгерістердегі (соғыстар мен төңкерістерді) трагедиялық сезімдерді сезіну тән болды. Әдебиеттегі символизмнің негізгі өкілдері болып – П.Верлен, А.Рембо, С.Малларме, М.Метерлинк, А.Блок, А.Белый саналса, ал бейнелеу өнерінде: Г.Моро, М.Чюрленис, М.Врубель болды.


Модерн стилі (ар-нуво) XIX ғасырдың соны мен – XX ғасырдың басындағы (Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін) сәулет, сәндік-колданбалы және театр өнерінде кең таралып, колданыска енді. Модерниң айрықша ерекшелігі болып, симметриядан, тікелей желіден және бұрыштардан, формалардың бір-біріне өтуінен, бедерлі өрнектерден, көмескі бояулардан бас тарту жатады. Архитектуралық модернде (бетон, темірбетон, металл, оргалық жылу) жана технологияларға қызыгушылық артты. Модерн стиліндегі ең белгілі сәулет туындысы болып Париждегі Эйфель мұнарасы саналады. Сондай-ақ барокканың (шілген жүйелері, оюлы суреттері), сонымен катар готиканың да (витраж, мозаика, эмаль, алтын көріністері) сәндік ерекшеліктері де катар колданылды. Шілкі көріністер үшін шілген жүйелер, ал безендіру

үшін мозаика, эмаль, алтын көріністер пайдаланылды. Ар-нуво бағытының өркендеуі казіргі колданбалы өнер мен дизайнның бастауы болды. Модернде екі айрықша: *конструктиві* (Австрия, Шотландия) және *сэндік* (Бельгия, Франция, Германия) бағыт калышасты. Сондай-ак оған Италия мен Ресей үлттық салт-дәстүрлері ерекше ықпал етті. Париж бен Санкт-Петербургте және Еуропаның көптеген қалаларында модерн стилінде салынған көптеген үйлер, тіпті аудандар да кездесі. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері болып суретшілер Г.Климт, А.Муха, Л.Бакст саналады. Классикамен салыстырғанда, импрессионизм мен символизм және ар-нуво өздерінің бар ерекшеліктері бойынша ескі өнерге қарама-қайшылықта қатан радикалды болған жок. Мысалы, импрессионистер – шындық ақықат қалыптарын, ақын-символистер – шумактар мен ырғактарды, ал модерн стиліндегі сәулетшілер алуан түрлі элементтерді жинақтаған бұрынғы архитектуралық бағыттагы, эклектикалық XX ғасырдың басында өнерде *авангардистік* деп аталатын, радикалды, төнкерістік ағым пайда болды.

Назар аударындар!

Авангардизм термині бағдарламалық, пікірталастық форманы бейнелейтін, өзін дәстурге және айналадағы әлеуметтік таптаурын көзқарастар сипатына қарсы қоятын көркемдік ағымдарды біріктірді.

Авангард – бұрынғы қағыдаларды өзгертуен, модернизмдегі бұлікшіл құбылыс болды. Ол адамзат санасын өнер құралдары арқылы радикалды түрде қайта қалышастырып, эстетикалық төнкеріс жасауды, сол арқылы өмір сүріп отырған қоғамның артта калған рухына бетбұрыс жасауды мақсат етті. Авангард өз бейнесін «кешे поэтикасы», казіргі заманғы қаланың бейберекет ырғагы секілді қатаң материаларға енгізді. Ол бұрынғы стильді ғана емес, жалпы, тұтастай өнер туралы ескірген ұғымдарды жокка шығарып, «өнерге қарсы» ұстанымды жариялады. Авангард екі бағытты қатар ұстанды, ол ғылым мен техниканы мойындалап, одан символдар мен әдістерді қабылдады, сонымен қатар африкалық (өзге де «карадүрсін») өнер мен фольклорды да жокка шығармады. Ең алғашқы авангардтық ағымдардың бірі П. Сезанга тән кубизм болды, ол шартты сынаққа бейім: қарапайым геометриялық форманың пайда болуы мен күрделі форманың қарапайымға ыды-



А. Муха. Өйел бейнесі
(Модерн)



Пабло Пикассо. Өйел портреті
(Кубизм)

рауы – куб, конус, цилиндрға, сосын олардан кеңістіктің көлемді форма-сына ауысуы болды. Бұл суретшіге нысанды бір мезгілде әр алуан түстан бейнелеуге және өзіндік ерекшелігін қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал нысанды классикалық бейнелеуде мүндай мүмкіндік кездеспейді. Кубизмнің ең көрнекті өкілі болып испан-француздық суретші Пабло Пикассо саналады. Ал авангардтықтың өзге ағымы – экспрессионизм – ақпаратты жаңғыртуға ғана үмтүліп койған жок, сонымен қатар автордың көніл күйін де беруге тырысты. Эспрессионистік көніл күй сезімін білдіру норвег суретшісі Эдвард Мунканың және постимпрессионисші Винсент Ван Гог

шығармаларынан көрініс тапты. Экспрессионизм ағым ретінде 1905 жылы Э.Л.Кирхнер мен оның жолдастары «Мост» тобын күрганда қалыптасты, олар реализм, импрессионизм және модерн стильдерін жокқа шығару принциптерін ұстанды. Экспрессионистер адамның ішкі жан әлемін ғана нағыз ақыкат, ал оның шиеленісті көзқарасын өнердің басты максаты деп жариялады. Кирхнер туындысы да ашық бояулармен бұрыштық контурлармен және драмалық шиеленістермен ерекшеленді. «Экспрессияға» үмтүлу, көніл күй шиеленісі, бейнелердің шектен тыс ұлғайтылған шірлімі Германия мен Австрия мәдениеттерінде ерекше жіп байқалды. Экспрессионизм аясында ежелгі абстрактілік өнер (В.Кандинскийдің) үлгілері де көрініс берді. Кейбір неміс суретшілерінде (Э.Барлах, Ж.Грос, О.Дикс) экспрессионизм соғыска карсы сипат алды. Екі дүниежүзілік соғыс аралығында экспрессионизм сурет, әдебиет, театр, сәулет, музика және би секілді көптеген өнер түрлерінде пайда болды. Бұл кинематография саласында толық көрініс берген алғашкы көркемдік ағым болды.

Футуризм XX ғасырдың басында Италияда (Дж. Балла, Дж. Северини) пайда болды. Ол өзін болашактың өнері деп жариялад, мәдени таптаурын болған көзқарастардан бас тартып, дәстүрлі құндылықтарды (В.Маяковскийдің «Пушкинді біздің замандығы кемеден лактырып тастайык!» деген ұраны секілді) толық жою идеясын ұсынды, мегаполис күлті мен машиналық урбанизация өркениетін ұсынды, оларды болашақ өркениеті ретінде сипаттады. Футуристердің манызды көркемдік идеясы болып, жылдамдықтың нәзік көрінісі мен казіргі замандағы өмірдің козғалысын іздеу болды. Сондай-ақ футуризмнің

экспрессионизммен де бірката тұстық байланыс сипаттапары бар. Өзгерістер мен жылжулады және толық камту формаларын пайдалана отырып, суретшілер бүтінгі адімның сан қырлы сәттерін бейнеледі.

Бейнелеу өнерінде авангардизмің *фовизм* секілді ағымы да азғана уақыт қолданыста болды. Фовистер жұмысы, әсіресе Анри Мatisse, гүлдерді ғажайып таңбалашу каркынымен және кеністіктең қарама-қайшылықтарды салыстыруымен ерекшеленді. Фовистік түннілар формасына жарық пен көленкені үйлестіруден және желілік көріністерден толық бас тарту арқылы қарапайым бейнелеу тән. Матисс пен оның жолдастары постимпрессионистердің ортағасырлардағы витраждық техникалық идеялары мен жапондық гравюралардың әдістерін байланыстыруды. Матистің картиналары сәнді әрі әдемі кілемге үксайтын еді.

1910 жылдың соны мен 1920 жылдары әдебиет пен қолданбалы өнерде пайда болған, авангардтық ағымның тағы бір бағыты *дадаизм* (Т.Тцар, Р.Хаусман, М.Дюшан және т.б.) болды.

Назар аударындар!

Дадаистердің негізгі эстетикалық принципі иррационалдық және жүйесіздік болса, ең басты көркемдік формасы болып кездейсоқ заттардың комбинациясы, коллажы саналды.

Неміс дадаистері ең алғашы болып фотомонтажды тиімді көркемдік әдіс ретінде қолданды. 1920 жылы Францияда дадаизм – сюрреализммен, ал Германияда экспрессионизммен сінісп кетті. Суретші-дадаист Марсель Дюшан өзінің идеяларының ерекшелігіне орай (мысалы, дағын заттарды өнер нысаны ретінде пайдалану) XX ғасыр өнеріндегі ең ықпалды тұлғалардың бірі болып саналды. Оның шығармашылығы XX ғасырдың екінші жартысындағы поп-арт, минимализм, түжырымдық өнер секілді өнердегі бағыттардың қалыптасуына ықпал етті. Дадаизм постмодернизмнің бастауы болып саналады.

Сюрреализмді ұстанушылар өнердің негізі деп сананды (түйсік, түс көру, елес көруді), ал оның әдістері деп логикалық байланыстардың үзілүүн, олардың еркін қауымдастықтармен алмастырылуын санады. Сюрреализм 1920 жылдары қалыптасты. Бұл бағыттың идеологі болып, «Сюрреализм манифесінің» алғашкы авторы, (1924) жазушы Андре Бретон саналды.



Д. Балла. Абстракты жылдамдық (Футуризм)

Олардың дүниетанымдарына Зигмунд Фрейдтің психоанализ туралы теориясы ерекше ықпал етті. Сюрреалистер табиғатпен бірлесе үндескен, өздерінің өндірістерін күрді. 1930 жылдан бастап сюрреализмнің басты негізі болып заттардың логикаға сай келмейтін қарама-қайшылығы саналды, оған шеберліктің нәзік сенімділігі берілді.

Сюрреализм әртүрлі өнер түрлеріне кең тараалды, оның ішінде кинематография саласына да. Суретшілердің тұтас бір шоғыры, оның катарында Сальвадор Дали, Пабло Пикассо, Рене Магритт және Макс Эрнст, сюрреализмді XX ғасырдың бірінші жартысындағы бейнелеу бағытындағы аса ықпалды ағымға айналдырыды. Сюрреализм казіргі замандағы суретшілер арасында да кең тараған.

Конструктивизм – колданбалы өнердегі, сәулет және дизайндағы ғылыми-техникалық мүмкіндіктерді менгерген бағыт. 1910 жылы кубизм мен футуризмнің негізінде кальпасты, кейіннен екі ағымға бөлінді: «әлеуметтік инженерия» (бұл жүйе КСРО-да 1920 және 1930 жылдары дамыды) тапсырмаларымен тығыз байланысты «әлеуметтік конструктивизм» және деректіз бағыттағы жанғыруды мақсат еткен геометриялық абстракциялық «философиялық конструктивизм».

Пуритизм – 1910–1920 жылдардың сонындағы француз өнеріндегі ағым. Негізгі екілдері – суретші А.Озанфан мен сәулетші Ш.Э.Жаннере (Ле Корбюзье). 1910 жылдары авангардтық ағымдардағы декоративтік идеяларды жокка шығарған пуристер, нақты геометриялық формаларды пайдалануға ұмтылды. Пуристер жұмысына тән ерекшеліктер болып кеңістік бейненің баяу ыргагы және біртектес заттардың (кумыра, стакан және т.б.) пішіндері саналады. Пуритизмнің көркемдік



Ле Корбюзье. Тұрғын үй. (Пуритизм)

принциптері қазіргі замандағы сәулеттеген де көрініс тапты, оның жаркын көрінісі Ле Корбюзьеңің нысандарында бейнеленген.


Абстракционизм – 1910 жылы авангардтық бейнелеу өнеріндегі пайда болған бағыт.

Назар аударындар!

Өнердегі дәстүрлі формадан қол үзіп, форма мен ақиқаттан толық бас тартқан абстракционизм – жүйедегі бояу, форма, түстік таңбаларды қолдануда еркіндікті ұсынды.

Абстрактілі өнердің негізін калаушылардың бастауында – орыс суретшілері В.В.Кандинский, К.С.Малевич, нидерландтық П.Мондриан, Т.Ванн Дусбюргтер болды. Казимир Малевич сонымен қатар авангардизмдегі супрематизм деп аталған өзінің жеке бағытының теориясын жасаушысы мен іске асырушысы да болды. 1930 жылдары Франшияда суретші абстракционистердің біріктіріген «Накты өнер», «Шенбер мен квадрат», «Абстракция және шығармашылық» деген топтар пайда болды.

Ар-деко – XX ғасырдың екінші жартысының соңғы ширегіндегі өнердегі жаркын стильді ағым, оның ерекшеліктеріне монументалды салмақты форманың сән-салтанатпен үйлесуі, модерн (ар-нуво) стилі элементтерінің кубизм мен экспрессионизммен үйлесуі, техникалық дизайнның көрнекті формаларының колданылуы жатады. Бұл бағытқа осы атау Халықаралық сәндік өнер мен өндіріс көрмесінде (Париж, 1925) берілді, оның таралуы мен дамуы осы көрмеден бастау алды. Ар-деко стилі машиналардың дизайндарына, жиһаздар, ыдыстар, фарфорлар, текстиль, зергерлік бұйымдар, сагаттар, сондай-ақ техникалық күрылғыларға – радио, телефон және музикалық автоматтарға пайдаланылды. Ар-деко архитектураға, интеръер дизайнға, өндірістік дизайнға,



В.Кандинский. Импровизация.
(Абстракционизм)



К.Малевич. Кара шаршы.
(Супрематизм)

сән саласына, графика мен кинематографияға ерекше ықпал етті. 1930 жылдары ар-деко вокзалдарды, мұхит лайнерлерін және көңіл көтеру саябактарын жобалауда кен колданылды.

Әдебиеттегі модернизм. Әдебиетте модернизм классикалық роман мен классикалық поэзияның орнын басты. Өмірді суреттеу мен түрмисті бейнелеудің орнына философиялық және психологиялық тұжырымды әдеби түсіндіру келді.

Назар аударыңдар!

Модернистік прозада «саны ағымы» стилі, яғни ойлар ағымы мен сезімдерді адал, ақылмен қабылдау және басты кейіпкерлердің көңіл күйінің өзгеруін мазмұндау пайда болды (М. Пруст, Дж. Джойс).

Әдебиеттегі модернизм бағыттарының қатарында соғысты ұғыну тақырыбы да бар. Модернистік әдебиеттегі манызды орынға «жоғалған ұрпак» буыны болып саналатын – Э.Хемингуэй, Э.М.Ремарка және басқа да жазушылардың шығармалары енеді. Модернистер қатарындағы көрнекті жазушылар: Ф.С.Фитцджеральд, Дж.Г.Лоуренс, А.Деблин, Т.Манн, Ф.Кафка, У.Фолкнер, орыс әдебиетінде А.Платонов бар. Модернистік әдебиеттің шыны болып М.Прустың «Жоғалған уақытты іздеу» романдар желісі мен Ф.Кафканың «Процесс» және «Күлиш», Т.Маннның «Сикырлы тау», Джеймс Джойстың «Улисс», У.Фолкнердің «Шу мен ашу» романдары саналады. Модернист-жазушылар әдебиеттің бет-бейнесіне өзгерістер әкелді. Алайда XX ғасырдың екінші жартысында модернизмнің орнын *постмодернизм* басты.

Білімдерінді тексеріндер

1. Қандай тарихи дәүірде «модернизм» ұғымымен біріккен ағым пайда болды?
2. Модернизмнің басты ерекшелігі неле?
3. Барокко, модерн (ар-нуво) және ар-деко секілді стильдердің өзара не байланыстыруды?
4. Өнерде қандай ағым авангардизмге жатады?
5. Қандай авангардтық ағымдар сәулет өнерінде ерекше көрініс тапты?
6. Қандай авангардтық ағымдар соғыска карсы бағытта көрініс берді? Неліктен?
7. Сюрреализмнің негізінде қандай ғылыми теория бар?
8. XX ғасырдың бірінші жартысындағы өнердің қандай ағымы XX ғасырдың екінші жартысы мен заманауи өнерге ерекше ықпал етті?

§ 63. БҮҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ КОҒАМДАҒЫ ӘСЕРІ

Бұқаралық мәдениет – алғашында радионын, кейіннен киноның шығуымен байланысты пайда болған, бұрын-сонды болмаған бұқаралық сипаттағы XX ғасырдың күбылдысы. Осындағы техникалық кү-

ралдар жетістігі пайда болмаган кезенге дейін мәдениет әлшарлық және халықтық деп екі сипатка бөлінетін.

Әлшарлық мәдениет деп өнер саналса, халықтық мәдениетке дәстүр, фольклор, үй-ішлік көсіп пен қолөнер жатты. XX ғасырдың басында алғашкы бұқаралық коммуникациялар пайда болғанда, «өнер бұкараға карай қадам басты», бұқаралық мәдениет пен оның тұтынушылары – «бұқаралық тыңдаушылар», «бұқаралық көрермендер» пайда болды. Бұкара арасында білімнің кең таралуы мен жаңаған қоғамның барлық саласында сауаттылықтың артуы (түрлі сенсациялар мен элитаның жанжалды оқиғаларын, олардың өзара дауларын «жариялайтын» «көркемдігі төмен» немесе «сары жағал басылым» саналатын) газет пен журнал-таблоидтардың таралымын күрт арттырды.

Сонымен қатар кеңіл көтеретін әдебиеттер (детективтер, қызықты оқиғалар, комикстер, маҳаббат хикаялары, түрлі «эзотерикалар» мен «мистикалар» және ас мәзірі туралы кітаптар мен медициналық пайдалы кеңестер және бала тәрбиесіне арналған кітаптар) халық арасында ерекше сұраныска не болды. Қоғамның барлық саласының өкілдері осындағы баспасөз өнімдерін тұтынушыларына айналды, осыдан келіп «бұқаралық оқырман» термині қалыптасты.

1930 жылдары АҚШ-та кейіннен басқа елдерде телеарна саласы дами бастады, оның әрбір үйге енүі сол замандағы қоғамға үлкен ықпал етті. Жаппай бұқаралық коммуникацияның өркендеуі арқасында билік пен іскер аксүйектер қалып бұкараға тұракты және жаппай ықпал ету мүмкіндігіне және олардың саяспы қызығушылығы мен тұтыну талғамын қалыптастыруға кол жеткізді. *Тұластай алғанда, бұқаралық мәдениет – бұл қалыптаса бастаган орта таттың мәдениеті*.

Бұқаралық мәдениеттің мақсаты қоғамдағы адамның бос уақытын толтырып, шаршаганын басу емес, көрерменнің, тындарманның немесе оқырманның тұтынушылық санасын ынталандыру болып табылады. Бұл осы мәдениетті сынсыз қабылдайтын ерекше түрлерді қалыптастырады. Басқаша сөзben айтқанда, адамның психикасын жауап, оның эмоциясы мен түйсігін пайдаланады.

Бүгінгі сабакта:

- бұқаралық мәдениет;
- бұқаралық коммуникация құралдарының әсер ету тетіктері;
- кино мен телевидениенің қазіргі қоғамға әсері;
- тұтыну жүйесін қалыптастыруды жарнама мен сәннің рөлі;
- бұқаралық мәдениет және әлшарлық мәдениет туралы білеміз.

Кітт сөздер:

бұқаралық мәдениет, бұқаралық коммуникация құралдары, бұқаралық ақпарат құралдары, кинематограф, телевидение, жарнама, ғаламтор, әлшарлық мәдениет

Есте сақтаңдар

Бұқаралық мәдениет – бұл адамдардың басым белгінің талғамына лайықталған, түрлі үлгілер арқылы көбейетін және заманауи технологиялар көмегімен таралатын мәдениет. Бұқаралық мәдениет жоғары талғамның және рухани ізденістің көрінісі болып саналмайды.

Бұқаралық коммуникация құралдары. Бұқаралық мәдениетті бұқаралық коммуникациялық құралдар қалыптастырады, олар:

- бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ): газет-журналдар, радио, телевизия, ғаламтор;
- жаппай ықпал ету құралдары: кино, жарнама, сән үлгілері бұқаралық әдебиет;
- техникалық коммуникация құралдары: телефон, ғаламтор болып табылады.

Бұқаралық ақпарат қуралы мен бұқаралық мәдениеттің бастауы әрі таралымы ретінде телеарнаның маңызы әр он жыл сайын тоқтаусыз өсіп отырды, тек ғаламтордың пайда болуы ғана бұл үрдісті баяулатты. Қандай да бір себептермен ғаламтор желісі дамымаған елдер мен көгамда телеарна алі күнге дейін үлкен маңызға ие. Қалың көрермен жаңалықтар топтамасын, спорттық трансляцияны, реалити шоуларды, түрлі көніл көтеретін хабарларды тамашалап, экран алдында бірнеше сағат отыра ды.

Баспа өнімдерімен салыстырғанда телеарна адамдардың санасы мен психикасына көбірек әсер етеді. Кейбір адамдар телеарнаға байланып, оның үнемі косулы тұрғанын қалайды. Осындай қолайлыш жағдайды жарнама берушілер жақсы пайдаланып, экранды жарнамаға толтырады, әсіресе барлық адамдар теледидар алдына ен көп жиналатын кешкі «прайм тайм» уақытты өз мүдделеріне тиімді пайдаланады. Эрине, үнемі көрермендердің талғамымен ғана жүрмейтін, бұқараны «мәңгүрттендіруді» максат етпейтін бағдарламалар, тіпті телеарналар да бар, олар ғылыми-танымдық және деректі фильмдер мен артхаусты кинолар немесе классикалық музыкаларға басымдық береді. Бірак олар бүкіл телеарналарға тұтастай бетбұрыс жасап, толықтай өзгеріске ұшырата алмады. XX ғасырдың ортасында ақпарат негізі ретінде радионың маңызы аса жоғары болды, бүтінде бұл көрсеткіш төмендеген. Ол казір, негізінен, қалың бұқараның сұранысына сай, белгілі музыкаларды таратумен айналысып кетті. Ал газет пен журналға келетін болсак, ғаламтор пайда болған кезенде олардың да таралымы күрт азайды, тек қалың бұқараның қызығушылығын тутызыған «сары басылым» ғана ұзак уақыт сұраныска ие болды, кейіннен ғаламтордан өз керегін тапқан оқырмандар одан да қол үзді. Әзірше тек әсемдік журналдар ғана жарнама арқасында әрі заманауи сән үлгілері мен «қызық өмірді» насиҳаттап, көрсетуші ретінде тіршілік етеді.

Кинематограф ұзак уақыт бойы жаппай көніл көтеретін (киноның негізгі жанры комедия болды) әрі «әдемі өмірді» насиҳаттайтын құрал болып, өнер ретінде қабылданбады. XX ғасырдың басындағы индустримальдық қоғамда – осындай өнер түрлерінің жаппай тындарманандары, көрермендері және оқырмандары жұмысшылар мен ұсак қызметкерлер (клерктер) болды, себебі билеуші тапқа оларды осылай алдандырып. саяси құрес пен билікті сынаудан аулақ ұстau кажет болды. Дүниежүзілік екі соғыстың кезендерінде БАҚ пен киноның насиҳаттық рөлі зор болды. Голливуд американцық өмір салтын мюзиклшар мен романтикалық комедияларда және баска да кино жанрларында үздіксіз насиҳаттаса, КСРО сталиндік репрессия жылдары кеңестік құрылымды мактаған туындыларды бірінен соң бірін экранға шығарып отырды. Бұл фильмдер үлкен танымалдылыққа не болып, «калың көрерменнің» назарын мемлекетте болып жатқан оқиғалардан басқа жакка аударды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кинематография саласы патриотизмді насиҳаттауга айрықша көніл белді. Мысалы, Сергей Эйзенштейннің «Александр Невский» фильмі айналымға бірнеше рет жіберіліп отырды. Кино мемлекеттің бакылауында болған елдерде кинематографияның насиҳаттық сипаты күшті болды, ал киноға жекетүлғалар (продюсерлерде) нелік еткен мемлекеттерде мұндай үрдіс кен жайылған жок.

Жарнама мен сән үлгісі, кай кезенде болмасын, жаппай тұтыну жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Индустримальды қоғамның соңғы кезені, көбінесе «жаппай тұтыну қоғамы» деп аталады, ейткені казіргі қоғамдағы үздіксіз тұтыну адам тіршілігінің басты мақсатына айналған. Жарнама тұтынушыға қашанда жаңа дүниелерді тұтынуга, оларды алуға еріксіз мажбурлесе, сән алемі адамды сәт сайын жынып отырған ағымнан, түрлі үлгілер мен көрсетілетін қызыметтерден қалмауга шакырады, бұл – нарық занының ережелері. Жарнама токтаусыз тұтыну процесін қалыптастырады.

Галамтор мәдениеті соңғы онжылдықта коммуникациялық құралдардың дамуы нәтижесінде пайда болды. Бұрын акпараттың негізгі көзі кітап пен газет, радиоқабылдағыш немесе теледиңдар болса, енді олардың орнын компьютер экраны, планшет және смартфон басты. Заманауи компьютер немесе гаджет калаған акпараттың бір сәтте көл жеткізіп, бейне және аудиомен толықтырады, сілтеме жасау көмегімен акпаратының маңызын арттырады. Сандық акпаратты



Класикалық кинолар
жарнамасы



Телеөнімдердің ішіндегі халықтың санасын жауап алушы – бірнеше жүздең се-риядан тұратын телесериалдар

бейнелердің алуантурлілігі мен олар дын қолжетімді болуы адамға қатты әсер беріп, өз ішіміне тартуда. Фаламтор алғаш пайда болғанда, ол тек қажетті білімді сактаушы, қолжетімді акпарат көзі болады, осының нәтижесінде адамдар өз білімін арттырып, біліктілігін жетілдіреді деген сенім болған. Ал, негізінде, фаламтор тағы бір бұқаралық акпараттың көзі және жарна-ма және баска да ықпал ету тәсілдерінің куралына айналды. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің дамуы түрлі конти-нентте өмір сүріп жатқан адамдарды байланыстырып қана койған жок, сонымен қатар миллиондаған адамдар арасындағы насиҳат пен жарнаманы қамтыды. «Сары басылымның» орнын онлайн-жарнама

арқылы пайда табуды көздеген кликбейт – веб-контент басты, оның сапасы мен шынайы акпараты темен болды (олар әлеуметтік желідегі каралымдар мен материалдарды тарату үшін сенсациялық тақырыптар койды немесе түрлі суреттерді пайдаланды). Мұндай бағыттағы тақырыптар көбіне накты акпарат бермейтін және жалған болатын.

Назар аударындар!

Жоғарыда аталған бұқаралық коммуникациялық қуралдардың әсер етуі нәтижесінде әрбір мемлекетте немесе әлемде бұқаралық мәдениет қалыптасты, олар идеология мен экономикада маңызды рөл атқаруда. Бұқаралық мәдениет халықтың басым белгін қамтып, оларға белгілі бір тобырлық мәдениеттің жетістіктері мен қара дүрсін образдарды ұсынуда. Соны-мен қатар ол қоғамдық пікірді жаулаудың механизмдерін жүзеге асырып, орта талғамның қалыптасуына ықпал етуде.

Бұқаралық мәдениет пен элитарлық мәдениет. Бұқаралық кино – бұл туындылар накты жанрларға белінген (комедия, мелодрама, триллер т.б.), олардың сценарийлері де белгілі қагидамен өрбілі, киноның соны міндетті түрде бақытты аяқталады (бас қаһарман қорлық, қындықты енсеріп, женіп шығады; сүйгендер косылады; қындыққа ұшырағандар құтқарылады деген секілді), бұл жердегі басымдылық жүлдзыз-актерларға негізделеді, олар киноның «сәтті» шығуының басты кепілі саналады. Бұқаралық кино коммерциялық өнім болып саналады. Көрермендер киноны көніл көтеру ретінде тамашалап, қызықты демалыс санайды.

Элитарлы кино (*артихаус*) – бұл «бәріне арналған» кино емес, ол езгеше сценарийлі, соны қалай аяқталары белгісіз, курдели қальшта түсірілген және белгілі бір философиялық мәні бар туынды. Мұндай кино

көрерменнен интеллектуалдық ерені талап етеді. Постмодернистік кезеңде бұқаралық және элитарлық кинематографияның айырмашылығы барған сайын азаюда. Біріншіден, бұқаралық киноны талантты режиссер сапалы әрі ерекше көзкарас тұрғысынан түсіруі мүмкін әрі оның негізі тамаша әдеби шығармадан алынып, оны миллиондаған көрермен көрүі мүмкін, ал екіншіден, артхаустық кино заман талабына сай әрі біркатор жетістіктерге жетуі де мүмкін. Әдебиет туралы да осының айтуға болады. Тіпті казіргідей баспа кітаптарының орнын ғаламтор, смартфон және гаджет алмастырған заманда да әдебиеттің орнын – фантастика, детектив, әйелдер хикаяттары секілді жұмсақ мұқабалы бір реттік окута арналған журналдар басуда, сонымен катар әдебиеттің «нон-фикшн» категориясына жататын (көркем әдебиет емес, түрлі бағыттагы аныктамалар, «калай әдемі болу керек?», «калай баю керек?» ақыл-кенестер) әлі де сұраныска не. Сонымен катар «нағыз» әдебиет шағын кітапханалар мен соны бағалайтындар үшін ғана болып калды.

Есте сақтаңдар

Элитарлық мәдениеттің субъектісі болып дербес, саналы арекетке бейім және бұқаралық коммуникациялық құралдар асерінен санасы таза, шығармашылық адам есептеледі.

Элитарлық мәдениет күрделі әрі креативті, жаңашылдыққа және көркемдік түрғыдағы сынектарға бейім. Ол бірнеше ұрпактардың рухани, интеллектуалдық және көркем тәжірибелерін бойына жинақтаған. Оған бішк өлшем мен катаң қағыдалар тән. Бұл мәдениетті кабылдау үшін арнаіры дайындық пен биік мәдени дүниетаным талап етіледі және көркем туындыны бағалап, түсіне алатындаи денгей қажет. Мысалы, тұжырымдық өнер көрерменнен туындының мәнін ұғынып, ой қорытуға және көргенін қайтадан ой елегінен өткізуді талап етеді. Элитарлық мәдениет мағыналылығымен және функционалдық жабдықтығымен, бірізділігімен, дараптығымен ерекшеленіп, «зиялыштар мәдениеті» болып саналады. Осы «зиялыштар ортасына» ену үшін әрқашан да дүниетанымды кенейтіп отыру қажет, ол үшін классика мен казіргі заман әдебиеттің оку, өнерді бағалап, классикалық музыканы тындап, телеарнаны аз көру қажет.

Білімдерінді тексеріндер

1. Бұқаралық мәдениет дегеніміз не?
2. Бұқаралық мәдениетке қандай демалым түрлері тән?
3. Әдебиеттің қандай жанры бұқаралық әдебиетке жатады?
4. Неліктен ғаламтор бір мезгілде бұқаралық аппарат құралы да, жашай асер ету құралы да және техникалық коммуникация құралы да болып табылады?
5. Жарнама мен сән ултісі қаншай жағдайда жалпы тұтыну қоғамын қалыптастыруға ықпал етеді?
6. Насихат пен жарнаманы еш сынызыз кабылдау неге соктырады?

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



§ 64. ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бұгінгі сабакта:

- құндылықтар мен қағидалар;
- жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуы;
- тарихи оқиғалар барысында құндылықтардың өзгеруі;
- дәстүрлі және этникалық құндылықтар жайында білеміз.

Кітт сөздер:

құндылықтар жүйесі, адамгершілік, трансформация, философия, дін

Құндылықтар мен қағидалар. Құндылық деп зат пен күбылыштың мәні мен маңызының сипатын айтады. Кейбір жекелеген адамдар үшін бірқатар заттар мен күбылыштар дербес құндылықка (маңызы мен мәніне байланысты) не болып саналады. Олардың катарына сүйікті ойыншығы немесе кейлегі, анасының тұған күні, университет дипломы, сүйікті адамының хаты, үйлену тойы т.б. жатуы мүмкін. Алайда әлеуметтік-мәдени маңызға не, жекелей алғанда барлық қоғам үшін маңызды саналатын құндылықтар да бар. Мұндай құндылықтар мәдени құндылық болып есептелінеді. Олар өз кезегінде материалдық және рухани құндылықтарға жіктеледі. Онын алғашкысына құнды, тарихи-мәдени маңызға не материалдық дүниелер мен технологиялар жатса, екіншісіне – сенім (дін), тіл, дәстүр мен әдет-ғұрып, фольклор, кәсіп пен колөнер, өнер, ғылыми білім жатады.

Рухани құндылықтар ішінде ең маңызды болып ізгілік құндылықтар саналады: олар адамгершілік және эстетикалық идеалдар, өмірдің мәні мен бакыты, мейірімділік, парыз, жауапкершілік, мінез-құлық қағидалары мен үлгілері. Ізгілік адам тұлғасының идеалы болып саналады әрі қоғамдық құрылым идеалы мәні болып та есептеледі. Адамдар табиғатынан тен болғандықтан, олардың арасында «табиғи тендік» қалыптасқан, осының негізінде олар әлеуметтік тендікке, әділдік үшін күреске ұмтылады. Дәл осы адамгершілік құндылықтары арқасында жоғары мәнге не

әділдік идеалы қалыптасады. «Күндылық» және «қағида» ұғымдары әртүрлі мағына береді. Күндылық – бұл абстрактілі, жалпы ұғым, ал қағида – белгілі бір жағдайлардан мінез-құлыктың басты ұстанымы немесе ережелері. Қогамда қалыптасқан күндылықтар жүйесі манызды мәнге не, олар қағидалардың маньзына ықпал етеді. Сонымен көтөр қағидалар күндылықтарға да әсерін тигізеді, сондықтан күндылықтар жүйесін қогамда қалыптасқан қағидалар бойынша бағалауға болады.



Жалпыадамзаттық
күндылық

Назар аударындар!

Күндылықтар жүйесі – қогамда кең таралған ұғым, ол бойынша нениң жақсы, дұрыс және қажетті екені анықталады. Қандай да бір қогамдағы күндылықтар жүйесінің көрінісі болып онда қалыптасқан қағидалар (мінез-құлық ережелері мен принциптері) саналады.

Жалпыадамзаттық күндылық. Жалпыадамзаттық күндылық деп тікелей тарихпен, болмаса қоғамның накты тарихи даму кезеңімен байланысты болған немесе қандай да бір этникалық дәстүрмен байланысып қалыптасқан қандай да бір мәдени күндылықтар түрін айтамыз. Кейде бұл жалпы күндылықтар «мәңгілік» немесе «әмбебап» деп те аталады. Күндылық жалпыға бірдей немесе кепшілік адамдар үшін манызды болса, онда ол жалпыадамзаттықка айналады.

Жалпыадамзаттық күндылық моральдан, эстетикалық маныздылықтан, адамдық сипаттан құралады. Жалпыадамзаттық күндылық сан қилы тарихи дәүірлер мен әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жүйеде өмір сүрген бүкіл адамзаттың мұддесін камтиды.

Назар аударындар!

Бүкіладамзаттық күндылықтың жан-жақтылығы мен тұрақтылығы адамдардың жалпы сипатынан көрініс табады, ал олардың антропологиялық ерекшеліктерінің, тегінің, этникасының, дінінің, мәдениеті мен қауымының шыққан тегінің, саяси ұстанымы мен ұлтының, сондай-ақ білім деңгейі мен табысының оған қатысы жок.

Адамзаттың басым бөлігі үшін күнды болған біркатор жалпыадамзаттық күндылықтар бүтінгі адамзаттық өркениеттің даму кезеңінде де үлкен манызға не болуда. Олардың біркаторы 1948 жылы БҰҰ-ның адам құқығы туралы Декларациясынан көрініс тапты. Жалпыадамзаттық күндылықтарға, адамның өмірі (ең бірінші және басты күндылық), бостандық пен тәуелсіздік (кулдық пен тұтқында ұстау, жауыздық

деп қабылданады), рухани еркіндік (барлық мәдениетте рухани құндылыктарға, өсірсе дінге шабуыл жасау катаң айыпталады) тендер пен бауырмалдық, алеуметтік әділдік (әрине, әрбір қоғамның әлеуметтік әділдік және әлеуметтік тәртіп туралы өз үстанымы бар), бейбітшілік (отбасындағы және қауымдағы бейбітшілік, бүкіл әлемдегі бейбітшілік), достық пен өзара қарым-қатынас (жалғыздық, күтын-сүргін, әлеуметтік кудалаулар барлық мәдениетте жағымсыз қабылданады), махабbat, отбасы, балалар және баспана, берекелі өмір (ешқандай мәдениет жокшылыкты құндылық деп есептемейді), денсаулық («кедей әрі науқас болғанша, дени сау әрі бай болған жаксы»), қауіпсіздік (жеке, отбасы және қауым, біздің заманымызда ұлттық), жакындарына қамқорлық, акылдылық, табыс, шығармашылық, әлеуметтік тану, ракат, көнілділік, өзін-өзі сыйлау және ішкі үйлесім (өзімен-өзі түйікталған адам, көбінесе қоғамнан тыс қалады), ішкі тәртіп (кай қоғамда болмасын, өзін дұрыс ұстайтын адам сыйлы болады), адалдық, ниеттестік, (өз отбасына, қауымына және т.б. адалдық), міндет (парыз), сұлулыкты сезіну, кешірім секілді маңызды құндылыктар жатады.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуы. Адамзат жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалауга бірден жеткен жоқ. Өйткені еркениет, мәдениет және этностар арасында өзара айырмашылыктар бар, олардың арасындағы осы айырмашылыктар құндылықтар жүйесі арқылы анықталады. Мысалы, кейбір қоғамдарда отбасылық құндылықтар, үлкенді сыйлау мен тыңдау, қонақжайлышың заны міндетті болып келеді, ал басқа қоғамдарда ол кездеспейді немесе міндетті адамгершілік таланттары (императив) болып саналмайды. Элемдегі адамзаттың шыққан тегі мен адам табиғаты бір екенін, сонымен қатар құндылықтар бәріне ортақ екенін түсіндіру үшін аса үлкен қажыр-қайрат пен орасан зор ерік-жігер жүмсалды.

Философия мен дін, құқық пен саясат, әдебиет пен өнер, экономика мен дипломатия адамзат қоғамының үйлесіміне және олардың арасындағы бейбіт катынастарды қалыптастыруға қызмет етті. Ірі этникалық-философиялық ілімдер мен әлемдік діндердің пайда болуы, осы ілімдер мен діндер аясында белгілі бір адамгершілік құндылықтар жүйесі мен этникалық қағидаттардың қалыптасуына ықпал етті. Сондай-ақ адамзаттың өзара жакындастасу мен жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінің қалыптасу үрдісін жеделдetti.

«Адамгершіліктің алтын қағидасы». Тарих алға жылжыған сайын қоғам мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланыска түсіп, адамның табиғаты, ақыл-ойы және эмпатиясы (ортак уайымы) және жалпы адамгершілік идеалдары ортақ екенін түсініп өзара жакындаса берді. Әрине, түрлі діндер мен ілімдердегі адамгершілік кодекстерде өзара ортақ сипаттар да кездесті: олар өмірді, денсаулықты, өзінің ғана емес өзгениң де жекетүлғасын және ар-намысын құрметтеу.

Көптеген діндерде конфуцийлік және ежелгі замандағы философияның негізінде, «адамгершіліктің алтын қағидасы» жатты. «Өзіңе адамдар калай қатынас жасауды қаласан, адамдармен де солай қатынас жаса».

Мейірімділікке негізделген мұндай жағымды тұжырымдаманың бұл ережесі «ізгілік ережесі» деп те аталады. Адамгершіліктің алтын қағидасты әлемдік этикалық ұстанымның негізін салушы болып есептелінсе де, ол әртүрлі мәдениетте түрліше бағаланады. Алтын қағиданың өзара байланыс принципі табигат әлеміне де кен таралған: мысалы, үнді ілімі *джайнізм* бойынша адамның ешбір жан-жануарды, тіршілік несін өлтіруіне, кинап, азаптауына болмайды. Адамгершілік қағидастың зиялы гуманитарлық формага француз философи Ж.-П. Сартр: «Біз нені тандасақ та – оның барлығы игілік болып есептелінеді. Алайда кепшіліктің иглігіне айналмаған нәрсе біз үшін де игілік бола алмайды», – деп тұжырымдады.

Тарихи оқиғалар желісіндегі құндылықтардың трансформациясы. Жалпыадамзаттық құндылықтарды адам мен адамзат қоғамы тудырды. Тіпті үнгірдегі адамдардың өздері де, казіргі замандағы адамдар секілді жастық қуат пен денсаулыкты, ракат өмір мен қауіпсіздікті ұнatty. Бүтінгі тандагы кейбір басты құндылықтар ерте заманда ондай мәнге не емес еді. Мысалы, бүтінгі танда ең басты құндылық саналатын адам өмірі адамзаттың алғашкы кезеңдерінде түкке тұрғысыз, құнсыз бола-



Венгриядағы түркі халықтарының фестивалі. 2012 ж., тамыз

тын. Индуизм дінінде адам өмірден өткен соң жаны басқа жануарларға қонады деген ұғым болса, өзге діндер өмір құдайдың сыйлығы («құдай береді, құдай алды») деп, адамдарды өмір мен өлімге байыппен караута үндеді. Антикалық философияға дейін ізгілік ұғымы қалыптаспаган еді. Антикалық философия, христиандық этика, Қайта өрлеу дәүрінің гуманизмі және Жаңа заманның рационализмі, Канттың категориялық императивті этикасы, индустриалдық қоғамның дамып, қауымдық шегаралар жойылып, индивидуалдық маныздың артуы, өмірге деген көзқарасты және сонау ерте замандағы қоғамнан жалғасып келе жатқан жалпыадамзаттық құндылықтарды өзгеріске ұшыратты. Мысалы, еркіндік, тендік және бауырмалдық деген құндылықтарды алайық.

Тенсіздік, қауымдық, таптық немесе иерархиялық бөлініс – қоғам мен мәдениетке тән көріністер болып саналады. Мысалы, үнділік қоғамның varna мен кастаға бөлінуі, ондағы адамдардың туылғаннан тенсіздікке ұшырауы, құқыктары мен мүмкіндіктерінің тен болмауы, сол қоғамдық құрылымның әуел бастағы негізінен басталған. Немесе дәстурлі қазак қоғамының «аксүйек» және «қара халық» болып бөлінуін айтуда болады. Жаңа заманға дейін француз қоғамы да басқа аграрлық қоғамдар секілді, қауымдық және иерархиялық болып бөлінді, мұнда феодалдар мен шаруалардың тендігі мүлдем болмады. Тек ағарту идеясымен қанаттанған, Ұлы Француз революциясы ғана «бостандық, тендік, бауырмалдық» ұранын өздерінің басты ұстанымы етті. Жаңа буржуазиялық тәртіп адамдарды тенестіруге ұмытылып, барлық «азаматтардың» басын кости әрі біртұтас азаматтық қоғам қалыптастыруды қолға алды. Элемде мындаған жылдар бойы құлдық ұstemдік етті, шаруалар басыбайлы болды, адамдарды жекебас бостандығынан айыратын құлдықтың талай сүмдік түрлері пайда болды.

АҚШ пен Латын Америкасындағы мемлекеттерде күл иеленүшілік XIX ғасырға дейін болды. Ресейдегі шаруаларды басыбайлықтан босагу қозғалысы мен Америкадағы құлдықка карсы күрес



Кавказ халықтарының дәстүрі



Славян халықтарының дәстүрі

адамзаттың ізгілік жолындағы манызды қадамдары болды. Осындай ізгілікті қадамдарға карамастаң, нәсілшілдік пен кемсітушілік, ұлттық белінушілік, кешегі құлдықтың сарқыншагы ретінде ұзак уақыт бойы сакталып қалды. Адамдарды жаппай бас еркінен айырудың әртүрлі формалары мен экономикадан тыс (зорлықпен) енбекке жегу XX ғасырда да кездесті, мысалы, сталиндік ГУЛАГ, фашистік концлагерьлер, маонистік және полпоттық енбек лагерьлері осының накты айғағы болды. Тарихтың өне бойында адамдар өзара жауласып соғыс жүргізді, олар тек қорғанып кана қойған жок, шабуыл жасады, бірнеше бірі аяусыз қырды, тонады, тұтқынға алды, бір-біріне азап көрсетті.

Тіршілік үшін күресіп, қанды шайқастарда өзін (отбасын және қауымын) қорғап, бостандық пен қауіпсіздік үшін соғысса да, адам баласы бәрібір бейбітшілік пен әділеттілікті ансады. Негізінен, соғыс қандай да бір игліктер үшін, әсіресе жер үшін болатын. Жерді иелену адамдарды босып кетуден және аштықтан сактады, бұл отбасы мен қауымын амандығының, алансыз тіршілік кешуінің кепілі болды. Тарихта жалпы адамзаттық құндылықтарды жокқа шығару мен осы құндылықтарды жекелеген әлеуметтік топтарға, этностарға, ұлтар мен өркениеттерге (мысалы, христиандық) тану әрекеттері көптеп кездесті. Индустріалды дәуірде ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы ұлттық құндылықтар мәселесін алға шығарды. Этноұлттық негіздегі ұлттық мемлекеттердің құрылуты, ондағы азаматтықты қалыптастырыған ұлтардың басым белігінің бір этнос өкілдерінен болуы алғашки көзекке этникалық құндылықтарды шығарды.

XX ғасырдың алғашкы кезеңінде болған екі дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы аса ірі трагедия саналады, осы касірет жалпы адамзаттық құндылықтың манызы қаншалықты қымбат екенін айқындан берді. Жаппай қырып-жоятын ядролық қарудың пайда болуы бірнеше кезекте соғыстың алдын алу мәселесін шығарды. Идеялық саяси күрес барысында біркетар дәстүрлі құндылықтар жалпы адамзаттық құндылық ретінде әлемдік деңгейге кетерілді. Олардың ішінде, әсіресе бейбіт карсылық таныту (жамандықка ізгілікпен жауап беру) тұжырымын атауга болады, мұндай қадамды үнділердің ұлт-азаттық қозғалысының кесемі Махатма Ганди өз күрес тәсілі ретінде колданды. Бейбіт карсылық басқа аймақтарға тарады, миллиондаған жүректерге жетті, әлемдік адамгершілік климатына он әсерін тигізді.

Алайда әлемде әлі де бұрынғысынша түрлі халықтардың құндылықтар жүйесі мен манызды моральдық жүйелер арасында карама-қайшылықтар кездеседі, олардың адамзатты белуден гері біркітірудегі манызы жоғары. Қазіргі уақытта антикалық христиандықтың гуманистік идеялары, Жаңа заманының рационализмі, XX ғасырдың бейбіт парадигмасы әлі де бұрынғыдай өзекті саналады. Ортақ құнды-

лыктардың қалыптасуы, жеке этностар өздерінін дербес құндылыктар жүйесінің болуын жокқа шығармайды.

Дәстүрлі және этникалық құндылыктар. Жалпыадамзаттық құндылыктардан бөлек, дәстүрлі және этникалық құндылыктар да қалыптасқан.

Назар аударыңдар!

Басқалармен салыстырғанда оның өзгешелігі мен ерекшелігін анықтайтын айрықша ерекшелік белгілеріне орай, жекелей алғандағы этностиң мәдени дәстүрлерінің жиынтығы этникалық құндылық болып табылады. Олардың көшпілігі дәстүрлі және өркениет деңгейін қалыптастырады.

Тұтас өркениетке ортақ болып табылатын құндылыктар да кездеседі. Мысалы, түркі халықтарында туыстық олардың шығу тегінін бір болуымен байланысты әрі көшпелі өркениет ерекшеліктерінің аркасында қалыптасқан, өзара ортақ белгілер көтеп кездеседі. Түркі халықтарымен ортақ байланысы жок, прандық көшпелілерде де олармен бірқатар ортақ құндылыктар кездеседі (мысалы, отбасылық-туыстық қауымға адалдық), бұл өркениеттік ұқсастықтарға байланысты туындаған. Үнді, ислам, христиан, будда халықтарында діммен байланысты ортақ құндылыктар қалыптасқан. Конфуциандық этика тек қытайлықтар арасына ғана емес, сонымен қатар өзге де қырыштық халықтарының арасына да кең тарапады.

Этникалық құндылыктар әрбір нақты этноска да тән және өзіне сол этностиң әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, дінін, мифологиясын, фольклорын, музыкасы мен әдебиетін, халықтың көркем мәдениетін (отбасылық кәсібін, сәндік-қолданбалы өнерін), сонымен қатар отанға деген адалдығын, өзінің отбасы мен ұжымына деген маҳаббатын, адамгершілік қағыдаларын, дәл сол этностиң түсінігіндегі түрмистық тенденцияларын, әділдікті түйсінуді, көсемдерге дәстүрлі құрмет көрсету мен қалыптасқан әрі ұдайы есіл-өніп, жаңарап отыратын, сакталған қағыдалар мен өмірдегі максатты құндылыктарды өз бойына жинектайды.

Кейбір құндылыктар этникалық өзгешеліктер сипатын және этностиң бірегейлігін анықтайтындықтан, субъект ретінде ерекше маңызға ие. Мұндай құндылыктар қатарына «ұлттық» бейнесі бар бірқатар сипаттар енеді, олар тіршілік етудің дәстүрлі формасы, түрмистық салттар мен этикет ерекшеліктері, діни ерекшеліктер, құнделікті дүниетаным элементтері, ұлттық мифология, халықтың көркем бейнесі секілді дүниелер.

Бұл этникалық құндылыктар этногенез процесі кезінде қалыптасады. Кейіннен олар саяси, экономикалық, құқықтық, әскери, діни, көркем мәдениет саласында қалыптасқан мәдени формалармен толы-

ғады. Бұл – ұлттық мемлекеттіліктің, билік жүйесі мен әлеуметтік қалыптың, конфессионалдық, көркемдік-стилистик ерекшеліктің дәстүрі мен нышаны.

Назар аударындар!

Этникалық құндылықтар этностың мәдени ерекшелігінің символикалық маркері болып табылады, ол этникалық бірегейліктің қалыптасуы мен сақталуы үшін өте маңызды рөл атқарады.

Білімдерінді тексеріндер

1. Құндылыктар жүйесі дегеніміз не?
2. Адамгершілік құндылыктары қандай құндылыктардың тобына жатады?
3. Жалпыадамзаттық құндылыктарды санамаландар.
4. Жалпыадамзаттық құндылыктардың қалыптасуына қандай факторлар ықпал етті?
5. ХХ ғасырдағы қандай оқиғалар БҰҰ Адам құқығы туралы Декларациясының кабылдану қажеттілігін туғызыды?
6. Қандай құндылыктар этникалықка жатады, ал дәстүрлілікке қандай құндылыктар жатады?

Тапсырма

Косымша дереккөздерін пайдаланып, БҰҰ (1948) жалпы адам құқығы Декларациясы туралы баптын косымшасындағы деректермен танысып, сұрақтарға жауап беріңдер.

А. Декларацияда көрсетілген адамның қандай құқығы жалпыадамзаттық құндылыктар қатарына жатады?

Ә. Декларацияда көрсетілген адамның қандай құқығы, дәстүрлі және этникалық құндылыктарға кайши келеді? Өз ойларынмен бөлісіңдер.

§ 65. ЖАҢАНДАУ ЖАГДАЙЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Индустримальдық қоғамдагы құндылықтардың девальвациялануы. Жалпыадамзаттық құндылыктар адамның рухани-адамгершілік құндылығының негізін құрайды. Дәстүрлі және этникалық құндылыктармен толығып, жеке және әлеуметтік иліліктер мен тұрақты дамуды, ертенгі қүнге деген сенімді қалыптастырады.

Назар аударындар!

Әрбір қоғам үшін жалпыадамзаттық құндылықтардың құнын жоймағаны ерекше маңызға ие, өйткені бұл қоғамды әлеуметтік дағдарысқа ұшыратады, ал ең курделі жағдайда соғысқа әкеледі. Дағдарысқа қалыптасуы аса қажетті, өйткені бұл бірегейлікті өзгертуге арналған, оның нәтижесінде этнос келеңсіз арекеттерге үшырауы мүмкін.

Бұғынгі сабакта:

- Құндылықтар мен жалпыадамзаттық және дәстүрлі құндылықтар девальвациясы;
- тұтыну қоғамындағы құндылықтар трансформациясы;
- жаһандану жағдайындағы батыстық және дәстүрлі құндылықтар қақтығысы туралы білеміз.

**Кітп
Сөздер:**

либералдық-демократиялық құндылықтар, құндылықтар девальвациясы, дәстүрлі құндылықтар, этникалық құндылықтар, прагматизм, рационализм, индивидуализм, тұтынушылық психология, тұтынушылық, конформизм, нигилизм, әлеуметтік апатия, жастар субмәдениеті, діни фанатизм, исламизм, исламофобия

Индустриалдық қоғамда жалпыадамзаттық, оның ішінде дәстүрлі, құндылықтардың девальвация (күнсыздануға) үшірауы Еуропа мен Солтүстік Америкадағы Жаңа Заманнан басталған әлеуметтік процестердің әсері болып табылады. Кауымдар мен ұжымдық байындардың үзілуі, шіркеу мен діннің маньзының әлсіреуі, индивидуализм мен прагматизм, рационализмнің дамуы нарықтық экономиканың қалыптасуымен катар өрбіді.

Есте сақтаңдар

Прагматизм – өмірде жағымды натижелерге қол жеткізу үшін белсенді әрекеттерге үмтүлу мен өмірде дұрыс қадам жасау мен он көзқарастар, адамның өз әрекеттерінің тиімді болуына мүдделілігі. **Рационализм** – өмірдің негізі мен адамдардың мінез-құлықтарында ақыл-ой мақсаттылығының принципі жатуы қажет деп санайтын дүниетанымдық көзқарас.

Прагматизм мен рационализм үйлесіп, жалпыадамзаттық құндылықтар болып танылуы оған өмір, тенденция, әлеуметтік әділдік, адалдық, денсаулық, сонымен катар дәстүрлі әрі этникалық құндылықтар, қоғамды гүлденуге әкеледі. Алайда прагматизм мен рационализмнің және индивидуализмнің қатан формалары жалпыадамзаттық құндылықтарды жокка шыгаруға әкеледі. Жекебасы табысы мен пайданың сонына түскен кәсіпкер, тенденция және әлеуметтік әділдік, ізгілік, торығу, адалдық секілді құндылықтарды естен шыгаруы мүмкін әрі өзінің жекебасының иғіліктері мен пайдасын адаптациялық жағдайда оларды аяусыз пайдалану арқылы табуы мүмкін.

Гүлденген американлық қоғам тек әрбір жеке адамның алғырлығының, белгілілігінің, жеке еңбегінің арқасындаған қалыптасқан жок, сонымен катар «несіз жатқан» жерлерді басып алу мен жергілікті халықты аяусыз қырып-жою, онтүстік штаттарда күлдар еңбегін пайдалану мен XIX ғасырдың сонындағы – өндірістердегі адам теңгісіз конвейерлер жүйесі мен болымсыз жалакы алатын жұмысшылардың есебінен де өркендеді. Мұндай жағдай Британ империясында да байқалды, олардың

күдіреттілігі жұмысшыларды тегін пайдалану мен отарлық езгідегі күкіғы жоқ халықтардың есебінен қалыптасты. Қатаң pragmatism мен индивидуализм жеке пайданы алғашқы орынға қояды, «адамды мақсатқа жеткізетін барлық акша жақсы» деген ұстаныммен өмір сүрге үндейді. Қатаң индивидуалист басқа адамдардың күкіктары мен мұдшелерімен ешқашан да санаспайды, оларды қабылдамайды. Индустримальдық қоғам тарихында «алтын жылғаны» тауып, аяқастынан бірден байыған, миллиардтаған акша жасаған, абырой мен намысты ойламастан әлеуметтік баспалдакпен тез көтерілген адамдардың мысалы көтеп кездеседі.

ХХ ғасырдың басындағы жалпыадамзаттық құндылықтардағы дағдарыс – бұл осы уақыттағы әлеуметтік күйзелістердің ең басты себептерінің бірі. Бұл уақытта бүкіл Азияны шарыған төңкерістер жағыны бірқатар өзгерістерге жол ашты, аграрлық қоғам өздерін қанап отырған индустримальдық қоғамға қарсылық танытты әрі аграрлық қоғамның өзіне де өзгерістер уақыты келіп жеткен еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс, дәуірлер қайшылығының ашы шындығын аныктап, индустримальдық қоғамның даму жолының катерін көрсетті. Ресейдегі Ақпан төңкерісі мен қоғамдық әлеуметтік әділдікті қалыптастыруды көздеген кеңестік сынақ ізгіліктің негізгі принциптерін жоққа шығарып, адамды рухани еркінен айыратын тоталитарлық жүйенің қалыптасуына соктырды. 1930 жылдары АҚШ-та орын алған дағдарыс сол уақыттағы капиталистік құрылымның әлі де жетілмегенін көрсетті. Италия мен Германияның негізгі идеологиясына айналған фашизм мен ұтшылдық, Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себеп болды, сонымен катар жалпыадамзаттық құндылықтар елеусіз қалса әлемде қандай қасірет орнайтынын, қандай жаһандық апат орын алатынын да көрсетті.

Жалпы, тұластай алғанда, әлеуметтік шиеленістер мен төңкерістердің алдын алу үшін адамдардың экономикалық және әлеуметтік жағдайын тенестіруде бірқатар манызды қадамдар атқарылды. Осы мемлекеттерде орта таптың көтеп қалыптасуы олардың әлеуметтік әділеттілік пен тен мүмкіндіктер қалыптасан қоғамға жақын болуына жол ашты. Дамыған демократиялық мемлекеттерде зандылықты бұзбай сактауга арналған күкіктік жүйе қалыптасты. Адамның негізгі күкіғын, әсіресе өмір сүру күкіғы мен бостандығын бұзу, жеке өміріне колсұғышылық, кемсітушілік ретінде саналып, занмен жазаланады. Қоғамдағы барлық азаматтардың саяси өмірге араласып, мемлекеттің манызды мәселелеріне катысуын камтамасыз ететін және адам күкіғының бұзылмауын бақылайтын азаматтық қоғам қалыптасты. Нәсілшілдікке қарсы курес, мультикультурализм, козгалысы, білім мен жекетүлға еркіндігінің дамыған Батыс мемлекеттері үшін қалыпты экологиялық «жасылдар» артықшылығы кез келген жағдай болып саналады.

Индустримальдық экономикадагы прогресс пен Америка, Еуропа және Азиядағы (Жапония мен «Азия жолбарыстары» – Оңтүстік Корея, Сингапур, Гонконг және Тайвань) дамыған өркениетті мемлекеттердегі орта таптың табысы мен өмір салтының артуы, осы елдерде тұтынушылар қоғамының қалыптасуына әкелді. Бұл дамыған индустримальдық қоғамга тән көріністердің біріне айналды.

Осы мемлекеттерде қалыптасқан материалдық молшылыктардың жағымды жақтарымен катар жағымсыз тұстары да болды. Енді адамдардың басым бөлігі (негізінен, дамыған елдердің тұргындары) өмір сүру үшін жанталасып күреспейтін болды және «бір үзім наң» үшін жұмыс істемейтін жағдайға жетті, мұндай жағдай адамзат тарихында тұнғыш рет орын алуда. Нидерланд, Норвегия, Швеция, Германия, Данія секілді елдерде жұмыс аптасы тек 27–37 сағ-ты ғана құрады, соған карамастан төленетін енбекакы жоғары деңгейде болды. Мұндай жағдай адамдарға өз білімін кетерумен әрі шығармашылықпен айналысуға, саяхаттауға, отбасына көніл бөліп, достарымен жиірек бас косуға, көрмелер мен концерттерге көбірек баруга мүмкіндік береді. Тіршілік үшін күрестен босаған адамдар әлеуметтік кезкарас тұргысынан Караганда, белсенді әрі түрлі бағыттағы қоғамдық қозғалыстарға жиі қатысатын болып келеді. Егер қоғамдағы адамдардың білімі мен жалпы мәдениет деңгейі тәмен болса, онда материалдық молшылық, тұтынушылық психология мен конформизмнің қалыптасуына әкеледі.

Назар аударыңдар!

Тұтынушылық психология негізіне маркетологтер өз тауарларын қалай тиімді өткізу (бұл ғылым әлемде 1960 жылдардан бастап дами бастады) зерттеп жүрген психологиялық тұтыну емес, керісінше адамның сатып алуға қатты тәуелді болуы, яғни тұтынушылық (контюмеризм) жатады, бұл – көбінесе абырайлы әлеуметтік топқа жақын болу мақсатынан туындастын әдеттер.



Жаһандануга жарыс қозғалыстар

Тұтыну арқылы әлеуметтік артықшылыққа үмтүлу идеясы, сатып алушының санасына алынған тауардың өзі емес, оны сатып алу оған ракат сезімін тудырады деген сенім калыптастырады. Мұндай адамдарға қымбат тауарлар мен қызметтерді пайдалану өмірдің мәні мен мақсатына айналады, олар үшін бакыт ұгымы тұтыну деңгейіне байланысты болмақ. Тұтынушылық сыртқы иліліктердің манызын арттырып, ішкі құндылыктардың азаюына әкеледі, адамгершілік ұстанымдарды бұзады. Дамыған нарыктық экономика қоғам мен адамды акшаның күльтіне бас ідірді. Барлығы да тауарға айналды, нені болса да сату мен сатып алуға болатын болды, оның катарында мамандық, білім, дәреже де кірді. Осының нәтижесінде адам бакыт пен жанның тыныштығын ойлаушы емес, керісінше тімділік пен табысты калыптастыратын экономикалық машинаның бір бөлшегіне айналды. Дамыған қоғамның тағы бір курделі мәселесі, *конформизмы* немесе бейімделгіштік болды. Өмірге тұтынушылық көзкараспен қарайтын адамдар өздерінің тұрмысының жайлышының барлық құндылыктардан жоғары кояды әрі осы илілігін сактау үшін барлық «қолайсыз» жағдайларға көз жума қарайды, олар «өзім аман болайын, баскаларда шаруам жок» деген ұстаныммен өмір суреді. Мұндай адамдарда *эмпатия* сезімі темен болады – яғни, жақындарына жаны ашу болмайды. Конформизмнің жаппай көрініс беретін формасы ретінде «алтын миллиардтың» көптеген өкілдерінің (дамыған индустриалды және постиндустриалды қоғамдағы орта таптың) дамушы отар елдердегі каналаға, Африка мен Азиядағы аштық пен жокшылыққа, сонымен катар бүкіл әлемдегі адам құқығының бұзылуына немікүрайды қарауын санауға болады.

Дамыған индустриалды қоғамға жастардың тұтынушылық қоғамға карсылығы ретінде қалыптаскан субмәдениет те тән. Көбінесе мұндай субмәдениеттерге (хиппи, панк, гот, эмо, экстремалдар, байкерлер, футбол жанкуйерлері секілді)abyroyлы әлеуметтік тұтынушылық тоғарға жатпайтын жасөспірімдер тартылады. Мұндай жасөспірімдер үшін жастардың субмәдениеті әлеуметтанудың манызды белгісі болып саналады. Жастардың субмәдениетінің кейбірі жағымсыз сипатка не, мұндай ортаға тұсу жастардың денсаулығын бұзып, олардың жүйкесіне кері әсер етеді.

Тоталитарлық және демократиялық емес қоғамдардағы құндылықтар дағдарысы. Адамдардың құқығы жіп және тұракты түрде бұзылып отыратын тоталитарлық және демократиялық емес елдерде, адамдар болашектан үміт үзіп, балаларының келешегіне сенімсіздікпен қарайды. Олар қоғамда болашекта орнайтын жағымды өзгерістердің мүмкіндігіне, кедейлікпен әрі әлеуметтік диспропорцияға (мұндай қоғамда кедейлер мен шала сауатты халықтың катары көп болады)

сенімі болмайды әрі өздеріне де (табысқа бастар жеке жолға), тіпті тұтас қоғамға да сенімсіздікпен қарайды.

Назар аударыңдар!

Мұндай қоғамға әлеуметтік енжарлық – саяси және қоғамдық өмірге қатысуға немікүрайдылық, отбасылық өмір деңгейінде қалу, тұрмыс тауқыметіне байланып, жеке мәселелердің шырмауынан шыға алмау сипаты тән.

Әлеуметтік енжар адам сайлауларға бармайды, өйткені оның әділдігіне сенбейді, митинглер мен жиналыстарға катыспайды, себебі олардың тиісті нәтиже беретініне күмән келтіреді. Кей жағдайда адам нигилизм шырмауына туседі – олар өздері өмір сүріп отырған қоғам мен оның институттарын, сонымен коса қоғамда мойындалған құндылыктарды, оның катарында дәстүрлі (мысалы, шіркеу) және этникалық (оның ішінде отбасы да бар) құндылыктарды жоққа шығарады, мойындаамайды. Нигилистер көбінесе қоғамға қарсы позиция ұстанып, қоғамдық жүйені радикалдық тәсілмен өзгертуі кездейтін, экстремистер мен анахистердің және төнкерісшілердің катарын толыктырады.

Жаһандану жағдайындағы түрлі құндылықтар жүйесінің қактығысы. Жаһандану жағдайында – бүкіләлемдік экономикалық, саяси және мәдени интеграциялар мен унификацияларда, сонғы ондаған жылдарда қалыптасқан процестер – өзге де маңызды мәселелерді туыннатуда. Батыстық¹ бұқаралық мәдениет өзге әлемге ерекше ықпал етіп, батыстың либералды демократиялық құндылықтар жүйесіне енетін құндылықтарды көнін таратуда. Эрине, жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына енетін кейбір құндылықтар дәстүрлі құндылықтарға басымдылық беретін, Шығыс² елдері үшін де қалыпты саналады. Алайда батыс құндылықтарының бірқатар бөлігі, әсіресе индивидуализм мен pragmatismі басым индустріалды қоғамда қалыптасқан құндылықтар, сондай-ақ зайырлы сипаттағы мемлекеттер, африкалық және азиялық елдердің дәстүрлі және этникалық құндылықтарына қарама-қайшылық танытуда. Тіпті Еуропаның өзінде протестанттық Солтүстік Еуропага тән барлық құндылықтар католиктік елдер үшін қалыпты санала бермейді. Бұған жауап ретінде XX ғасырдың 90-жылдарында жаһандануға қарсы қозғалыстар басталды.

¹ Батыстагы елдер деп индустріалдық және постиндустриалдық тұрғыдан дамыған қоғам, негізінен, европалық христиандық өркениетке жататын мемлекеттер саналады. Батыс өркениеті – (шығу тегі) европалық, христиандық өркениет.

² Шығыс деп аграрлы (дәстүрлі) қоғамға жататын Азия мен Африканың елдері есептелінеді. Өлемдегі елдердің белгілі бір бөлігі, мысалы, Латын Америкасы елдерінің әлеуметтік-экономикалық бағыты. Батыс пен Шығыс елдері аралығындағы жағдайды қамтиды.

Жаһандануға қарсы қозғалыстар, тіпті еуропалық елдерінде де жиі көрініс беруде, олар америкалық мәдениетке жұтылуға карсылық таңытуда, ейткені америка оларға тек джинсы мен «Мак-Дональдсты» ғана ұсынып отырған жок, сонымен катар голливудтың туындылары арқылы өздерінің өмір салты мен түрмистарын да насиҳатташ, саналарына сініруде. Сондай-ақ еуропалық елдердің ұлтшылдары да өздерінің қоғамындағы дәстүрлі және этникалық құндылыктарды сактап калуга ұмтылуда, ал Азия мен Африканың елдеріндегі ұлтшылдар да осы бағыттагы белсенді әрекеттерді колға алуда. Толық гендерлік тенденциялар, адамгершіліктің азғындауы, атеизм, меритократия (нерархиялық беделіне емес, нақты ісіне қарай құрметтеу) және демократия (көпшіліктің пікірі беделдінің пікірінен маңызды саналатын), құқықтық жауапкершілікке басымдылық беру мен дәстүрлі және этникалық қағидаларды сактау, аграрлық немесе аграрлы-индустриалды деңгейдегі қоғамдар мен билік басында әлі де дәстүрді сактайтындар үшін қандай жағдайда болса да кабылданбайды.

Назар аударындар!

Тұтастай алғанда, батыстық құндылықтар әлемді өзгерту мен қайта қалыптастыруға («адамзат прогрессі» ретінде түсіндіріледі) бағытталады, ал шығыстық – әлем қандай болса, соңай сақтау қажет деген ұғымға негізделген. Батыстық құндылықтар табиғатты өзгертуді, түрлендіруді қаласа (ғылыми-техникалық прогрессің негізінде), ал шығыс – табиғатпен үйлесімді тіршілік етуді басты ұстаным етеді. Батыстың құндылығы әрбір жекетүлғаның дара, индивидуалды рөлі мен бостандығын басты орынға қойса, шығыс қандас жақын туыстар мен көршилерді, діни қауымдарды артық санайды.

Әрине, батыс қоғамының мұндай дәстүрлері мен этникалық мәдени құндылықтары Шығыс елдерінде «адамгершілікке жат» деген сынға ұшырап, карсылыкка кезігүде. Батыстық құндылықтар Шығыс елдеріне жаһандану, әлемдік еңбек нарығы мен капитал, батыс университеттері, бұкаралық мәдениет және ғаламтор арқылы енуде. Сынға ұшыраған бөтен құндылықтар, көбінесе «руханилыққа қарсы» және «адамгершілікке жат» деп сипатталады.

Рухани-адамгершілік дәстүр мәдениеттер мұрасының құралы ре-тінде. Бөтен мәдениеттің құндылықтары адамның ішкі әлеміне ену арқылы оның санасына сіну қабілетіне ие. Алайда, көп жағдайда, дәстүрлі және этникалық құндылықтар (рухани-адамгершілік дәстүр), негізінен, отбасылық адамгершілік тәрбиесі арқылы беріліп, бөтен, жат құндылықтардың енуіне қарсы сенімді корғаныс болады. Жаһандану жағдайында, көбінесе Батыстан басқа елдерде дәстүрлі діндердің пайда болуы мен қалыптасуы жүреді, соган орай діни тәрбие де басымдылыққа ие болады. Осы кезеңде дәстүр мен этникалық құндылықтар пайда болыш, этностың тұтастай сакталып калуына маңызды ықпал етеді.

Рухани-адамгершілік дәстүрлер мұрагерлік мәдениеттің құндылығы ретінде, яғни қоғамдағы мәдени сабактастық адамдардың арасында айрықша рухани байланыс орнатады. Бұл дәстүрлі қоғамның кең таралыш келе жатқан әлемдік жаһандануға қарсы тұратын қажетті шарттары болып табылады.

Жаһандану дәуірінде дәстүрлі қоғамның негізгі құндылықтары болып өз дініне беріктік, отбасы мен қауымына адалдық, ұйымшылдық, өзара көмек, отанға деген сүйіспеншілік (патриотизм), адамгершілік (батыстық «бәрі болады» деген ұғымына қарсы тұратын), үлкендер беделі, дәстүр мен этникалық құндылықтардың сакталуы жатады. Батыс мәдениетінде қағидадан бас тарту философияның принциптері мен постмодернизмнің әрекеттеріне айналған кезенде қағидалардың сакталуы ерекше маңызға ие болды.

Діни фанатизм батыс құндылықтарын мойындаудың қатан формасы ретінде. Батыстық либерал-демократиялық құндылықтардың шектен шыккан формаларын қабылдамау, оларды таратушыларға қарсылық реакциялық ұлтшылдыққа және діни фанатизм мен қарулы қактығыстарға соктырады.

Дәстүрлі мұсылмандық қағидалар көптеген постколониалдық елдердегі батыс заңының ықпалымен қабылданған заманауи заң талаптарына қайшылықта болады. Ал дамуши елдерде, негізінен, зайырлы және мұсылмандық (шариғаттық) және әдеттегі (әдет-ғұрыптық) құқықтар үстемдік етеді. Радикалдық экстремизм күштеу әдістері арқылы зайырлы әрі құқықты қоғамды жойып, онын орнына тек шариғат үстемдік ететін мемлекет орнатуды максат етеді.

Либералдық-демократиялық қоғамның діни фанатизмін таралуына қарсы реакциясы. Постколониалдық мемлекеттерде діни радикализм маңызының артуы батыс ғалымдарын «өркениеттер қактығысы» (мұсылмандар мен батыс арасында) туралы ойлануға мәжбурледі, бұл бұрынғы капиталистік және социалистік қайшылықты жүйелердің орнын басқан, жаңа ғаламдық қайшылық болуда. Мұндай қайшылықтың артуы, көбінесе жүзеге аспаған батыстық (капиталистік (либералдық), сонымен қатар социалистік) модернизациялық қағидалардың нәтижелерінен туындауда.

Радикалдық исламдық ұйымдардың ланкестік әрекеттері, Америка мен Еуропада исламофобияның (ислам мен мұсылмандарға жағымсыз көзқарас) артуына соктырды, онын жарқын мысалы ретінде 2001 жылы 11 қыркүйектен (АҚШ-тағы ірі ланкестік актіден соң) кейін НАТО-ның Ауғанстандағы Талибан козғалысына қарсы антитеррорлық операцияға дайындық барысын келтіруге болады. Радикалдық исламизмнің әрекеттерінен қауіптенген Батыс әлемі НАТО-ның Ауғанстанға шабуылын бірауыздан колдады, бұған дейін осы ұйымға мүше жиырма мем-

лекет Кеңес Одағының Ауғанстанға ауғандық «коммунистік» үкіметтің етініші бойынша әскер кіргізуін айыптаған болатын. Соңғы жылдары исламофобияның артуына Таяу Шығыстағы жергілікті соғыстан бас сауғалап Еуропага қашкан босқындар легі де үлес косуда. Егер осыдан 10 шакты жыл бұрын Еуропада түрлі мәдени (діни және этникалық) қауымдардың бейбіт өмір сүруін қолдайтын мультикультуризм саясаты үstem болса, енді («өркениеттер қактығысы» теориясының әсерінсіз-ак) мультикультуризм саясатының «дағдарыска» ұшырағаны, қоныс аударушылардың Еуропага толассыз ағылуынан европалық кескін-келбет өзгеріске ұшырап, тіпті батыстық өркениетке қауіп төнуде екені айтылада. Еуропада реакциялық-ұлтшылдықты ұстанатын, тіпті нәсілшілдік ұстанымдағы оншыл саяси партиялардың қатары артуда.

Білімдерінді тексеріндер

1. Индустримальдық қоғамның қалыптасу кезеңінде жалпыадамзаттық және дәстүрлі құндылықтардың дағдарыска ұшырауының себебі нeden болды?
2. Дамыған индустримальдық қоғамдағы (тұтынушылар қоғамынша) құндылықтарға өзгерістер енгізу қандай жағдайда өтеді? Мысалдар көлтіріндер.
3. Жаһандану жағдайында дәстүрлі және этникалық құндылықтар қандай көтерге ұшырайды?
4. Діни фанатизм несімен қауітті?

Тапсырма

1. 1960–2010 жылдардагы жастардың субмәдениетінін бірі туралы презентация дайындаңдар.
2. Қазіргі замандағы батыстагы постиндустриальдық қоғам мен жаһандануды мынадай көзқарастар тұрғысынан сипаттандар: 1) тұтынушы адам; 2) шектен шықкан индивидуалист және прагматик; 3) нигилист; 4) діни фанат; 5) жаһанданушы; 6) жаһандануга қарсы шыгуышы; 7) исламофобия; 8) көлісімшіл; 9) ұлтшыл; 10) жеке өзінікі.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

Абстракционизм – форма мен шындықтан толык бас тартып, бояу мен жүйенін үйлесімін максат ететін модернистік өнердегі ағым. Бұл ағымның үлгісі экспрессивті абстракционизм саналады. XX ғасырдың 60-жылдарына дейін бейнелеу өнерінде үстем бағытка не болды.

Авангардизм (авангард) – модернистік көркемдік ағым, бұган дәстүр мен қалыптастың көзқарастарға қарсы полемикалық («булікшілік») формада бейнеленетін бағдарламалық ерекшелік тән.

Азаматтық соғыс – мемлекет ішіндегі әлеуметтік кайшылыктарды шешудің курделі формасы. Ол – үйімдаскан тоptардың немесе бүрін бір мемлекеттің курамында болған ұлттардың арасында ірі аукының карулы қарсылық жүргізуі. Қарсыластардың максаты – елдегі немесе жекелеген аймактағы билікті басып алу.

Апартенд – наслідік кемсітүшіліктің ен ауыр түрі. Халықтың белгілі бір тобының шықкан насліне байланысты саяси, әлеуметтік-экономикалық және азаматтық құқыктарынан айрылып, тіпті аумактық оқшаулануға дейін ұшырауы.

Ар-деко – XX ғасырдағы экспрессионистік тәсілдер мен техника жетістіктерін колдана отырып, өзіндік сипаттармен ерекшеленетін модернистік өнердегі стиль.

Ар-нуво (өнерде) – Модерн.

Барокко – Еуропа өнерінде XVI ғасырдың соны мен XVIII ғасырдың ортасына дейін үстем болған және абсолютизмнің гүлденеуімен және Агафту дауірімен катар келген стиль. Мерекелік, «сән-салтанатты» ерекшеліктермен ерекшеленеді. Сәulet, музика және бейнелеу өнерінде ерекше көрініс тапкан.

Бұқаралық мәдениет – бұл мәдениет адамдардың басым көшілігінің талғамына дайынталған, көптеген түрлі көшірмелер арқылы кебейетін және заманауи техникалардың көметімен таралатын мәдениет.

Варвар – римдіктер де гректер сиякты шегарадан аргы жерлердегі бейтаныс халықтарды осылай атады. Олар Рим мемлекеттінен басқа жерлерде өмір сурған герман тайпалары, кельттер (бриттер, скоттар, пиктер) славяндар еді.

Виртуалды музей – сандық нысандарды шынайы түрде және олардың үлгілерін жинаумен, сактаумен және экспонаттаумен (керсетумен) айналысады үйім.

Гиперреализм (суперреализм, фотореализм секілді) – XX ғасырдың соны мен XXI ғасырдың басындағы өнердегі ағым, ол суретшіден нысанды жаңғыртуда барынша, фотосуреттік нактылықты талап етеді.

Готика (готикалық стиль) – орта ғасырлардың сонында өнерде пайда болған европалық жоғары стиль, «құдіреттілікті мойыншататын» және діни бағыттарымен ерекшеленеді.

Дербестік (суворинітет) – мемлекеттің ішкі істер мен сыртқы қатынастарында басқа мемлекеттен тәуелсіз болуы.

Диктатура – шекіз билік, мемлекеттегі билікті демократиялық емес жолмен пелену.

Жалпыадамзаттық (мәнгілік, әмбебаптық) құндылықтар – қоғам дамуындағы нақты тарихи кезеңдермен немесе қандай да бір этникалық дәстүрлермен байланысы жоқ және құндылық ретінде мәдениеттің барлық түрлерін жаңғыртатын құндылықтар.

Жастар субкультурасы – жастардың көшіліктің тұтынушылық психологиясына, қоғамның ережелері мен құндылықтарына деген өзіндік қарсылығының белгісі ретінде күрган ерекше мәдениеті.

Жоғары (көркемдік) стиль – бойына барлық өнер түрін жинақтаған, онын ішіне әдебиет те кіретін өнер бағыты.

Импичмент – жоғары дауазымы тұлғаны жауапка тарту мен қызметтінен алудың ерекше тәртібі.

Импрессионизм (франц. impression – эсер) – накты өмір мен оның күбылмалылығы мен өзгергіштігін бейнелеуғе ұмтылуымен ерекшеленетін, бір сәттік әсерді беретін бейнелеу өнердегі модернистік стиль.

Капитализм – 1) нарықтық экономика; 2) (марксизмде) феодализмнің орына келетін және коммунизмді карсы алғатын формация.

Капитуляция (нем. kapitulation) – карсылас күштер арасындағы карулы курестің тоқтауы туралы халықаралық құқыктагы келісім – карулы курестің тоқтауы және соғысын жаткан тараптардың бірінің карулы күштерінің берілуі. Женілген жақ заң бойынша тікелей орындауда міндеттелетін тімді шарттар алуға тырысады.

Коалиция (лат. coalitio – одак) – ерікті түрде бірнеше тұлғанын (тұлғалар тобынын) (мысалы: мемлекет, үйым, саяси партиялардың) белгілі бір мақсаттарға жету жолында біргүй. Басқа біргүдерге қарғанда, коалицияның әр мүшесі коалицияға катысы жок істерде өз дербестіктерін сактайтын. Мақсаттарына жеткен сон коалиция тарағатуға мүмкін.

Коалициялық үкімет – бірнеше саяси партия өкілдерінен құралған үкімет.

Колония (лат. colōnia коныстану) – ерекше режим негізінде басқарылатын, әрбес саяси және экономикалық билігі жок, шет мемлекеттің билігіндегі (метрополия), тәуелді аумак.

Конвенция – халықаралық келісімнің әралуандығы; келісім.

Конгломерат – бірнеше шабын және орташа, бір-бірімен өндірістік байланысы жок кәсіпорындардың бірлестігі.

Китч (өнерде) – бұкаратық мәдениеттегі образдарды пайдалану, тұтынушы талғамына бағытталған және ешқандай ішкі мазмұнызың әсер артықшылығын қалыптастырумен ерекшеленетін бағыт. Оның сипаты поп-арттан ерекшелейді.

Классицизм – XVII–XIX ғасырлардағы философиялық рационализм шеясы мен антикалық өнер мұраларына негізделген еуропа өнеріндегі стиль. Әсіресе саulet өнерінде, музика мен әдебиетте ерекше байкалды.

Көркем жазу (Каллиграфия) – бейнелеу өнері түрлерінің бірі, таңбалардың көрнекті, үйлесімді және шебер үлгіде бейнелеу өнері. Әсіресе исламдық, қытайлық, жапондық, христиансық (ортагасырлық) өнерде көң таралған.

Кубизм – модернистік өнердегі авангардтық ағым, карапайым геометриялық формаларды анықтауга бейімділік және олардан көң жаңық форма көлемін құрастыру.

Құндылық – зат пен күбылымстың, маньзылдығы мен манызын білдіретін сипаттама.

Құндылыктар жүйесі – көғамда ненін жақсы, дұрыс немесе манызды саналатыннын білдіретін ұғымдар басымдылығы. Қандай да болмасын көғамның құндылыктар жүйесінің көрінісі онда калыптаскан қағыдаларға (ережелер мен мінез-құлық принциптеріне) сай болады.

Мәдениет – 1) тіршілік көріністері, адам әрекетінің көріністері мен кабылдаулары, қағыдалары, заттарда көрініс беретін материалдық таратушы және келесі ұрпакка берілетін, көғам мен адамның тарихи дамуының көрініс беретін белгілі бір деңгейі, материалдық және рухани құндылыктар жынытығы; 2) өзіндік бет-бейнесімен ерекшеленетін барлық көғам.

Модери (ар-нуво) – жана технологияларға қызығушылығымен ерекшеленетін, симметрия мен декоративті сипаттардан бас тартқан, модернистік өнердің стилі. Архитектуралда және сәндік-қолданбалы әрі театр өнері салаларында айрықша көрініс береді.

Модернизм – XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы көркемдік ағымдар мен шығармашылдықтың жана формаларын қамтыған, ақыятка жақын қағыдалар мен классицизмді және реализмді жокка шыгаратын, суретшінің еркін көзқарасы мен жанашылдығын колдайтын еуропа өнеріндегі аукымды бағыт пен білік стиль.

Монументалды өнер – архитектуралық немесе табиги ортамен келісім арқылы құрылған үлкен қалыптағы көркем туынды: ескерткіштер мен мемориалдық мұсіндік композициялар, кескіндемелік және мозаикалық паннолар, витраждар.

Мультикультуралызм – Батыс Еуропадағы поліэтническік мемлекеттердегі тенденцияның камтамасыз етуге, бейбіт қатар емір сүрге және барлық мәдениеттердің бірдей қамтытуға (этностар мен этническік топтарды) бағытталған саясат.

Мұражай – жаратылыштану тарихы ескерткіштерімен, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін жинаумен, зерттеумен, сактаумен және экспорттаумен (керсетумен) айналысатын мекеме.

Өнер жыныстығы – бірнеше өнер түрінің бір туындыға немесе өнердің жана түріне (мысалы, опера музыканы, әдебиетті, бейнелеу өнерін, вокалдық өнерді және театрдың біріктірелі) бірігуі.

Пацифизм – 1) зорлық-зомбылыққа карсы алеуметтік ынтымақтастықты жақтастын бүкіләлемшік бейбітшілікті колдайтын шеялтарға негізделген дүниетаным; 2) сыртқы басқыншылық саясат пен милитаризмді моральды-этническік түрғыдан айыпта, карсы тұрушу қоғамдық-саяси козгалыс.

Поп-арт – XX ғасырдың ортасындағы өнердегі қалын көшілік пен бұкаратын қалыптағы жалпы мәдениетке лайықталған модернизмнің стилі.

Постмодернизм – XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында философия мен өнерде модернизмнің орына келген бағыт. Постмодернизмнің негізгі шеясы – түрлі мәдениеттер, стильдер және бағыттардың араласуы. Бейнелеу өнерінде постмодернистік ағым болып концептуалды өнер саналады.

Прагматизм – белсенді арекетке үмтілту және өмірден алынған жағымды нәтижелер негізінде қадамдары мен көзкарасын қалыптастыру, адамның ез арекеттерінің тиімділігіне қызығушылық танытуы.

Пуритан (өнерде) – сәндікті азайтып, таза геометриялық формаларды колдануға үмтілатын модернизмнегі ағым.

Ратификация – мемлекеттің үәқілетті өкілі, сондай-ақ халықаралық конвенция кол қойған халықаралық келісімші мемлекеттік биліктің жоғары органының бекітуі.

Репрессия – мемлекеттік органдар жүргізетін жазалау шарапары, жазалау.

Реформация – ортагасырлық Еуропадағы аграрлық қоғамның дағдарысынан пайда болып, католиктік шіркеуте реформа жасауга бағытталған, осы арқылы протестантықтың және ұлттық мемлекеттердің пайда болуына екелген, нәтижесінде шіркеудің манызы төмендеген діни және қоғамдық козгалыс.

Романтизм – XVIII ғасырдың соны мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы идеалистік философия мен шығармашылық күльтте ашық, булікшіл тұлғаны бейнелеуте негізделген, европалық өнердегі стиль. Әдебиет пен музыкала және бейнелеу өнерінде ерекше көрініс берді.

Рухани құндылыктар – дін, тіл, цастур, әдет-тұрындар мен жен-жоралғылар, фольклор, кәсіп және колөнер, өнер, тылымшылік, рухани-адамгершілік құндылыктар.

Рухани-адамгершілік құндылыктар – адамгершілік және эстетикалық идеалдар, өмірдің мәні және бақыты, мейірімшілік, парыз, жауапкершілік, қашшалар мен мінез-култық үлгісі.

Санкция – халықаралық құқық – халықаралық міндеттерді немесе халықаралық зан қаршыларын бұзған жағдайда мемлекеттерге колданылатын іс-арекет шарапары.

Сегрегация – кара түсті және ак түсті халықтың бір жерде тұруын колдамайтын, оларды еріксіз түрде бөлөтін, олардың бір көліктегі журуіне, бос уақыттарында немесе демалыста бірге демалуарына тыйым салу, нәсілшік кемсітүшіліктің бір түрі.

Секуляризация – (кейінгі лат. saecularis – әлемдік, заірырлы) – тарих ғылымдарында шіркеуден, діни басқарудан бір нәрселері алып, оны заірырлы, азаматтық басқаруга беру. Негізінен, мемлекеттің шіркеуден онын жерлері мен басқа да мұліктерін алуга байланысты колданылады.

Сепаратизм – жекеленуте, белініп шыгуға, оқшалануға тырысуышылық.

Сепараттық көлісім – мемлекеттің ез одактастары мен әріптестерінен белек жасақтан.

Символизм (өнерде) – шеялар мен сезімдерді символдар көмегі арқылы көркем бейнелеуге ұмтылатын, европалық өнердегі модернистік стиль. Әдебиет пен бейнелеу өнерінде ерекше көрініс берді.

Сюрреализм – өнердің бастауы бейсана (түйсік, тускера, галлюшинация) деп салытын модерниздегі ағым.

Тоталитаризм – мемлекеттің көгамның барлық саласын толық (жаптай) бакылауга алуын білдіретін саяси жүйе, іс жүзінде конституциялық құқық пен бостандыкты жою, оппозиция мен өзтеше ойлайтындарга карсы репрессия.

Тұтынушылар көгамы (бұкараптық тұтыну) – индустріалдық көгамның жоғары заму кезеңі, оған тауарлардың молдығы, халықтың басым көшілігін құрайтын, орташа таптың өмір деңгейінің жоғарылыны мен қалыптылыны, бұкараптық мәдениеттің үстемшігі және тұргындардың тұтынушылық психологиясы тән болып келеді.

Тұтынушылық психология (тұтынушылық, консюмеризм) – адамның бір нарасені сатып алуда өзін токтата алмайтын зиянды тәуелділігі, көбінесе бұл сатып алудар жағеттіліктен емес, беделі алеуметтік топка жақындау мақсатынан туындашы.

Фашизм – экстремистік этноулитицизм, национализм, ксенофобияга және басқыншылыққа негізделген, аскынған оншыл этноулитицизм, идеологиясының, қозғалыстар мен диктатураның жалпы атауы. Бүтінде неофашизм формасында көрініс беруде.

Федерация – мемлекеттік құрылым формасы, ол бойынша мемлекет құрамына енуші федералдық бірліктердің (жерлер, штаттар, республикалар және т.б.) дербес конституциялары, зан шыгарушы, аткарушы және сот органдары болады. Федерацияда біртұтас конституция, мемлекеттік билік органдарының біртұтас одағы (федералдық) болады, біртұтас азаматтық, ортақ акша бірліктері және т.б. сакталады.

Фигуративті өнер – иакты өмірдің заттарын асиресе адамдар мен жануарларды бейнелеуге бағытталған заманауи бейнелеу өнері.

Хай-тек – дизайн мен архитектурадағы заманауи стиль, техника, метал және пластиканы колданумен ерекшеленеді.

Халықтық демократиялық мемлекеттер – социализм үлгісін қалыптастырыған. Орталық және Онгустік-Шығыс Еуропа мемлекеттері, олар кеңестік үлгіден өзтеше. Халықтық демократияға бұрынғы үстем таптың сайлау құқығын, жерге мешік сақтау, ұлттық мешікке откен мүліктеге етемакы төлеу, формалды саяси плюрализм ерекшеліктерін біртіндеп қалыптастыру тән.

Хартия (лат. charta, грек. χάρτης – қағаз, грамота), ортағасырлар мен Жана заман кезеңінде алеуметтік топтар мен таптардың таланттары көрініс берген бұкараптық-құқықтық сипаттағы (конституция мен өзге де актілер) біркатор құжаттардың атаулары. Жана заман кезеңінде халықаралық құқықтағы хартия – бұл міндетті күші жок, магынасы жағынан декларацияға жақын және негізгі мазмұнды қалыптастыратын және қандай да бір халықаралық субъектілердің саяси және құқықтық катынастары көлісімінін құқықтық актісі.

Экспрессионизм – суретшінін эмоциясына басымдылық беретін модернизмдегі ағым.



Учебное издание

**Каирбекова Розалия Равильевна
Тимченко Сергей Васильевич
Джандосова Заринэ Алиевна**

ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ

Часть 2

Учебник для 10 классов
общественно-гуманитарного направления
общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Редакторы Г. Садыкова
Көркемлеуші редакторы А. Ақыл
Технические редакторы И. Таралунеу
Корректоры Ж. Баймагамбетова
Компьютерде беттеген Д. Шарипова

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5854

Басыға 28.05.19 қол қойылды. Пішімі 70x100 ^{1/16}. Офсеттік қағаз.
Карп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыш. Шартты баспа табагы 15,48.
Шартты бояулы беттанбасы 62,57. Есентік баспа табагы 11,02.
Таралымы 60 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz

